

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

www.damu.kz

«Даму» кәсіпкерлікті
дамыту қоры» АҚ

BAITEREK

«ДАМУ»
КӘСІПКЕРЛІКТІ
ДАМЫТУ ҚОРЫ

МАЗМҰНЫ

- Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі 4
- Басқарма төрағасының үндеуі 6
- Есеп туралы 8
- Қор туралы 9
- 2025 жылдың негізгі оқиғалары 14

1. ҚОРДЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

- «Даму» қорын дамытудың стратегиялық бағыттары 21
- Қызметтің негізгі көрсеткіштері 23

2. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШОБ-ТЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМЫТУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

3. ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Активтерді тиімді басқару 30
- Қаржылық нәтижелер 30
- Қордың Даму жоспары 31

4. «ДАМУ» ҚОРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қаржылық бағдарламаларды іске асыру қорытындылары 32
- Қаржы нарықтарында бюджет және бюджеттен тыс қаражатты тарту 34
- Кәсіпкерлерді қаржылық қолдау 35
- Қаржылық бағдарламалар мониторингі 44
- Бағдарламалардың тиімділігіне мониторинг жасау 47
- Кәсіпкерлерді қаржылық емес қолдау 48
- Халықаралық ынтымақтастық 50
- Ақпараттық технологияларды дамыту 54
- «Даму» қорының 2026 жылға арналған жоспарлары 55

5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

- Корпоративтік басқару жүйесі 61
- Жалғыз акционер 65
- Директорлар кеңесі 66
- Басқарма 77
- Қордың Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы беру жүйесі 86
- Ішкі аудит 88
- Корпоративтік этика және мүдделер қақтығысын реттеу 90
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл 92
- Сыртқы аудит 94

6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

- Тәуекелдерді басқару жүйесі 95
- Негізгі тәуекелдер 97
- Ішкі бақылау жүйесі 98

7. ҚОРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ (ESG)

- Орнықты даму шеңберіндегі стратегиялық ҚНК 99
- ESG-күн тәртібі аясында «Даму» қорының 2025 жылғы маңызды оқиғалары 100
- Қорды Орнықты дамыту жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру 100
- «Даму» қорының БҰҰ Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі 102
- Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл 106
- АҚПАРАТТЫ АШУ 110
- МШОК субъектілерінің Қор қызметіне деген сенімі мен қанағаттанушылық дәрежесін арттыру 110

8. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

- Персоналды басқару 111
- Тең мансаптық мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және адам құқықтарын қорғау 112
- Персоналдың құрылымы 112
- Корпоративтік мәдениетті дамыту 116
- Уәждеме және сыйақы 116
- Кадрларды оқыту және дамыту жүйесін қалыптастыру 117
- Кадр резерві 119
- Еңбекті қорғау және қауіпсіздік 120
- Тұрақты қаржыландыру 120
- Демеушілік және қайырымдылық көмек 121
- Сатып алу қызметі 121
- Клиент деректерінің қауіпсіздігі 122

9. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚ

- Жасыл кеңсе 125
- Таза қала 126

10. ҚОСЫМШАЛАР

- № 1 қосымша Маңыздылық матрицасы 127
- № 2 қосымша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның 2025 жылғы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын/ережелерін сақтау/ сақтамау туралы есеп 130
- № 3 қосымша Мүдделілікпен жасалатын мәмілелер бойынша ақпарат 160
- №4 қосымша Жылдық қаржылық есептіліктен үзінді-көшірме 161
- № 5 қосымша БҰҰ-ның Әйелдер құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттарын ұстану туралы ақпарат (Women's Empowerment Principles) 168
- № 6 қосымша GRI көрсеткіштер кестесі 169
- № 7 қосымша Глоссарий 177

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

«ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ҚОРЫ» АҚ

С.М. Жұманғарин

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары – Ұлттық экономика министрі



Құрметті ханымдар мен мырзалар!

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры 28 жылдан астам уақыт бойы өзінің негізгі миссиясын дәйекті түрде жүзеге асырып келеді – мемлекеттік қолдаудың тиімді құралдарын әзірлеп, енгізу арқылы Қазақстан Республикасында микро, шағын және орта кәсіпкерліктің орнықты дамуын қамтамасыз етуде. Өз қызметінің барлық кезеңінде Қор кәсіпкерлерге бизнестегі алғашқы қадамдарын жасауға, қызмет ауқымын кеңейтуге және ұлттық экономиканың дамуына елеулі үлес қосатын орнықты әрі бәсекеге қабілетті компанияларға айналуына қолдау көрсетіп келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев шағын және орта бизнестің орнықты экономикалық өсудің негізгі қозғаушы күштерінің бірі ретіндегі стратегиялық маңызын бірнеше мәрте атап өтті. Бүгінде шағын және орта бизнестің елдің жалпы ішкі өніміндегі үлесі 40 пайыздан асты, ал жұмыспен қамту құрылымындағы үлесі 50 пайызға жуықтады. Бұл кәсіпкерліктің ұлттық экономиканың берік тірегі әрі жаңа жұмыс орындарын құрудың маңызды көзі екенін айқын дәлелдейді.

Экономиканың нақты секторын одан әрі дамыту және кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру мақсатында мемлекет тарапынан бизнесті қолдаудың жүйелі шаралар кешені іске асырылуда.

Назарларыңызға ұсынылып отырған 2025 жылғы Жылдық есепте Қордың экономикалық және операциялық қызметінің негізгі нәтижелері көрініс тапқан. Өткен жыл кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жүйесінің архитектурасын сапалы түрде өзгерткен ауқымды трансформация кезеңі болды, сондай-ақ оны одан әрі дамытудың берік негізін қалады. Бүгінде Қор нарықтық емес тетіктерден неғұрлым орнықты әрі тиімді қолдау құралдарына кезең-кезеңімен көшуде.

Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында бизнестің қаржыландыруға қолжетімділігін кеңейту мақсатында халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, екі Кепілдік қоры құрылды. Бұл тетік кепілмен қамтамасыз ету жеткіліксіз болған жағдайда шағын және орта бизнесті қолдаудың жаңа тәсілдерін көздейді.

1-кепілдік қоры қаржыландыру көлемі 7 млрд теңгеге дейінгі жобаларды қолдауға бағытталған болса, **2-кепілдік қоры** құны 7 млрд теңгеден асатын ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға арналған. 2025 жылдың қорытындысы бойынша 1-кепілдік қоры аясында 500 млрд теңгеден астам, ал 2-кепілдік қоры бойынша 95 млрд теңгеге жуық сомаға қолдау көрсетілді.

Сонымен қатар кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру мақсатында жылдық сыйақы мөлшерлемесі 12,6%, мерзімі 15 жылға дейінгі жаңа жеңілдетілген кредит беру **«Өрлеу»** бағдарламасы іске қосылды. Бұл құрал пайыздық мөлшерлемені субсидиялау тетігінің тиімді баламасына айналды. 2025 жылы аталған бағдарлама аясында жалпы кредит көлемі 600 млрд теңгеге жуық болатын 2 мыңнан астам жоба мемлекеттік қолдауға ие болды.

Есепті кезеңнің соңында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет **«Іскер аймақ»** шағын бизнесті қолдаудың бірыңғай бағдарламасын бекітті. Бағдарлама, ең алдымен, ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған. Онда технологиялық тұрғыдан қарапайым әрі қысқа мерзімде іске асырылатын, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан жедел нәтиже беретін жобаларға басымдық беріледі. Бағдарламаны іске асыру қаржылық, қаржылық емес және инфрақұрылымдық қолдау бағыттарын қамтиды. Бұл ретте өңірлерге маңызды рөл жүктеледі, себебі олар дамудың басым салаларын айқындауға тікелей қатысады.

«Даму» қоры нарықпен бірге қарқынды дамып, өзгеріп келеді, өз құралдары мен бағдарламаларын бизнестің өзекті қажеттіліктеріне бейімдеуде. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қордың барлық қолдау құралдары арқылы жалпы кредит көлемі **2,2 трлн теңгені** құрайтын **13 мыңға жуық жобаға** қолдау көрсетілді. Бұл көрсеткіш 2024 жылмен салыстырғанда 29%-ға жоғары.

Қолдау экономиканың басым салаларында қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындарға, атап айтқанда **өңдеу өнеркәсібіне, көлік және логистика саласына, денсаулық сақтау, білім беру және туризм** салаларына бағытталды.

«Даму» қорының қолдау құралдарының арқасында жаңа жұмыс орындары құрылып, ішкі нарық отандық өндіріс тауарларымен толығып, халықтың өмір сүру сапасы жақсарып, мемлекеттік бюджетке түсетін салық түсімдерінің көлемі артып келеді.

2026 жылға біз кәсіпкерлік ортаны одан әрі дамытуға бағытталған жаңа әрі ауқымды мақсаттар қойдық. Қолданыстағы қолдау құралдарын жетілдіріп, нарық сұранысына сай жаңа шешімдерді ұсына отырып, Қазақстандағы кәсіпкерліктің орнықты әрі сапалы дамуына алдағы уақытта да өз үлесімізді қоса береміз деп сенеміз.



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

«ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ҚОРЫ» АҚ

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның еншілес ұйымы») бизнесті қолдау шараларын іске асыратын негізгі институттардың бірі болып табылады және кәсіпкерліктің дамуына елеулі үлес қосып келеді.

Қызметінің барлық кезеңінде «Даму» қоры кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдаудың тиімді құралдарына қолжетімділік қамтамасыз ететін бизнестің сенімді тірегі ретінде өзін таныта білді. Осы уақыт ішінде Қордың бағдарламалары бойынша жалпы сомасы **15,8 трлн теңгеден асатын 234 мың жобаға** қолдау көрсетілді. Бұл Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік секторын дамытуға қосылған қомақты үлесті айқын көрсетеді.

2025 жыл Қор үшін **нарықтық емес тетіктерден неғұрлым орнықты қолдау құралдарына кезең-кезеңімен көшуді** көздейтін кешенді жаңғырулардың басталуымен ерекшеленді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес бизнестің қаржыландыруға қолжетімділігін кеңейтуге бағытталған жаңа тәсілдер енгізілді. Еуропалық қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ) және Кореяның кредиттік кепілдіктер қорының (KODIT) тәжірибесін қоса алғанда, үздік халықаралық практикаларды ескере отырып, кәсіпкерлердің негізгі мәселелерінің бірі – кепілмен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігін шешуге бағытталған **Кепілдік қорлары** құрылды. Жаңа тетіктің маңызды ерекшелігі ұсынылатын кепілдіктердің **қайтарып алынбайтындығы** және **сөзсіздігі** қағидаттарының қамтамасыз етілуі болды.

Қол жеткізілген нәтижелер енгізілген өзгерістердің жоғары сұранысқа ие екенін көрсетті. 2025 жылы кепілдік беру құралы бойынша кредиттік портфель көлемі 444,9 млрд теңгеден 966,2 млрд теңгеге дейін, яғни **екі еседен астам** өсті.

Сонымен қатар экономикадағы пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау тетігінің үлесін кезең-кезеңімен төмендету жұмыстары жүргізілді: жылдық субсидиялау көлемі 1 трлн теңгеден 433 млрд теңгеге дейін қысқарды.

Осындай жағдайда **«Өрлеу» жаңа жеңілдетілген кредит беру бағдарламасы** пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялаудың тиімді баламасына айналып, кәсіпкерлер үшін қаржыландырудың анағұрлым болжамды әрі тұрақты шарттарын қамтамасыз етті. Бағдарламаның қосымша тиімділігі **«Қазақстанда жасалған»** таңбасы бар активтерді сатып алу талабын енгізу арқылы ішкі нарықты ынталандырудан көрінді.



Ф.К. Сәрсекеев

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры»
АҚ Басқарма Төрағасы

Қордың маңызды жетістіктерінің бірі **цифрлық теңгені** пайдалану жөніндегі пилоттық жобаны іске асыруға қатысуы болды. Осы өнім аясында 250 млн теңге сомасына алғашқы жеңілдетілген кредит берілді. Цифрлық қаражатты таңбалау тетігін қолдану кредит беру процесінің ашықтығы мен жеделдігін арттыруға, сондай-ақ олардың нысаналы пайдаланылуын бақылауды едәуір жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Қаржылық құралдарды дамытумен қатар, «Даму» қоры кәсіпкерлермен өзара іс-қимыл процестерін жүйелі түрде жетілдіріп, мемлекеттік қолдау шараларын көрсету мен бөлінген қаражаттың пайдаланылуын мониторингтеуді **цифрландыруға** басымдық беруде. Осы бағытты күшейту мақсатында Қор құрылымында **цифрландыру жөніндегі басқарушы директор** лауазымы енгізілді. Бұл цифрлық трансформацияны жеделдетуге және мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік желісінің контурында жұмыс істейтін меншікті интеграциялық шинаны енгізуге мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде **30-ға жуық мемлекеттік цифрлық сервиске** қолжетімділік қамтамасыз етілді. Аталған интеграция қағаз құжат айналымынан бас тартуға, бюджет қаражатының пайдаланылуына мониторинг жүргізудің ашықтығы мен сапасын арттыруға, сондай-ақ шынайы емес мәліметтердің ұсынылу тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік берді.

Қор қызметінің маңызды бағыттарының бірі – озық тәжірибелерді енгізуге және кәсіпкерлерді қолдау мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған **халықаралық ынтымақтастықты дамыту**. 2025 жылы Қор Еуропалық қайта құру және даму банкін (ЕҚДБ), Кореяның кредиттік кепілдіктер қорын (KODIT), Азия даму банкін, Халықаралық қаржы корпорациясын, Еуропалық инвестициялық банкті және Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасын қоса алғанда, жетекші халықаралық қаржы институттарымен және даму ұйымдарымен өзара ынтымақтастықты кеңейтті. Жыл ішінде Enterprise Georgia (Грузия), Jordan Enterprise Development Corporation (JEDCO), Өзбекстан Республикасы Жұмыспен қамту және кедейлікті қысқарту министрлігі және Беларусь кәсіпкерлікті қаржылай қолдау қорымен ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды.

Қор сондай-ақ 2024–2033 жылдарға арналған Даму стратегиясына сәйкес ESG күн тәртібін іске асыруды жалғастыруда. Қордың тұрақтылығы мен корпоративтік басқару жүйесінің жетілгендігін растайтын маңызды көрсеткіштердің бірі **S&P Global Corporate Sustainability Assessment** әдіснамасы бойынша ESG бағасының жақсаруы болды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш **24-тен 30 балға дейін** өсті. Бұл Қордың экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару салаларындағы жауапкершілігінің елеулі түрде артқанын көрсетеді. Қор халықаралық деңгейде осындай бағалаудан өткен Қазақстанның алғашқы қаржы институттарының бірі болды.

Қор қызметінің нәтижелері халықаралық рейтингтік агенттіктер тарапынан жоғары бағаланды:
- **Moody's Ratings** Қордың рейтингтерін **Baa2/Prime-2** деңгейінде растады, болжам – **«Тұрақты»**;
- **S&P Global Ratings** болжамды **«Позитивті»** деңгейіне дейін жақсартып, рейтингтерді **BBB-/A-3** деңгейінде растады.

Жылдың ауқымды оқиғаларының бірі **VIII «ULTTYQ ÓNIM» отандық өндірушілер көрмесі** болды. Көрмеге «Даму» қорының қолдау құралдарын пайдаланған еліміздің барлық өңірлерінен **366 кәсіпорын** қатысты. Үш күн ішінде көрмені **25,6 мыңнан астам адам** тамашалады. Бұл рекордтық көрсеткіш болып, алдыңғы көрменің нәтижесінен 16,4%-ға жоғары болды. Бұл қазақстандық өндірушілердің өнімдеріне деген жоғары қызығушылықты және бизнесті мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

2025 жылы Қор барлық өңірлік филиалдарында **Ашық есік күндерін** өткізді. Соның нәтижесінде **2 мыңға жуық адам** Қор басшылығы мен кәсіпкерлер арасындағы ашық әрі тікелей коммуникацияға қатысу мүмкіндігіне ие болды.

Бизнеспен өзара тиімді іс-қимылды қамтамасыз ету және қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында Қор базасында «Бәйтерек» холдингінің **Бірыңғай фронт-офисі** мен **1408 Бірыңғай байланыс орталығы** құрылды. Енді кәсіпкерлер Холдингтің еншілес ұйымдарының бағдарламалары мен өнімдері бойынша ақпараттық-консультациялық қызметтерді **«бір терезе»** қағидаты бойынша ала алады.

Маңызды жобалардың бірі **«Ұсынылатын консалтингтік компаниялар»** жобасының іске қосылуы болды. Бұл жоба жосықсыз консультанттарға жүгіну тәуекелдерін төмендетуге және мемлекеттік қолдау шараларының ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді. Жобаны іске асыру аясында 2025 жылы 10 өңірлік филиалда **15 консалтингтік компаниямен** меморандумдарға қол қойылды. Қордың ресми сайтында осы компаниялардың тізімі орналастырылған арнайы бөлім құрылды.

Қаржылық емес қолдаудың маңызды бағыттарының бірі **клиенттердің өнімдерін екінші деңгейдегі банктердің маркетплейстерінде ілгерілетуге** жәрдемдесу болды. 2025 жылы Halyk Market және Forte Market платформаларында 361 кәсіпкердің өнімдері орналастырылды. Бұл өткізу нарықтарын кеңейтуге және отандық бизнестің өнімдерінің қолжетімділігін арттыруға ықпал етті.

2026 жылы Қор өз қызметінің тиімділігі мен ашықтығын одан әрі арттыру бағытындағы жұмысын жалғастырып, қолдаудың жаңа құралдарын енгізу және Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамыту үшін қосымша мүмкіндіктер қалыптастыру жұмыстарын жүйелі түрде жүзеге асыратын болады.

ЕСЕП ТУРАЛЫ

Қор жыл сайынғы негізде өз қызметінің нәтижелерін мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде әзірленетін Жылдық есепте жариялап, оның электрондық нұсқасын Қордың корпоративтік интернет-ресурсында орналастырады.

Осы 2025 жылға арналған Жылдық есеп (бұдан әрі – Есеп) GRI Standards халықаралық стандарттарын, Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін және Қордың өзге де ішкі құжаттарын ескере отырып дайындалды. Есепте Қордың қызметі, оның негізгі нәтижелері, қаржылық және операциялық көрсеткіштері, корпоративтік басқару жүйесі, тәуекелдерді басқару, сондай-ақ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, экология және басқару мәселелерін қоса алғанда, Қордың орнықты даму саласындағы тәсілдері туралы ақпарат ашылады.

Осы Есепте Қор мүдделі тараптарға 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі қызмет нәтижелері мен жетістіктеріне шолу ұсынады.

Есептің шекаралары Қордың қаржылық есептілігінің шекараларына сәйкес келеді және оның қызметінің барлық бағыттарын қамтиды.

Есепті дайындау барысында Қор ашылатын ақпараттың толықтығын, анықтығын, салыстырмалылығын және ашықтығын қамтамасыз етуге ұмтылады.

Қордың 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2025 жылға арналған қаржылық есептілігі тәуелсіз аудитор – «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тарапынан расталды.
Осы Есеп сыртқы растаудан өткен жоқ.
Есептілікті ұсыну циклі – жыл сайын.

Есеп мазмұнын айқындау
Осы Есепті дайындау шеңберінде Қор ақпаратты ашу үшін неғұрлым маңызды тақырыптарды айқындау бойынша жұмыс жүргізді. Осыған байланысты мүдделі тараптарға қызметтің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілері бойынша топтастырылған маңызды тақырыптардың тізбесін қамтитын сауалнама жолданды.

Тақырыптардың маңыздылығын айқындау мақсатында ішкі және сыртқы мүдделі тараптар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері бойынша жиынтық бағалар Маңыздылық матрицасында көрсетілді. Ең жоғары маңыздылыққа ие болған тақырыптар осы Есепте көрініс тапты. Маңызды тақырыптарды айқындау тәсілінің толық сипаттамасы, оның ішінде мүдделі тараптар топтарының құрамы, бағалау шкаласы, маңыздылық шегін айқындау тәсілі және басым тақырыптардың тізбесі осы Есептің №1 қосымшасы – «Маңыздылық матрицасында» ұсынылған.



Есеп құрылымы келесі бағыттар бойынша ақпаратты ашуды қамтиды: Қор туралы мәліметтер, дамудың стратегиялық басымдықтары, қызметтің негізгі нәтижелері, қаржылық нәтижелер, Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамытудың перспективалары, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, сондай-ақ Қордың орнықты даму саласындағы қызметі.

GRI көрсеткіштері бойынша ашылған ақпарат осы Есептің №6 қосымшасы – «GRI көрсеткіштерінің кестесінде» ұсынылған.

ҚОР ТУРАЛЫ

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор, «Даму» қоры) Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау құралдарын іске асыратын ұлттық даму институты болып табылады. Қор 1997 жылы құрылды және микро, шағын және орта кәсіпкерліктің орнықты әрі сапалы дамуына жәрдемдесуге бағытталған бағдарламалар бойынша қаржы агентінің функцияларын орындайды.

Қордың қызметі кәсіпкерлік субъектілерінің қаржылық және қаржылық емес қолдау шараларына қолжетімділігін кеңейтуге, бизнестің тұрақтылығын арттыруға, кәсіпкерлік құзыреттерді дамытуға және өңірлердегі экономикалық белсенділікті ынталандыруға бағытталған. Іске асырылатын құралдар арқылы Қор экономиканы әртараптандыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға және бәсекеге қабілетті кәсіпкерлік секторды дамытуға ықпал етеді.

Қор қолдау құралдарының кең ауқымын ұсынады, оның ішінде кәсіпкерлердің міндеттемелеріне кепілдік беру, сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау, жеңілдетілген қаржыландыру, оқыту, консультациялық сүйемелдеу және бизнесті қолдаудың өзге де шаралары бар. Бағдарламаларды іске асыру екінші деңгейдегі банктермен, микроқаржы ұйымдарымен, лизингтік компаниялармен және басқа да серіктестермен өзара іс-қимыл жасау арқылы жүзеге асырылады.

Қор қызметінің басым бағыттарының бірі кәсіпкерлікті қолдау тетіктерін жетілдіру болып табылады, оның ішінде бизнес-процестерді цифрландыру, қосымша қаржыландыру көздерін тарту және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту есебінен жүзеге асырылады.

Осы жылдық есепте Қордың 2025 жылғы қызметінің негізгі нәтижелері, одан әрі даму басымдықтары және Қордың Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға қосқан үлесі көрсетілген.

ҚОРДЫҢ ТАРИХЫ

ҚОРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ — **1997**

(Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі № 665 «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы» қаулысы)

Жобалық қаржыландыру және лизинг бағдарламаларын, Қазақстандағы микрокредиттеу жүйесін дамыту бағдарламасын, екінші деңгейдегі банктерден алынатын шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеріне кепілдік беру бағдарламасын іске асыру арқылы

ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ — **2005**

Тартылған және меншікті қаражат есебінен шартты орналастыру жөніндегі

ОПЕРАТОР ФУНКЦИЯЛАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА — **2007**

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР АУЫСТЫ — **2013**

– «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ

2002 — **МЕНШІКТІ ҚАРАЖАТ ЕСЕБІНЕН ШАҒЫН БИЗНЕСТІ ТІКЕЛЕЙ КРЕДИТТЕУ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ:**

«Республикалық бюджет қаражаты есебінен шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу бағдарламасы» және «2004–2006 жылдарға арналған шағын қалаларды дамыту бағдарламасы» іске асырылды

Отандық тауар өндірушілерді қолдау шаралар бағдарламасы, сондай-ақ Азия даму банкі мен Еуропалық қайта құру және даму банкінің кредиттік желілері бойынша мемлекеттік бюджет қаражатының пайдаланылуын есепке алу және бақылау жөніндегі

2007 — **АГЕНТ ФУНКЦИЯЛАРЫН ОРЫНДАУ БАСТАЛДЫ**

2010 — **ҚОР КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ КРЕДИТТЕРІ МЕН ЛИЗИНГТІК МӘМІЛЕЛЕРІ**

бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау және кәсіпкерлердің банктер мен лизингтік компаниялар алдындағы кредиттеріне кепілдік беру жөніндегі қаржы агенті болып табылады

Қор 2017–2021 жылдарға арналған жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы бойынша Қаржы агенті болып таңдалды.

2016 — **ҚАРЖЫ АГЕНТІ БОЛЫП ТАҢДАЛДЫ**

Қордың 2014–2023 жылдарға арналған

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ӨЗЕКТЕНДІРІЛДІ — **2017**

Қор «Астана» халықаралық қаржы орталығының қор биржасы алаңында

«ЖАСЫЛ» ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ОРНАЛАСТЫРЫЛУЫН СӘТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРДЫ — **2020**

ҚОРДЫҢ 2024–2033 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ БЕКІТІЛДІ. — **2023**

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІН КӨЗДЕЙТІН ЕКІ КЕПІЛДІК ҚОРЫ ҚҰРЫЛДЫ: — **2025**

- 1-кепілдік қоры – қаржыландыру көлемі 7 млрд теңгеге дейінгі жобалар үшін;
- 2-кепілдік қоры – құны 7 млрд теңгеден асатын ірі инфрақұрылымдық жобалар үшін.

Қор «Қазақстан қор биржасы» АҚ алаңында

2018 — **ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ШЫҒАРЫЛЫМЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРДЫ.**

Қор Қазақстан қор биржасы алаңында

2021 — **«ӘЛЕУМЕТТІК» ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ОРНАЛАСТЫРЫЛУЫН СӘТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРДЫ.**

Басқарманың 2024 жылғы 15 қазандағы № 73/2024 хаттамалық шешімімен бекітілген 2023 жылға арналған

2024 — **АЛҒАШҚЫ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП ЖАРИЯЛАНДЫ**

Сондай-ақ, «Даму» қоры Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2024 жылғы 21 маусымдағы № 262 «Ішкі сауда субъектілеріне жекеше кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген **ішкі сауда субъектілерін қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны (бұдан әрі – ІСС) іске асыруға кірісті.**

ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ


Қор өз қызметін толыққанды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде ұсынылған және өз функцияларын Қазақстанның барлық облыстарында, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалаларда орналасқан дамыған өңірлік филиалдар желісі арқылы жүзеге асырады:

31.12.2025 жылғы жағдай бойынша өңірлік филиалдарға

28 422 ШОКС

жүгініп, жалпы

36 302 **консультациялық қызмет көрсетілді**



ҚОРДЫҢ НЕГІЗГІ КОРПОРАТИВТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Қорда корпоративтік құндылықтар Іскерлік әдеп кодексінде бекітілген және іскерлік мінез-құлықтың, ұжым ішіндегі өзара іс-қимылдың және мүдделі тараптармен қарым-қатынастың негізі болып табылады. Кодекстің ережелері Қазақстандағы микро, шағын және орта кәсіпкерліктің орнықты дамуы мақсатында кешенді әрі тиімді қолдау құралдарын іске асыруды көздейтін Қордың миссиясын ескере отырып әзірленген.

Қордың негізгі корпоративтік құндылықтарына **құзыреттілік пен кәсібилік, отансүйгіштік, ашықтық, жауапкершілік пен адалдық, шынайылық пен парасаттылық, адам тұлғасына құрмет және командалық жұмыс жатады**. Аталған құндылықтар қызметкерлердің кәсіби деңгейіне, қабылданатын шешімдердің сапасына, қызмет нәтижелері үшін жауапкершілікке, іскерлік әдеп нормаларын сақтауға және корпоративтік мәдениетті дамытуға қойылатын талаптарды айқындайды.

Құзыреттілік пен кәсібилік

Қорда тиімді қызметтің қажетті шарты ретінде қарастырылады. Қор қызметкерлері тиісті білімге, тәжірибеге және салмақты әрі жауапты шешімдер қабылдау қабілетіне ие болуы тиіс, ал Қор өз кезегінде кәсіби білім мен дағдылар деңгейін арттыруға, әлеуетті дамытуға және мансаптық өсуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, Қор қызметкерлердің стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталуын, бастамашылдығын, тәртіптілігін, жауапкершілігін, өзара қолдауын, сондай-ақ жас мамандар мен Қор ардагерлеріне деген құрметін жоғары бағалайды.

Отансүйгіштік

мемлекет пен қоғам алдындағы жоғары жауапкершілікті сезінуден, сондай-ақ ұлттық экономиканың орнықты дамуына жәрдемдесуге және мемлекет үшін барынша тиімді нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылудан көрініс табады.

Ашықтық

Қордың қызметі, іске асырылып жатқан бағдарламалар мен қол жеткізілген нәтижелер туралы ақпараттың ашықтығын, сенімділігін және қолжетімділігін білдіреді, сонымен қатар коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де ақпаратты қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын көздейді.

Жауапкершілік пен адалдық

қабылданған міндеттемелерге жауапкершілікпен қарауды, заңнама талаптарын, шарттық тәртіпті, іскерлік айналым дәстүрлерін және моральдық-этикалық қағидаттарды сақтауды білдіреді.

Шынайылық пен парасаттылық

Қордың іскерлік беделінің негізі ретінде қарастырылады және жеке мүдделер мен кәсіби қызмет арасындағы мүдделер қақтығысына, сондай-ақ алдауға, ақпаратты жасыруға және жалған мәлімдемелер жасауға жол берілмеуін көздейді.

Адамның жеке басын құрметтеу

– лауазымына, жұмыс орнына және атқаратын міндеттеріне қарамастан Қордың барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үшін міндетті қағидат болып табылады.

Команда

ұғымы жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін ынтымақтастық пен күш-жігерді біріктіруді білдіреді. Кодекстің қолданыстағы редакциясында кемсітушілік пен қысым көрсетуге жол берілмейтіні, харассменттен еркін ортаны қолдау міндеті, сондай-ақ сенімге, өзара құрметке және жеке жауапкершілікке негізделген корпоративтік мәдениетті дамыту қағидаттары бекітілген.

2025 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

РЕЙТИНГТЕРДІ РАСТАУ

2025 жылғы 26 қыркүйекте халықаралық **Moody's Ratings** рейтингтік агенттігі «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның эмитенттің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді рейтингтерін Baa2/Prime-2 деңгейінде растады, болжам – «Тұрақты».

2025 жылғы 26 тамызда халықаралық S&P Global Ratings рейтингтік агенттігі Қор рейтингі бойынша болжамды «Тұрақты» деңгейінен «Позитивті» деңгейіне жақсартты, сондай-ақ Қордың шетел және ұлттық валютадағы міндеттемелері бойынша ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді рейтингтерін BBB-/A-3 деңгейінде растады. Ұлттық шкала бойынша рейтинг «kzAAA» деңгейінде расталды.





ОРНЫҚТЫ ДАМУ

S&P Global Corporate Sustainability Assessment бағалауына қатысу қорытындылары бойынша Қор 30 балл алды. Бағалау Қордың орнықты даму саласындағы қызметін талдау негізінде жүргізілді. «Даму» қоры аталған құрал шеңберінде ESG бағасын алған Қазақстан Республикасындағы алғашқы қаржы институттарының қатарына кірді.

S&P Global

Кепілдік қорлары

2025 жылғы сәуірден бастап Мемлекет басшысының 2025 жылғы 28 қаңтарда Үкіметтің кеңейтілген отырысы барысында берген тапсырмасына сәйкес, кепілдік беру құралын кеңейту және экономиканың нақты секторын кредиттеуді ұлғайту мақсатында «Даму» қоры екі кепілдік қорын құрды:

- Кепілдік қоры 1 – сомасы 7 млрд теңгеден аспайтын жобалар бойынша;
- Кепілдік қоры 2 – 7 млрд теңгеден жоғары, ірі инвестициялық жобаларға бағдарланған жобалар бойынша.

Кепілдік қорлары шеңберінде кепілдіктер беру тетігі енгізілгенге дейін кепілдік берудің негізгі көзі республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты болды. Қолдау көрсетілетін жобалардың жыл сайынғы көлемінің бюджет қаражатына тікелей тәуелділігі кәсіпкерлердің кредиттерге деген қажеттіліктерін толық көлемде қанағаттандыруға мүмкіндік бермеді. Кепілдік қорлары тетігін енгізу экономикадағы мемлекеттің қатысу үлесін қысқарту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттерінің бірін іске асыруды қамтамасыз етті. Бұл баламалы қаржыландыру көздерін, оның ішінде екінші деңгейдегі банктердің және өзге де заңды тұлғалардың қаражатын тарту есебінен кепілдік беру құралының бюджетке тәуелділігін төмендетуге мүмкіндік берді.

Кепілдік қоры 1-дің ресурстық базасын қалыптастыру және кепілдік міндеттемелерін орындау

2025 жылы кепілдік қамтамасыз ету жеткіліксіз болған жағдайларда кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттік қаржыландыруға қолжетімділігін кеңейтуге бағытталған Кепілдік қоры 1 (КҚ-1) тетігі іске қосылды. Тетік қатысушы банктер алдындағы кәсіпкерлердің міндеттемелері бойынша кепілдіктер беруге мүмкіндік береді, осылайша меншікті кепілмен қамтамасыз ету көлемі шектеулі болған жағдайда қосымша қаржыландыру тарту мүмкіндігін қамтамасыз етеді. КҚ-1-дің кепілдік беру лимиттерінің мөлшерін айқындайтын ресурстық базасы «Даму» қорының қаражаты және қатысушы банктердің жарналары есебінен қалыптастырылды. Есепті кезеңде ресурстық базаның көлемі **42,2 млрд теңгені** құрады, оның ішінде **25,0 млрд теңге** – «Даму» қорының жарнасы және **17,2 млрд теңге** – қатысушы банктердің жарналары. Бұл ретте жеке кәсіпкерлік субъектілерінің комиссиялық төлемдерінен түскен **4,2 млрд теңге** және **3,9 млрд теңге** мөлшеріндегі инвестициялық кірісті ескере отырып, КҚ-1 резервінің қаражатының жалпы көлемі **50,3 млрд теңгені** құрады.

Қаражатты қалыптастыру көздері	2025 ж., млрд теңге
Қордың жарнасы	25
Кредиторлардың жарналары	17,2
Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің комиссиясы	4,2
Инвестициялық кіріс	3,9
БАРЛЫҒЫ, резерв	50,3

Қалыптастырылған ресурстық база КҚ-1 тетігінің жұмыс істеуін және банк арқылы қаржыландыру алу кезінде кепілмен қамтамасыз етуі жеткіліксіз кәсіпкерлерге кепілдіктер беруді қамтамасыз етті.

***2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** КҚ-1 бойынша қолданыстағы кепілдіктер портфелінің көлемі **407,5 млрд теңгені** құрады. 2025 жылы **3 104 жоба бойынша** кепілдіктер беріліп, нәтижесінде **510 млрд теңге** кредиттік қаржыландыру тартылды.*

Осылайша, КҚ-1 тетігі кепілдік құралын пайдалану арқылы кәсіпкерлерді кредиттік қолдаудың елеулі көлемін қамтамасыз етті. Бұл ретте тартылған кредиттік қаржыландыру көлемі қалыптастырылған ресурстық базаның көлемінен едәуір асып түседі, бұл кепілдік беру тетігінің мультипликативтік әсерін көрсетеді.

Кепілдік міндеттемелерін орындау

2025 жылы банктер алдындағы кепілдік міндеттемелерін орындау шеңберінде Қор **1 кепілдік бойынша** жалпы сомасы **15,3 млн теңге** болатын төлемдер жүргізді.

Кепілдік міндеттемелерін орындау	2025 жыл, млн теңге
Төлемдер жүргізілген кепілдіктер саны	1
КҚ-1 бойынша нақты төлемдер, млн теңге	15,3

*Есепті кезеңде орындалған кепілдік міндеттемелері бойынша таза ақшалай төлемдер көлемі **15,3 млн теңгені** құрады. Сонымен қатар, бұл көрсеткіш кепілдік портфелі бойынша шығындардың түпкілікті мөлшері болып табылмайды, өйткені Қор кепілдік төлемдері жүзеге асырылғаннан кейін өзіне өткен талаптар бойынша берешекті өндіріп алу жұмыстарын жалғастыруда.*

***2025 жыл КҚ-1 жұмысының алғашқы жылы** болып табылатынын ескере отырып, кепілдік міндеттемелерінің орындалуы жөніндегі көрсеткіштер кепілдік портфелін қалыптастырудың және оның сапасы бойынша статистиканы жинақтаудың бастапқы кезеңін көрсетеді. Осыған байланысты нақты шығындар деңгейін, өндіріп алу тиімділігін және тетіктің қаржылық тұрақтылығын бағалау неғұрлым ұзақ бақылау кезеңін талап етеді.*

Кейінгі есепті кезеңдерде кепілдік портфелінің динамикасын, орындалған міндеттемелер көлемін, қаражатты қайтару деңгейін, сондай-ақ жүзеге асырылған төлемдер мен қалыптастырылған ресурстық базаның арақатынасын мониторингтеу орынды. Тиісті статистиканың жинақталуы кепілдік портфелінің сапасын, тәуекелдер деңгейін және КҚ-1 тетігінің қаржылық тиімділігін неғұрлым объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Кепілдік қорлары тетігін іске асырудың жаңа тәсілдері

Жаңа тетіктің маңызды ерекшелігі берілетін кепілдіктердің қайтарымсыздығы және шартсыздығы қағидаттарын қамтамасыз ету болып табылады. Кәсіпкердің кредитті мақсатсыз пайдалануы кепілдіктің қолданылуын тоқтатуға негіз болып табылмайды. Кепілдіктердің шартсыздығы оларды жоюға әкелетін талаптардың болмауынан көрінеді. Сонымен қатар, кепілдік беру құралының өнімдік желісі кеңейтілді. Кепілдіктер исламдық қаржыландыру құралдары, форвардтық мәмілелер, валюталық кредиттер, шартты міндеттемелер, опциондар, облигациялар және өзге де міндеттемелер бойынша беріледі. Бұл кепілдік беру құралының икемділігін арттырып, әртүрлі қаржылық модельдерді пайдаланатын кәсіпкерлердің жобаларын қолдауға және стандартты емес немесе мамандандырылған құралдарды пайдаланатын компаниялардың қаржыландыруға қолжетімділігін кеңейтуге мүмкіндік берді.


Кепілдік қорлары тетігі шеңберінде кредиторлар тізбесі де кеңейтілді. Қатысуға «Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымдары, астық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын ұлттық компания, халықаралық қаржы институттары, оның ішінде мемлекеттік қатысуы бар институттар, шетелдік банктер және өзге де заңды тұлғалар тартылуы мүмкін. Бұл қаржы ресурстарының көлемін ұлғайтуға, кәсіпкерлердің жобаларының неғұрлым көп санын қолдауға және экономиканың нақты секторын кредиттеуді ынталандыруға ықпал етті.

Кепілдік қорларының жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Қор мынадай заңнамалық актілерге түзетулер енгізуді бастамашылық етті:

- Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне – Кепілдік қоры 1-ді қалыптастыру тәртібі және екінші деңгейдегі банктердің жарналарын төлеу бөлігінде;
- Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңына – жеке кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеуді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктердің кепілдік беру жүйесіне қатысу және жарналар төлеу міндетін бекіту бөлігінде;
- Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңына – Кепілдік қоры 1 активтерін Қордың басқа міндеттемелері бойынша сот орындаушылары тарапынан өндіріп алу шараларынан қорғау бөлігінде;
- Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне – кепілдік беру құралының тұрақтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ кредиторлардың оған деген сенімін қолдау үшін Қорға мемлекеттік кепілдік беруді көздейтін нормалар бөлігінде;
- Қазақстан Республикасының Салық кодексіне – банктердің Кепілдік қоры 1-ге төлеген жарналарын, оған республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражатты, қаражатты орналастырудан түскен кірістерді Қордың жиынтық жылдық кірісінен алып тастау, банктер төлеген жарналарды шегерімдерге жатқызу, сондай-ақ кәсіпкерлер төлейтін кепілдіктерді шығарғаны үшін комиссияларды қосылған құн салығынан босату бөлігінде.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен екінші деңгейдегі банктердің кепілдік қорына төленетін жарналарының мөлшерін айқындау және есептеу тәртібінің қағидалары әзірленіп, бекітілді. Осылайша, барлық қатысушылар үшін бірыңғай қағидалар және кепілдік қоры резервін қалыптастырудың ашықтығы қамтамасыз етілді.

Бағдарлама шеңберінде импортты алмастыру және жергілікті жерлерде қосылған құн қалыптастыру әлеуеті жоғары шағын бизнестің басым бағыттарын дамытуға ерекше назар аударылады. Олардың қатарында былғары өндірісі, сүт өндірісі, қолөнер өндірісі және қызметтің өзге де түрлері бар.
Бірыңғай бағдарламаны іске асыру өзара байланысты үш бағыт бойынша көзделген:
Кәсіпкерлердің кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау, бұл қарыз қаражатының құнын төмендетуге және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттік ресурстарға қолжетімділігін кеңейтуге бағытталған. Кредиттің ең жоғары сомасы – 200 млн теңгеге дейін, қарыз алушы үшін түпкілікті мөлшерлеме – жылдық 12,6%-дан кем емес, мерзімі – 3 жылға дейін.
Қаржылық емес қолдау шаралары, оның ішінде кәсіпкерлердің басқарушылық, қаржылық және өндірістік құзыреттерін арттыруға бағытталған онлайн-оқыту, сервистік және консультациялық қолдау көрсету арқылы жүзеге асырылады.
Инфрақұрылымдық қолдау шаралары: Кәсіпкерлердің өндірістік және коммуналдық инфрақұрылымға қолжетімділігін қамтамасыз ету, оның ішінде үй-жайлар мен жер учаскелерін жеңілдетілген шарттармен жалға беру көзделеді.
Бағдарлама кәсіпкерлікті дамыту үшін өңірлердің ортақ жауапкершілік қағидатына негізделген қатысуын көздейді. Жергілікті атқарушы органдар әрбір өңірдің экономикалық әлеуетін, мамандануын және қажеттіліктерін ескере отырып, басым бағыттардың тізбесін қалыптастыратын болады, бұл мемлекеттік қолдаудың атаулылығын және тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.



СУБСИДИЯЛАУ

«Іскер аймақ» бағдарламасы

2025 жылғы 5 желтоқсанда «Алтын сапа» және «Парыз» сыйлықтарының лауреаттарын, сондай-ақ «Қазақстанның үздік тауары» конкурсының жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде Мемлекет басшысы шағын бизнесті қолдаудың Бірыңғай бағдарламасын қабылдауды тапсырды. Осы тапсырманы іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен «Іскер аймақ» шағын бизнесті қолдаудың бірыңғай бағдарламасы бекітілді.
Бағдарлама шағын кәсіпкерлікті, оның ішінде ауылдық елді мекендер мен шағын қалалардағы кәсіпкерлікті ауқымды дамытуға бағытталған және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық міндеттерін іске асыруға, оның ішінде тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге, өңірлердегі кәсіпкерлік белсенділікті кеңейтуге, жергілікті өндіріс пен шикізатты қайта өңдеуді ынталандыруға, сондай-ақ халықты жұмыспен қамту деңгейін арттыруға бағдарланған.

Ішкі сауда субъектілерін қолдау бағдарламасы (ІСС):

Ішкі сауданы дамытуға және жетілдіруге жәрдемдесу, отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және ішкі сауда субъектілерін қолдау, оның ішінде сауданың заманауи форматтарын дамыту және сауда алаңдарымен қамтамасыз ету мақсатында, 2025 жылы «Даму» қоры Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2024 жылғы 21 маусымдағы №262-НҚ «Ішкі сауда субъектілеріне жекеше кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген ішкі сауда субъектілерін қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға кірісті.
Субсидиялау құралы шеңберінде ішкі сауда субъектілері келесі шарттармен субсидия ала алады: кредиттің ең жоғары сомасы – 3 млрд теңгеге дейін, ал моноқалаларда, шағын қалаларда және ауылдық елді мекендердегі жобалар үшін – 1,5 млрд теңгеге дейін. Қарыз алушы үшін түпкілікті мөлшерлеме жылдық 10,75%, инвестициялық мақсаттар үшін субсидиялау мерзімі – 5 жылға дейін, ал айналым қаражатын толықтыру үшін – 3 жылға дейін. 2025 жылы осы бағдарлама шеңберінде кредиттік портфельдің жалпы сомасы 67,5 млрд теңгені құрайтын 458 жобаға қолдау көрсетілді, ал төленген субсидиялар сомасы 3,3 млрд теңгені құрады.

ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Қаражат тарту және орналастыру

2025 жылғы мамыр айында кәсіпкерлердің жеңілдетілген қаржыландыруға қолжетімділігін кеңейтуге және іскерлік белсенділікті ынталандыруға бағытталған экономиканың басым секторларын қолдауға арналған жаңа мемлекеттік «Өрлеу» бағдарламасы іске қосылды.

«Өрлеу» бағдарламасын іске асыру шеңберінде қаржыландырудың жалпы көлемі 248 млрд теңгені құрады. Оның ішінде 244,5 млрд теңге екінші деңгейдегі банктер арқылы бағытталды, олардың қатарында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Bank RBK» АҚ, «Еуразиялық банк» АҚ, «ForteBank» АҚ, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, «Bereke Bank» АҚ, «Қазақстан-Зираат Интернешнл Банк» еншілес банкі» АҚ және «Нұрбанк» АҚ бар. Қосымша 3,5 млрд теңге лизингтік компаниялар арқылы ұсынылды: «Халық Лизинг» АҚ, «ВСС Leasing» АҚ және «ТехноЛизинг» ЖШС.

Бағдарламаға қатысушылар Қордың қаражатын өздерінің меншікті және тартылған қаржы ресурстарымен толықтыру арқылы қаражатты микширлеу (бірлесіп қаржыландыру) тетігін жүзеге асырды. Осы механизмнің арқасында бағдарлама бойынша қаржыландырудың жалпы көлемі 594 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша «Өрлеу» бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлердің 2 393 жобасы қаржыландырылды, бұл бағдарламаның тиімділігі мен бизнес субъектілері арасында жоғары сұранысқа ие екенін растайды.

«Өрлеу» бағдарламасы экономиканың басым секторларында жұмыс істейтін микро, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған және инвестициялық жобаларды қаржыландыруды, айналым қаражатын толықтыруды және қолданыстағы кредиттерді қайта қаржыландыруды көздейді. Бағдарламаны іске асыру кәсіпкерліктің орнықты дамуына, өндірістерді жаңғыртуға және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің мемлекеттік органдар мен ұлттық холдингтерде цифрлық теңгені қолдану ауқымын кеңейту жөніндегі тапсырмаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауы және Үкіметтің 2025 жылғы 7 қазандағы отырысы), цифрлық теңгені енгізу жөніндегі жұмыс шеңберінде Қор пилоттық жобаның қатысушысы (операциялық банк) болып табылатын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ арқылы түпкілікті қарыз алушыны цифрлық теңгені пайдалана отырып қаржыландырды.

Цифрлық теңге – қолма-қол ақша мен банк шоттарындағы қаражатқа қосымша ұлттық валютаның цифрлық нысаны болып табылады. Цифрлық теңгені Ұлттық Банк эмиссиялайды және ол оның міндеттемесі болып саналады. Бір цифрлық теңге басқа нысандардағы бір теңгеге (қолма-қол және қолма-қол ақшасыз ақшаға) тең. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің анықтамасына сәйкес, цифрлық теңгенің қолданыстағы құқықтық конструкциясы қолданыстағы заңнамаға толық сәйкес келеді және пилоттық жобаларды ешқандай шектеусіз іске асыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық теңгені пайдалану жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру шеңберінде 2025 жылғы 26 қарашада Қор Банк үшін бекітілген лимит шеңберінде жылдық 2% мөлшерлемемен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да (бұдан әрі – Банк) қаражатты шартты орналастыруды (45%) жүзеге асырды. Қаражатты орналастыру талаптарына сәйкес Банк түпкілікті қарыз алушыны қаржыландыру үшін қаражаттың 55%-ын бөледі. Қор мен Банктің микширленген қаражаты цифрлық теңгеге айырбасталып, таңбаланады (шарт, тізілім, қарыз алушы және жеткізуші бойынша) және түпкілікті қарыз алушыға аударылады. Цифрлық теңгемен кредит алғаннан кейін түпкілікті қарыз алушы қаражатты жеткізушілердің цифрлық шоттарына аударады. Осылайша, 2025 жылғы 28 қарашада Қазақстанда алғаш рет Қор «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен бірлесіп «Өрлеу» бағдарламасы шеңберінде 250,0 млн теңге сомасына алғашқы қарыз алушыны қаржыландырды.


ULTTYQ ÓNIM

2025 жылғы 16–18 мамыр аралығында EXPO халықаралық көрме орталығында мемлекеттік қолдау алған қазақстандық өндірушілердің VIII «ULTTYQ ÓNIM» көрмесі өткізілді. Көрме 2015 жылдан бастап «Даму» қоры тарапынан ұйымдастырылып келеді және отандық өнімді ілгерілетуге, іскерлік байланыстар орнатуға және кәсіпкерлер арасында тәжірибе алмасуға арналған тиімді алаң болып табылады.

2025 жылы көрмеге Қазақстанның барлық өңірлерінен микро, шағын және орта бизнестің 366 өкілі қатысты. Аумағы 5 000 шаршы метрді құрайтын экспозиция алғаш рет негізінен өңірлік қағидат бойынша ұйымдастырылып, әрбір өңірдің кәсіпкерлік ерекшеліктері мен әлеуетін көрсетуге мүмкіндік берді.

Үш күн ішінде көрмені 25 600 адам тамашалады. Қатысушылардың мәліметі бойынша 76 млн теңге сомасына өнім сатылып, жалпы сомасы 89,8 млн теңгеге 14 келісімшарт жасалды және 314 ниет туралы келісімге қол қойылды.

Іскерлік бағдарлама шеңберінде ШОБ-ты мемлекеттік қолдау, банктік қаржыландыру және бизнесті кеңейту үшін лизинг мүмкіндіктері мәселелері бойынша панельдік сессиялар өткізілді.



ЖОБАЛАР МОНИТОРИНГІ

Субсидияланатын жобаларды 100% мониторингтеуге көшу.
2025 жылы Қор субсидияланатын жобалардың 100%-ын мониторингтеуге көшті. Бұл шара мемлекеттік қолдау құралдарын іске асырудың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға, сондай-ақ субсидия алушылардың субсидия беру шарттарын сақтауын бақылауды күшейтуге бағытталған. Аталған тәсіл шеңберінде барлық қолданыстағы жобалар бойынша кредит қаражатының нысаналы пайдаланылуына, субсидиялау бағдарламалары талаптарының орындалуына, сондай-ақ жобалардың нақты іске асырылуына жүйелі түрде тексеру жүргізіледі. Мониторингтің толық қамтылуына көшу әлеуетті тәуекелдер мен бұзушылықтарды уақтылы анықтауға, жедел әрекет етуге және кәсіпкерлікті қолдау бойынша іске асырылатын шаралардың жалпы нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Кепілдіктер бойынша төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі Операторлардың талаптарын орындау процесін автоматтандыру.
Қор операторлардың талаптарын орындау процесін автоматтандыруды жүзеге асырды. Жүргізілген жұмыстар шеңберінде келіп түсетін талаптарды өңдеуді жүйелеуге және жеделдетуге, сондай-ақ оларды орындаудың барлық кезеңдерінде ашықтық пен бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін цифрлық құралдар енгізілді. Осы тетікті іске асыру талаптарды өңдеуге кететін уақыт шығындарын қысқартуға және операторлармен өзара іс-қимылдың жеделдігін арттыруға мүмкіндік берді.

Бұзушылықтары бар жобаларды есепке алу және бақылауды автоматтандыру – Қор жүйесінде ақпаратты көрсетуді енгізу.
2025 жылы бұзушылықтары бар жобаларды есепке алу және бақылау процесі автоматтандырылды, оның ішінде тиісті ақпаратты Қордың ақпараттық жүйесінде көрсету тетігі енгізілді. Мониторинг процестерін жетілдіру шеңберінде қолдау бағдарламаларының талаптарын бұзу фактілері анықталған жобаларды орталықтандырылған есепке алу механизмі іске асырылды. Аталған функционал Қор жүйесінде анықталған бұзушылықтар туралы мәліметтерді тіркеуге, оларды жүйелеуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ төленген субсидияларды қайтару мерзімдерін бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС ҚОЛДАУ


2025 жылы Қор консультациялық, білім беру және ақпараттық сервистерге қолжетімділікті кеңейтуге бағытталған кәсіпкерлерді қаржылық емес қолдау құралдарын дамытуды жалғастырды.
Жылдың негізгі оқиғаларының бірі **«Ұсынылатын консалтингтік компаниялар»** жобасының мақұлдануы болды. Қор Басқармасының 2025 жылғы 14 шілдедегі №50/2025 хаттамалық шешімімен жобаның паспорты мақұлданды. Оны іске асыру шеңберінде 2025 жылы 10 өңірлік филиалда 15 консалтингтік компаниямен меморандумдарға қол қойылды, ал Қордың ресми сайтында «Ұсынылатын консалтингтік компаниялар» бөлімі құрылды.

Қаржылық емес қолдаудың маңызды бағыты **екінші деңгейдегі банктердің маркетплейстерінде** клиенттердің өнімдерін ілгерілетуге жәрдемдесу болды. 2025 жылы жұмыс Halyk Market және Forte Market атты екі маркетплейсте жүзеге асырылды. Барлығы 361 кәсіпкер қосылды, оның ішінде Halyk Market-ке 335 ШКС, Forte Market-ке 26 ШКС қосылды. Halyk Market-пен әріптестік және 2025 жылғы 9 желтоқсанда бекітілген жеңілдетілген тарифтердің арқасында «Даму» қорының тізіміндегі клиенттер маркетплейсте неғұрлым тиімді шарттармен жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болды.

2025 жылы білім беру платформасын пайдалана отырып, **«Заманауи кәсіпкер»** бағдарламасы бойынша кәсіпкерлерді қашықтан оқыту жалғастырылды. Қашықтан оқыту шеңберінде 2 996 кәсіпкер оқудан өтті. Оның ішінде 1 126 қатысушы теориялық материалды (бейнесабақтарды) оқып аяқтады. Қашықтан оқыту қорытындысы бойынша 2026 жылы оқудан өту үшін EY Academy-дің MBA Executive бағдарламасы бойынша оқытуға сертификаттар берілген 4 жеңімпаз анықталды.
Жыл бойы «Өрлеу» жеңілдетілген кредиттеу бағдарламасы, «Кепілдік қоры-1» құралы, сондай-ақ жобалар мониторингінен өту тәртібі бойынша «Даму» қоры бағдарламаларын жан-жақты түсіндіруге арналған оқыту форматындағы **онлайн-сессиялар** өткізілді. Онлайн-сессиялар барысында кәсіпкерлерге қатысу шарттары, құжаттарға қойылатын талаптар, мониторинг рәсімдері және жобаларды сүйемелдеу алгоритмдері бойынша түсіндірмелер берілді. Онлайн-сессиялар «Даму» қорының ресми YouTube арнасында өткізілді.

2025 жылы **Ашық есік күндері** 18 өңірде өткізілді. Барлық кезең ішінде іс-шараға 1 808 қатысушы қамтылды, оның ішінде: 242 – жеке тұлға (ЖТ), 652 – ЖШС, 895 – жеке кәсіпкер (ЖК), 5 – шаруа қожалығы (ШҚ), 12 – акционерлік қоғам (АҚ). Қатысушылар саны бойынша үздік 3 өңір: Жамбыл облысы – 223 адам, Шымкент қаласы – 182 адам, Алматы қаласы – 165 адам.

Консультациялық-ақпараттық қолдаудың елеулі көлемі «Даму» қорының **Байланыс орталығы** және цифрлық арналар арқылы қамтамасыз етілді. 2025 жылы «Даму» Байланыс орталығының қызметкерлері 45 199 кіріс қоңырауды өңдеп, сайттағы «Кері байланыс» бөлімі арқылы келіп түскен өтініштер бойынша 3 525 шығыс қоңырау шалды. Онлайн-чат (JivoChat) арқылы 10 447 диалог жүргізілді, қосымша қолдау бағдарламалары туралы ақпаратпен 44 810 SMS және 126 356 электрондық пошта хабарламалары жіберілді.



ҚОРДЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Қордың 2024-2033 жылдарға арналған Даму стратегиясы

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның 2024–2033 жылдарға арналған даму стратегиясы Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 29 қарашадағы №10/2023 шешімімен бекітілді. 2025 жылы Стратегияға мемлекеттік экономикалық саясаттың жаңа міндеттерін, кәсіпкерлікті қолдау шаралары жүйесіндегі өзгерістерді және мемлекеттік қолдау құралдарының трансформациясын ескере отырып, Қордың басымдықтарын өзектендіруге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Стратегия Қордың он жылдық кезеңге арналған миссиясын, пайымын, стратегиялық бағыттарын, мақсаттарын, міндеттерін және қызметінің стратегиялық негізгі көрсеткіштерінің болжамды мәндерін айқындайды.




Қордың миссиясы

2033 жылға дейінгі кезеңге арналған Қордың миссиясы Қазақстандағы микро, шағын және орта кәсіпкерліктің орнықты дамуы мақсатында кешенді және тиімді қолдау құралдарын іске асыру болып табылады.

Қордың пайымы

2033 жылға қарай «Даму» қоры өзін ел кәсіпкерлеріне «бір терезе» қағидаты бойынша қаржылық және қаржылық емес қолдаудың кешенді шараларын ұсынатын, өнімді, экспортқа бағдарланған және инновациялық жобаларды қолдауға басымдық беретін ұлттық даму институты ретінде қарастырады.



«ДАМУ» ҚОРЫН ДАМЫТУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Миссия мен пайымды іске асыру үшін Қор өзара байланысты екі стратегиялық бағытқа шоғырланған. Бірінші бағыт жаңадан бастаған және жұмыс істеп тұрған микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мен дамытуға байланысты және екі стратегиялық мақсатты қамтиды: ШОК субъектілерінің Қордың қаржылық бағдарламаларына қолжетімділігін қамтамасыз ету және қолдау көрсетілетін ШОК кәсіпорындарының экономикалық тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету. Екінші бағыт Қордың орнықты институционалдық дамуына байланысты және үш стратегиялық мақсатты қамтиды: орнықты даму деңгейін арттыру, бизнес-процестерді цифрландыру және корпоративтік басқару деңгейін көтеру.

1 2 3

Стратегияны іске асырудың негізгі басымдықтары

Стратегияның жаңартылған редакциясы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың неғұрлым орнықты моделіне көшуді көрсетеді. Негізгі басымдықтардың қатарында, ең алдымен, кәсіпкерлердің міндеттемелеріне кепілдік беру арқылы нарықтық қолдау тетіктерін кеңейту, субсидиялауды қоса алғанда, нарықтық емес құралдардың үлесін кезең-кезеңімен қысқарту, мемлекеттік емес қаржыландыру көздерін тарту, қор нарығы арқылы баламалы құралдарды дамыту, сондай-ақ өнімді, экспортқа бағдарланған, технологиялық және инновациялық жобаларды қолдау айқындалған. Стратегия сондай-ақ орта кәсіпкерлікті белсенді қолдауды, өңірлік атаулы шешімдерді дамытуды және жұмыс орындарын құру, салық түсімдерін ұлғайту және экономикалық тиімділікті арттыру бойынша қолдау алушылардың қарсы міндеттемелерін күшейтуді көздейді.
Стратегияда бизнес-процестерді цифрландыруға және IT&Tech шешімдерін енгізуге ерекше назар аударылған. Қор фронт-офисті одан әрі online office форматына көшіруді, цифрлық экожүйені дамытуды, заманауи технологиялар мен жасанды интеллектіні пайдалануды, сондай-ақ дәстүрлі өңірлік филиалдарды жаңа цифрлық форматқа трансформациялауды жоспарлап отыр. Сонымен қатар, стратегиялық басымдықтар қатарында ESG факторларын Қор қызметіне жүйелі түрде интеграциялау, ішкі процестер мен тәжірибелерді орнықты дамудың халықаралық стандарттарына сәйкес жетілдіру және қызметтің ашықтығын арттыру бекітілген.

2025 жылдың стратегиялық басымдықтары

2025 жылғы өзгерістерді ескере отырып, Стратегия бірқатар практикалық бағыттармен қосымша күшейтілді. Олардың қатарында Қор базасында екі Кепілдік қорын құру, қолдаудың неғұрлым орнықты нысаны ретінде кепілдік беру құралдарын қолдануды кеңейту, қаражатты микширлеу шарттарымен экономиканың басым секторларындағы кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған «Өрлеу» қаражатты шартты орналастыру бағдарламасын іске асыру, сондай-ақ өңірлік нүктелік шешімдерді қолдау бағдарламаларының жаңартылған архитектурасына интеграциялау бар. Қосымша ретінде Стратегияда басым салалардағы жобаларды қолдау, ірі және орта бизнестің кооперациясын дамыту, ШОК субъектілерінің орта бизнес санатына өтуін ынталандыру және экономикадағы мемлекеттің үлесін одан әрі қысқарту бойынша бағдарлар бекітілген.

Стратегияны іске асыру және мониторингтеу

Стратегияның әрбір негізгі міндеті бойынша 2033 жылға дейінгі мақсатты мәндері бар Қор қызметінің стратегиялық негізгі көрсеткіштері көзделген. Іс-шаралар мен аралық бағдарлардың егжей-тегжейі Директорлар кеңесі бес жылдық кезеңге бекітетін Қордың даму жоспары шеңберінде жүзеге асырылады. Стратегияны іске асыру кәсіпкерлікті қолдаудың кешенді шараларын қамтамасыз ететін және Қазақстанның орнықты экономикалық дамуына ықпал ететін ұлттық даму институты ретіндегі Қордың рөлін нығайтуға бағытталған.

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Тиімді даму институтын қалыптастыру және стратегиялық бағыттарды іске асыру жөніндегі міндеттерді орындау үшін Қордың Даму стратегиясы Қор қызметінің стратегиялық негізгі көрсеткіштерін айқындайды, олар Қордың стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу деңгейін, сондай-ақ оның қызметінің нәтижелілігін сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер жүйесін білдіреді. Стратегияның қолданыстағы редакциясында әрбір негізгі міндет бойынша 2033 жылға дейінгі мақсатты мәндерді айқындай отырып, Қор қызметінің стратегиялық негізгі көрсеткіштері белгіленетіні көзделген.

Қызметтің стратегиялық негізгі көрсеткіштері Қордың Даму стратегиясын, Қордың Даму жоспарын, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, кәсіпкерлікті қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты айқындайтын шешімдер мен тапсырмаларды, сондай-ақ Қор қызметіне елеулі әсер ететін ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерді ескере отырып қалыптастырылады. Жыл сайынғы аралық мақсатты бағдарлар мен стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар Қордың Директорлар кеңесі бес жылдық кезеңге бекітетін Қордың Даму жоспары шеңберінде нақтыланады.

Қорда ҚНК қалыптастырудың келесі жүйесі құрылған:

1 - «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ акционерінің ҚНК;

3 - Қор қызметкерлерінің ҚНК.

2 - Қордың басшы қызметкерлерінің (Басқарма мүшелерінің) ҚНК;

Қордың стратегиялық ҚНК-лары Жалғыз акционердің ҚНК-сын ескере отырып әзірленеді. Көрсеткіштер Қордың басшы қызметкерлері деңгейіне тікелей каскадтау немесе декомпозициялау арқылы жеткізіледі. Бұл ретте төменгі деңгейдегі көрсеткіштердің мақсатты мәндеріне қол жеткізу Қордың жоғары деңгейдегі тиісті стратегиялық ҚНК-ларын орындауды қамтамасыз етеді.

Қордың корпоративтік ҚНК-лары және басшы қызметкерлерінің ҚНК-лары Қордың Директорлар кеңесімен бекітіледі. Қор қызметкерлерінің ҚНК-лары Қор Басқармасымен бекітіледі. Басшы қызметкерлердің ҚНК-ларының нақты мәндерін есептеу есепті жылдың қорытындысы бойынша, ал Қор қызметкерлерінің ҚНК-лары тоқсан сайынғы негізде жүзеге асырылады.

Қор қойылған мақсаттарға қол жеткізуді тұрақты мониторингтеу, жұмыстың аралық және қорытынды нәтижелерін бағалау, сондай-ақ басқарушылық және аналитикалық есептілікті қалыптастыру үшін негізгі қызмет көрсеткіштері жүйесін пайдаланады.

ҚНК-ларды әзірлеу және түзету кезінде Қор келесі құжаттар мен нормативтік құқықтық актілерді ескереді:

- Қордың Даму стратегиясын және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын;
- Қордың Даму жоспары;
- лауазымды тұлғалардың функционалы мен міндеттерін реттейтін ішкі құжаттарды;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен бекітілген мемлекеттік бағдарламаларды;
- қызметтің басым бағыттарын айқындайтын жол карталарын және өзге де құжаттарды;
- Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауларын және кәсіпкерлікті дамытуға ықпал ететін негізгі бастамаларды;
- Қор қызметіне әсер ететін нормативтік-құқықтық базадағы өзгерістерді.

ҚНК жүйесі Қор қызметінің негізгі бағыттарын, оның ішінде **кәсіпкерлерді қаржылай қолдауды (субсидиялау, кепілдік беру, жеңілдетілген қаржыландыру), қаржылық емес қолдау шараларын, халықаралық интымақтастықты дамытуды, процестерді цифрландыруды және ESG қағидаттарын енгізуді қамтиды**. Аталған көрсеткіштер жұмыстың аралық және қорытынды нәтижелерін бағалау, сондай-ақ аналитикалық есептілікті қалыптастыру үшін пайдаланылады.

2024–2033 жылдарға арналған Қордың Даму стратегиясына сәйкес

Қызметтің негізгі көрсеткіштерінің орындалуы

№	ҚНК атауы	2025 ж. Жоспар	Нақты	Жоспардың орындалу %
1	Қаржылық қолдау көрсетілген ШОК субъектілерінің нарықтағы жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің жалпы санына шаққандағы үлесі, %	1,77%	1,39%	79%
2	Қолдау көрсетілген кәсіпкерлердің жалпы санындағы орта кәсіпкерлік субъектілерінің үлесі, %	3%	9,25%	308%
3	Қордың қолдауын алған кәсіпорындардың түсім көлемі (бір жыл ішінде), млрд теңге	15 500	27 701	179%
4	Қордың қолдауын алған кәсіпкерлік субъектілері төлеген салықтардың өсімі, млрд теңге	120	287,22	239%
5	Қордың қолдауын алған кәсіпкерлік субъектілері құрған жұмыс орындарының саны, жыл ішінде, бірлік	9 100	14 575	160%
6	Тұрақты даму рейтингі	24	30	125%
7	Қор қызметіне қатысты ШОК субъектілерінің сенім және қанағаттану деңгейін бағалау, %	87	93,6%	108%
8	Есепті жылдағы қарыз алудың жалпы құрылымындағы мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің үлесі	2,5	13,26	530%


Жоспар орындалды (≥ 100%) Жоспар орындалмады (< 100%)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШОБ-ТЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМЫТУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ














2025 жылы Қазақстанда тіркелген ШОБ субъектілерінің саны 4%-ға өсіп, 2 360 мың бірлікке жетті. Елдегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің жалпы санындағы ШОБ үлесі 97,3%-ға дейін өсті. Жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлердің саны 5%-ға артты, бұл өсім тиісінше 5,5% және 4% көлемінде жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары санының ұлғаюымен байланысты болды. Айта кету қажет, 2021–2025 жылдар аралығында тіркелген ШОБ субъектілері санының орташа жылдық өсу қарқыны 9,8% деңгейінде бағаланса, осы кезеңдегі жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер санының өсімі 13% құрады. Жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер санының тіркелген кәсіпкерлер санының өсу қарқынынан жоғары болуы бұрын тіркелген кәсіпкерлердің белсенді түрде кәсіпкерлік қызмет жүргізуінің артқанын көрсетеді.


ҚР тіркелген ШОБ субъектілері санының динамикасы



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (www.stat.gov.kz).

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2025 жылдың соңында жұмыспен қамтылған халық саны 9 321 мың адамды құрады. Бұл ретте 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ШОБ секторында жұмыспен қамтылғандар саны 4 527 мың адамды немесе барлық жұмыспен қамтылғандардың 48,6%-ын құрады. Өткен жылмен салыстырғанда ШОБ-та жұмыспен қамтылғандар саны 2,4%-ға өсті. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 1,1%-ға өсуі байқалды.

ҚР жұмыспен қамтылған халық санының динамикасы




Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (www.stat.gov.kz).

Соңғы 10 жыл ішінде Қазақстанның ЖІӨ нақты мәнде өсім көрсетті (COVID-19 пандемиясына байланысты енгізілген бірқатар шектеулерге байланысты 2020 жылды қоспағанда). Осылайша, 2025 жылдың қорытындысы бойынша ҚР ЖІӨ өсімі байқалады, нақты мәнде 6,5% өсім көрсетіп, 159,6 трлн теңгені құрады. Тауарлар өндірісі ЖІӨ-нің 30,3%-ын қалыптастырады (оның ішінде 26,5%-ы өнеркәсіп өндірісінің үлесіне тиесілі), көрсетілетін қызметтер өндірісі – 63,9%, өнімдерге салынатын салықтар – 5,8%.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2025 жылы ШОБ өнімінің шығарылымы 104 766 млрд теңгені құрады. 2025 жылы ШОБ өнімінің көлемінің 58,8%-ы шағын кәсіпорындармен, 16,5%-ы орта кәсіпорындармен және тағы 24,7%-ы жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарымен өндірілді. Алдын ала деректер бойынша 2025 жылдың қорытындысы бойынша ШОБ-тың жалпы қосылған құнының ЖІӨ-дегі үлесі 40,9% деңгейінде бағаланды.


ҚР ЖІӨ және ШОБ өнімінің шығарылымы динамикасы



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (www.stat.gov.kz).

2025 жылы банктік кредиттеу көлемі 13,4%-ға өсіп, 41,8 трлн теңгеге жетті. Өсім экономиканың көптеген секторларында және кредиттеу объектілерінің барлық түрлері бойынша байқалды. Оның ішінде кәсіпкерлік мақсаттарға берілген кредиттер бойынша өсім 2025 жылы 17,8%-ды құрап, 22,3 трлн теңгеге жетті. Шағын және орта кәсіпкерлікті кредиттеу саласында жалпы банктік кредиттеуге қарағанда жоғары өсім байқалды (өсім – 7,9%).

Экономиканы және шағын кәсіпкерлікті кредиттеудің жыл сайынғы көлемдері



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz).

ҚАЗАҚСТАНДА ШОБ-ТЫ ДАМЫТУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

2025 жылдың қорытындысы бойынша сыртқы экономикалық сын-қатерлерге қарамастан, Қазақстан экономикасының өсімі 6,5%-ды құрады. Мемлекет тарапынан іске асырылып жатқан шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау шаралары жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды сақтап қалуға мүмкіндік беріп, жаңа бизнес субъектілерінің санының артуына ықпал етті.

2025 жылдың соңында Қазақстанда шамамен 2,2 млн жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектісі тіркелді, оларда елдің экономикалық белсенді халқының шамамен жартысы жұмыспен қамтылған. ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі өсуін жалғастырды, бұл Қазақстан Республикасы экономикасындағы кәсіпкерліктің позицияларының нығаюын көрсетеді.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Үкіметі кәсіпкерлікті дамыту үшін институционалдық негіз қалыптастырды, оның ішінде «Даму» қорының қатысуымен іске асырылатын мемлекеттік қаржылық қолдау құралдары арқылы жүзеге асырылуда.
Соңғы 10 жылдағы ШОБ статистикалық көрсеткіштері қабылданған шаралардың нәтижелілігін көрсетеді: 2015 жылдан 2025 жылға дейін шағын және орта кәсіпкерліктің тіркелген субъектілері санының өсімі 59%-ды, ал жұмыс істеп тұрған субъектілер бойынша 75%-ды құрады.

Кәсіпкерлікті дамыту экономиканы әртараптандыруға, салаларды цифрландыруға, қолданыстағы өндірістік қуаттарды жаңғыртуға және экспорттық әлеуетті кеңейтуге бағытталған мемлекеттік экономикалық саясаттың басым бағыттарының бірі болып қала береді.





2025 жылы елдегі жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 5,0%-ға өсіп, шамамен 2,2 млн бірлікке жетті, ал секторда жұмыспен қамтылғандар саны 4,5 млн адамды құрады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі 40,9%-ды, ал секторлардың жалпы қосылған құны 65,2 трлн теңгені құрады. Экономиканың көптеген салалары бойынша оң динамика байқалды.

Экономиканы одан әрі дамыту үшін экономикалық өсудің негізгі драйверлерінің бірі ретінде ШОБ секторын дамыту, оның ішінде заманауи бизнес-құзыреттерді дамыту арқылы қолдау маңызды басымдықтардың бірі болып қала береді. Қордың 2024–2033 жылдарға арналған Даму стратегиясында көрініс тапқан мемлекеттік экономикалық саясаттың маңызды бағдары – 2050 жылға қарай ЖІӨ-дегі ШОБ үлесін 50%-ға дейін ұлғайту болып табылады. «Даму» қоры өз қызметінде ШОБ дамыту саласындағы мемлекеттік экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын басшылыққа алады және қаржылық қолдау құралдары арқылы кәсіпкерліктің орнықты дамуына ықпал етеді.

Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін Қор қолдау шараларының кең ауқымын іске асырады: кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, кепілдіктер беру, кәсіпкерлерге консультациялық және оқыту қызметтерін көрсету, сондай-ақ серіктес қаржы ұйымдары арқылы қаржыландыру.

Мемлекет пен «Даму» қоры тарапынан ШОБ-қа көрсетілетін кешенді және мақсатты қолдау кәсіпкерлік секторын нығайтуға, жұмыспен қамтуды арттыруға және ұлттық экономиканың орнықты дамуына ықпал етеді.



Мемлекеттік қолдаудың рөлі

Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік саясат бизнесті дамыту үшін орнықты әрі қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған. Бұл үдерісте «Даму» қорының қатысуымен іске асырылатын мемлекеттік қаржылық қолдау құралдары, оның ішінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, міндеттемелерге кепілдік беру және жеңілдетілген қаржыландыру ұсыну маңызды рөл атқарады.

2025 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі Ұлттық экономика министрлігі мен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның белсенді қатысуымен субсидиялау және кепілдік беру құралдары арқылы бизнесті қолдау бағдарламаларын іске асыруға 570 млрд теңге бөлді. Аталған мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде жалпы кредит сомасы 2,2 трлн теңгені құрайтын 13,0 мың жобаға қолдау көрсетілді, оның ішінде жеңілдетілген кредиттеу бойынша 817,9 млрд теңге сомасына 3,4 мың жоба қолдау алды.

Көрсетілген қолдаудың ауқымы мен нәтижелері кәсіпкерлік белсенділікті ынталандырудың мемлекеттік тетіктерінің маңыздылығын растайды. Қаржылық құралдарды кешенді қолдану шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің қаржыландыруға қолжетімділігін кеңейтуге, бизнестің тұрақтылығын арттыруға, жұмыспен қамтуды сақтауға және елдің кәсіпкерлік секторын одан әрі дамытуға ықпал етеді.

ШОБ-тың стратегиялық маңызы

Кәсіпкерлікті дамыту Қазақстанның экономикалық саясатының басым бағыттарының бірі болып қала береді. Ұзақ мерзімді бағдарлар қатарында мыналар сақталады:

- 2050 жылға қарай ЖІӨ-дегі ШОБ үлесін **50%-ға дейін арттыру;**
- бизнесті цифрландыру және инновациялық технологияларды енгізу;
- кәсіпорындардың экспорттық әлеуетін дамыту;
- өндірістік қуаттарды жаңғырту және экономиканы әртараптандыру.

Экономиканың көптеген салалары бойынша ШОБ дамуының оң динамикасы кәсіпкерлік сектордың біртіндеп нығаюын және елде қолайлы бизнес-ортаның қалыптасуын көрсетеді. Мемлекет кәсіпкерлікті қолдаудың дәйекті саясатын жалғастыра отырып, оның орнықты өсуіне жағдай жасауда. «Даму» қоры қызмет аясын кеңейтуге, бизнесті жаңғыртуға және жаңа нарықтарға шығуға қажетті қаржылық қолдау құралдарына қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына ықпал етеді.

ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ

Активтерді тиімді басқару

Қордың активтері мен пассивтерін басқару – стратегиялық көрсеткіштерге қол жеткізуді, кірістілікті сақтауды, қаражатты тарту мен орналастыру көлемдері мен мерзімдерінің сәйкестігін қамтамасыз етуді және негізсіз тәуекелдерді барынша азайтуды қамтамасыз ететін активтер мен пассивтердің осындай құрылымын қалыптастыру және қолдау процесі болып табылады. Қордың активтері мен пассивтерін басқарудың негізгі міндеті – Қор қызметінің жоғары қаржылық көрсеткіштеріне қол жеткізу мақсатында тәуекелдерді бір мезгілде барынша азайта отырып, активтер мен пассивтерді реттеу болып табылады.

Қазіргі жағдайда Қордың активтері мен пассивтерін тиімді басқару қажеттілігі келесі факторлармен айқындалады:

- жаңа күрделі өнімдердің пайда болуымен;
- тартылған ресурстар құрылымындағы өзгерістермен;
- макроэкономикалық көрсеткіштердің құбылмалылығымен;
- тәуекелдерді басқарудың жалпы шеңберінде контрагенттерге қаражат ұсыну тәсілдерін үйлестіру қажеттілігімен.

Қордың активтері мен пассивтерін басқарудағы негізгі міндеттер мыналар болып табылады:

- барлық міндеттемелерді уақтылы орындауды және операциялық қызметті қамтамасыз ету үшін өтімділіктің жеткілікті деңгейін қолдау;
- қосымша табыс алу мақсатында уақытша бос қаражатты тиімді орналастыру;
- ықтимал тәуекелдерді жабу және қаржылық тұрақтылықты сақтау үшін капиталдың жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету;
- активтер мен пассивтерді басқару саласындағы нормативтік талаптар мен ішкі саясаттарды сақтау.

Осы міндеттерді іске асыру мақсатында Қорда жоғары басшылық пен Қордың негізгі құрылымдық бөлімшелерінің өкілдерінен тұратын Активтер мен пассивтерді басқару комитеті жұмыс істейді. Комитет қаржылық көрсеткіштерге тұрақты мониторинг жүргізеді, баланс құрылымын талдайды және активтер мен пассивтерді басқаруды оңтайландыру жөнінде шешімдер қабылдайды.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қордың активтері 526,4 млрд теңгені құрады және 2025 жылдың басымен салыстырғанда 108,3 млрд теңгеге ұлғайды, капитал көлемі 227,2 млрд теңгені, міндеттемелер көлемі 299,2 млрд теңгені құрады.
Есепті күндегі Қордың кредиттік портфелі 282,7 млрд теңгені құрап, активтердің 54%-ын құрады.

Қаржылық нәтижелер

2025 жылы Қордың жалпы кірісі 105,8 млрд теңгені құрады, оның ішінде негізгі қызметтен түскен кірістер – 104,8 млрд теңге, өзге кірістер – 1 млрд теңге.
2025 жылы Қордың жалпы шығыстары (КТС есепке алмағанда) 72,5 млрд теңгені құрады.
2025 жылдың қорытындысы бойынша Қордың қаржылық нәтижесі 18,8 млрд теңгені құрады, бұл жоспарлы көрсеткіштен 57%-ға жоғары.

Қызмет кірістілігінің көрсеткіштері

Атауы	2023	2024	2025
ROA, активтердің кірістілігі, %	9,08	6,27	3,90
ROE, капитал кірістілігі, %	20,55	13,49	8,82
ЖЖК-ның орташа өлшенген кірістілігі, %	16,28	14,95	15,62
Қарыз / меншікті капитал, коэффициент	1,10	1,20	1,32
Активтердегі кредиттік портфельдің үлесі, %	53,38	57,76	53,71



Қордың Даму жоспары

«Даму» қорының Даму стратегиясын іске асыру, сондай-ақ Қордың стратегиялық бағыттарына, мақсаттарына, міндеттері мен негізгі көрсеткіштеріне сәйкес дамуын қамтамасыз ету мақсатында стратегиялық және ағымдағы қызметті жоспарлауды үйлестіру үшін Қордың Даму жоспары әзірленеді және жыл сайын түзетіледі.

«Даму» қорының Даму жоспары:

- Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттары;
- «Даму» қорының Даму стратегиясында көзделген стратегиялық мақсаттар, міндеттер және қызметтің негізгі көрсеткіштері;
- тиісті мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары;
- Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауы;
- мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган ұсынған жоспарланатын жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамдары;
- «Даму» қоры қызметінің әлсіз және күшті жақтарын талдау нәтижелері;
- ағымдағы жылға арналған «Даму» қорының Даму жоспарының орындалуына жүргізілген мониторинг нәтижелері;
- «Даму» қоры қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері;
- ағымдағы жылдың алдындағы жыл үшін аудиттен өткен жыл сайынғы қаржылық есептілік.

Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 4 шілдедегі шешімімен 2025–2028 жылдар бөлігінде «Даму» қорының 2024–2028 жылдарға арналған Даму жоспарына түзету бекітілді, онда «Даму» қорының стратегиялық міндеттерін іске асыру мақсатында жоспарланған қаржылық көрсеткіштер көзделген.

Даму жоспарын іске асыру шеңберінде «Даму» қоры 2026 жылы жалпы кірісті 2025 жылғы деңгейден төмен емес деңгейде қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Кірістің негізгі көздері ретінде қаражатты шартты орналастыру бағдарламалары, кредиттер мен лизингтік мәмілелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау, сондай-ақ кәсіпкерлердің міндеттемелері бойынша кепілдіктер беру сақталады. Қосымша кірістер қазынашылық портфельден және негізгі емес қызметтің басқа түрлерінен күтіледі.

Болжамдарға сәйкес, 2026 жылы Қор тартылған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге, әкімшілік шығыстарға, резервтер қалыптастыруға, корпоративтік табыс салығын төлеуге және қаржылық активтерді бастапқы танумен байланысты шығыстарға жұмсалатын шығындарды көтереді.

Бюджеттің аталған баптарын тиімді басқарған жағдайда, Қор 2026 жылды оң қаржылық нәтижемен аяқтауды жоспарлап отыр.

«ДАМУ» ҚОРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

2025 жылы Қор екінші деңгейдегі банктерде, лизингтік компанияларда және микроқаржы ұйымдарында қаражатты шартты орналастыру бағдарламаларын, кәсіпкерлердің кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау мен міндеттемелерге кепілдік беру бағдарламаларын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы тетіктері шеңберінде іске асыруды жалғастырды.

2025 жылы Қор қаржылық құралдарды пайдалана отырып, жалпы кредит сомасы 2,2 трлн теңгені құрайтын кәсіпкерлердің 13,0 мың жобасына қолдау көрсетті.

Бағдарламаларды іске асырудың барлық кезеңінде «Даму» қоры жалпы сомасы 15,8 трлн теңгені құрайтын кәсіпкерлердің 234 мыңнан астам жобасына қолдау көрсетті. «Даму» қоры бағдарламаларын іске асырудың әлеуметтік-экономикалық әсері жыл сайын артып келеді. 2010 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңде қолдау алған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері 156,8 трлн теңге сомасына өнім өндірді, кәсіпорындардан түскен салық түсімдерінің көлемі 10,9 трлн теңгені құрады, сондай-ақ 236,7 мың жұмыс орны құрылды.

ҚАРЖЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ


	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
ЕДБ/МҚҰ/ЛК-да қаражатты шартты орналастыру арқылы кәсіпкерлерді қаржыландыру						
Қатысушылар саны, бірлік	11 136	7 783	5 278	3 330	2 717	3 408
Қаржыландыру сомасы, млн теңге	207 588	213 304	183 917	197 924	253 608	817 914
Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау						
Қатысушылар саны, бірлік	14 679	32 351	24 485	12 339	17 623	3 831
Кредиттер сомасы, млн теңге	1 210 350	1 587 163	992 548	1 005 125	1 014 031	433 252
Кредиттерге кепілдік беру						
Қатысушылар саны, бірлік	7 346	17 219	20 781	8 183	9 173	5 657
Кредиттер сомасы, млн теңге	275 546	365 286	377 576	363 249	444 915	966 153

ШОБ-ты кредиттеу нарығындағы мемлекеттік қолдау шараларымен қамту үлесі

2025 жылы Қордың құралдары арқылы кәсіпкерлерге екінші деңгейдегі банктер, микроқаржы ұйымдары және лизингтік компаниялар арқылы жалпы сомасы 2,2 трлн теңге көлемінде кредиттер берілді, оның ішінде 1 843 млрд теңге екінші деңгейдегі банктер арқылы берілді. Қор бағдарламаларына қатысушылар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша кәсіпкерлік мақсаттарға арналған банктік кредиттеудің жалпы көлемінің 9,9%-ын құрады (екінші деңгейдегі банктердің кредиттер беруінің жалпы көлемі – 22 285 млрд теңге).
Жалпы алғанда, екінші деңгейдегі банктердің ШОБ кредиттері бойынша кредиттік портфелі 10 522 млрд теңгені құрайды, оның ішінде 2 217 млрд теңге «Даму» қорының мемлекеттік қолдау шараларымен қамтылған. ШОБ-ты екінші деңгейдегі банктер арқылы кредиттеу нарығындағы мемлекеттік қолдау шараларымен қамту үлесі 21%-ды құрайды.

Экономиканың басым секторларындағы жобалар бойынша кредиттер динамикасы


Қордың экономиканың басым секторларын қаржыландыруға қосқан үлесін қарастырған кезде оның үлесінің 19,5%-ға дейін өскені байқалады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 5,3 пайыздық тармаққа жоғары. Жалпы алғанда, экономиканың басым секторларын қолдау елдік стратегияның негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты екінші деңгейдегі банктердің басым салаларға берген кредиттері көлемінің өсуі байқалады, бұл аталған секторлардың дамуындағы оң динамиканы көрсетеді.



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz), Қор (www.damu.kz).

Өңдеу өнеркәсібіндегі жобалар бойынша кредиттер динамикасы

Қор кредиттерінің өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі де артып, 41%-ды құрады. Үлестің артуы экономиканың басым салаларындағы кредиттеу көлемінің ұлғаюымен және жаңа «Өрлеу» бағдарламасы шеңберіндегі қаржыландырумен, сондай-ақ 2025 жылы өңдеу өнеркәсібі секторының 48%-ға өсуімен байланысты болды. Табиғи мәнде өңдеу өнеркәсібін қолдау көлемі 918 млрд теңгені құрады. Жалпы алғанда, өңдеу өнеркәсібін басым сала ретінде дамыту осы секторды кредиттеуге әсер етті, бұл аталған салалардағы оң динамиканы да көрсетеді.



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz), Қор (www.damu.kz).

ҚАРЖЫ НАРЫҚТАРЫНДА БЮДЖЕТ ЖӘНЕ БЮДЖЕТТЕН ТЫС ҚАРАЖАТТЫ ТАРТУ



Экономиканың басым секторларындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін кейіннен қаржыландыру үшін қаражат тарту жөніндегі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басшылығы қойған міндеттер шеңберінде «Даму» қоры келесі тартуларды жүзеге асырды:

- Холдинг тарапынан 65,4 млрд теңге мөлшерінде капиталдандыру жүзеге асырылды;
- 50,0 млрд теңге көлемінде облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ алаңында орналастырылды;
- сондай-ақ бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарын беру жолымен 21,8 млрд теңге көлемінде қаражат тартылды.

Қордың стратегиялық мақсаттарының бірі бюджет қаражатының бір бөлігін алмастыру мақсатында тартылған қаражаттың жалпы құрылымындағы мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің үлесін ұлғайту болып табылады. Осыған байланысты Қор мемлекеттік емес қаржыландыру көздерін тарту бойынша жұмыс жүргізуде, жаңа әлеуетті инвесторлармен – халықаралық қаржы институттарымен, инвестициялық қорлармен ынтымақтастықты жолға қоюда, оның ішінде ішкі және сыртқы капитал нарықтарында облигациялар шығару арқылы жүзеге асыруда.

Осылайша, «Даму» қоры шағын және орта кәсіпкерлікті қаржыландыру тетіктерін дамытуды және жетілдіруді жалғастыруда, бюджет және бюджеттен тыс көздерді үйлестіре отырып, сондай-ақ кәсіпкерлердің қажетті ресурстарға қолжетімділігін кеңейту үшін инновациялық қаржы құралдарын енгізуде.

КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ

Қаражатты шартты орналастыру

Қаражатты шартты орналастыру бағдарламасы Қазақстандағы ШОК субъектілерін қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру құралдарының бірі болып табылады. Аталған құрал Қордың қаржылық ресурстарды (қорландыруды) серіктестерге кейіннен ШОК субъектілерін кредиттеу үшін белгілі бір (нысаналы және шектеуші) талаптармен ұсынуы арқылы іске асырылады.

Қолданыстағы ШОК субъектілерін қаржылық бағдарламалармен қамтуды ұлғайту мақсатында 2025 жылы Қор осы бағыттағы жұмысты жалғастырды. Нәтижесінде ЕДБ/ЛК/МҚҰ арқылы **817,9 млрд теңге** сомасына **3 408 қарыз алушы** қаржыландырылды.

2025 жылы қаражатты шартты орналастыру құралы шеңберінде ««Даму» қоры» АҚ көрсеткен қолдау.

Бағдарлама	Кредит сомасы, млн. теңге	Қарыз алушылар саны, бірл.
Нүктелік өңірлік бағдарламалар	41 563	538
Даму-лизинг	14 275	167
Даму-микро	2 468	350
ҚР ҮҚ (Өндіріс)	142 230	262
Еңбек	643	31
Даму өңірлері	7 670	53
Исламдық қаржыландыру	11 270	19
Үміт	2 910	67
Факторинг	517	3
Өрлеу	594 366	2 061
Жалпы қорытынды	**817 914**	**3 408**

Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау

Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау – бұл кәсіпкердің кредит және лизингтік мәмілелер бойынша сыйақы төлеуге жұмсайтын шығындарының бір бөлігін өтеу үшін мемлекет тарапынан өтеусіз және қайтарымсыз негізде қолданылатын қаржылай қолдау құралы.

2025 жылғы 5 желтоқсанда «Алтын сапа» және «Парыз» сыйлықтарының лауреаттарын, сондай-ақ «Қазақстанның үздік тауары» конкурсының жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде Мемлекет басшысы шағын бизнесті қолдаудың Бірыңғай бағдарламасын қабылдауды тапсырды. Осы тапсырманы іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен «Іскер аймақ» шағын бизнесті қолдаудың бірыңғай бағдарламасы (Бірыңғай бағдарлама) бекітілді.



Бірыңғай бағдарлама шағын кәсіпкерлікті, оның ішінде ауылдық елді мекендер мен шағын қалалардағы кәсіпкерлікті ауқымды дамытуға бағытталған және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық міндеттерін іске асыруға, оның ішінде тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге, өңірлердегі кәсіпкерлік белсенділікті кеңейтуге, жергілікті өндіріс пен шикізатты қайта өңдеуді ынталандыруға, сондай-ақ халықты жұмыспен қамтуды арттыруға бағдарланған.
Бірыңғай бағдарлама шеңберінде импортты алмастыру және жергілікті жерлерде қосылған құн қалыптастыру әлеуеті жоғары шағын бизнестің басым бағыттарын дамытуға ерекше назар аударылады.

Бірыңғай бағдарламаны іске асыру өзара байланысты үш бағыт бойынша көзделген:

Кәсіпкерлердің кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау, бұл қарыз қаражатының құнын төмендетуге және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттік ресурстарға қолжетімділігін кеңейтуге бағытталған. Кредиттің ең жоғары сомасы – 200 млн теңгеге дейін, қарыз алушы үшін түпкілікті мөлшерлеме – жылдық 12,6%-дан кем емес, мерзімі – 3 жылға дейін.

Қаржылық емес қолдау шаралары кәсіпкерлердің басқарушылық, қаржылық және өндірістік құзыреттерін арттыруға бағытталған онлайн-оқыту, сервистік және консультациялық қолдау көрсету арқылы іске асырылады.

Инфрақұрылымдық қолдау шаралары: Кәсіпкерлердің өндірістік және коммуналдық инфрақұрылымға қолжетімділігін қамтамасыз ету, оның ішінде үй-жайлар мен жер учаскелерін жеңілдетілген шарттармен жалға беру көзделеді.

Бірыңғай бағдарлама өңірлерді кәсіпкерлікті дамыту үшін ортақ жауапкершілікке тартуды көздейді. Жергілікті атқарушы органдар әрбір өңірдің экономикалық әлеуетін, мамандануын және қажеттіліктерін ескере отырып, басым бағыттар тізбесін қалыптастыратын болады, бұл мемлекеттік қолдаудың атаулылығы мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ішкі сауданы дамытуға және жетілдіруге жәрдемдесу, отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және ішкі сауда субъектілерін қолдау, оның ішінде сауданың заманауи форматтарын дамыту және сауда алаңдарымен қамтамасыз ету мақсатында 2025 жылы «Даму» қоры Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2024 жылғы 21 маусымдағы бұйрығымен бекітілген ішкі сауда субъектілерін қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға кірісті.

Субсидиялау құралы шеңберінде ішкі сауда субъектілері келесі шарттармен субсидия ала алады: кредиттің ең жоғары сомасы – 3 млрд теңгеге дейін, ал моноқалаларда, шағын қалаларда және ауылдық елді мекендердегі жобалар үшін – 1,5 млрд теңгеге дейін. Қарыз алушы үшін түпкілікті мөлшерлеме – жылдық 10,75%, инвестициялық мақсаттарға субсидиялау мерзімі – 5 жылға дейін, айналым қаражатын толықтыруға – 3 жылға дейін. 2025 жылы осы бағдарлама шеңберінде кредиттік портфельдің жалпы сомасы 67,5 млрд теңгені құрайтын 458 жобаға қолдау көрсетілді, ал төленген субсидиялар сомасы 3,3 млрд теңгені құрады.

Жалпы алғанда, 2025 жылы субсидиялау құралы бойынша кредиттік портфельдің **433,3 млрд теңгесі** көлемінде **3 831 жобаға** қолдау көрсетілді, төленген субсидиялар сомасы 279,6 млрд теңгені құрады, оның ішінде портфельдік субсидиялау бойынша 48,8 млрд теңге сомасына 1,1 мың жобаға қолдау көрсетіліп, төленген субсидиялар сомасы 14,7 млрд теңгені құрады.

2025 жылы субсидиялау құралы бойынша ««Даму» қоры» АҚ көрсеткен қолдау

Бағдарлама	Жобалар саны	Кредит портфелі, млрд теңге	Төленген субсидиялар, млрд теңге
Бірыңғай кешенді бағдарлама (2 бағыт)	2 233	264,1	202,2
Бірыңғай кешенді бағдарлама (3 бағыт)	47	52,8	59,4
Портфельді субсидиялау	1 093	48,8	14,7
Сауда субъектілерін субсидиялау (СИМ)	458	67,5	3,3
Жалпы қорытынды	**3 831**	**433,3**	**279,6**

Кепілдік беру

Кепілдік беру – кәсіпкерлердің кепілдік қамтамасыз етуі жеткіліксіз болған жағдайда олардың міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін мемлекет қолданатын қаржылық қолдау құралы. Кепілдік беру құралы кәсіпкерлік субъектілерінің қаржыландыруға қолжетімділігін қамтамасыз ететін және жеңілдететін ең сұранысқа ие әрі тиімді өнімдердің бірі болып табылады.

Осылайша, кепілдік беру тетігі, бір жағынан, ШОК субъектілеріне өздеріндегі кепілдік қамтамасыз ету көлемінен бірнеше есе артық қаржыландыру тартуға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, банктер мен өзге де кредиторларға ШОК жобаларын қаржыландыруға байланысты тәуекелдерді мемлекетпен бөлісуге мүмкіндік береді, осылайша банктер мен өзге де кредиторларды тәуекелі жоғары стартап-жобалар мен ШОК жобаларын қаржыландыруға ынталандырады.

Кепілдік беру құралы Қор тарапынан мемлекеттік қолдау бағдарламалары шеңберінде іске асырылады:

Бірыңғай кешенді бағдарлама – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 17 қыркүйектегі №754 қаулысы шеңберінде бағдарламаны іске асыру жалғастырылды. Бағдарлама кепілдік қорлары тетігі енгізілгенге дейін, яғни 2025 жылғы сәуір айына дейін іске асырылды;

Кепілдік қорлары шеңберіндегі кепілдік беру – Мемлекет басшысының 2025 жылғы 28 қаңтарда Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасы шеңберінде Қордың меншікті қаражаты есебінен 2025 жылғы сәуір айында **«7 млрд теңгеге дейінгі жобалар бойынша 1-кепілдік қоры»** өнімі іске қосылды.

Кепілдік қоры 1-дің құрылуы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жүйесін трансформациялаудың және негізінен бюджеттік кепілдік беру моделінен мемлекет, қаржы институттары және кәсіпкерлік субъектілері кредиттік тәуекелдерді жабуға бірлесіп қатысатын неғұрлым орнықты нарықтық моделге көшудің маңызды кезеңі болды. Өнімнің міндеттері ел экономикасына жеке капиталды тарту, екінші деңгейдегі банктерді бизнесті неғұрлым белсенді кредиттеуге ынталандыру, кепілдік беру құралы бойынша мемлекеттік қолдау шараларын нарықтық тетіктерге көшіру, әртараптандыру есебінен қолдау шараларын үздіксіз ұсынуды қамтамасыз ету болып табылады.

Жаңа өнім келесі негізгі параметрлерді көздейді:

- екінші деңгейдегі банктердің және басқа да заңды тұлғалардың қаражаты, кәсіпкерлердің кепілдік бергені үшін төлейтін комиссиялық төлемдері сияқты баламалы қаржыландыру көздерін тарту есебінен кепілдік беру құралының бюджетке тәуелділігі жойылды, бұл құралдың үздіксіз жұмыс істеуін және кепілдік қолдауды тұрақты түрде көрсетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді;

- кепілдіктер беру Қор тарапынан жобаға және (немесе) кәсіпкерлік субъектісіне қосымша талдау жүргізусіз портфелдік кепілдік беру әдісін қолдану арқылы жүзеге асырылады;

- кредиторлар ретінде екінші деңгейдегі банктер, лизингтік компаниялар, ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары, астық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын ұлттық компания және өзге де заңды тұлғалар әрекет етеді;


- кепілдік беру құралының өнім желісі кеңейтілді, осылайша кепілдіктер исламдық қаржыландыруға, форвардтық мәмілелерге, валюталық кредиттерге, шартты міндеттемелерге және өзге де міндеттемелерге берілуі мүмкін, бұл кепілдік беру құралының икемділігін арттыруға, әртүрлі қаржылық модельдері бар кәсіпкерлер жобаларын қолдауды қамтамасыз етуге және стандартты емес немесе мамандандырылған құралдарды пайдаланатын компаниялар үшін қаржыландыруға қолжетімділікті арттыруға мүмкіндік берді;

- кредиторлардың Қор құралына деген сенімін арттыратын шартсыздық және қайтарып алынбайтындық қағидаттары енгізілді;

– өнім шеңберіндегі қаржыландырудың ең жоғары сомасы 3,5 млрд теңгеден 7 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды;

- екінші деңгейдегі банктердің кепілдік резервін қалыптастыруға паритеттік қатысуы қамтамасыз етілді, бұл қаржы секторының кәсіпкерлікті мемлекеттік кепілдік қолдау жүйесін капиталдандыруға тікелей қатысуының алғашқы мысалдарының бірі болды, қатысушылар арасында тәуекелдерді бөлудің теңгерімді жүйесін құруға және кепілдік қолдау тетігінің тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік берді (2025 жылы кредиторлардан жалпы сомасы 17,3 млрд теңге көлемінде жарналар түсті, бұл қаржы секторының кепілдік беру жүйесін дамытуға және кредиттік тәуекелдерді бірлесіп бөлу тетіктерін қалыптастыруға жоғары қызығушылығын көрсетеді).





2025 жылдың қорытындысы бойынша Кепілдік қоры 1 капиталының (резервінің) көлемі шамамен 50 млрд теңге мөлшерінде қалыптастырылды. Қалыптастырылған резерв кепілдік беру тетігінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді, берілген кепілдіктер бойынша ықтимал міндеттемелерді жабу үшін қажетті беріктік қорын қалыптастырады және қалыптастырылған капитал көлемінен бірнеше есе асатын кепілдік беру көлемін қолдауға мүмкіндік береді. Резервті қалыптастыру Қордың меншікті қаражатын, кредиторлардың (екінші деңгейдегі банктер мен өзге қаржы ұйымдарының) жарналарын, кәсіпкерлер төлеген кепілдік беру комиссияларын, сондай-ақ резерв қаражатын мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарға және «кері РЕПО» операцияларына орналастырудан түскен кірістерді қоса алғанда, әртараптандырылған көздер есебінен жүзеге асырылды.

Қаражат көзі	Сомасы, млрд теңге
Қор жарнасы	25,0
ЕДБ және өзге де кредиторлардың жарналары	17,3
Кепілдік бергені үшін ШКС төлеген комиссия	4,2
Инвестициялық кіріс	3,8
Резервтің барлығы	**50,3**

2025 жылдың қорытындысы бойынша кепілдіктер бойынша төлемдер көлемі 15 млн теңгені құрады. 1-кепілдік қоры 2025 жылғы сәуір айында іске қосылғанын ескере отырып, жинақталған статистика кепілдік портфелінің сапасы мен дефолттық жүктеме деңгейі туралы түпкілікті қорытындылар жасау үшін әлі жеткіліксіз болып табылады. Сонымен қатар, жүзеге асырылған төлемдердің ағымдағы көлемі оның жұмыс істеуінің бастапқы кезеңінде қор капиталына елеулі жүктеменің жоқтығын көрсетеді.

Осылайша, бюджеттік қаржыландыру көлемінің ауытқуына байланысты тәуекелдерді төмендету арқылы тетіктің қаржылық тұрақтылығы қамтамасыз етілді және ел экономикасындағы мемлекеттік қатысу үлесін қысқарту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттерінің бірі орындалды.

2025 жылғы маусым айынан бастап аталған кепілдік беру өнімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 2 маусымдағы №400 қаулысымен нормативтік түрде бекітілді, онда кепілдік қорлары шеңберінде кепілдіктер беру қағидалары бекітілді (кепілдік беру тетігін реттейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық актіге – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 17 қыркүйектегі №754 қаулысына өзгерістер енгізу арқылы).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 2 маусымдағы №400 қаулысына сәйкес мемлекеттік қолдау шараларын трансформациялау шеңберінде құны 7 млрд теңгеден асатын ірі инфрақұрылымдық жобалар үшін 2-кепілдік қоры **кепілдік беру өнімі** іске қосылды, аталған қаулымен кепілдік қорлары шеңберінде кепілдіктер беру қағидалары бекітілді (кепілдік беру тетігін реттейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық актіге – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 17 қыркүйектегі №754 қаулысына өзгерістер енгізу арқылы).



Ірі бизнеске арналған Кепілдік қоры шеңберінде кепілдіктер берудің негізгі шарттары:

• жоба бастамашысы жобаның жалпы құнының кемінде 20%-ы мөлшерінде өз қатысуын қамтамасыз етуі тиіс;
• қаржыландыру сомасының қалған 80%-ы екінші деңгейдегі банктердің, халықаралық қаржы ұйымдарының және/немесе Холдингтің еншілес ұйымдарының, оның ішінде Қазақстан Даму Банкі, Qazaqstan Investment Corporation, Аграрлық несие корпорациясы және Өнеркәсіпті дамыту қоры тарапынан қаржыландыру түрінде ұсынылады;
• кепілдіктің ең жоғары мөлшері – жоба құнының 30%-ына дейін;
• ұсынылатын кепілдіктің мерзімі – 20 жылға дейін;
• кепілдік қайтарып алынбайтындық және шартсыздық қағидаттары негізінде беріледі, бұл құралды қаржы ұйымдары үшін тартымды етеді;
• кепілдік беру үшін комиссия кепілдік сомасының жылдық 1,5%-ын құрайды және кәсіпкер тарапынан кепілдік шартына қол қойылғанға дейін кепілдіктің бүкіл қолданылу мерзімі үшін біржолғы тәртіппен төленеді. Қазіргі уақытта комиссиялық түсімдер есебінен кепілдік қорының капиталы мен қаржылық тұрақтылығы қалыптастырылуда (тетіктің толық емес бірінші жұмыс жылы ішінде кәсіпкерлерден кепілдік беру үшін шамамен 1,3 млрд теңге түсті).

2025 жылдың қорытындысы бойынша Кепілдік қоры 2 шеңберінде жалпы сомасы 21,7 млрд теңгеге 5 кепілдік мақұлданып, берілді, бұл жалпы сомасы 94,2 млрд теңгені құрайтын жобалар бойынша қаржыландыру тартуды қамтамасыз етті.



Ірі жобаларға арналған кепілдік қоры кепілдің жеткіліксіздігі мәселесін шешуге, өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен және инфрақұрылым сияқты стратегиялық салаларға инвестициялар тарту арқылы кредиттеу көлемін ұлғайтуға мүмкіндік берді, оның ішінде энергетика, байланыс, көлік, туризм, денсаулық сақтау, білім беру және басқа да салалар қамтылды.


Тетіктің қаржылық тұрақтылығы 2-кепілдік қоры капиталының (резервінің) республикалық бюджет қаражатын, Қордың Жалғыз акционерінің қаражатын, резерв қаражатын мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарға және «кері РЕПО» операцияларына орналастырудан түсетін кірістерді, комиссиялық түсімдерді және заңнамада көзделген өзге де көздерді қоса алғанда, әртараптандырылған көздер есебінен қалыптастырылуы арқылы қамтамасыз етіледі. Қордың уақытша бос қаражатын тәуекел деңгейі төмен қаржы құралдарына инвестициялау тұрақтылықтың қосымша элементі болып табылады, бұл капиталдың сақталуын және оны қосымша капиталдандыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

1-кепілдік қоры шеңберінде қолданылатын портфельдік кепілдік беру тетігінен айырмашылығы, ірі жобалар бойынша кепілдіктер беру инвестициялық жобаны, оның қаржылық моделін, әлеуметтік-экономикалық әсерін және қаржыландыруды қайтару көздерінің тұрақтылығын кешенді бағалауды жүргізе отырып, жеке қарау негізінде жүзеге асырылады.
2-кепілдік қорының іске қосылуы экономиканың басым салаларына ұзақ мерзімді капитал тартуға, бизнес үшін инфрақұрылымдық шектеулерді азайтуға және жеке сектордың инвестициялық белсенділігін арттыруға бағытталған инвестициялық жобаларды мемлекеттік қолдаудың жаңа деңгейін қалыптастыруға мүмкіндік берді.

АӨК бағдарламалары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №9-1/71 бұйрығымен бекітілген, **Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру және сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларына** сәйкес кепілдік беру өнімдерін іске асыру жалғастырылды. Аталған шараларды іске асыру агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыз қаражатына қолжетімділігін кеңейтуге, қаржы ұйымдары үшін кредиттеу тәуекелдерін төмендетуге және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің кепілдік қамтамасыз етуінің жеткіліксіздігі мәселесін шешуге бағытталған. Кепілдік қолдау көрсету салаға қосымша кредиттік ресурстар тартуға, ауыл шаруашылығының өндірістік әлеуетін дамытуға және агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық белсенділікті арттыруға ықпал етеді;

Сауда бағдарламасы – 2025 жылғы қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2024 жылғы 21 маусымдағы №262-НҚ бұйрығымен бекітілген ішкі сауда субъектілеріне жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидаларын іске асыру басталды. Бағдарламаны іске асыру кооперативтік дүкендер және «үй жанындағы дүкендер» кооперациясы форматында қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлерді қолдауға, сондай-ақ оларға сауда объектілерін ашу, жаңғырту және кеңейту үшін кредиттік ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Бағдарлама шеңберінде шағын сауда форматтарының желісін дамытуға, олардың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын арттыруға, сондай-ақ сауданың кооперациялық нысандарын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну көзделген. Аталған шараларды іске асыру ішкі сауда субъектілерінің қаржыландыруға қолжетімділігін кеңейтуге, өңірлерде заманауи сауда инфрақұрылымын дамытуға және халықтың күнделікті сұраныс тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейін арттыруға мүмкіндік береді;

сондай-ақ **Қордың меншікті бағдарламалары** шеңберінде, атап айтқанда, жеткілікті кепілдік қамтамасыз етуі жоқ және мемлекеттік бағдарламалардың талаптарына сәйкес келмейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне банктік қаржыландыруға қолжетімділік беру мақсатында әзірленген **«Даму Оптима» бағдарламасы** бойынша іске асырылады.



2025 жылы кепілдік беру құралы бойынша ««Даму» қоры» АҚ көрсеткен қолдау

2025 жылы кредиттік портфелі 966,2 млрд теңгені құрайтын 5 657 кепілдікке қолдау көрсетілді, кепілдік сомасы 578,6 млрд теңгені құрады.

Бағдарлама	Жобалар саны	Кредиттік портфель, млрд теңге	Кепілдік сомасы, млрд теңге
Кепілдік беру - 1-кепілдік қоры	3 105	509,2	282,5
Кепілдік беру - 2-кепілдік қоры	5	94,2	21,8
АӨК-ге кепілдік беру (ВПиУР)	1 633	283,0	240,6
АӨК кепілдігі (инвест.жобалар)	2	0,35	0,25
Сауда субъектілеріне кепілдік беру	115	9,4	4,3
Бірыңғай кешенді бағдарлама шеңберінде кепілдік беру	736	60,5	25,1
Даму-Оптима	61	9,5	4,1
Жалпы қорытынды	**5 657**	**966,2**	**578,6**

Субсидиялау және кепілдік беру бағдарламалары бойынша өзгерістер

2025 жылы «Даму» Бірыңғай кешенді бағдарлама шеңберінде қаржы агентінің функцияларын орындауды, сондай-ақ микро және шағын кәсіпкерлікті портфельдік әдіс арқылы қолдау шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру құралдарын іске асыруды жалғастырды.

2025 жыл ішінде Қор Бірыңғай кешенді бағдарламаға өзгерістер енгізу бойынша келесі жұмыстарды жүргізді:

Қазақстан Республикасы Президентінің отандық бизнес өкілдерімен кездесудің қорытындысы бойынша 2023 жылғы 12 қыркүйектегі кеңес хаттамасының 3.9.3-тармағын орындау мақсатында, мемлекеттік қолдау шаралары жүйесін субсидиялаудан кепілдік беруге дейінгі нарықтық емес тетіктерден кезең-кезеңімен көшу арқылы қайта қарау мәселесі бойынша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 2 маусымдағы №400 қаулысымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 17 қыркүйектегі №754 «Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кейбір шаралары туралы» қаулысына (Бағдарламаға) өзгерістер енгізілді.

Қабылданған өзгерістер шеңберінде Бағдарламаның алты бағыты (бұрынғы Бірыңғай кешенді бағдарлама) портфельдік субсидиялау құралын құру арқылы қайта қаралды.

Субсидиялау құралы шеңберінде субсидияланатын кредиттің ең жоғары сомасы, сондай-ақ субсидиялау мерзімі қысқартылды.

Сондай-ақ субсидиялау құралы шеңберінде қызмет көрсету саласындағы субсидиялауға жататын экономикалық қызмет түрлерінің тізбесі кезең-кезеңімен қысқартылды, сонымен қатар экономиканы әртараптандыру, өндіріс көлемінің өсу қарқынын арттыру, өндірілетін өнімнің өзіндік құнын төмендету, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібін дамыту және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында өңдеу өнеркәсібі саласын басым сала ретінде мемлекеттік қолдау күшейтілді.

2025 жылы Қор АӨК бағдарламасы шеңберінде кепілдік беру құралын іске асыру бойынша Кепілгер функцияларын орындауды жалғастырды.

2025 жыл ішінде АӨК бағдарламасына өзгерістер енгізу бойынша келесі жұмыстар жүргізілді:

- агроөнеркәсіптік кешен тауар өндірушілерін одан әрі кредиттеу мақсатында Холдингтің еншілес ұйымының қаражаты есебінен ӘКК қаржыландырылған жағдайда ӘКК, кепілгер және Холдингтің еншілес ұйымы арасында үшжақты келісімдер жасасу көзделді;
- ӘКК қарыз алушыларының міндеттемелері бойынша төлемдерді кепілгер тиісті қарыз алушыларды кредиттеу үшін қаражат ұсынған Холдингтің еншілес ұйымының пайдасына жүзеге асыратыны көзделді, ӘКК Холдингтің еншілес ұйымдары алдындағы міндеттемелерін уақытылы өтеген жағдайларды қоспағанда;
- портфельдік кепілдік беру әдісін қолдану кезінде кепілдік беру бойынша субсидияларды бөлуге алдын ала өтінімдер ұсыну талабы алынып тасталды;
- кепілдік беруге жататын басым қызмет түрлерінің тізбесі тоқыма бұйымдарын өндіру, былғары өнімдерін өндіру, ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін өңдеу салаларымен толықтырылды, бұл кәсіпкерлерді кепілдік беру құралымен қамтуды кеңейтуге, экономиканың жаңа секторларын қолдауды қамтамасыз етуге және аталған салалардағы шағын және орта кәсіпорындардың дамуын ынталандыруға мүмкіндік береді;
- әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған есеп нысанына өзгерістер енгізілді.

Жоғарыда көрсетілген өзгерістер жұмыс істеп тұрған тұрақты жұмыс орындарын сақтауға және жаңаларын құруға бағытталған ШОК субъектілерін ынталандыруға, отандық кәсіпорындардың өндіріс көлемін арттыруға және қаржыландырудың қолжетімділігін одан әрі кеңейтуге ықпал ететін болады.



ҚАРЖЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР МОНИТОРИНГІ

Микро, шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бағдарламаларының негізгі операторы болып табылатын «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ ұсынылатын қаражаттың тиімді әрі нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында жобалардың іске асырылуына кешенді мониторинг жүргізеді.

Мониторингтің негізгі бағыттары мыналарды қамтиды:

Қаражаттың нысаналы пайдаланылуы:

қаржы ресурстарының нақты пайдаланылуының жобаның мәлімделген мақсаттарына сәйкестігін тексеру.

Жобаның іске асырылуы:

тиімділіктің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуді қоса алғанда, бизнес-жоспардың нақты орындалу барысын бағалау.

Төлем тәртібі:

кәсіпкерлердің банктер мен басқа да қаржы институттары алдындағы қаржылық міндеттемелерін уақтылы және толық орындауын қадағалау.

Бағдарламалар талаптарына сәйкестік:

жобаның қаржыландыру ұсынылған нақты қолдау бағдарламасының критерийлері мен талаптарына сәйкестігін тексеру.



Қор қажетті ақпарат пен құжаттарды жинау үшін екінші деңгейдегі банктермен, микроқаржы ұйымдарымен, лизингтік компаниялармен және басқа да серіктестермен өзара іс-қимыл жасайды. Бұзушылықтар немесе сәйкессіздіктер анықталған жағдайда Қор қолданыстағы заңнамаға және жасалған шарттардың талаптарына сәйкес шаралар қабылдайды.
Осылайша, жүйелі мониторинг Қорға ШОК-ты қолдау бағдарламаларының ашық әрі тиімді іске асырылуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ ықтимал тәуекелдер мен бұзушылықтарды уақтылы анықтауға және жоюға мүмкіндік береді.

2025 жылы бюджет қаражатының пайдаланылуын мониторингтеуді оңтайландыру мақсатында Қор мынадай жұмыстарды жүргізді:

Субсидияланатын жобаларды 100% мониторингтеуге көшу

2025 жылы Қор субсидияланатын жобалардың 100%-ын мониторингтеуге көшті. Бұл шара мемлекеттік қолдау құралдарын іске асырудың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға, сондай-ақ субсидия алушылардың субсидия беру шарттарын сақтауын бақылауды күшейтуге бағытталған. Аталған тәсіл шеңберінде барлық қолданыстағы жобалар бойынша кредит қаражатының нысаналы пайдаланылуына, субсидиялау бағдарламалары талаптарының орындалуына, сондай-ақ жобалардың нақты іске асырылуына жүйелі түрде тексеру жүргізіледі. Мониторингтің толық қамтылуына көшу әлеуетті тәуекелдер мен бұзушылықтарды уақтылы анықтауға, жедел әрекет етуге және кәсіпкерлікті қолдау бойынша іске асырылатын шаралардың жалпы нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Кепілдіктер бойынша төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі Операторлардың талаптарын орындау процесін автоматтандыру.

Қор операторлардың талаптарын орындау процесін автоматтандыруды жүзеге асырды. Жүргізілген жұмыстар шеңберінде келіп түсетін талаптарды өңдеуді жүйелеуге және жеделдетуге, сондай-ақ оларды орындаудың барлық кезеңдерінде ашықтық пен бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін цифрлық құралдар енгізілді. Осы тетікті іске асыру талаптарды өңдеуге кететін уақыт шығындарын қысқартуға және операторлармен өзара іс-қимылдың жеделдігін арттыруға мүмкіндік берді.

Бұзушылықтары бар жобаларды есепке алу және бақылауды автоматтандыру – Қор жүйесінде ақпаратты көрсетуді енгізу.

2025 жылы бұзушылықтары бар жобаларды есепке алу және бақылау процесі автоматтандырылды, оның ішінде тиісті ақпаратты Қордың ақпараттық жүйесінде көрсету тетігі енгізілді. Мониторинг процестерін жетілдіру шеңберінде қолдау бағдарламаларының талаптарын бұзу фактілері анықталған жобаларды орталықтандырылған есепке алу механизмі іске асырылды. Аталған функционал Қор жүйесінде анықталған бұзушылықтар туралы мәліметтерді тіркеуге, оларды жүйелеуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ төленген субсидияларды қайтару мерзімдерін бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мониторингтік есепті автоматтандыру.

Мониторингтік есепті қалыптастыру автоматтандырылды. Осы жұмыс шеңберінде Қордың ақпараттық жүйесінде мониторингтегі жобалар бойынша деректерді автоматты түрде жинау, өңдеу және шоғырландыру тетіктері енгізілді. Бұл есептілікті дайындаудың жеделдігін арттыруға, деректердің өзектілігі мен дәлдігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ ақпаратты қолмен өңдеу көлемін қысқартуға мүмкіндік береді.

Сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізілді

– инвестициялық жобаларды іске асырудың нақты мерзімдері белгіленді (қаржы агенттігі шешім қабылдаған күннен бастап 24 ай), сондай-ақ осы мерзімді сақтамағаны үшін жауапкершілік шаралары көзделді. Бұл жаңашылдық кәсіпкерлерді жобаларды іске асыруға неғұрлым жауапкершілікпен қарауға ынталандырады.

Жобаларды мониторингтеу регламентіне өзгерістер енгізілді,

оның ішінде портфельдік субсидиялау және кепілдік беру шеңберінде субсидияларды қайтару мәселелерін (қаражат нысаналы пайдаланылмаған және/немесе жоба субсидиялау талаптарына сәйкес келмеген жағдайда) Қордың Басқарушы органының қарауы алынып тасталды.

Портфельдік субсидиялау және портфельдік кепілдік беру шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша

жоспарлы іріктемелі мониторинг жойылды.

Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберіндегі мониторинг нәтижелері

ЕСКЕРТУЛЕР/БҰЗУШЫЛЫҚТАР БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНҒАН ШАРАЛАР

Мониторинг атауы	Берілген		Ескертулер/ бұзушылықтар саны	Бұзушылықтар үлесі	оның ішінде қаражатты мақсатты пайдалану бойынша ескертулер, млн теңге Айыппұлдар есептелді, млн теңге		Айыппұлдар есептелді, млн теңге	Айыппұлдар өндіріп алынды, млн теңге			Ауыстыру жүргізілді, млн теңге	
	Саны	Сомасы млн. тг			Саны	Сомасы		Саны	Сомасы	Саны	Сомасы	
Қор қаражатын шартты орналастыру бағдарламалары шеңберіндегі жобалар мониторингі	3239	675 700	19	0,3%	19	1741	16	83,6	12	15,4	13	339
Өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламалары шеңберіндегі жобалар мониторингі (ҚР ҮҚ)	262	142 200	5	0,08%	4	109,2	4	18,6	4	18,6	4	39
Субсидияланатын жобалар мониторингі	3833	434 900	1 159	5%	1 152 жобаға қатысты қайтарылуға тиіс жалпы сома 2 291 млн теңгені құрайды, оның ішінде 408 жоба бойынша 475,6 млн теңге сомасындағы субсидиялар қайтарылды							
Кепілдік берілген жобалар мониторингі	5658	966 200	309	1%	6 641,9 млн теңге сомасындағы 236 кепілдік жойылды, 73 жоба бойынша кепілдік сомасы 2 123 млн теңгеге төмендетілді							
Гранттар мониторингі	343	1 662	78		анықталған бұзушылықтар туралы хабарламалар Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне және конкурстық комиссияға жолданды.							
ЖИЫНЫ:	**13 335**	**2 220 662**	**1 570**		**23**	**1850,2**	**20**	**102,2**	**16**	**34**	**17**	**377,9**

БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІНЕ МОНИТОРИНГ ЖАСАУ


«Даму» қоры бағдарламаларының тиімділігі кәсіпкерлік субъектілеріне көрсетілген қолдау нәтижесінде қалыптасатын әлеуметтік-экономикалық әсерді ескере отырып бағаланады. Қор іске асыратын қаржылық құралдар бизнестің дамуына кешенді ықпал етіп, кәсіпорындар түсімінің өсуіне, салық түсімдерінің артуына және жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал етеді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қор қолдау көрсеткен кәсіпорындар экономиканың дамуына елеулі үлес қосты. Есепті кезеңде қолдау алған кәсіпорындардың түсім көлемі 27 701 млрд теңгені құрады. Қордың қолдауын алған кәсіпкерлік субъектілері 2025 жылы 1 967 млрд теңге көлемінде салық төледі. «Даму» қоры қолдау көрсеткен кәсіпкерлік субъектілері құрған жұмыс орындарының саны 14 575-ті құрады.


Аталған нәтижелер Қор іске асыратын қолдау шараларының қаржылық қана емес, сонымен қатар айқын әлеуметтік-экономикалық әсерге де ие екенін көрсетеді. Кәсіпкерлікті қолдау шаруашылық қызметтің кеңеюіне, салық базасының нығаюына, халықты жұмыспен қамту үшін жаңа мүмкіндіктердің құрылуына және соның нәтижесінде кәсіпкерлік секторының орнықтылығының артуына ықпал етеді.

Осылайша, «Даму» қорының бағдарламалары кәсіпкерлік субъектілері үшін де, тұтастай алғанда ел экономикасы үшін де мультипликативтік әсерді қамтамасыз ететін экономикалық белсенділікті ынталандырудың тиімді құралы болып табылады.


ӨНДІРІЛГЕН ӨНІМ КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ



САЛЫҚ ТҮСІМДЕРІ, МЛРД ТЕҢГЕ



ҚҰРЫЛҒАН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ, БІРЛІК





КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС ҚОЛДАУ

2025 жылы Қор консультациялық, білім беру және ақпараттық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға бағытталған кәсіпкерлерді қаржылық емес қолдау құралдарын іске асыруды жалғастырды.

Кәсіпкерлердің қолдау бағдарламалары туралы хабардарлығын арттыру мақсатында Қор әлеуметтік желілерде және корпоративтік сайтта белсенді жұмыс жүргізді. Осылайша, 2025 жылы Қордың корпоративтік сайтындағы қолдау бағдарламаларына **758 000-нан астам бірегей пайдаланушы** қызығушылық танытты.

2025 жылы **Facebook** және **Instagram** әлеуметтік желілерінде фотоматериалдарды, ақпараттық-түсіндіру, жарнамалық және имидждік бейнероликтерді, инфографиканы, сондай-ақ қолдау алған жеке кәсіпкерлік субъектілерінің негізгі оқиғалары мен табысты оқиғаларын қамтитын **553 жарияланымнан** орналастырылды. **Telegram-арнасында 965 жарияланым** орналастырылды.

Жұмыс «Ұсынылатын консалтингтік компаниялар» жобасын дамыту, клиенттердің өнімдерін екінші деңгейдегі банктердің маркетплейстеріне орналастыруға жәрдемдесу, қашықтан оқыту, онлайн-сессиялар мен Ашық есік күндерін өткізу, сондай-ақ Колл-орталық және цифрлық арналар арқылы консультациялық қолдау көрсету бағыттары бойынша жүргізілді. Қаржылық емес қолдаудың негізгі бағыттары мемлекеттік қолдау шараларын алу кезінде ашықтықты қамтамасыз етуге, кәсіпкерлік құзыреттерді дамытуға, отандық тауар өндірушілердің өнімдерін ілгерілетуге және микро, шағын және орта бизнес субъектілері үшін ақпараттық-консультациялық қолдаудың қолжетімділігін арттыруға бағдарланды.

Ұсынылатын консалтингтік компаниялар

Осы бағыттың мақсаты мемлекеттік қолдау шараларын алу кезінде ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету, кәсіпкерлердің консалтингтік қызметтерге жүгінуі кезінде жосықсыз тәжірибелердің тәуекелдерін төмендету, сондай-ақ тексерілген және білікті консалтингтік компаниялар пулын қалыптастыру арқылы консалтингтік қызметтердің сапасын арттыру болып табылады. Қор Басқармасының 2025 жылғы 14 шілдедегі №50/2025 хаттамасымен ««Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Ұсынылатын консалтингтік компаниялары» жобасының паспорты мақұлданды. 2025 жылы 10 өңірлік филиалда 15 консалтингтік компаниямен меморандумдарға қол қойылып, Қордың ресми сайтында «Ұсынылатын консалтингтік компаниялар» бөлімі құрылды.

Екінші деңгейдегі банктердің маркетплейстерінде клиенттердің өнімдерін орналастыру

Бағыттың мақсаты – отандық тауар өндірушілердің өнімдерін ілгерілету және олардың онлайн-сатылымдарын кеңейту үшін маркетплейстерге қосылған кәсіпкерлердің санын арттыру. 2025 жылы жұмыс Halyk Market және Forte Market атты екі маркетплейсте жүзеге асырылды. Маркетплейстерге 361 кәсіпкер қосылды, оның ішінде Halyk Market-ке 335 ЖКС, Forte Market-ке 26 ЖКС қосылды. Halyk Market-пен әріптестік және 2025 жылғы 9 желтоқсанда бекітілген жеңілдетілген тарифтердің арқасында «Даму» қорының тізіміндегі клиенттер маркетплейсте неғұрлым тиімді шарттармен жұмыс істейді: олар үшін эквайринг, кредит және 3 айға бөліп төлеу кезінде бірыңғай төмендетілген комиссия – 6%, 6 және 12 айға бөліп төлеу кезінде – 12%, 24 айға бөліп төлеу кезінде – 19% мөлшерінде белгіленді.

Қашықтықтан оқыту

Осы бағыттың мақсаты – бизнестің тиімділігін арттыру және оны ауқымдауға арналған кәсіпкерлердің негізгі басқарушылық және цифрлық құзыреттерін дамыту. 2025 жылы білім беру платформасын пайдалана отырып кәсіпкерлерді қашықтан оқыту жалғастырылды. Қашықтан оқыту шеңберінде 2 996 кәсіпкер оқудан өтті. Оның ішінде 1 126 қатысушы теориялық материалды (бейнесабақтарды) толық қарап шықты. Қашықтан оқыту қорытындысы бойынша 2026 жылы оқудан өту үшін EY Academy-дің MBA Executive бағдарламасы бойынша оқытуға сертификаттар берілген 4 жеңімпаз анықталды.

2025 жылы оқыту модульдері:

- Бизнеске арналған Digital модулі
- Тәуекелдерді басқару модулі
- Персоналды басқару модулі
- Маркетинг және сату модулі

2025 жылғы оқыту белсенділігінің қорытындысы бойынша Executive MBA бағдарламасына қатысуға төрт сертификат табысталды.

Executive MBA: интенсив (40 академиялық сағат) – негізгі басқарушылық дағдылар мен құзыреттерді дамытуға арналған кешенді бағдарлама. Бір сертификаттың құны: 850 000 теңге.







Онлайн сессиялар

Осы бағыттың мақсаты кәсіпкерлік белсенділікті арттыру және микро, шағын және орта бизнес субъектілері үшін ақпараттық-консультациялық қолдаудың қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады. 2025 жылы «Даму» қорының «Өрлеу» жеңілдетілген кредиттеу бағдарламасын, «Кепілдік қоры 1» құралын, сондай-ақ жобалар мониторингінен өту тәртібін толық түсіндіруге арналған оқыту форматындағы онлайн-сессиялар өткізілді. Онлайн-сессиялар барысында кәсіпкерлерге қатысу шарттары, құжаттарға қойылатын талаптар, мониторинг рәсімдері және жобаларды сүйемелдеу алгоритмдері бойынша түсіндірмелер берілді. Онлайн-сессиялар «Даму» қорының ресми YouTube арнасында өткізілді.

Ашық есік күні

2025 жылы Ашық есік күндері 18 өңірде өткізілді. Барлық кезең ішінде іс-шараға 1 808 қатысушы қамтылды, оның ішінде: 242 – жеке тұлға (ЖТ), 652 – ЖШС, 895 – жеке кәсіпкер (ЖК), 5 – шаруа қожалығы (ШҚ), 12 – акционерлік қоғам (АҚ).

Қатысушылар саны бойынша үздік 3 өңір:

- Жамбыл облысы - 223 адам
- Шымкент қ. - 182 адам
- Алматы қ. - 165 адам

Қатысушылар қозғайтын ең өзекті мәселелер:

- «Өрлеу» бағдарламалары бойынша қаржыландыру алу
- субсидиялау және 1-кепілдік қоры
- мемлекеттік қолдау алу алгоритмдері, өтінімдерді ресімдеу
- бизнес-жоспарды әзірлеу және салықтық өзгерістер
- Start-up жобаларын қаржыландыру
- әлеуметтік кәсіпкерлік және оқыту

«Даму» қорының колл-орталығы

2025 жылы «Даму» Байланыс орталығының қызметкерлері 45 199 кіріс қоңырауды өңдеп, сайттағы «Кері байланыс» бөлімі арқылы келіп түскен өтініштер бойынша 3 525 шығыс қоңырау шалды. Онлайн-чат (JivoChat) арқылы 10 447 диалог жүргізілді, қосымша қолдау бағдарламалары туралы ақпаратпен 44 810 SMS және 126 356 электрондық пошта хабарламалары жіберілді. Аталған арна кәсіпкерлерге жедел консультациялық және ақпараттық қолдау көрсетудің негізгі құралдарының бірі болып қала берді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазіргі жағдайда халықаралық ынтымақтастық кәсіпкерлікті қолдау институттарын дамытуда маңызды рөл атқарады. Микро, шағын және орта кәсіпкерлік секторының ел экономикасы үшін маңыздылығын ескере отырып, «Даму» қоры әріптестік желісін дәйекті түрде кеңейтіп, халықаралық қаржы институттарымен, даму институттарымен, қауымдастықтармен және өзге де шетелдік ұйымдармен өзара іс-қимылды дамытады, қосымша ресурстар тартады, озық тәжірибені зерделейді және кәсіпкерлікті қаржылық және қаржылық емес қолдау құралдарын дамытуға жәрдемдеседі.

2025 жылғы ақпанда «Даму» қоры Еуропа қайта құру және даму банкі мен Кореяның кредиттерге кепілдік беру қорының (KODIT) Қордың кепілдік беру құралдарын дамытуға бағытталған техникалық көмегі шеңберінде қорытынды есеп алды, ол тәуекелдерді басқару тәжірибелерін бағалау мен жетілдіруді және тәуекелдерді ескеретін баға белгілеу модельдерін әзірлеуді қамтыды.

2025 жылғы 18 қарашада Қордың Тәуекел-менеджмент департаментінің қызметкерлері үшін рейтингтік модельді дамыту және енгізу мақсатында KODIT тәжірибесін зерделеу үшін Сеул қаласына жұмыс сапары ұйымдастырылды.



ШОБ-ты қолдау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту мақсатында 2025 жылы Қор бірқатар құжаттарға қол қойды:

1. 2025 жылғы 29 қаңтарда «Даму» қоры мен Enterprise Georgia (Грузия) арасында онлайн форматта Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды;

2. 2025 жылғы 27 тамызда Астана қаласындағы Ақордада Иордания Хашимит Королі Абдалла II бен Әл-Хусейннің ресми сапары шеңберінде «Даму» қоры мен Jordan Enterprise Development Corporation (JEDCO) арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды;

3. 2025 жылғы 17 қыркүйекте Наманган қаласында (Өзбекстан Республикасы) «Кедейліктен өркендеуге» тақырыбындағы кедейлік деңгейін төмендету жөніндегі 3-ші халықаралық форум шеңберінде «Даму» қоры мен Өзбекстан Республикасының Жұмыспен қамту және кедейлікті қысқарту министрлігі арасында Ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

4. 2025 жылғы 30 қыркүйекте Минск қаласында (Беларусь Республикасы) «ИННОПРОМ. Беларусь» халықаралық өнеркәсіптік көрмесі шеңберінде «Даму» қоры мен Беларусь кәсіпкерлерін қаржылық қолдау қоры арасында Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

5. 2025 жылғы 21 қазанда Астана қаласында Әзербайжан Республикасының Президенті И.Г. Әлиевтің Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапары шеңберінде «Даму» қоры, Әзербайжан Республикасының Экспортты және инвестицияларды ынталандыру агенттігі (AZPROMO) және «Alakol Medical Tourism» ЖШС арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

6. 2025 жылғы 21 қазанда Астана қаласында Әзербайжан Республикасының Президенті И.Г. Әлиевтің Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапары шеңберінде «Даму» қоры, Әзербайжан Республикасының Экспортты және инвестицияларды ынталандыру агенттігі (AZPROMO) және «Континент solutions» ЖШС арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Сондай-ақ Қор қаржы ресурстарын тарту және ШОК-ты қолдау бағдарламаларын іске асыру мәселелерін талқылау мақсатында Азия даму банкімен, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасымен, Еуропалық инвестициялық банкпен, Француз даму агенттігімен, Халықаралық қаржы корпорациясымен және басқа да халықаралық ұйымдармен, сондай-ақ Польша, Түркия, Қырғыз Республикасы және басқа елдердің кредиттік-кепілдік институттарымен белсенді өзара іс-қимыл жасады.

Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде орнықты даму және ESG тәсілдерін енгізу мәселелеріне елеулі назар аударылды.

1 **2025 жылғы 28 сәуірде** Қырғыз Республикасының Мемлекеттік даму банкі үшін жасыл қаржыландыру бойынша оқыту семинары өткізілді.

2 **2025 жылғы 4–5 қыркүйекте Астана қаласында** Astana Finance Days (AFD) конференциясы шеңберінде Басқарма төрағасы Ф.К. Сәрсекеев «Исламдық қаржы іс жүзінде: әдепті банкинг және нақты экономикаға инвестициялар» панельдік сессиясына спикер ретінде қатысты. Ұйымдастырушы – «Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі» АҚ.

3 **2025 жылғы 16 қыркүйекте Алматы қаласында** Қор өкілдері Moody's агенттігінің «Қазақстан және ТМД елдерінің саммиті» іс-шарасына қатысты. Негізгі тақырыптар: жаһандық үрдістер және геосаяси өзгерістер; Қазақстан мен Орталық Азиядағы өңірлік кредиттеудің перспективалары; Орта дәліз (Транскаспий халықаралық көлік бағыты) және сауданы қайта құру; Қазақстандағы орнықты қаржыландыруды дамытудың драйверлері; Қазақстанның банктері мен сақтандыру компаниялары: тәуекелдер, реформалар және өсу.

4 **2025 жылғы 17–18 қыркүйекте Наманган қаласында** «Кедейліктен өркендеуге» тақырыбындағы кедейлік деңгейін төмендету жөніндегі 3-ші халықаралық форум шеңберінде Басқарма төрағасының орынбасары Т. Смағұлов спикер ретінде қатысты.

5 **2025 жылғы 24–26 қарашада Женева қаласында** Басқарма төрағасының орынбасары Е.А. Есқақов және Қостанай облысы бойынша өңірлік филиалдың директоры М. Ерболұлы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бизнес және адам құқықтары жөніндегі 14-ші форумына қатысты. БҰҰ-Әйелдер ұйымы әйел кәсіпкерлердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған гендерлік бағдарланған жеткізу тізбектерін қалыптастырудың практикалық тетіктері тақырыбында қатарлас панельдік сессия ұйымдастырды, Қор атынан Қостанай облысы бойынша өңірлік филиалдың директоры М. Ерболұлы спикер ретінде сөз сөйледі.

6 **2025 жылғы 17–18 желтоқсанда Алматы қаласында** Басқарушы директор Ж. Жақаева, Персоналды дамыту департаментінің директоры А. Мадиева және Қарыз алу және халықаралық ынтымақтастық департаментінің бас менеджері А. Ақботаева «Бизнестегі гендерлік теңдік және инклюзия» тақырыбындағы бір күндік тренингке қатысты. Ұйымдастырушы – Қазақстандағы «БҰҰ-Әйелдер» құрылымы. Тренингте қозғалған тақырыптар: гендерлік теңдік бизнестің орнықты дамуының факторы ретінде (жаттықтырушы/фасилитатор); гендерлік-инклюзивті корпоративтік тәжірибелер; ESD әдістемесі (“Empowerment through Self-Defense”).



Халықаралық әріптестермен ынтымақтастық шеңберінде 2025 жылы Қор кәсіпкерлікті қолдау саласындағы қызметкерлер үшін

оқыту тағылымдамалары мен тәжірибе алмасу іс-шараларын да ұйымдастырды:

1. **23–28 ақпан аралығында** Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және қолдау ұйымы (KOSGEB) мен Кредиттік-кепілдік қоры кәсіпкерлерді қолдау тетіктерін зерделеу мақсатында Қор қызметкерлері үшін Анкара қаласына оқу сапарын ұйымдастырды.

2. **2025 жылғы 27–29 мамырда Стамбул қаласында** түркиялық әріптес – Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және қолдау ұйымы (KOSGEB) Қордың Бағдарламаларды ілгерілету және өңірлік даму департаменті қызметкерлерінің стартаптарды инкубациялау және кәсіпкерлік экожүйені дамыту саласындағы TEKMER қызметін зерделеу мақсатындағы оқу сапарын ұйымдастырды.

3. **2025 жылғы 13 қарашада** Иорданияның Кәсіпкерлікті дамыту корпорациясы **JEDCO**-мен тәжірибе алмасу жөніндегі вебинар ұйымдастырылды, онда стартаптар мен ШОБ-ты қолдаудың негізгі бағдарламалары таныстырылды.



Қор 2025 жылы қатысқан халықаралық іс-шаралардың ішінде мыналарды атап өтуге болады:

- 2025 жылғы 17–18 қыркүйекте Наманган қаласында (Өзбекстан Республикасы) «Даму» қоры Басқарма төрағасының орынбасары Т.Т. Смағұлов «Кедейліктен өркендеуге» тақырыбындағы кедейлік деңгейін төмендету жөніндегі 3-ші халықаралық форумға «Кедейлікті азайтудағы исламдық қаржыландырудың рөлі: жаңа мүмкіндіктер мен шешімдер (IsDB)» панельдік сессиясының спикері ретінде қатысты.
- 2025 жылғы 7–8 қазанда Баку қаласында (Әзербайжан Республикасы) «Даму» қорының Басқарма төрағасы Ф.К. Сәрсекеев «Халал бизнес» әзербайжандық форумына (AZHAB форумы) «ШОБ-тың жаһандық «жасыл» көшу дискурсындағы рөлін арттыру: ШОБ-тың «жасыл» көшуі жөніндегі Баку климаттық коалициясы туралы бірлескен декларация» панельдік сессиясының спикері ретінде қатысты.
- 2025 жылғы 12–13 қарашада Баку қаласында (Әзербайжан Республикасы) «Даму» қоры Басқарма төрағасының орынбасары А.Б. Мұстафин және Алматы қаласы бойынша өңірлік филиалдың директоры Ж.Б. Нұрғазинов Азия даму банкінің «Global Uncertainty, Trade, and Private Sector Businesses in Asia and the Pacific» атты Asia Small and Medium-Sized Enterprise Monitor (ASM) 2025 Edition басылымын таныстыру жөніндегі жыл сайынғы семинарына қатысты. А.Б. Мұстафин «Жаһандық белгісіздік жағдайында ШОК-ты қаржыландыру – қаржылық реттеушілер ШОК-ты қаржыландырудың ықтимал тәуекелдерін қалай еңсере алады» панельдік сессиясында спикер ретінде сөз сөйледі.
- 2025 жылғы 24–26 қарашада Женева қаласында (Швейцария) Басқарма төрағасының орынбасары Е.А. Есқақов және Қостанай облысы бойынша өңірлік филиалдың директоры М. Ерболұлы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бизнес және адам құқықтары жөніндегі 14-ші форумына қатысты. М. Ерболұлы UN Women ұйымының гендерлік жеткізу тізбектері жөніндегі «Building Gender-Responsive Supply Chains that Deliver on Equality» қатарлас сессиясында спикер ретінде сөз сөйледі.

Қауымдастықтарға мүшелік

«Даму» қоры келесі қауымдастықтардың мүшесі болып табылады:

Ұйымның / қауымдастықтың/ бірлестіктің атауы	Орналасқан жері	Осы ұйымдардың функцияларына сипаттама беру
Еуропалық кепілдік беру мекемелерінің қауымдастығы, EO (European Association of Guarantee Institutions, AECM)	Бас кеңсе Брюссель қ., Бельгия	2023 жылы «Даму» қоры Қордың кепілдік беру құралдарын жетілдіру, ілгерілету және жаңарту, бағдарламаларды уақыт талабына сай өзектендіру, Жұмыс топтарының отырыстарына, жыл сайынғы семинарларға, жедел тренингтерге, сондай-ақ жекелеген мәселелер бойынша спикерлердің қатысуымен өткізілетін арнайы іс-шараларға қатысу мақсатында Еуропалық кепілдік беру институттары қауымдастығының, EO (European Association of Guarantee Institutions, AECM) серіктесі болды.
«Қазақстан микроқаржы ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі	Алматы қ., Гоголь к-сі, 111, 610 кеңсе	ҚМҚҰҚ – өз мүшелерінің және тұтастай алғанда Қазақстанның микроқаржы секторының мүдделерін нығайтуға және ілгерілетуге бағытталған коммерциялық емес ұйым. ҚМҚҰҚ 2004 жылғы ақпанда Қазақстанның жетекші микроқаржы ұйымдарының бастамасымен құрылды. ҚМҚҰҚ Қазақстан Республикасында микроқаржыландыруды дамытуға мүдделі ұйымдарды біріктіретін жалғыз салалық одақ болып табылады.
«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы	Астана қ., Қабанбай батыр 19	«Атамекен» ҚР ҮКП – бизнестің Қазақстан Республикасының Үкіметімен және мемлекеттік органдармен келіссөздер жүргізудегі әлеуетін күшейту мақсатында құрылған коммерциялық емес ұйым. Кәсіпкерлер палатасы ішкі және сыртқы сауданы қоса алғанда, кәсіпкерліктің барлық салаларын қамти отырып, шағын, орта және ірі бизнестің мүдделерін білдіреді. «Атамекеннің» негізгі міндеті – бизнестің құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ барлық кәсіпкерлердің бизнестің жұмыс істеуіне қатысты заңнамалық және өзге де нормативтік қағидаларды қалыптастыру процесіне кеңінен қамтылуын және қатысуын қамтамасыз ету.
Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы.	Алматы қ., Байзақов көшесі, 280, «Almaty Towers» БО	ҚҚҚ қаржы нарығының 128 қатысушысын, оның ішінде банктерді, сақтандыру ұйымдарын, ипотекалық және лизингтік компанияларды, микрокредиттік ұйымдар мен ломбардтарды, «БЖЗҚ» АҚ-ны, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларын, аудиторлық және консалтингтік компанияларды, ғылыми-білім беру мекемелері мен бұқаралық ақпарат құралдарын біріктіреді. ҚҚҚ құрамына кіретін қаржы ұйымдары Қазақстанның бүкіл қаржы қоғамдастығының өкілдік және ұйымдастырушылық буынын қалыптастырады.
Жаңа Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығы	Алматы қ., Шевченко көшесі, 165 б, «МТС Компани» БО, 503-кеңсе	ЖҚСТҚ – салық төлеушілердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға жәрдемдесу, салықтарды ерікті және уақтылы төлеуді қамтамасыз ету мақсатында олардың білім деңгейін арттыру үшін құрылған коммерциялық емес ұйым. ЖҚСТҚ салық салу саласындағы проблемалық мәселелерді, ұсыныстар мен ескертулерді жүйелейді және талдайды. Жоспарлы жұмыстың нәтижесінде дөңгелек үстелдер, конференциялар, форумдар мен жұмыс топтары шеңберінде мемлекеттік органдар мен салық төлеушілер арасында диалог орнатылады, сондай-ақ салық салу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстар кешені қалыптастырылады.
ESG Club	Қазақстан	ESG Club 2022 жылғы 28 шілдеде Astana Finance Days 2022 шеңберінде құрылып, өз салаларындағы ESG-трансформацияның көшбасшылары болып табылатын 19 компанияны біріктірді. Қор оның тең құрылтайшыларының бірі болып табылады. Бұл бизнес, ESG саласындағы сарапшылар мен кәсіби мамандар, сондай-ақ Қазақстанның корпоративтік сектор қызметкерлері үшін диалог алаңы. ESG клубы орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге, энергия тиімділігін арттыруға, адам құқықтарын сақтауға және жауапты компаниялар үшін тиісті ынталандыру тетіктерін енгізуге жәрдемдеседі. Клуб ESG саласындағы үздік тәжірибелерді тарату мақсатында озық тәжірибемен алмасуға дайын неғұрлым жауапты әрі прогрессивті компанияларды біріктіреді.
«Атамекен» ҮКП жанындағы Орнықты даму және ESG жөніндегі кеңес	Астана қ., Қабанбай батыр 19	Орнықты даму және ESG жөніндегі кеңес экономика салаларында және өңірлер деңгейінде орнықты даму және ESG қағидаттарын енгізу үшін кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттік органдардың өзара тиімді іс-қимылын ұйлестіру және қамтамасыз ету мақсатында «Атамекен» ҚР ҮКП жанынан құрылған тұрақты консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Кеңесші орган 2023 жылғы 24 қазанда құрылды.
UN Global Compact	АҚШ	UN Global Compact – адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес салаларындағы қағидаттарды ілгерілету үшін бүкіл әлемдегі ұйымдарды біріктіретін БҰҰ-ның ең ірі халықаралық бастамасы.
GIP (Green Investment Principles)	Қытай Халық Республикасы	GIP қызметі орнықты даму мақсаттарын және жасыл экономика мәселелерін ілгерілетуге бағытталған.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМЫТУ

2025 жылы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры сыртқы мемлекеттік платформалармен интеграциялық өзара іс-қимылды күшейтуге және ақпараттық қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар негізгі жобаларды іске асырды.

Бірыңғай интеграциялық шина құрылып, пайдалануға берілді. Бұл шешім Қордың ішкі ақпараттық жүйелері мен сыртқы платформалар арасындағы өзара іс-қимылды біріздендіруге, IT-архитектураның тұрақтылығы мен ауқымдылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Корпоративтік деректер қоймасын (КДҚ) дамыту шеңберінде Қордың аналитикалық платформасы терең жаңғыртылды. Tableau деректерді визуализациялау жүйесіне көшу жүзеге асырылды, бұл басқарушылық есептіліктің сапасын және талдаудың тодықтығын арттыруға мүмкіндік берді. Аппараттық қуаттарды кеңейту шеңберінде Vertica жүйесінің көлемі 4 ТБ-ға дейін ұлғайтылды, бұл құрылымдалған деректердің ұлғайып келе жатқан ауқымын өңдеу және күрделі сұрауларды орындау жылдамдығын арттыру үшін қажетті ресурсты қамтамасыз етті.

Мемлекеттік дерекқорлардан деректерді алу және беру үшін мемлекеттік сервистермен интеграциялау жұмыстары басталды. «Qoldau» платформасы базасындағы «Baqylauda» АЖ-мен интеграция бапталды. Жобаны іске асыру қаражаттың нысаналы пайдаланылуын автоматтандырылған мониторингтеуді қамтамасыз етті, Qoldau платформасымен деректер алмасу уақытын қысқартты және процестердің ашықтығын арттырды.

2025 жылы IT-инфрақұрылымды дамыту шеңберінде келесі іс-шаралар іске асырылды:

Мониторингтік есеп. Мониторингтік есептерді қалыптастыруды автоматтандыру бойынша пилоттық жоба іске қосылды, бұл деректерді жинауды стандарттауға және қорытынды құжаттаманы дайындау мерзімдерін қысқартуға мүмкіндік берді.
Байланыс орталығының жұмысын оңтайландыру. Бірыңғай байланыс орталығында дауыстық роботтарды енгізу бойынша пилоттық жобалар іске қосылды.
1С жүйесін жаңарту. Қолданыстағы архитектураға кешенді жобалау алдындағы талдау жүргізілді. Бухгалтерлік және салықтық есепті оңтайландыру үшін платформаның өзекті нұсқаларына көшу жөніндегі техникалық талаптар мен жол картасы қалыптастырылды.
Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Қордың ақпараттық жүйелері ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестік бойынша сынақтардан сәтті өтті. Тексеру нәтижелері бойынша деректерді беру хаттамаларының сенімділігі және жүйелердің ақпараттық қауіпсіздіктің мемлекеттік стандарттарына сәйкестігі расталды.
Техниканы жоспарлы ауыстыру шеңберінде 200 бірлік компьютерлік жабдық сатып алынды.
Құжаттар ағынын басқару және бақыланатын басып шығару сервисіне жоспарлы көшу жүзеге асырылды.
Корпоративтік пошта жүйесін Microsoft Teams коммуникациялық платформасымен интеграциялау орындалды.



«ДАМУ» ҚОРЫНЫҢ 2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАРЫ

2026 жылы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры Қазақстандағы шағын және орта бизнесті қолдауға және дамытуға бағытталған бірқатар іс-шаралар мен жобаларды іске асыруды жоспарлайды:

1 2024–2033 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру

кәсіпкерлікті қолдау құралдарын жетілдіруді, Қор қызметінің тиімділігін арттыруды және шағын және орта бизнес субъектілерін мемлекеттік қолдау шараларымен қамтуды кеңейтуді көздейтін стратегиялық бағыттарды дәйекті түрде іске асыру.

2 Кепілдік қорлары тетігін дамыту

бизнесті қолдау ауқымын одан әрі ұлғайту мақсатында Қор кепілдік қорлары тетігін дамыту және оның мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастыруды жоспарлайды. Атап айтқанда, кепілдіктер беру шарттарын жетілдіру, тетікке қатысушылар шеңберін кеңейту, сондай-ақ қосымша қаржыландыру көздерін тарту жүзеге асырылатын болады. Аталған шараларды іске асыру көрсетілетін кепілдік қолдау көлемін ұлғайтуға, кәсіпкерлік субъектілерінің қаржыдық қаржыландыруға қолжетімділігін арттыруға және экономиканың нақты секторын кредиттеуді ынталандыруға мүмкіндік береді. Бұл жеке капиталды ел экономикасына одан әрі тартуға, кепілдік беру құралының бюджет қаражатына тәуелділігін төмендетуге және кәсіпкерлердің инвестициялық жобаларын іске асыру мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді.

3 Бірлесіп қаржыландыру тетігін дамыту (қаражатты араластыру)

Қор өз қаражатын екінші деңгейдегі банктердің ресурстарымен араластыру тәжірибесін кеңейту бойынша жұмысты жалғастырады, бұл қаржыландырудың жалпы көлемін едәуір ұлғайтуға және кәсіпкерлер үшін жеңілдетілген кредиттердің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

4 Бағдарламаларды іске асыру тиімділігін арттыру

жеңілдетілген қаржыландыру құралдарының ашықтығын, жеделдігін және нәтижелілігін арттыру жөніндегі жұмыс, оның ішінде процестерді цифрландыру және әріптес банктермен өзара іс-қимылды тереңдету есебінен жалғастырылады.

5 Қарыз алушыларды бағалаудың рейтингтік моделін енгізу

Қордың кредиттік тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру мақсатында қарыз алушыларды бағалаудың рейтингтік моделін әзірлеу және енгізу.

6 Халықаралық қаржы институттарымен екіжақты ынтымақтастықты нығайту

тұрақты институционалдық өзара іс-қимылды дамыту, ШОБ-ты қолдау саласындағы озық тәжірибелермен алмасу бойынша бірлескен семинарлар, вебинарлар мен воркшоптар ұйымдастыру, сараптамалық консультациялар өткізу, бейінді халықаралық іс-шараларға қатысу, сондай-ақ білім беру бағдарламалары мен консультациялық қолдауды қоса алғанда, Қордың ШОБ-клиенттерінің мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған бірлескен бастамаларды іске асыру.

7 Қазақстандық өндірушілердің «ULTTYQ ONIM 2026» көрмесі аясында бизнес-форум ұйымдастыру

халықаралық қаржы институттары мен Қор серіктестерінің қатысуымен

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС ҚОЛДАУ БӨЛІГІНДЕГІ 2026 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАНҒАН ІС-ШАРАЛАР:

2026 жылы Қор кәсіпкерлікті қолдаудың сервистік, консультациялық және білім беру инфрақұрылымын одан әрі дамытуды жоспарлайды, оның ішінде қолданыстағы бағыттарды ауқымдау және жаңа құралдарды іске қосу есебінен. Негізгі назар қызметтерге қолжетімділікті арттыруға, кәсіпкерлік құзыреттерді дамытуға, кәсіпкерлермен өзара іс-қимыл процестерін цифрландыруға және мемлекеттік қолдау шараларын алу кезінде ашықтықты қамтамасыз етуге аударылады.



«Бәйтерек» холдингінің Бірыңғай фронт-офисі

2026 жылдың басым бағыттарының бірі ретінде «Бәйтерек» холдингінің Бірыңғай фронт-офисін дамыту көзделген, оның мақсаты Холдингтің еншілес ұйымдарының бағдарламалары мен өнімдері бойынша кәсіпкерлермен «бір терезе» қағидаты негізінде өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру болып табылады. БФО-ны барлық өңірлік филиалдарда техникалық іске қосу 2026 жылғы ақпанда жоспарланған. БФО-ны іске асыру шеңберінде еншілес ұйымдармен қызмет көрсету туралы шарттар жасасу, жоспарлы көрсеткіштерді белгілеу және осы бағыт бойынша KPI-дың орындалуын қамтамасыз ету жоспарлануда.

1408 қысқа нөмірі базасындағы «Бәйтерек» холдингінің Бірыңғай байланыс орталығы

2026 жылғы қаңтардан бастап 1408 қысқа нөмірі базасындағы «Бәйтерек» холдингінің Бірыңғай байланыс орталығы Қазақстанның барлық 20 өңірінде Холдингтің еншілес ұйымдарының барлық бағдарламалары мен өнімдері бойынша өтеусіз негізде консультациялық қызметтер көрсетеді. Сонымен қатар Қор Колл-орталықтың жұмысын автоматтандыру жобасын іске асыруда. Жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, тәулік бойы 24/7 форматында кіріс қоңырауларды қабылдауға және өңдеуге мүмкіндік беретін жүйе енгізілуде. Келесі кезеңде сайтта және мессенджерлерде онлайн-консультациялар беруге арналған чат-боттарды интеграциялау, роботтандырылған боттар мен операторлардың қатысуымен IVR жүйесін енгізу, сондай-ақ JivoSite жүйесіндегі өтініштерді талдау, қайталанатын сұрақтар мен проблемалық аймақтарды анықтау және кейіннен процестер мен білім базасын оңтайландыру үшін жасанды интеллект құралдарын қолдану есебінен функционалды кеңейту жоспарлануда.

Ұсынылатын консалтингтік компаниялар

2026 жылы жобаны ауқымдау және тартылатын консалтингтік компаниялар тізбесін ұлғайту жоспарлануда. Сондай-ақ кәсіпкерлердің қажеттіліктерін ескере отырып, консалтингтік компаниялар көрсететін негізгі қызметтер тізбесін кеңейту көзделген. Сонымен қатар жоба кейіннен компанияларды аккредиттей отырып, қалған өңірлерде енгізілетін болады.

«Арманнан іске» стартаптардың өсуін акселерациялау бағдарламасы

2026 жылы Қор экономиканың басым секторларында бизнес-идеялар мен жобаларды іске асыратын ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер мен стартаптарды қолдауға бағытталған «Арманнан іске» стартаптардың өсуін акселерациялау бағдарламасын іске қосуды жоспарлап отыр. Бағдарлама шеңберінде кәсіпкерлік құзыреттерге оқыту, жобаларды бизнес-тәлімгерлердің жеке сүйемелдеуі, өндіріске практикалық сапарлар, Demo Day барысында жобаларды таныстыру, сондай-ақ акселерацияны сәтті аяқтаған қатысушылар үшін кредит сомасының 90%-ына дейін «Даму» қорының кепілдік беру құралын қолдана отырып, кейіннен жеңілдетілген қаржыландыру тарту мүмкіндігі көзделген. Бағдарлама орыс және қазақ тілдерінде онлайн және офлайн форматтарын ұштастыратын гибридті форматта іске асырылып, екі кезеңді қамтиды: ұзақтығы 6 апта болатын белсенді кезең және ұзақтығы 8 апта болатын постакселерациялық қолдау кезеңі. Бағдарламаны Алматы қаласында іске қосу 2026 жылғы ақпанға жоспарланған, кейіннен ол Қазақстанның барлық өңірінде ауқымдалатын болады. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында кең ауқымды іске асыру 2026 жылдың III–IV тоқсандарына жоспарланған, сондай-ақ аналитикалық есеп дайындау көзделеді.

Екінші деңгейдегі банктердің маркетплейстерінде клиенттердің өнімдерін орналастыру

2026 жылы кәсіпкерлерді тіркеу және қолайлы маркетплейсті таңдау функционалын қоса алғанда, Online Damu бірыңғай алаңын іске қосу жоспарлануда. Платформаны дамыту шеңберінде тауар фотосуреттерін автоматтандырылған өңдеу, оның ішінде тауардың фотокарточкасына «Даму» қорының логотипін интеграциялау көзделген. Сондай-ақ әріптестік желіні кеңейту және сауда алаңдарымен жаңа келісімдер жасасу жоспарлануда.

«Іскер аймақ» шеңберіндегі онлайн-оқыту

2026 жылы оқыту модульдік қағидат бойынша іске асырылатын болады. Қатысушы белгіленген реттілікпен модульдер бойынша оқудан өтеді. Аталған модульдер қызмет саласына қарамастан барлық қатысушылар үшін бірыңғай болып табылады және базалық кәсіпкерлік әрі басқарушылық құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған. Келесі модульге өту алдыңғы модуль аяқталғаннан және ол бойынша тестілеу сәтті тапсырылғаннан кейін ғана жүзеге асырылады. Әрбір оқу модулі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бейнематериалдармен сүйемелденеді. Оқыту құрылымына мынадай модульдер енгізілген: «Қаржы және бизнестің құқықтық негіздері», «Сату және маркетинг», «Команда және басқару», «Бизнесті цифрландыру және автоматтандыру», сондай-ақ «Салалық модуль».

Онлайн сессиялар

Кәсіпкерлік белсенділікті арттыру және микро, шағын және орта бизнес субъектілері үшін ақпараттық-консультациялық қолдаудың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында 2026 жылы өңірлік филиалдармен проактивті жұмыс жүргізу жоспарлануда. «Даму» қорының жаңа және қолданыстағы мемлекеттік қолдау бағдарламаларын, оның ішінде жеңілдетілген қаржыландыру құралдарын, кепілдік беру тетіктерін, сондай-ақ жобаларды сүйемелдеу және мониторингтеу тәртібін толық түсіндіруге арналған оқыту форматындағы онлайн-сессиялар ұйымдастырылатын болады. Онлайн-сессиялар барысында кәсіпкерлерге бағдарламаларға қатысу шарттары, құжаттар топтамасына қойылатын талаптар, мониторинг рәсімдері және «Даму» қорымен өзара іс-қимыл алгоритмдері туралы өзекті ақпарат ұсынылады. Онлайн-сессияларды «Даму» қорының ресми YouTube арнасында өткізу жоспарлануда.

Ашық есік күні

Оң нәтижені және кәсіпкерлер тарапынан жоғары сұранысты ескере отырып, Ашық есік күнін өткізу 2026 жылы да барлық өңірлік филиалдарда жоспарланған. Бұл формат мемлекеттік қолдау шараларын түсіндірудің, кәсіпкерлердің хабардарлығын арттырудың және «Даму» қорының жұмысын одан әрі жетілдіру үшін өзекті кері байланыс алудың тиімді құралы ретінде қарастырылады.

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-ның лизингтік қаржыландыру бағдарламасы

2026 жылы Қор отандық ШОБ-тың өндірістік жабдықтарын жаңартуды және кеңейтуді ынталандыруға, олардың өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-ның лизингтік қаржыландыру бағдарламасын өңірлерде іске қосуды қамтамасыз етуді жоспарлайды. Бағдарламаны қаржыландырудың жалпы көлемі 300 млрд теңгеге дейін құрайды, іске асыру кезеңі 2025–2035 жылдарға белгіленген. Бағдарлама шеңберінде «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ және/немесе жеке лизингтік компаниялар лизинг берушілер ретінде әрекет етеді, ал «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ агент функцияларын орындай отырып, өтінімдерді қабылдайды және сүйемелдейді, талаптарға сәйкестігіне сараптама жүргізеді, оның ішінде Қауіпсіздік департаменті мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тексерулерін жүзеге асырады және қорытындыларды Өнеркәсіпті дамыту қорына жолдайды. Бағдарламаны өңірлерде іске қосу 2026 жылдың II тоқсанында жоспарланған. 2026 жыл бойы бағдарлама шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне кең ауқымды ақпараттық-консультациялық қызметтер көрсету ұйымдастырылатын болады. 2026 жылдың қорытындысы бойынша бір жобаға орташа чек 200,0 млн теңгені құрайтын, жалпы сомасы 50,0 млрд теңге болатын шамамен 250 ЖКС жобасын қолдау күтіледі.

2026 жылға жобалар мониторингі бөлігінде жоспарланған іс-шаралар

2026 жылы Қор бағдарламалары шеңберінде қаржыландырылған жобаларды мониторингтеу процестерін одан әрі автоматтандыру және оңтайландыру, сондай-ақ бақылау рәсімдерінің тиімділігін арттыру мақсатында мониторинг жүйесін жетілдіруге бағытталған бірқатар цифрлық шешімдерді іске асыру көзделеді, оның ішінде:

- қарыз алушылардың қызметі туралы өзекті деректерді алу үшін **сыртқы мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграциялау;**
- көлік құралдарын иелену тарихы және көлік құралдарына салынған ауыртпалықтар туралы ақпарат алу үшін **ҚР ІІМ ӘПҚ-мен интеграциялау;**
- салықтық мәліметтерді, ЭШФ-ны алу үшін **ҚР ҚМ МКК-мен интеграциялау;**
- жеке және заңды тұлғалардың жылжымайтын мүлкінің жоқтығы немесе бар екендігі туралы мәліметтерді, оның ішінде жылжымайтын мүлікті иелену тарихын алу үшін **«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-ның БМЖК-мен интеграциялау;**
- жеке тұлға туралы мәліметтерді және заңды тұлға, заңды тұлғаның үлестес тұлғалары, заңды тұлғаның барлық тіркеу әрекеттері туралы толық тіркеу мәліметтерін алу үшін **ЖТ және ЗТ МДҚ-мен интеграциялау;**
- лицензиялар мен рұқсаттар туралы мәліметтер алу үшін **ҚР ЦДИАӨМ-нің «Е-лицензиялау» МДҚ-мен интеграциялау;**
- жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, **мониторинг процестерін роботтандыру;**
- Қордың ақпараттық жүйесінде **мониторингтің цифрлық форматын одан әрі дамыту;**
- субсидияланатын және кепілдік берілетін қарыздар бойынша хабарламаларды (ІМӨ, ТМӨ, мерзімі өткен берешек, негізгі борыш қалдығы), сондай-ақ жеңілдетілген қаржыландыру бағдарламалары шеңберінде берілген қарыздар бойынша **ақпаратты алу үшін ЕДБ-мен интеграциялау.**

Аталған шараларды іске асыру жүргізілетін тексерулердің ашықтығы мен дәлдігін арттыруға, процестерді автоматтандыру мен цифрландыруды күшейтуге, қаражаттың нысаналы пайдаланылмау тәуекелдерін төмендетуге, сондай-ақ қолмен орындалатын операциялардың көлемін барынша азайтуға және жобаларды талдауды жеделдетуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, Қордың кепілдік міндеттемелері бойынша тәуекелдерді бағалау дәлдігін арттыру мақсатында **жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, төлемдерді болжау жүйесін енгізу** көзделеді, ол мыналарды қамтиды:

- кепілдіктер бойынша төлемдердің туындау ықтималдығына қарай жобаларды автоматты түрде саралау;
- іске асырудың ерте кезеңінде тәуекел деңгейі жоғары жобаларды анықтау;
- Қордың тәуекелдерін барынша азайту үшін басқарушылық шешімдер қабылдауды қолдау;
- кепілдік міндеттемелері бойынша төлемдердің мерзімдері мен ықтимал көлемін болжау.

ЖИ қолданылатын болжау жүйесін енгізу Қор кепілдіктері бойынша тәуекелдерді бағалау тиімділігін арттыруға, алдын алу шараларын уақтылы қабылдау есебінен ықтимал төлемдер көлемін төмендетуге, ақпаратты өңдеу уақытын қысқартуға және кредиторлар тарапынан күтпеген талаптар санын азайтуға мүмкіндік береді.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Қор корпоративтік басқаруды қызметтің тиімділігін арттыру, транспаренттілік пен есеп беруді қамтамасыз ету, беделді нығайту және капиталды тарту шығындарын азайту құралы ретінде қарастырады.

Қор корпоративтік басқарудың тиісті жүйесін Қазақстан Республикасындағы заңнаманың үстемдігін қамтамасыз етуге үлес ретінде, сондай-ақ оның қазіргі экономикадағы және жалпы қоғамдағы орнын айқындайтын маңызды фактор ретінде қабылдайды. Корпоративтік басқару жүйесі Қордың басқару органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілікті нақты ажыратуды көздейді.

Корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары:

1. Өкілеттіктерді шектеу қағидаты;
2. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
3. Директорлар кеңесі мен Басқарма тарапынан Қорды тиімді басқару қағидаты;
4. Орнықты даму қағидаты;
5. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты;
6. Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты;
7. Қордың қызметі туралы ақпараттың ашықтығы мен ашу объективтілігі қағидаттары.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Қордың корпоративтік басқару жүйесінің құрылымы



Жалғыз акционер
Жоғары орган

Директорлар кеңесі
Басқару органы

Басқарма
Атқарушы орган

Ішкі аудит қызметі
Қордың Қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган

Кредиттік комитет
Ішкі кредиттік саясатты жүзеге асыратын орган

Активтер мен пассивтерді басқару комитеті
Әртараптандыру, қаржылық тәуекелдерді оңтайландыру және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету қағидаттарын сақтау мақсатында Қордың активтері мен міндеттемелерін басқарудың тиімділігін арттыруға жауапты орган

Проблемалық активтермен жұмыс жөніндегі комитет
Қордың кредиттік, лизингтік, инвестициялық, құжаттамалық және шаруашылық қызметі нәтижесінде туындаған проблемалық дебиторлық берешекті қайтару жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын орган

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған өзге де органдар.

Қордың ұйымдық құрылымы

Қордың ұйымдық құрылымы стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Қордың құрылымы – 5 Басқарма мүшесі, 7 дербес құрылымдық бірлік (Басқарушы директорлар, Корпоративтік хатшы, Баспасөз хатшысы), 22 департамент, 3 қызмет, 20 өңірлік филиалдан тұрады.

Директорлар кеңесі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет

Корпоративтік хатшы

Ішкі аудит қызметі

Директорлар кеңесінің мүшесі

Басқарма төрағасының орынбасары

Басқарма төрағасының орынбасары

Басқарма төрағасының орынбасары

Басқарма төрағасының орынбасары

Мемлекеттік бағдарламалар жөніндегі басқарушы директор

Бағдарламаларды әкімшілендіру және мониторинг жөніндегі басқарушы директор

Басқарушы директоры

Цифрландыру жөніндегі басқарушы директор



Баспасөз хатшысы

Субсидиялау департаменті

Кепілдік департаменті

Бағдарламаларды ілгерілету және өңірлік даму департаменті

Қазынашылық департаменті

Қарыз алу және халықаралық ынтымақтастық департаменті

Бюджеттік жоспарлау департаменті

Бухгалтерлік есеп және есептілік департаменті

Бизнес-технологиялар департаменті

Кредиттік әкімшілендіру департаменті

Мониторинг департаменті

Заң департаменті

Проблемалық активтермен жұмыс департаменті

Бағдарламалық қаржыландыру департаменті

Маркетинг департаменті

Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл департаменті

Тәуекел-менеджмент департаменті

Стратегиялық талдау және корпоративтік даму департаменті

Ақпараттық технологиялар департаменті

Басқарма төрағасының қызметі

Персоналды дамыту департаменті

Әкімшілендіру департаменті

Сатып алу департаменті

Қауіпсіздік департаменті

Алматы қаласы бойынша өңірлік филиал

Астана қаласы бойынша өңірлік филиал

Шымкент қаласы бойынша өңірлік филиал

Ақмола облысы бойынша өңірлік филиал

Ақтөбе облысы бойынша өңірлік филиал

Алматы облысы бойынша өңірлік филиал

Атырау облысы бойынша өңірлік филиал

Шығыс Қазақстан облысы бойынша өңірлік филиал

Жамбыл облысы бойынша өңірлік филиал

Батыс Қазақстан облысы бойынша өңірлік филиал

Қарағанды облысы бойынша өңірлік филиал

Қостанай облысы бойынша өңірлік филиал

Қызылорда облысы бойынша өңірлік филиал

Маңғыстау облысы бойынша өңірлік филиал

Павлодар облысы бойынша өңірлік филиал

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өңірлік филиал

Түркістан облысы бойынша өңірлік филиал

Абай облысы бойынша өңірлік филиал

Жетісу облысы бойынша өңірлік филиал

Ұлытау облысы бойынша өңірлік филиал



Корпоративтік басқару кодексі

2025 жылы Қор Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және тиісті халықаралық стандарттарға сәйкес келетін Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтады. Қордың 2025 жылға арналған Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есебі Директорлар кеңесінде қаралып, 2026 жылғы 30 сәуірдегі шешіммен бекітілді (№04/2026 хаттама).

Қордың 2025 жылға арналған Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы қысқаша есеп Жылдық есептің №2 қосымшасында ұсынылған (Есептің толық нұсқасы Қордың корпоративтік сайтында орналастырылған).

2023 жылғы желтоқсанда Қордың Ішкі аудит қызметі корпоративтік басқарудың тиімділігін бағалау аудитін жүргізді, оның нәтижелері бойынша диагностиканың қорытынды балы 96,2%-ды құрады.

Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес Қор корпоративтік басқаруға тәуелсіз бағалауды кемінде үш жылда бір рет жүргізуге міндетті. 2024 жылдың төртінші тоқсанында «Rating agency «Rakurs» ЖШС жүргізген корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасының нәтижелері бойынша корпоративтік басқару деңгейінің сәйкестігі 97,25%-ды құрады. «Rating agency «Rakurs» ЖШС-нің есебі Директорлар кеңесінде қаралып, 2025 жылғы 19 наурыздағы шешіммен бекітілді (№02/2025 хаттама).

Сондай-ақ 2025 жылы «ДОСТЫК ЭДВАЙЗОРИ» ЖШС күшімен Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және корпоративтік хатшының 2024 жылғы қызметіне тәуелсіз бағалау жүргізілді. Тәуелсіз бағалау әдістемесі корпоративтік басқарудың озық халықаралық тәжірибелерінің талаптарына (ЭЫДҰ корпоративтік басқару қағидаттары, Ұлыбританияның Қаржылық есептілік жөніндегі кеңесінің кодекстері мен нұсқаулықтары) сәйкестікті қамтыды. Сыртқы бағалау қорытындысы бойынша Қорға 88% («Жетілген»/A+) деңгейінде жалпы рейтинг берілді, бұл корпоративтік басқарудың және Директорлар кеңесінің, комитеттердің әрі корпоративтік хатшының тиімді қызметінің жоғары деңгейіне сәйкес келеді. «ДОСТЫК ЭДВАЙЗОРИ» ЖШС-нің есебі мен іс-шаралар жоспары алдын ала Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетте қаралып, мақұлданды және Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 18 тамыздағы шешімімен бекітілді (№10/2025 хаттама). Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі шешімімен (№04/2026 хаттама) Қордың корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының («ДОСТЫК ЭДВАЙЗОРИ» ЖШС ұсынымдары бойынша) 2025 жылдағы орындалуы туралы есеп бекітілді.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Қордың жалғыз акционері «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі – Холдинг) болып табылады.

Холдингтің миссиясы – қоғам алдындағы жауапкершілік қағидаттарына негізделе отырып, қазақстандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің өндірісін қолдау, инфрақұрылымды жаңғырту және азық-түлік қауіпсіздігін нығайту арқылы Қазақстан Республикасы экономикасының орнықты өсуіне жәрдемдесу.

Холдинг мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асырудың негізгі операторы болып табылады. Холдинг қызметінің стратегиялық бағыттарының қатарында кәсіпкерлікті қолдау, үлестік қаржыландыру экожүйесін дамыту және халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету бар.

Бағалы қағаздың түрі	Жай акциялар
ISIN	KZ1C00002286
Шығарылымның тіркелген күні	13.05.2020
Номиналды құны*	100 000 теңге
Жарияланған акциялар саны	27 962 244
Орналастырылған акциялар саны	27 762 244
Акционерге тиесілі акциялар саны	27 762 244
Акционер туралы ақпарат	«Бәйтерек» ҮИХ» АҚ
Орналастырылған акциялардан акционердің үлесі	100%
Дауыс беретін акциялардан акционердің үлесі	100%

* Акциялардың соңғы орналастыру құны

Қор тек жай акцияларды шығарады. Жай акция Жалғыз акционерге оның қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді. Сондай-ақ жай акция Қордың таза табысы болған жағдайда Жалғыз акционерге дивидендтер алуға және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қор таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқық береді.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Қордың Директорлар кеңесі Қорға стратегиялық басшылықты және Қор Басқармасының қызметіне бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады.

Қордың Директорлар кеңесі өзінің қызметінің Жалғыз акционер алдында толық ашықтығын қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қор Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және Қордың өзге де құжаттарына, оның ішінде директорлардың тәуелсіздігіне қойылатын талаптарды сақтай отырып, өз функцияларын жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің жауапкершілігі

Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындағаны үшін, оның ішінде фидуциарлық міндеттері мен қабылданған шешімдері, өз қызметінің тиімділігі, әрекеті және (немесе) әрекетсіздігі үшін дербес жауапты болады.

Директорлар кеңесінің құрамы

Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі, сондай-ақ Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну кезінде пайдаланылатын критерийлер Корпоративтік басқару кодексімен және Қордың Директорлар кеңесі туралы ережемен регламенттелген.

Қордың Директорлар кеңесінің құрамы Жалғыз акционердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған (ұсыным берілген) тұлғалардан және Жалғыз акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлғалардан қалыптастырылады.

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің құрамы Қор қызметінің салалық ерекшелігіне, қызмет ауқымына және Директорлар кеңесі комитеттері қарайтын мәселелерге байланысты құрамның әртүрлілігін, мүшелерінің дағдыларының, тәжірибесінің және білімінің теңгерімін қамтамасыз етуге, Қор мен Жалғыз акционердің мүдделеріне сай тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік беруі тиіс. Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға ғана бола алады.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Жалғыз акционер Қордың Директорлар кеңесінің мүшелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қор Жарғысында және ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып сайлайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелері немесе толық құрамы жаңа мерзімге қайта сайланған кезде олардың Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

Директорлар кеңесінің тиімді әрі теңгерімді құрамын қалыптастыру мақсатында Қор корпоративтік басқару қағидаттарына бейілділікті қамтамасыз етеді, оның ішінде кандидаттардың кәсіби тәжірибесін, іскерлік беделін, жетістіктері мен құзыреттерін ескереді. Жеке қасиеттері мен гендерлік құрамының әртүрлілігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады. Аталған тәсілдер конкурстық іріктеу шеңберінде қолданылады, бұл Қордың стратегиялық басқару сапасын және орнықты дамуын арттыруға ықпал етеді.

Қор Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Жалғыз акционер – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының айрықша құзыретіне жатады. Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу және тағайындау қағидаттары Қордың Директорлар кеңесі туралы ережесімен айқындалған.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың Директорлар кеңесінің құрамында 7 мүше болды, олардың 3-еуі – тәуелсіз директорлар, бұл корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес келеді.

Директорлар кеңесінің құрамы



Директорлар кеңесінің төрағасы

Жұманғарин Серік Мақашұлы

1969 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланған күні – 2025 жылғы 5 сәуір, Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде сайланған күні – 2025 жылғы 7 сәуір.

- 1993–2004 жылдары кәсіпкерлік қызметпен айналысты.
- 2005–2006 жылдары – Ақтөбе қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі басшысының орынбасары; Ақтөбе қаласының кәсіпкерлік бөлімінің басшысы.
- 2006–2007 жылдары – Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша басқармасы басшысының орынбасары.
- 2007–2008 жылдары – Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша басқармасының басшысы; Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің директоры.
- 2008–2010 жылдары – Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Сауда комитеті төрағасының орынбасары, Сауданы дамыту департаментінің директоры; «Қазақстандық келісімшарт агенттігі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.
- 2010–2011 жылдары – «NadLoc» жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, бірінші орынбасары.
- 2012–2013 жылдары – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің Өңірлік саясат және бюджетаралық қатынастар департаментінің директоры; Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің Өңірлік даму комитетінің төрағасы.
- 2013–2014 жылдары – Қазақстан Республикасының Өңірлік даму вице-министрі.
- 2014–2017 жылдары – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің төрағасы.
- 2017–2019 жылдары – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі.
- 2019–2020 жылдары – Еуразиялық экономикалық комиссияның бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу жөніндегі Алқа мүшесі (министр).
- 2020–2022 жылдары – Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы.
- 2022–2023 жылдары – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі.
- 2023 жылғы 2 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары болып тағайындалды.
- 2024 жылғы 21 желтоқсанда Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі болып тағайындалды.

Директорлар кеңесінің құрамы



Директорлар кеңесінің мүшесі,
Жалғыз акционердің өкілі

Қарағойшин Рустам Тимурұлы

1983 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі болып сайланған күні – 2024 жылғы 13 наурыз.

- «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Жобалық талдау департаментінің менеджері, бас менеджері, басқарма басшысы (2004–2007 жылдар).
- «ҚДБ-Лизинг» АҚ басқарушы директоры – Басқарма мүшесі (2007–2011 жылдар).
- «Petroleum Operating» ЖШС Мұнай және мұнай өнімдері маркетингі департаментінің Сыртқы экономикалық қызмет бөлімінің басшысы (2011–2012 жылдар).
- «Credit Systems» ЖШС Басқарма төрағасы (2012–2013 жылдар).
- «Сбербанк Лизинг» ЖШС Бас директорының орынбасары, Бас директоры (2013–2015 жылдар).
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары (2015–2019 жылдар).
- «Қазақстан астық консорциумы» ЖШС Бас директоры (2019 жыл).
- «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары (2019–2021 жылдар).
- «Қазақстан астық консорциумы» ЖШС директоры, бизнес-құрылымдардағы қызмет (2021–2024 жылдар).
- 2024 жылғы ақпаннан бастап – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасы.



Директорлар кеңесінің мүшесі,
Жалғыз акционердің өкілі

Мырзағалиева Әлия Ерболатқызы

1980 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі болып сайланған күні – 2025 жылғы 6 мамыр.

- Батыс Қазақстан облысының әділет органдарында, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қызмет атқарды.
- 2012–2017 жылдары – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Экономика салаларын дамыту департаменті директорының орынбасары.
- 2017–2018 жылдары – «ҚДБ-Лизинг» АҚ Стратегиялық жоспарлау департаментінің директоры.
- 2019–2024 жылдары – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Активтерді басқару департаментінің директоры.
- 2024 жылдан бастап – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарушы директоры.



Тәуелсіз директор

Баталов Райымбек Анварұлы

1970 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланған күні – 2020 жылғы 10 маусым (2022 жылғы 5 сәуірде Директорлар кеңесінің үш жылдық өкілеттік мерзіміне қайта сайланды).

- 1990-жылдары «Риддер Инвест» металлургия кешенінің басқарушы директорларының бірі болды, «Жаңа Жамбыл фосфор зауыты» химия кешенінің жұмысын басқарды, Тобыл элеваторын, Меркі қант зауытын, Шымкент ЖЭО-3-ті басқарды.
- 1992 жылдан бастап «Райымбек» сауда фирмасының негізін қалаушы, «Raimbek» холдингінің Директорлар кеңесінің төрағасы.
- 2002 жылдан бастап Қазақстан кәсіпкерлері форумы кеңесінің төрағасы.
- 2005 жылдан бастап Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) Іскерлік кеңесінің қазақстандық ұлттық бөлігін басқарады.
- 2007 жылдан бастап – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палатаның мүшесі.
- 2009 жылдан бастап – Қазақстанның суасты спорты федерациясының президенті.
- 2010 жылдан бастап – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің төрағалығымен жұмыс істейтін Бірыңғай үйлестіру кеңесінің мүшесі. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Кәсіпкерлік кеңестің және Қазақстан Ұлттық кәсіпкерлер палатасы төралқасының мүшесі.
- 2012 жылдан бастап – Еуразиялық экономикалық комиссияның Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі консультативтік комитетінің тәуелсіз сарапшысы (Мәскеу қаласы). .
- 2015 жылғы қыркүйектен бастап – бизнес пен жоғары оқу орындарының ынтымақтастығына бағытталған ең ірі халықаралық коммерциялық емес ұйым – ENACTUS Kazakhstan Директорлар кеңесінің төрағасы.
- 2015 жылы Қазақстан велоспорт федерациясының бірінші вице-президенті болып сайланды.
- 2017 жылғы наурызда Азия велоспорт конфедерациясының вице-президенті болып сайланды.
- Қазақстан Ұлттық кәсіпкерлер палатасы төралқасының мүшесі, «Атамекен» ҚР ҰКП Төралқасы төрағасының міндетін атқарушы, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Төралқасының төрағасы (2022 жылдан 2026 жылғы қаңтарға дейін).
- Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің мүшесі (2022 жылдан бастап).

Директорлар кеңесінің құрамы



Тәуелсіз директор

Алдамберген Алина Өтемісқызы

1973 жылы туған, Қордың тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланған күні – 2025 жылғы 6 мамыр.

- 1997–2001 жылдары – «ДАБ «ABN AMRO Банк Қазақстан» ЖАҚ-да қаржы талдаушысы, менеджер, бас маман, құрылымдық қаржыландыру басқармасы басшысының орынбасары, кредиттік талдау және құрылымдау басқармасы басшысының орынбасары.
- 2001–2003 жылдары – ABN AMRO Bank N.V. (Ұлыбритания, Лондон) Ғаламдық қаржы нарықтары бөлімшесінің рейтингтік консультанты, аға рейтингтік консультанты.
- 2003–2005 жылдары – «ABN AMRO Asset Management» ЖЗҚБАБҰ» АҚ Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі.
- 2005–2006 жылдары – «ДАБ «ABN AMRO Банк Қазақстан» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.
- 2006–2008 жылдары – Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі төрағасының орынбасары.
- 2008–2011 жылдары – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі төрағасының орынбасары.
- 2008–2011 жылдары – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі төрағасының орынбасары.
- 2011–2013 жылдары – «Самұрық-Қазына Финанс» ЖШС Бас директорының орынбасары, Бас директоры.
- 2013–2016 жылдары – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.
- 2016–2025 жылдары – «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі.
- 2025 жылғы қарашадан бастап – Muscat Stock Exchange S.A.O.C. (Маскат қаласы, Оман Сұлтандығы) экономикалық консультанты.

Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады, Қордың акцияларына, сондай-ақ Қордың өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



Тәуелсіз директор

Хусаинов Ғалым Әбілжанұлы

1982 жылы туған, Қордың тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланған күні – 2025 жылғы 5 сәуір.

- 2004–2017 жылдары – «Энергофинанс» ӨКК ЖШҚ, «Омск-Полимер» ЖШҚ, «PROFIT» компаниясы» ЖШС, «Заречное» БК АҚ, «BRB INVEST» ЖШС, «BCC INVEST» АҚ ұйымдарында басшылық лауазымдарды атқарды.
- 2017 жылы – «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесі төрағасының кеңесшісі, басқарушы директор, Басқарма мүшесі.
- 2017–2022 жылдары – «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарма төрағасы.
- 2022–2024 жылдары – «Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры.
- 2023–2025 жылдары – «Teniz Capital Investment Banking» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.
- 2024 жылдан бастап – «Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры.
- 2025 жылдан бастап – «Teniz Capital Investment Banking» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.
- 2025 жылдан бастап – «BI Finance» МҚҰ» ЖШС Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры.



Директорлар кеңесінің мүшесі, Қордың Басқарма төрағасы

Сәрсекеев Фархат Қайнарұлы

1984 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланған күні – 2025 жылғы 24 ақпан.

- 2005–2006 жылдары – «Қазкоммерцбанк» АҚ Шағын және орта бизнесті кредиттеу басқармасының кредиттік менеджері.
- 2008–2009 жылдары – «Демир Банк Қазақстан» АҚ Корпоративтік бизнес департаментінің кредиттік менеджері.
- 2009–2010 жылдары – «АТФ Банк» АҚ (UniCredit Group) Restructuring and Workout бөлімінің бас маманы.
- 2010–2012 жылдары – «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Активтерді қайта құрылымдау департаментінің бас фронт-менеджері.
- 2012–2015 жылдары – «Сбербанк» АҚ ЕБ Ұлттық компаниялармен және даму институттарымен жұмыс жөніндегі департамент директорының орынбасары.
- 2015–2018 жылдары – «Сбербанк» АҚ ЕБ Қарағанды қаласындағы филиалы корпоративтік бизнес жөніндегі директорының орынбасары.
- 2018–2019 жылдары – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ басқарушы директоры.
- 2019–2023 жылдары – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.
- 2023–2025 жылдары – «Фридом Банк Қазақстан» АҚ корпоративтік бизнес жөніндегі басқарушы директоры.
- 2025 жылғы ақпаннан бастап – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасы.

2025 жылғы Директорлар кеңесі құрамындағы өзгерістер

Есепті кезеңде Жалғыз акционердің мынадай корпоративтік шешімдерінің негізінде Қордың Директорлар кеңесінің құрамында мынадай өзгерістер болды:

1. 2025 жылғы 26 наурыздағы шешіммен (№14/25 хаттама) сан құрамы 6(алты) адам болып белгіленді, өкілеттік мерзімі 2025 жылғы 5 сәуірден бастап 3 (үш) жыл болып айқындалды, Директорлар кеңесінің жалпы өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі мерзімге Директорлар кеңесінің мүшелері болып: Жалғыз акционердің өкілдері ретінде – С.М. Жұманғарин, Р.Т. Қарағойшин және Ж.А. Шайхы; тәуелсіз директорлар ретінде – Р.А. Баталов және Ғ.А. Хусаинов; Ф.Қ. Сәрсекеев сайланды; С.М. Жұманғаринді Директорлар кеңесінің төрағасы етіп сайлау ұсынылды.

2. 2025 жылғы 6 мамырдағы шешіммен (№21/25 хаттама) сан құрамы 7(жеті) адам болып белгіленді, өкілеттік мерзімі 2025 жылғы 5 сәуірден бастап 3 (үш) жыл болып айқындалды, Директорлар кеңесінің мүшесі Ж.А. Шайхының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, Ә.Ө. Алдамберген тәуелсіз директор, ал Ә.Е. Мырзағалиева Жалғыз акционердің өкілі болып сайланды.

Жаңадан сайланған директорларға Қор қызметінің негізгі аспектілеріне қатысты ақпарат, оның ішінде қолданыстағы Даму стратегиясы, негізгі ішкі нормативтік құжаттар (Жарғы, Директорлар кеңесі мен Басқарманың регламенттері және т.б.) ұсынылды.

Тәуелсіз директорларды тарту

Қордың Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың болуы және олардың қатысуы міндетті. Директорлар кеңесі мүшелері болып табылатын тәуелсіз директорлардың саны Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызын құрауы тиіс. Директорлар кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызына дейін болуы тиіс.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың Директорлар кеңесінің нақты құрамына сәйкес тәуелсіз директорлардың Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санына шаққандағы үлесі 43%-ды құрады, бұл корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес келеді.

Қордың Директорлар кеңесі туралы ережесінің талаптарына сәйкес тәуелсіз директорлыққа кандидаттар Қормен, оның басқару органдарымен немесе меншігімен объективті пайымдау жасауға кедергі келтіруі мүмкін қандай да бір материалдық мүдделерден немесе қатынастардан тәуелсіз болуы, сондай-ақ Жалғыз акционердің, атқарушы органның және өзге де мүдделі тараптардың ықпалынан тәуелсіз әрі объективті шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін жеткілікті кәсібилік пен дербестікке ие болуы тиіс.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қордың Директорлар кеңесінің құрамындағы барлық тәуелсіз директорлар тәуелсіздік критерийлеріне сәйкес келеді.

2025 жылы Директорлар кеңесі қарағаң негізгі мәселелер

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі бизнес-процестер, тәуекелдер және бақылаулар матрицасын, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бағдарламасын және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі қызметкерлерінің қызметінің негізгі көрсеткіштері картасын бекіту, Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамына өзгерістер енгізу, Жарғыға өзгерістер мен толықтыруларды мақұлдау, аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту, таза табысты бөлу тәртібі мен жылдық дивиденд мөлшері жөніндегі ұсыныстарды мақұлдау, Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есепті бекіту, тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерді, Директорлар кеңесі қызметін бағалау нәтижелерін қарау, омбудсменді тағайындау, Жылдық есепті мақұлдау, корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есептерді бекіту, Басқарма құрамына өзгерістер енгізу, Даму жоспарының орындалуы туралы есептерді бекіту, тәуекелдер тізілімін, сындарлы тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, тәуекелдер картасын, тәуекелдердің негізгі индикаторларын, тәуекелге тәбеттің мөлшерлерін бекіту, Ішкі аудит қызметінің 2026–2028 жылдарға арналған стратегиясын, аудит әлемін және Ішкі аудит қызметінің жылдық аудит жоспарын бекіту, Ішкі аудит қызметінің, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің, корпоративтік хатшының қызметіне қатысты мәселелерді және басқа да мәселелерді қарады.

Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп

2025 жылы Директорлар кеңесінің 14 отырысы өткізілді, оның ішінде 7 күндізгі және 7 сырттай отырыс ұйымдастырылып, 90-нан астам мәселе қаралды.

Қордың Директорлар кеңесі отырыстарының саны:

2025 жыл	Ішкі отырыс	Сырттай отырыс	Барлығы
1-тоқсан	1	1	**2**
2-тоқсан	2	2	**4**
3-тоқсан	2	3	**5**
4-тоқсан	2	1	**3**
ЖИЫНЫ:	7	7	**14**

Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралған мәселелердің саны:

2025 жыл	Ішкі отырыс	Сырттай отырыс	Барлығы
1-тоқсан	3	14	**17**
2-тоқсан	17	3	**20**
3-тоқсан	22	7	**29**
4-тоқсан	18	11	**29**
ЖИЫНЫ:	60	35	**95**

2025 жылы Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің[2] отырыстарына қатысу:

[2] ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА САЙЛАУДЫ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП

№	Директорлар кеңесінің мүшелері	Қатысу	%
1	Жұманғарин Серік Мақашұлы	14/14	100%
2	Баталов Райымбек Анварұлы	12/14	86%
3	Алдамберген Алина Өтемісқызы	11/14	78%
4	Хусаинов Ғалым Әбілжанұлы	13/14	93%
5	Қарағойшин Рустам Тимурұлы	7/14	50%
6	Мырзағалиева Әлия Ерболатқызы	11/14	78%
7	Сәрсекеев Фархат Қайнарұлы	13/14	93%

Директорлар кеңесінің комитеттері

Қордың Директорлар кеңесі жанында 3 комитет жұмыс істейді: Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті; Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет; Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті.

Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес Директорлар кеңесі жанындағы бейінді комитеттерді тәуелсіз директорлар басқарады.

Комитеттердің құрамы Директорлар кеңесінің келесі мүшелерінен бекітілді

Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті	
Комитет төрағасы	А.Ө. Алдамберген, тәуелсіз директор
Комитет мүшесі	Р.А. Баталов, тәуелсіз директор
Комитет мүшесі	Г.А. Хусаинов, тәуелсіз директор
Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті	
Комитет төрағасы	Г.А. Хусаинов, тәуелсіз директор
Комитет мүшесі	Р.А. Баталов, тәуелсіз директор
Комитет мүшесі	А.Ө. Алдамберген, тәуелсіз директор
Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті	
Комитет төрағасы	Р.А. Баталов, тәуелсіз директор
Комитет мүшесі	А.Ө. Алдамберген, тәуелсіз директор
Комитет мүшесі	Г.А. Хусаинов, тәуелсіз директор
Комитет мүшесі	А.Е. Мырзағалиева, Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі

Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті

Комитет Қордың қаржы-шаруашылық қызметіне тиімді бақылау жүйесін қалыптастыру бойынша ұсынымдар әзірлейді, оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігіне мониторинг жүргізу, корпоративтік басқару нормаларының сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыртқы және ішкі аудиттің әрі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің тәуелсіздігін бақылау мәселелерімен айналысады. Сонымен қатар Комитет Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қордың ішкі нормативтік құжаттарының сақталуын бақылайды, сондай-ақ Директорлар кеңесіне дамудың басым бағыттарын айқындау және тәуекелдерді басқарудың барабар жүйесінің жұмыс істеуі жөнінде ұсынымдар дайындайды.

2025 жылы Комитеттің 10 отырысы өткізіліп, онда 55 мәселе қаралды, оның ішінде:

2026 жылға арналған бизнес-процестер, тәуекелдер және бақылаулар матрицасын мақұлдау;
2024 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті мақұлдау;
сыртқы аудитор жүргізетін аралық аудиттердің нәтижелерін қарау;
2026 жылға арналған тәуекелдер тізілімін, сындарлы тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, тәуекелдер картасын, тәуекелдердің негізгі индикаторларын және тәуекелге тәбеттің мөлшерлерін мақұлдау;
2026 жылға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бағдарламасын және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі қызметкерлерінің қызметінің негізгі көрсеткіштері картасын бекіту;
2026–2028 жылдарға арналған Ішкі аудит қызметінің стратегиясын, аудит әлемін, жылдық аудит жоспарын, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің кәсіби оқыту жоспарын, Ішкі аудит қызметінің бюджетін және осы қызмет қызметкерлерінің қызметінің негізгі көрсеткіштері картасын бекіту және т.б.

Барлық мәселелерді қарау қорытындысы бойынша Комитет тиісті шешімдер қабылдап, Директорлар кеңесіне ұсынымдар берді.

Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті

Комитет кадр саясаты, тағайындаулар мен сыйақылар жүйесі, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің қызметін бағалау саласына жататын мәселелерді терең пысықтау және мониторингтеу арқылы Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындайды. Сонымен қатар Комитет Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау және корпоративтік хатшының қызметін бағалау мәселелерін қарайды.

2025 жылы Комитеттің 7 отырысы өткізіліп, онда 18 мәселе қаралды. Олардың қатарында: атқарушы орган мүшелерінің 2024 жылға арналған қызметтің негізгі көрсеткіштерін орындауы туралы есепті алдын ала мақұлдау; Басқарма мүшелерінің қызметінің негізгі көрсеткіштері картасын және олардың 2026 жылға арналған нысаналы мәндерін бекіту; 2024 жылдың қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі қызметін бағалау нәтижелерін қарау және басқа да мәселелер.

Комитет Омбудсмен қызметіне ерекше назар аударады. Іскерлік әдеп кодексіне сәйкес Омбудсменнің негізгі функцияларына Кодекс ережелерінің сақталмауы фактілері туралы ақпарат жинау, қызметкерлер мен лауазымды тұлғаларға Кодексті қолдану мәселелері бойынша консультациялар беру, Кодексті бұзуға байланысты дауларды қарауды бастамашылық ету және оларды реттеуге қатысу жатады. Есепті кезеңде Омбудсмен Д.В. Акрачкованың өкілеттігі шешім қабылданған күннен бастап мерзімінен бұрын тоқтатылып, оның орнына 2025 жылғы 30 сәуірден бастап 2 (екі) жыл мерзімге «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Н.С. Айдапкелов омбудсмен болып тағайындалды.

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті

Комитет қызметтің (дамудың) басым бағыттарын, стратегиялық мақсаттарды (даму стратегиясын), корпоративтік даму мәселелерін, оның ішінде Қордың орта және ұзақ мерзімді перспективадағы қызметінің тиімділігін, табыстылығын және орнықты дамуын арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу мәселелері бойынша ұсынымдар дайындайды.

Есепті жылы Комитеттің 11 отырысы өткізіліп, 32 мәселе қаралды, оның ішінде Қордың Жылдық есебі, Қор стратегиясын іске асыру жөніндегі есептер, Қордың даму жоспарлары (түзету) және басқа да мәселелер алдын ала мақұлданды.

Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметі туралы есеп

2025 жылы өткізілді:

- Директорлар кеңесінің 14 отырысы
- оның ішінде 7 күндізгі және 7 сырттай
- 90-нан астам мәселе қаралды

Есепті жылы Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің 28 отырысы өткізілді

Жалпы алғанда, Директорлар кеңесінің үш комитеті деңгейінде 100-ден астам мәселе қаралды, олардың жартысынан астамы Аудит және тәуекелдерді басқару комитетінде (55 мәселе), Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінде – 32 мәселе, ал Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетте – 18 мәселе қаралды.

Директорлардың комитет отырыстарына қатысуы:[3]

[3] ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА ЖӘНЕ КОМИТЕТТЕРГЕ САЙЛАНУДЫ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП.

№	Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті		Қатысу	%
1	Комитет төрағасы	А.Ө. Алдамберген	6/10	60%
2	Комитет мүшесі	Р.А. Баталов	10/10	100%
3	Комитет мүшесі	Г.А. Хусаинов	6/10	60%
	Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті			
1	Комитет төрағасы	Р.А. Баталов	11/11	100%
2	Комитет мүшесі	А.Ө. Алдамберген	6/11	54%
3	Комитет мүшесі	Г.А. Хусаинов	8/11	73%
4	Комитет мүшесі	А.Е. Мырзағалиева	6/11	54%
	Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті			
1	Комитет төрағасы	Г.А. Хусаинов	6/7	86%
2	Комитет мүшесі	Р.А. Баталов	7/7	100%
3	Комитет мүшесі	А.Ө. Алдамберген	3/7	43%

Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін бағалау

Қор Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес жыл сайын Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметіне кешенді бағалау, сондай-ақ халықаралық үздік тәжірибеге сәйкес директорлардың қызметіне жеке бағалау жүргізеді.

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметін бағалау мынадай мақсаттарға бағытталған:

- Қор Директорлар кеңесі қызметінің күшті және әлсіз жақтарын (артықшылықтары мен кемшіліктерін) талдау және анықтау;
- жұмысты жетілдіру және Директорлар кеңесі қызметінің мақсатты бағыттарын түзету;
- Қор Директорлар кеңесінің құрылымы мен құрамы Қордың стратегиялық міндеттерін шешуге қаншалықты ықпал ететінін анықтау;
- Директорлар кеңесі төрағасының және әрбір директордың жұмыс тиімділігін анықтау;
- Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру жүйесінің тиімділігін анықтау

Директорлар кеңесі бағалауды:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Қордың ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес өз күшімен;
- тәуелсіз консультанттарды, кәсіби қауымдастықтарды және корпоративтік басқару рейтингтерін беретін ұйымдарды тарта отырып;
- өзге тәсілдермен жүргізе алады.

Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері


Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Қор кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметіне бағалау жүргізеді. 2025 жылы конкурстық рәсімдердің нәтижесінде Қор тәуелсіз консалтингтік Dostyk Advisory компаниясын тартты, ол Директорлар кеңесінің 2024 жылғы қызметіне бағалау жүргізді.

Бағалау әдістемесі корпоративтік басқарудың озық халықаралық тәжірибелерінің талаптарын (ЭЫДҰ корпоративтік басқару қағидаттары, Ұлыбританияның Қаржылық есептілік жөніндегі кеңесінің кодекстері мен нұсқаулықтары және т.б.), сондай-ақ Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдарға арналған Үлгілік корпоративтік басқару кодексінің талаптарын қамтыды.

Бағалау Қордың есептік және регламенттеуші құжаттарын талдау, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің хаттамалары мен шешімдерін зерделеу, сондай-ақ жүргізілген сұхбаттар мен сауалнамалардың нәтижелері негізінде жүзеге асырылды.

Сауалнама нәтижелері Директорлар кеңесінің мүшелері мен корпоративтік хатшыға жеке бағалау беруге, олардың негізгі күшті жақтары мен жетілдіруді қажет ететін бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді.

Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және корпоративтік хатшының қызметін бағалау қорытындысы бойынша Dostyk Advisory консультанттары Қорға 88% («Жетілген»/A+) деңгейінде жалпы рейтинг берді, бұл корпоративтік басқарудың және Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігінің жоғары деңгейіне сәйкес келеді.



БАСҚАРМА

Басқарма Қордың Жарғысына сәйкес қалыптастырылған, Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционерге есеп беретін, Қор мен оның Жалғыз акционерінің мүддесі үшін Қордың ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болып табылады.

Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Қор Жарғысымен Қордың басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қор қызметінің кез келген мәселелері бойынша, оның ішінде заңнама мен Қор Жарғысына сәйкес өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Басқарма төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қор Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес Қор қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Басқарма төрағасы Жалғыз акционердің шешімімен тағайындалады. Басқарма мүшелерін Қордың Директорлар кеңесі сайлайды.

Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелерінің қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі элементі Қордың Директорлар кеңесі бекітетін қызметтің негізгі көрсеткіштеріне (ҚНК) қол жеткізу болып табылады.





Басқарма төрағасы

Сәрсекеев Фархат Қайнарұлы

1984 жылы туған, Басқарма төрағасы болып сайланған күні – 2025 жылғы 24 ақпан

Қор Басқармасын басқарады. Қордың барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің қызметіне жалпы бақылауды, үйлестіруді және басшылықты жүзеге асырады, Басқарма мүшелерінің, Басқарушы директордың, Ішкі аудит қызметінің, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің, Корпоративтік хатшының, Баспасөз хатшысының, Тәуекел-менеджмент департаментінің, Бағдарламаларды әкімшілендіру және мониторингтеу жөніндегі басқарушы директордың қызметін тікелей бақылайды, үйлестіреді және басқарады.

- «Қазкоммерцбанк» АҚ Алматы филиалы фронт-офисінің Шағын және орта бизнесті кредиттеу басқармасы Шағын бизнес бөлімінің II санатты менеджері (09.2005–11.2006);
- «Қазкоммерцбанк» АҚ Алматы филиалы фронт-офисінің Шағын және орта бизнесті кредиттеу басқармасы Шағын бизнес бөлімінің I санатты менеджері (11.2006–12.2006);
- Embassy CES тіл мектебінде, кейіннен Bellerbys College-де (Брайтон қ., Англия) оқуына байланысты еңбек қызметін жүзеге асырмады (12.2006–09.2007);
- «Demir Bank Kazakhstan» АҚ (кейіннен «Bank Pozitiv» АҚ, Hapoalim Bank B.M. еншілес банкі болып қайта аталды) Корпоративтік жергілікті маркетинг департаментінің бас маманы, Алматы қ. (05.2008–08.2009);
- «АТФ Банк» АҚ Қайта құрылымдау және проблемалық қарыздар департаментінің бас маманы, Алматы қ. (09.2009–06.2010);
- «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Активтерді қайта құрылымдау департаментінің фронт-менеджері, Астана қ. (06.2010–02.2011);
- «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Активтерді қайта құрылымдау департаментінің бас фронт-менеджері, Астана қ. (02.2011–01.2012);
- «АТФБанк» АҚ Корпоративтік сатулар департаменті Ірі корпорациялармен жұмыс басқармасының корпоративтік бизнес жөніндегі бас консультанты, Алматы қ. (02.2012–07.2012);
- «Сбербанк» АҚ ЕБ Ұлттық компаниялармен және даму институттарымен жұмыс департаментінің бас дербес менеджері, Астана қ. (08.2012–03.2014);
- «Сбербанк» АҚ ЕБ Ұлттық компаниялармен және даму институттарымен жұмыс департаменті директорының орынбасары, Астана қ. (03.2014–08.2015);
- «Сбербанк» АҚ ЕБ Қарағанды қаласындағы филиалының корпоративтік бизнес жөніндегі директор орынбасары (09.2015–02.2018);
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ басқарушы директоры, Алматы қ. (02.2018–05.2019);
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ басқарушы директоры, Алматы қ. (05.2019–08.2023);
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ басқарушы директоры, Алматы қ. (08.2023–02.2025);
- 2025 жылғы ақпаннан бастап – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасы, Алматы қ.



Басқарма төрағасының орынбасары

Смағұлов Талғат Теміруұлы

1989 жылы туған, Қор Басқармасы төрағасының орынбасары болып сайланған күні – 2025 жылғы 2 мамыр

Цифрландыру жөніндегі басқарушы директордың, Субсидиялау департаментінің, Кепілдік беру департаментінің, Бизнес-технологиялар департаментінің, Стратегиялық талдау және корпоративтік даму департаментінің жұмысын үйлестіреді және жетекшілік етеді.

- Шебер, «ДЭУ-Автобаза» АҚ, Алматы қ., мекенжайы Егізбаев қ-сі, 7а. Өз еркімен жұмыстан шығарылды (24.09.2009-08.06.2010)
- «Алматы қаласы Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» ММ, тағылымдамадан өтуші, мекенжайы Республика алаңы, 4. Тағылымдаманы аяқтады (01.01.2011 – 01.05.2011)
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Алматы қаласы бойынша өңірлік филиалының тағылымдамадан өтушісі, мекенжайы: Алматы қ., Гоголь көшесі, 111. Тағылымдаманы аяқтады (01.06.2011 – 01.08.2011)
- «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асыру жөніндегі штаттан тыс менеджер, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Алматы қаласы бойынша өңірлік филиалы. Жаңа лауазымға ауыстырылды (01.08.2011-01.01.2013)
- «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асыру жөніндегі менеджер, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Алматы қаласы бойынша өңірлік филиалы. Лауазымы жоғарылатылды (01.01.2013 – 01.08.2013).
- Қаржылық бағдарламалар жөніндегі менеджер, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Алматы қаласы бойынша өңірлік филиалы. Басқа лауазымға ауыстырылды (01.08.2013-01.07.2014)
- Мониторинг жөніндегі бас менеджер, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Алматы қаласы бойынша өңірлік филиалы. Бас кеңсеге ауыстырылды (01.07.2014-01.10.2015)
- Менеджер, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Мониторинг департаменті, мекенжайы: Алматы қ., Гоголь көшесі, 111. Лауазымына жоғарылатылды (01.10.2015 – 17.02.2017)
- Бас менеджер, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Мониторинг департаменті. Лауазымы жоғарылатылды (17.02.2017 – 05.02.2018).
- Директордың міндетін атқарушы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Мониторинг департаменті. Міндеттерді уақытша атқаруға тағайындалды (05.02.2018 – 13.03.2018).
- Директор, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Мониторинг департаменті. Жоғары тұрған лауазымға ауыстырылды (13.03.2018 – 20.12.2021).
- Бағдарламаларды мониторингтеу және әкімшілендіру жөніндегі басқарушы директор, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ. Жоғары тұрған лауазымға ауыстырылды (20.12.2021 – 04.03.2025).
- Мемлекеттік бағдарламалар жөніндегі басқарушы директор, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (04.03.2025 – 05.05.2025).
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары (05.05.2025 – қазіргі уақытқа дейін).



Басқарма төрағасының орынбасары

Мақажанов Бақытжан Нығметжанұлы

1990 жылы туған, 2019 жылғы қазаннан 2025 жылғы сәуірге дейін – Қор Басқармасы төрағасының орынбасары.

Қазынашылық департаментінің, Қарыз алу және халықаралық ынтымақтастық департаментінің, Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің, Бюджеттік жоспарлау департаментінің, Бизнес-технологиялар департаментінің жұмысын жетекшілік етеді және үйлестіреді.

- «Қазгеология» АҚ Стратегия және корпоративтік даму департаментінің менеджері (2012–2013).
- «Активтерді оңалту және басқару жөніндегі компания» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі (2014–2015);
- «Активтерді оңалту және басқару жөніндегі компания» АҚ Болжау, мемлекеттік сатып алу, бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің директоры (2015–2016);
- «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі (2016–2019);
- 2019 жылғы қазаннан 2025 жылғы сәуірге дейін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары лауазымын атқарды.



Басқарма төрағасының орынбасары

Мұстафин Арсен Бақытжанұлы

1984 жылы туған, Қор Басқармасы төрағасының орынбасары болып сайланған күні – 2025 жылғы 2 мамыр.

Қазынашылық департаментінің, Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің, Бюджеттік жоспарлау департаментінің, Бағдарламалық қаржыландыру департаментінің, Мемлекеттік бағдарламалар жөніндегі басқарушы директордың жұмысын жетекшілік етеді және үйлестіреді.

- 2004 жылы – «Құрылыс Консалтинг» ҰО» АҚ бухгалтер-экономисі;
- 2005–2007 жылдары – «Қазкоммерцбанк» АҚ Алматы филиалының Шағын бизнес бөлімінің кредиттік менеджері;
- 2007–2012 жылдары – Алматы қаласы бойынша өңірлік менеджер, Тәуекелдер департаментінің аға тәуекел-менеджері, Кредиттеу департаментінің бас сарапшысы, Алматы қаласы бойынша филиал директорының орынбасары – «Delta Bank» АҚ Кредиттік бөлімінің басшысы;
- 2012 жылы – «Альянс Полис» СК» АҚ Қайта сақтандыру бөлімінің басшысы;
- 2014–2018 жылдары – «АТФ Банк» АҚ Ішкі аудит департаментінің аға аудиторы;
- 2018–2022 жылдары – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Бағдарламалық құралдар департаментінің директоры;
- 2022–2023 жылдары – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қарыз алу және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры;
- 2023–2024 жылдары – «Freedom Bank» АҚ филиалдық желідегі корпоративтік сату басқармасының басшысы;
- 2025 жылғы мамырдан бастап «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары лауазымын атқарады.



Басқарма төрағасының орынбасары

Есқақов Ербол Амангелдіұлы

1982 жылы туған, Қор Басқармасы төрағасының орынбасары болып сайланған күні – 2020 жылғы 6 наурыз.

Мониторинг департаментінің, Кредиттік әкімшілендіру департаментінің, Проблемалық активтермен жұмыс департаментінің және Заң департаментінің, Қауіпсіздік департаментінің жұмысын жетекшілік етеді және үйлестіреді.

- Ақмола облысы Ішкі істер департаментінің аумақтық бөлімшесінің тергеушісі (2003–2006);
- «АТФ Банк» АҚ Заң бөлімінің бас маманы, Алматы қ. (2006–2011);
- «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ бас заңгері, Құқықтық сараптама басқармасының бастығы, Астана қ. (2011–2014);
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Құқықтық қамтамасыз ету департаменті басқармасының бастығы, бас заңгер, Алматы қ. (2014–2016);
- «АФ Ипотека» АҚ – ипотекалық ұйымының Бас директордың орынбасары – Заң департаментінің директоры, Алматы қ. (2016–2017);
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Проблемалық активтермен жұмыс департаментінің директоры (2017–2020);
- 2020 жылғы наурыздан бастап «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып табылады.

Қор Басқармасының мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады, Қордың акцияларына, сондай-ақ Қордың өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

2022 жылғы 29 қыркүйекте Басқарманың сан құрамы 5 (бес) Басқарма мүшесінен тұратын болып бекітілді.



Басқарма төрағасының орынбасары

Бапаев Мұрат Миркурбанұлы

1981 жылы туған, Қор Басқармасы төрағасының орынбасары болып сайланған күні – 2022 жылғы 15 шілде.

Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жөніндегі басқарушы директордың, Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл департаментінің, Маркетинг департаментінің, Бағдарламаларды ілгерілету және өңірлік даму департаментінің, Қарыз алу және халықаралық ынтымақтастық департаментінің, Өңірлік филиалдардың жұмысын жетекшілік етеді және үйлестіреді.

- «Gallaher Kazakhstan» ЖШС Сату бөлімінің өкілі (2002–2003);
- «Gallaher Kazakhstan» ЖШС Көтерме сауда жөніндегі менеджері (2003–2004);
- «LG Electronics Almaty Kazakhstan» АҚ өңірлік супервайзері (2004–2005);
- «Milagro Foods» ЖШС өңірлік менеджері (2005–2008);
- «Generali Life» АҚ Сақтандыру компаниясының сату және маркетинг жөніндегі менеджері (2007–2011);
- «Отан» ЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы (2012–2014);
- «Кузей» ЖШҚ директоры (2014–2017);
- «Fintex» ЖШС директоры (2018–2019);
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры (2019–2020);
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Маркетинг және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры (2020);
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Клиенттерге қызмет көрсету және өңірлік даму департаментінің директоры – басқарушы директор (2020–2021);
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қарыз алу және халықаралық қатынастар департаментінің директоры – басқарушы директор (2021–2022);
- 2022 жылғы шілдеден бастап «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып табылады.

2025 жылғы Басқарма құрамындағы өзгерістер:

2025 жылғы 21 ақпанда Басқарма төрағасы Бурибаева Гаухар Асылбекқызының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды (Жалғыз акционердің 2025 жылғы 21 ақпандағы шешімі, №06/25 хаттама).

2025 жылғы 24 ақпанда Сәрсекеев Фархат Қайнарұлы Басқарма төрағасы болып сайланды (Жалғыз акционердің 2025 жылғы 21 ақпандағы шешімі, №06/25 хаттама).

2025 жылғы 30 сәуірде Басқарма төрағасының орынбасары Мақажанов Бақытжан Ниғмеджанұлының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды (Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі шешімі, №04/2025 хаттама).

2025 жылғы 2 мамырда Басқарма құрамына Басқарма төрағасының орынбасары Смағұлов Талғат Теміруұлы кірді (Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі шешімі, №04/2025 хаттама).

2025 жылғы 2 мамырда Басқарма құрамына Басқарма төрағасының орынбасары Мұстафин Арсен Бақытжанұлы кірді (Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі шешімі, №04/2025 хаттама).

Басқарма қызметі туралы есеп

Қор Басқармасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Жарғымен, Басқарма туралы ережемен және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалады.

Қордың Басқармасы туралы ереже Қор Басқармасын қалыптастыру және оның жұмыс істеу тәртібін, Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, оның шешімдерін қабылдау және ресімдеу тәртібін, сондай-ақ олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2025 жыл ішінде Қор Басқармасының 110 отырысы өткізіліп, оларда Қорды жедел басқару жөніндегі шешімдер қабылданды. Қаралған мәселелер саны – 501.

Есепті кезеңде Қор Басқармасы операциялық қызметтің әртүрлі аспектілері бойынша мәселелерді, кепілдік беру және субсидиялау, әріптестерді қаржыландыру мәселелерін, сондай-ақ ішкі құжаттарды бекіту, қаржылық бағдарламалар, орнықты даму және корпоративтік басқару саласындағы мәселелерді қарады.

Қор Басқармасы жанындағы комитеттер

Қор қызметінің жекелеген бағыттары бойынша Басқарма төрағасы мен мүшелеріне ұсынымдық сипаттағы шешімдерді дайындау, сондай-ақ Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындау және алдын ала қарау үшін Қор Басқармасы жанында алқалы жұмыс органдары – комитеттер жұмыс істейді.

Комитеттер мүшелерінің дербес құрамы мен саны Қор Басқармасының шешімімен айқындалады. Комитеттердің қызметіне басшылықты комитеттердің төрағалары жүзеге асырады. Комитеттердің құрамы Қордың өзге де қызметкерлерін қоса алғанда, Басқарма мүшелерінің арасынан (2 (екі) адамнан аспайтын) қалыптастырылады. Комитеттер Қор Басқармасының мүшесі болып табылатын Комитет төрағасынан, Комитет төрағасының орынбасарынан және кеңесші дауыс құқығын қоса алғанда, дауыс беру құқығы бар Комитеттің басқа да мүшелерінен тұрады.

Қор Басқармасы жанындағы комитеттердің қызметі Қор комитеттері туралы ережемен регламенттеледі.

Субсидиялау мәселелері жөніндегі кредиттік комитет

Қордың ішкі кредиттік саясатын жүзеге асыратын алқалы орган және Қордың ішкі кредиттік саясатын жүзеге асыратын әрі субсидиялау мәселелері бойынша шешімдер қабылдайтын алқалы орган.

2025 жылы субсидиялау мәселелері бойынша 50 отырыс өткізіліп, оларда 1 352 мәселе қаралды, сондай-ақ bpm` online sales жүйесінде 4 287 өтінім қаралды.

Кепілдік беру мәселелері жөніндегі кредиттік комитет

Қордың ішкі кредиттік саясатын жүзеге асыратын алқалы орган және Қордың ішкі кредиттік саясатын жүзеге асыратын әрі субсидиялау мәселелері бойынша шешімдер қабылдайтын алқалы орган.

2025 жылы кепілдік беру мәселелері бойынша 49 отырыс өткізіліп, оларда 485 мәселе қаралды, сондай-ақ bpm` online sales жүйесінде 4 075 өтінім қаралды.

Активтер мен пассивтерді басқару комитеті


Активтер мен міндеттемелерді әртараптандыру қағидаттарына қол жеткізу, қаржылық тәуекелдерді оңтайландыру және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Қордың активтері мен міндеттемелерін басқару тиімділігін арттыру жөніндегі алқалы орган.


2025 жылы 35 отырыс өткізіліп, 43 мәселе қаралды.

Проблемалық активтермен жұмыс жөніндегі комитет

Қордың кредиттік, лизингтік, құжаттамалық (кепілдіктер беру), инвестициялық, шаруашылық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде туындаған проблемалық дебиторлық берешекті қайтару жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын алқалы орган.

2025 жылы 30 отырыс өткізіліп, 84 мәселе қаралды.





Кадр саясаты жөніндегі комитет

кадр саясатын іске асыруды, еңбек мазмұны мен жағдайларына, қызметкерлердің біліктілігі мен құзыреттеріне қойылатын талаптарды белгілейтін кәсіби стандарттарды әзірлеу мен енгізуді, кадр ресурстарын жоспарлаудың кешенді жүйесін дамытуды қамтамасыз ететін орган.

2025 жылы 13 отырыс өткізіліп, 187 мәселе қаралды.

Бюджет комитеті

тиісті қаржы жылына арналған Қор бюджеті жобасының көрсеткіштерін айқындау жөніндегі ұсыныстарды қамтамасыз ету және әзірлеу, Қордың қолданыстағы бюджетіне түзетулер енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу, Қор бюджетінің орындалуын бағалау нәтижелерін қарау жөніндегі орган.

2025 жылы 62 отырыс өткізіліп, 237 мәселе қаралды.

Өзгерістерді басқару комитеті

Қордың қолданыстағы/жаңа бизнес-процестерін жетілдіру, цифрландыру және оңтайландыру жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын, сондай-ақ жаңа өнімдерді қарайтын және алдын ала бекітетін орган.

2025 жылы 40 отырыс өткізіліп, 101 мәселе қаралды.

Тәртіптік комиссия

қызметтік тергеп-тексеру материалдарын, теріс қылыққа қатысты фактілерді зерттеу нәтижелерін қарайтын және бұзушылықтарға жол берген қызметкерлерге қатысты жаза шарасы туралы ұсынымдар шығаратын комиссия.

2025 жылы 10 отырыс өткізіліп, 15 мәселе қаралды.

Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады, Қордың акцияларына, сондай-ақ Қордың өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Қордың Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру

Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Қордың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшерін Жалғыз акционер айқындайды.

Жалғыз акционердің өкілдері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төленбейді және шығыстар өтелмейді.

Қордың Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақыны Жалғыз акционер мынадай түрде белгілейді:


1) Директорлар кеңесінің мүшесі болғаны үшін тіркелген жылдық сыйақы;

2) Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы ретінде Директорлар кеңесінің комитеттеріне қатысқаны үшін тіркелген жылдық сыйақы;

3) Директорлар кеңесі комитетінің мүшесі ретінде Директорлар кеңесінің комитеттеріне қатысқаны үшін тіркелген жылдық сыйақы.

Қордың Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері, Қор қызметінің ауқымы, оның ұзақ мерзімді мақсаттары мен міндеттері, қаржылық жағдайы, сондай-ақ еңбек нарығындағы жағдай ескеріледі.

2025 жылы Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорларға төленген сыйақы мөлшері **32 343 641,96 теңгені** құрады.



Қор менеджментіне сыйақы беру

Басқарма мүшелеріне жыл қорытындысы бойынша сыйақы және өтемақы төлеу Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 30 қазандағы шешімімен (№65 хаттама) бекітілген Қордың басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, олардың қызметін бағалау және сыйақы беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.
Қордың басшы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, олардың қызметін бағалау және оларға сыйақы беру қағидалары мынадай қағидаттарға негізделеді:

- – сыйақының Қор мен оның Жалғыз акционерінің мүдделеріне сай келетін мақсаттар мен міндеттердің орындалуымен өзара байланысы;
- – сыйақы мөлшерін айқындау қағидаттарының қарапайымдылығы мен әділдігі;
- – сыйақы мөлшерінің Қор қызметінің нәтижелеріне тәуелділігі.

Басшы қызметкерлердің қызметін бағалау үшін қызмет тиімділігінің негізгі көрсеткіштері жүйесі қолданылады, ол жоғарыда аталған қағидаларға сәйкес жыл сайын Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

2024 жылы Қор Басқармасының мүшелеріне төленген жылдық сыйақы мөлшері **62 163 417,00 теңгені** құрады.

2025 жылы осы Жылдық есеп жасалған сәтте Қор Басқармасының мүшелеріне сыйақы төленген жоқ.

Еншілес компаниялар

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қордың жарғылық капиталында қатысу үлесі бар компаниялар жоқ.

Ірі мәмілелер және жасалуына мүдделілік бар мәмілелер туралы ақпарат

Қордың құрылымдық бөлімшелері ұсынған ақпаратқа сәйкес 2025 жылы Қор ірі мәмілелер жасасқан жоқ.

2025 жылы жасалуына мүдделілік бар 1 484 шарт жасалды:
- Кепілдік беру бойынша 1 325 шарт;
- Субсидиялау бойынша 120 шарт;
- Қаражатты шартты орналастыру бойынша 33 шарт;
- Өзге де шарттар

«Еуразиялық банк» АҚ		«Нұрбанк» АҚ және оның еншілес компаниясы «Нұр Лизинг» лизингтік компаниясы			«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ	«ҚТҚЖБ Отбасы Банкі» АҚ	«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ, Qazaqstan investment Corporation АҚ	«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ
Кепілдік беру	Субсидиялау	Қаражатты шартты орналастыру	Субсидиялау	Кепілдік беру	Портфельді кепілдендіру туралы келісім	Облигацияларды сатып алу туралы шарт	Бәйтерек бірыңғай фронт-офисінің тұжырымдамасын іске асыру шеңберіндегі ынтымақтастық туралы келісімдер	Қызмет көрсету туралы шарт
111	51	33	69	123	1091	1	4	1
БАРЛЫҒЫ: 1484								



ІШКІ АУДИТ

Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды, сондай-ақ Қор қызметін бақылауды қамтамасыз етеді.

ІАҚ Қордың Директорлар кеңесіне есеп береді. Оның миссиясы Қордың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі міндеттерін орындауда Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасына қажетті жәрдем көрсету болып табылады.

ІАҚ қызметіне жетекшілік етуді Қордың Директорлар кеңесі жанындағы Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті жүзеге асырады.

Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен (2024 жылғы 4 желтоқсандағы №09/2024 хаттама) бекітілген 2025 жылға арналған Жылдық аудит жоспарына (бұдан әрі – ЖАЖ) сәйкес 13 аудиторлық тапсырма мен консультация өткізу жоспарланды, оларды ІАҚ ЖАЖ-да белгіленген мерзімдерде уақтылы және толық көлемде орындады. Олардың қатарына әкімшілік шығыстардың жекелеген түрлері лимиттерінің мониторингі, Қордың Даму стратегиясын іске асыруды бақылау және мониторингтеу процесін тексеру, оның ішінде Қор Басқармасы мүшелерінің қызметінің негізгі көрсеткіштерінің нақты мәндерінің дұрыстығына аудит жүргізу, қаржыландыруды тарту бизнес-процесінің аудиті, персоналды басқару және дамыту бизнес-процесінің аудиті, Қордың проблемалық кредит портфелі мен проблемалық дебиторлық берешек портфелін қайтару және азайту процесінің аудиті, сондай-ақ Қордың 7 өңірлік филиалының (бұдан әрі – ӨФ) қызметіне аудит жүргізу кіреді.

Сондай-ақ тәуелсіз консультанттарды тарта отырып, АТ-қызмет және ақпараттық қауіпсіздік бизнес-процесіне тексеру жүргізілді.

АТ-аудитінің қорытындысы бойынша бизнес-процестерді автоматтандыру мен цифрландырудың жоғары деңгейі жағдайында ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі расталды:

Бірыңғай талаптарға жеткілікті сәйкестік – 85% сәйкестік;

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-да ақпараттық жүйелер аудитін жүргізу әдістемесіне сәйкес АТ-процестердегі бақылау рәсімдерінің тиімділік деңгейінің артуы – АТ-процестердің 89%-ы тиімді жұмыс істейді.

Қордың ӨФ қызметіне аудит Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметімен және Қауіпсіздік департаментімен бірлесіп жүргізілді.
Орындалған аудиторлық тапсырмалардың нәтижелеріне сәйкес ішкі бақылау жүйесі, тәуекелдерді басқару жүйесі және корпоративтік басқару жүйесі процестерінің тиімділігі анықталған тәуекелдер мен түпкі себептерді ескере отырып, барабар деп бағаланады. Анықталған бұзушылықтар мен түпкі себептер елеуліліктің орташа дәрежесін көрсетеді, өйткені олар Қор қызметінің ішкі процестерін де, ұйымдастырушылық аспектілерін де қамтиды. Тексеру нәтижелері бойынша мынадай оң тұстар атап өтілді: ішкі бақылау жүйесі жұмыс істейді және басқарылудың базалық деңгейін қамтамасыз етеді, процестерді автоматтандыру енгізілген және қолданылады, бұл ашықтық пен сенімділікті одан әрі арттыруға негіз жасайды, бұзушылықтар жүйелі және сындарлы сипатқа ие емес әрі Қордың барлық процестерін қамтымайды.

Нәтижелерді ескере отырып, ішкі бақылау жүйесі, тәуекелдерді басқару жүйесі және корпоративтік басқару жүйесі тұтастай алғанда жұмыс істейді, алайда сенімділікті арттыру, тәуекелдерді барынша азайту және Қазақстан Республикасы заңнамасының әрі Қордың ішкі құжаттарының талаптарына толық сәйкестікті қамтамасыз ету үшін жекелеген процестердегі бақылау тетіктерін пысықтауды және күшейтуді талап етеді. Барлық анықталған фактілерді бағалау негізінде ішкі бақылау жүйесінің процестеріне тиісті рейтингтер берілді. Қордың және Қордың ӨФ-ның 2025 жылғы қызметіне жүргізілген аудиторлық тексерулердің нәтижелері бойынша ІАҚ Қордың жүйелерін, процестері мен рәсімдерін жетілдіруге және автоматтандыруға бағытталған тиісті ұсынымдар берді.
ІАҚ тоқсан сайын ІАҚ және сыртқы аудиторлар ұсынымдарының орындалуына мониторинг жүргізеді. Мониторинг нәтижелері туралы ақпарат Қордың Директорлар кеңесі жанындағы Аудит және тәуекелдерді басқару комитетіне және Қордың Директорлар кеңесіне ұсынылады.

2025 жылы ІАҚ өз қызметін дамыту және жетілдіру шеңберінде мынадай іс-шараларды жүзеге асырды:
«ІАҚ персоналын кәсіби дамыту» бағыты бойынша ІАҚ қызметкерлерін 2025 жылға арналған кәсіби оқыту жоспары шеңберінде оқыту жүргізіліп, сертификаттар алынды, осы Жоспардан тыс ІАҚ бастығы мен қызметкерлері оқудан өтіп, қаржылық менеджмент және қаржылық талдау бойынша сертификатты табысты алды;
«ІАҚ қызметін нормативтік қамтамасыз етуді жетілдіру» бағыты бойынша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-да ішкі аудитті ұйымдастыру қағидалары және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді;
әрбір аудиторлық тексеру бойынша нәтижелер мен материалдар және іс-шаралар жоспарлары тоқсан сайын, бекітілген мерзімдерді бұзбай, Басқарманың, Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдерді басқару комитетінің және Қордың Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады;
ІАҚ қызметкерлері 2025 жылға арналған жеке даму жоспарларын толық көлемде орындады;
2025 жылға арналған ЖАЖ шеңберінде жоспарлы және жоспардан тыс (сұрау салу бойынша) консультациялар өткізілді. Сондай-ақ Қор қызметкерлері үшін анықталған фактілердің санаттарын түсіндіру және ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізу бойынша оқыту семинарлары өткізілді.

ІАҚ Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген қызметтің негізгі көрсеткіштері негізінде өз қызметінің тиімділігіне тұрақты ішкі бағалау жүргізуді қамтамасыз етеді.
Ішкі аудит қызметінің 2025 жылғы жұмысының сапасына жүргізілген ішкі бағалау оның қызметінің жоғары деңгейін көрсетті. Ішкі бағалау қорытындылары Ішкі аудит қызметінің өз функцияларын тиімді әрі халықаралық стандарттарға және Қордың ішкі регламенттеріне сәйкес орындайтынын куәландырады. Аудит объектілері мен Аудит комитеті тарапынан берілген бағалар белгіленген талаптарға толық сәйкестікті растады. Жылдық жоспардың барлық міндеттері уақтылы іске асырылды, ал бағалау нәтижелері жұмыстың кәсібилігі мен сенімділігінің жоғары деңгейін көрсетті. Қосымша түрде қызметкерлердің кәсіби өсуіне және Қор процестерін жетілдіруге байланысты даму бағыттары айқындалды.



КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП ЖӘНЕ МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ



Корпоративтік қақтығыстардың алдын алу және оларды реттеу рәсімдерін айқындау, мүдделер қақтығысын (Қақтығыстар) уақтылы анықтау және болдырмау, сондай-ақ корпоративтік қақтығыс немесе мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындау мүмкіндігі болған жағдайда барлық органдардың іс-қимылдарын үйлестіру үшін Қорда Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясаты бекітілген (Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі шешімі, №60 хаттама).

Жалғыз акционердің құқықтарын сақтау мен қорғаудың, сондай-ақ Қордың мүліктік мүдделері мен іскерлік беделін қорғаудың тиімді тетіктерінің бірі Қақтығыстардың алдын алу және оларды реттеу болып табылады.
Есепті кезеңде Қордың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне құрылымдық бөлімшелер тарапынан мүдделер қақтығыстары бойынша сұрау салулар/өтініштер түскен жоқ.

Қорда адалдық, шынайылық және сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидаттарын енгізу әдістерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар тұрақты негізде жүргізіледі.

Іскерлік әдеп кодексі

Іскерлік әдеп компания табысының ажырамас алғышарттарының бірі, оның орнықты әрі тұрақты дамуының кепілі болып табылады.

Қордың Іскерлік әдеп кодексі әрбір қызметкер үшін корпоративтік құндылықтар мен стандарттарды белгілейді. Қор қызметкерлері адалдық, сенімділік, кәсібилік сияқты құндылықтарды ұстанады және Қазақстан экономикасының орнықты дамуына өз үлесін қосуға ұмтылады.

Қор қызметкерлері жыл сайын Қордың Іскерлік әдеп кодексінің негізгі қағидаттарын білуі және түсінуі бойынша оқытудан және тексеруден өтеді.

Қордың барлық қызметкерлеріне нәсіліне, ұлтына және гендерлік белгісіне қарамастан тең мансаптық мүмкіндіктер беріледі, сондай-ақ атқаратын лауазымы мен орындайтын функционалына байланысты еңбекақы төлеудің теңдігі қамтамасыз етіледі. Қор жыл сайын қызметкерлерді дамытуға қаражат бөліп, оларға оқуға, кәсіби құзыреттерін арттыруға мүмкіндік береді.





Қызметкерлер арасындағы өзара қарым-қатынастар Іскерлік әдеп кодексінің қағидаттары негізінде құрылады. Сондай-ақ Қорда Омбудсмен институты дамыған, оның рөлі өзіне жүгінген қызметкерлерге, еңбек даулары мен қақтығыстарға қатысушыларға консультация беруден және Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауды ескере отырып (оның ішінде қажет болған жағдайда құпиялылықты сақтай отырып), өзара қолайлы, сындарлы және іске асырылатын шешімді әзірлеуге жәрдем көрсетуден, қызметкерлердің де, Қордың да проблемалық әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешуге жәрдем көрсетуден тұрады.

Ішкі бақылау жүйесін одан әрі жетілдіру, Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өз қызметінде басшылыққа алатын негізгі корпоративтік құндылықтарды, қағидаттарды, қағидаларды, іскерлік мінез-құлық стандарттарын өзектендіру және жаңарту мақсатында Қордың Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 28 қарашадағы шешімімен (№12/2025 хаттама) қолданыстағы Іскерлік әдеп кодексіне тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Жаңартулар Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің қызметтік қызметті жүзеге асыру кезінде адалдық, ашықтық, жауапкершілік және корпоративтік стандарттарды сақтау қағидаттарын нығайтуға бағытталған.


Іскерлік әдеп кодексінің талаптарын сақтау атқаратын лауазымына қарамастан Қордың барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады және Қордың ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады.

2025 жылғы 23–24 маусым аралығында 10.06.2025 жылғы №165-п бұйрықпен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Іскерлік әдеп кодексін білуі және түсінуі бойынша қызметкерлерге тестілеу жүргізілді. Тестілеуден 417 штаттық қызметкер және аутстаффинг қызметкері өтті.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Қор өз беделін жоғары бағалайды және клиенттердің Қордан қойылған міндеттерді адал, әділ және бейтарап орындауды әрі бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруды күтетінін түсінеді.
Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын тиісінше орындау мақсатында Қорда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі құрылды, оның негізгі мақсаты Қор мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі Қордың Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оған өз жұмысы туралы есеп береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі 2025 жылы Қордың Директорлар кеңесі 2024 жылғы 4 желтоқсанда бекіткен (№07/2024 хаттама) 2025 жылға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бағдарламасында көзделген іс-шараларды уақтылы, толық көлемде және белгіленген мерзімдерде орындады.



Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық фактілерінің, Қордың мүдделеріне зиян келтіруі немесе Қордың беделіне нұқсан келтіруі мүмкін Қор қызметкерлерінің тиісінше емес мінез-құлқының алдын алу, оларды болдырмау немесе анықтау мақсатында Қордың корпоративтік сайтында «Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» арнайы бөлімі жұмыс істейді, анонимділікті ескере отырып әрбір хабарламаны тексеру және қарау жүзеге асырылатын «Жедел желі» жұмысы жолға қойылған. Қор қызметкерлері мен контрагенттері, сондай-ақ үшінші тұлғалар хабарламалардың құпиялылығы мен анонимділігін қамтамасыз ететін «Жедел желінің» кез келген арнасы арқылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне ақпарат бере алады. 2025 жылы «Жедел желі» арналары бойынша өтініштер түскен жоқ. Сондай-ақ 2025 жылы тоқсан сайын тақырыптық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтер жүргізіліп, олардың нәтижелері бойынша аналитикалық есептер жасалады және Қордың құрылымдық бөлімшелеріне ұсынымдар беріледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі Ішкі аудит қызметімен бірлесіп Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары қаражатының дұрыстығы мен нысаналы пайдаланылуын тексеру тұрғысынан өңірлік филиалдарға бірлескен іссапар жүргізді. Сонымен қатар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты» тақырыбында сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарын өткізу мақсатында Алматы облысы бойынша өңірлік филиалға іссапар жасады.
Бұдан басқа, 2025 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі Қауіпсіздік департаментімен бірлесіп екі қызметтік тергеп-тексеру жүргізді:


«LandTech Solutions» ЖШС жобасы бойынша;
«Рахматуллин» ДК жобасы бойынша.

Сондай-ақ көрсетілген қызметтік тергеп-тексерулер шеңберінде 2025 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі Қауіпсіздік департаментімен және Мониторинг департаментімен бірлесіп 2025 жылы жүргізілген тиімділік критерийлерінің орындалуы бойынша жобаларды тексеру мақсатында Жамбыл облысы бойынша өңірлік филиалға көшпелі тексеру жүргізді.
Қызметтік тергеп-тексерулердің нәтижелері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің ұсынымдарымен бірге Қордың уәкілетті органының қарауына шығарылды.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі Бағдарламалық қаржыландыру департаментінің қызметі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Қор қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін арттыру мақсатында 2025 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі мынадай тақырыптарда оқыту іс-шараларын өткізді:

- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-да жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу тәртібі;
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саясаты;
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-да сыйлық беру және сыйлық алу мәселелерін реттеу.
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-да инсайдерлік ақпаратқа билік ету мен оны пайдалануды ішкі бақылау қағидалары;
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қор қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністері фактілері болған жоқ.



СЫРТҚЫ АУДИТ



Жылдық қаржылық есептіліктің дұрыстығын тексеру және растау, сондай-ақ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін бағалау үшін Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 78-бабына және Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес Қор конкурстық іріктеу негізінде кәсіби аудиторлық ұйымды (сыртқы аудиторды) тартады.

Қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгіленген тәртіппен айқындау Қордың Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатады.

Қорда сыртқы аудитті ұйымдастыру «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 3 мамырдағы шешімімен (№04/2019 хаттама) бекітілген «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-да сыртқы аудитті ұйымдастыру саясатына сәйкес регламенттеледі. Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның (бұдан әрі – Қор) ішкі құжаттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы таныған қаржылық есептілік пен аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес әзірленді.

Саясаттың мақсаты сыртқы аудиторды тарту жөніндегі тиімді қызметті ұйымдастыру (оның ішінде сыртқы аудиторлар өз қызметінің бейіні бойынша көрсететін аудиторлық емес қызметтер), оларды таңдау бойынша жалпыға бірдей қабылданған рәсімдерді енгізу, Қордың сыртқы аудиторларының аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсету кезінде тәуелсіздік мәртебесін сақтауын қамтамасыз ету және мүдделер қақтығысына жол бермеу болып табылады.

Аудиторлық қызметтерді сатып алуды Қор сатып алуды жүзеге асыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес жүргізеді.

2025 жылғы қаржылық есептілік аудитін «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС жүргізді. «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-не 2025 жылғы қаржылық есептілік аудиті бойынша көрсетілген қызметтері үшін төленген сыйақы мөлшері ҚҚС-ты ескере отырып, 99 180 мың теңгені құрады.

2025 жылы «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС жекелеген қызметтер көрсеткен жоқ.
Қаржылық есептілік аудитін жүргізген аудиторлық ұйымдардың бұрынғы қызметкерлері Қорға жұмысқа қабылданған жоқ.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Қордың тәуекелдерді басқару жүйесі Қордың атқарушы органы мен басқару органын тәуекелдер және оларды азайту жөніндегі шешімдер туралы уақтылы ақпаратпен қамтамасыз ететін процестер мен рәсімдер жүйесін қамтиды.

Қордың тәуекелдерді басқару процесінің негізгі элементі оны ұйым қызметінің ерекшелігімен, қызметтің негізгі қағидаттарымен, бизнес-процестермен интеграциялау және әрбір қызметкердің тәуекелдерді басқару процесіне қатысуы болып табылады.

Қордың корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінің (бұдан әрі – КТБЖ) жұмыс істеуінің жүйелілігі мен үздіксіздігі төмендегі сызбада көрсетілген.



Қазіргі уақытта КТБЖ құрылымы тәуекелдерді басқарудың төрт деңгейін қамтиды:

- Директорлар кеңесі
- Басқарма
- Тәуекел-менеджмент департаменті
- Құрылымдық бөлімшелер (тәуекел иелері).

Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау ең «әлсіз» тұстарды айқындау үшін базалық саралауды жүзеге асыру арқылы қолданыстағы тәуекелдер мен олардың мөлшерлері туралы жалпы көріністі ұсынуға бағытталған. Бұл процесс негізгі тәуекелдерді басқарудың қолданылатын әдістері мен рәсімдерін бағалауға мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді басқару Қор қызметінің тәуекелдеріне байланысты шығындардың теріс әсері мен ықтималдығын азайтуға немесе шығындар туындаған жағдайда қаржылық өтем алуға мүмкіндік беретін шараларды әзірлеу және іске асыру процесін білдіреді.

Тәуекелдерді басқару жүйесі ШОБ жобаларына кепілдік беру бағдарламалары шеңберінде кредиттік тәуекелдерді кешенді талдау қағидаттарын іске асыруға бағытталған. Бағдарламаны іске асырудың маңыздылығын ескере отырып, Қор жыл сайын жобалық тәуекелдерді бағалау әдіснамасын жетілдіреді, бұл кредиттік тәуекелдерді бастапқы кезеңде барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Кепілдіктер беру немесе оларды беруден бас тарту туралы шешімдер қабылдау барысында Қор кредиттік тәуекелдерді бағалаудың өзінің кешенді әдістемесінің нәтижелерін пайдаланады. Бұл әдістеме жобаның қаржылық көрсеткіштеріне теріс әсер етуі және тиісінше берілген кепілдіктер портфелі бойынша Қордың кредиттік тәуекел деңгейін арттыруы мүмкін өзара байланысты тәуекел факторларын жан-жақты талдауға негізделеді.

2025 жылы қаржылық тәуекелдерді басқару кезінде тәуекелдердің төрт аймағы бөлінді:

- кепілдіктер
- ЕДБ-дегі шартты кредиттер
- бағалы қағаздар портфелі
- ЕДБ-дегі уақытша бос қаражат.

Оларды барынша азайту үшін контрагент банктермен белсенді операцияларға лимиттер белгілеу әдістемелері, ЕДБ, ЛК, корпоративтік эмитенттер мен түпкілікті қарыз алушылардың кредиттік тәуекелдерін қашықтан талдау қолданылды. Лимиттер белгілеу әдістемелерін қолдану Тәуекел-менеджмент департаментінің қаржылық тәуекелдерді басқарудың әдіснамалық және техникалық базаларын жетілдіру жөніндегі күш-жігерінің нәтижесінде мүмкін болды.

Қорда тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу басталған сәттен бастап тәуекелдерді басқару жөніндегі базалық әдіснамалық құжаттаманы енгізу бойынша елеулі жұмыс атқарылды. Атап айтқанда, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның орталықтандырылған іс-шаралары шеңберінде PWC тұлғасындағы сыртқы консультантпен бірлесіп банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің талаптарын ескере отырып, үздік халықаралық практикаға сәйкес әзірленген тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілді, ол тәуекелдердің барлық жекелеген түрлерін басқару мен бағалауды (кредиттік, нарықтық, операциялық тәуекелдер, бизнес-тәуекелдер, жылжымайтын мүлік тәуекелі), қалыпты және стресстік жағдайларды ескере отырып, тәуекелдердің жиынтық шамасын айқындауды, ішкі капиталдың жеткіліктілігін есептеуді және тәуекел-тәбетті қалыптастыруды (капитал жеткіліктілігі, кірістілік және өтімділік бөлігінде) қамтиды.

Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес Қор Басқармасы тоқсан сайын Директорлар кеңесіне негізгі тәуекелдердің сипаттамасы мен талдауы, тәуекелдер бойынша лимиттердің сақталуы туралы ақпарат, сондай-ақ негізгі тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі жоспарлар мен бағдарламалардың іске асырылуы туралы мәліметтер қамтылған шоғырландырылған негіздегі Тәуекелдер жөніндегі есепті ұсынады.

2025 жылғы Қаржылық мониторинг нәтижелері:

- Контрагент банктердің қаржылық мониторингі шеңберінде 2025 жылдың қорытындысы бойынша ҚНРДА белгілеген пруденциялық нормативтерді барлық ЕДБ сақтайтыны анықталды.
- Әріптес банктер тарапынан кредиттік келісімдер бойынша ковенанттардың бұзылуы анықталған жоқ.
- Тәуекелдер картасына сәйкес 01.01.2026 жылғы жағдай бойынша 12 тәуекел «сары» аймақта орналасқан. Қарыз алушыны/кепілдік алушыны тікелей қаржыландырудың кредиттік тәуекелі бойынша (F9 тәуекелі) жақсару тіркелді, ол «қызыл» аймақтан «сары» аймаққа өтті.
- 2025 жылдың соңында тәуекел-бейінінің нашарлауы байқалмайды.
- 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қордың тәуекел-тәбетінің барлық құрамдас бөліктері белгіленген лимиттер шегінде орналасқан.

Барлық сәйкестендірілген және бағаланған тәуекелдер тәуекелдер картасында көрсетіледі. Тәуекелдер картасы әрбір тәуекелдің салыстырмалы маңыздылығын (басқа тәуекелдермен салыстырғанда) бағалауға, сондай-ақ сыни болып табылатын және оларды басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді талап ететін тәуекелдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.
Корпоративтік деңгейдегі тәуекелдер тізілімі және Қордың тәуекелдер картасы мынадай топтарға жататын тәуекелдерді қамтиды: стратегиялық, қаржылық (кредиттік, нарықтық, өтімділік тәуекелі), құқықтық және операциялық. Ұшырау деңгейіне байланысты тәуекелдер «қызыл», «сары» және «жасыл» аймақтарға бөлінеді.

Барлық тәуекелдер бойынша тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары/бақылау рәсімдері жасалды:

1. тәуекелдердің негізгі индикаторлары (ТНИ) бекітілді;
2. іске асырылған және әлеуетті тәуекелдер базасын тұрақты жүргізу практикасы енгізілді;
3. Қор қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесі шеңберінде Қор қызметін қалпына келтіру және Қорды дағдарыстық басқару жоспарлары әзірленді.

Негізгі тәуекелдер

Қорда негізгі тәуекелдер мынадай санаттарға бөлінеді.

a. **Қор контрагенттерінің кредиттік тәуекелі** олардың Қор алдындағы өз міндеттемелерін орындамауы салдарынан ЕДБ, МҚҰ және ЛК-да орналастырылған қаражатты жоғалту тәуекелін білдіреді.

b. **Кепілдік беру портфелі бойынша кредиттік тәуекел** – қарыз алушы Қордың кепілдігімен қамтамасыз етілген кредиттік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, кепілдік төлеу жөніндегі Қор міндеттемелерінің туындау тәуекелі. Міндеттемелері бойынша Қор кепілдік берген қарыз алушы дефолтқа жол берген жағдайда туындайды, нәтижесінде кредитор (банк) кепілдік сомасын төлеу туралы талап қояды.

c. **Қаржылық тәуекел** – валюта бағамдарының ауытқуы мен пайыздық мөлшерлемелердің теңгерімсіз құрылымына байланысты шығындардың пайда болу ықтималдығы.

d. **Операциялық тәуекел** –ішкі процестердің, персоналдың іс-әрекеттерінің, жүйенің жұмыс істеуінің бірегейсіз немесе қателігі нәтижесінде, сондай-ақ сыртқы оқиғаларды, оның ішінде құқықтық тәуекелді (стратегиялық және беделін жоғалту тәуекелін қоспағанда) іске асыру себебінен туындайтын залалға әкеп соғатын тәуекел.

e. **Құқықтық тәуекел** – заңнаманың, нормативтік құқықтық актілердің, келісімдердің, қабылданған практиканың немесе этикалық нормалардың талаптарын бұзудан немесе сақтамаудан туындайтын ықтимал тәуекел.

f. **Стратегиялық тәуекел** – Қордың қызметі мен даму стратегиясын айқындау және іске асыру, саяси ортаның, өңірлік конъюнктураның, салалық құлдыраудың және жүйелік сипаттағы басқа да сыртқы факторлардың өзгеруі немесе қателіктері (кемшіліктері) салдарынан залалдардың туындау тәуекелі.

Есепті кезеңдегі тәуекелдерді талдау

Екінші деңгейдегі банктерге (ЕДБ) тәуекелдер

- 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ЕДБ-дағы Қор тәуекелдерінің жиынтық мөлшері 586 815 млн теңгені құрады.
- Бес ірі серіктес банктерге тәуекелдердің шоғырлануы 84%-ды құрады.
- Қаражатты орналастыру сапасы жоғары болып қалуда: портфельдің 98%-ы «B+» рейтингі бар және S&P шкаласы бойынша жоғары қаржы институттарында орналастырылған.
- ЕДБ-контрагенттердің жиынтық несие портфелі 17%-ға өсуді көрсетті, бұл ретте ШОБ сегментіндегі несие портфелі 8%-ға ұлғайды.

Кепілдік беру портфелі бойынша тәуекелдер

- Қор тәуекелдерінің ең жоғары көлемі кепілдіктер портфеліне шоғырланған, оның мөлшері шамамен 740 млрд теңгені құрайды.
- Осы портфель бойынша мерзімі 90 күннен асатын қарыздардың үлесі (NPL 90+) тұрақты төмен деңгейде және 0,67%-ды құрайды.
- Кепілдіктер портфелін резервтермен (провизиялау) жабудың орташа деңгейі 4,63% деңгейінде қалыптасты.

Микроқаржылық және лизингтік ұйымдарға тәуекелдер (МҚҰ/ЛК)

- МҚҰ мен ЛК тәуекелдерінің жалпы мөлшері 27 377 млн теңгені құрады.
- Осы ұйымдарға белгіленген лимиттер сақталады, портфельдің 100%-ы құнсызданудың 1-сатысында.





Ішкі бақылау жүйесі Корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі және бизнес-процестердің тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды элемент болып табылады. Қолданыстағы ішкі бақылау жүйесін жетілдіру мақсатында Қор мынадай іс шараларды жүргізеді:

Тәуекел-менеджмент департаменті туралы ережеге ішкі бақылау жүйесінің рәсімдерін енгізу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді;
Ішкі бақылау жүйесіндегі Тәуекел-менеджмент департаментінің екінші қорғаныс желісі ретіндегі рөлі нақтыланды, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесі шеңберіндегі тәуекел оқиғалары туралы ақпарат көздері бекітілді.

Ішкі бақылау жүйесіндегі тәуекелдер мен кемшіліктерді анықтау мақсатында анықталған бұзушылықтарды/ескертулерді жою және Қордағы ішкі бақылауды жетілдіру бойынша кешенді шаралар қабылданады. Тәуекел-менеджмент департаменті тұрақты негізде:

Қордың барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне қатысты Ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуына мониторинг;
сыртқы аудит жүргізу нәтижелері бойынша ұсынылған ұсынымдардың орындалуына мониторинг;
мемлекеттік органдардың, Қордың жалғыз акционері – «Бәйтерек» ҰИХ» АҚ және Қордың тәуелсіз директорларының ұсынымдарының орындалуына мониторинг жүргізеді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қордың Ішкі аудит қызметінің, сыртқы аудиторлар мен мемлекеттік органдардың, Қордың Жалғыз акционерінің ұсынымдарын орындау дәрежесі 100%-ды құрады, бұл түзету іс-әрекеттерін іске асыру шеңберінде көзделген іс-шаралардың уақтылы және толық орындалғанын куәландырады.

Қордың корпоративтік ішкі бақылау жүйесін бағалауға сәйкес Ішкі аудит қызметі 96% деңгейінде қорытынды балл берді.

Тәуекел-менеджмент процестерін ұдайы жетілдіру шеңберінде 2025 жылы мынадай өзгерістер енгізілді:

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ екінші деңгейдегі банктерге лимиттер белгілеу ережесіне, контрагент-банктерге ең жоғары лимитті есептеу, компаниялар тобына лимиттерді ресімдеу үшін «компаниялар тобы» ұғымын енгізу, уақтылы ден қою үшін уәкілетті органдардың қарауына екінші деңгейдегі банктердің қаржылық жағдайына мониторинг ұсыну мерзімдерін регламенттеу бөлігінде өзгерістер енгізілді;

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Тәуекелдерді басқару саясатына ден қоюдың жеделдігін қамтамасыз ету үшін уәкілетті органдардың қарауына тәуекелдер бойынша есепті ұсыну мерзімдерін қысқарту бөлігінде өзгерістер енгізілді;

Қордың тәуекелдерін басқарудың бірыңғай тәсілін регламенттеу, активтерді орналастыру бойынша қабылданатын шешімдердің ашықтығы мен болжамдылығын арттыру, сондай-ақ жекелеген валюталарда немесе экономика секторларында қаржы ресурстарының артық шоғырлануына жол бермеу мақсатында кепілдік беру портфелінің шоғырлануына лимиттерді, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ валюталық және салалық лимиттерін белгілеу жөніндегі нұсқаулық бекітілді;

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ лизингтік компанияларымен операцияларға лимиттер белгілеу қағидаларына тиісті рейтингілердің талаптары бөлігінде өзгерістер енгізілді;

Бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің коэффициенттерін сақтау мақсатында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимылы жөніндегі нұсқаулық бекітілді;

Тәуекел-менеджмент департаментінің «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл регламентіне өзгерістер енгізілді.

ҚОРДЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ (ESG)

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында:

«Жетекші экономикалар үшін «жасыл» қаржы тарту ісінің маңызы арта түсуде. Өткен жеті жылда жер жүзінде «жасыл» облигацияларға екі жарым триллион доллардан астам қаражат жұмсалды. ESG қағидалары аз уақыт ішінде қаржы ұйымдарының қалыпты тәжірибесіне айналды».

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры экологиялық, әлеуметтік және басқару бастамаларын (Environmental, Social and Corporate Governance, ESG) қолдай отырып, орнықты даму саясатын дәйекті түрде іске асырады. Әлеуметтік жауапты ұйым ретінде Қор өз қызметінің барлық аспектілеріне ESG-қағидаттарын енгізуге баса назар аудара отырып, бизнесті мемлекеттік қаржылық қолдаудың кешенді шараларын іске асыруды қамтамасыз етеді.
Қор орнықты даму, Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, экологиялық, әлеуметтік және гендерлік саясат саласындағы ішкі саясаттар мен рәсімдерді тұрақты жақсартуға ұмтылады. **ESG-бастамалардың** бекітілген **жол картасы шеңберінде** Қор тұрақты даму қағидаттарын корпоративтік процестерге және кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларына дәйекті интеграциялауды жалғастыруда.
Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Қор орнықты дамудың мынадай негізгі қағидаттарын басшылыққа алады: ашықтық, есеп берушілік, айқындық, әдептілік мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау, заңның үстемдігі, адам құқықтарын құрметтеу, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік және мүдделер қақтығысына жол бермеу.

Қор экономиканың орнықты өсуін қамтамасыз етудегі, экологиялық жағдайды жақсартудағы және әлеуметтік әділеттілікті арттырудағы өз рөлін түсінеді. Озық халықаралық тәжірибені ұстана отырып, Қор ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның орнықты дамуына ықпал ете отырып, оның қаржылық қолдауын алатын жобалардың жоғары экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

ОРНЫҚТЫ ДАМУ ШЕҢБЕРІНДЕГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚТК

«Даму» қорының алдағы 2024-2033 жылдарға арналған Даму стратегиясы шеңберіндегі стратегиялық мақсаттарының бірі орнықты даму деңгейін арттыру болып табылады. Бұл мақсат ұзақ мерзімді кезеңде орнықты даму қағидаттарын интеграциялауға бағытталған. Экономикалық тиімді және орнықты қызмет мақсатына қол жеткізген кезде Қор экологиялық және әлеуметтік мәселелерде, сондай-ақ «Даму» қорының мемлекеттік қаржылық қолдауын алатын жобалар шеңберінде корпоративтік басқару мәселелерінде (ESG факторлары) озық халықаралық тәжірибені ұстанады.

Орнықты даму деңгейін арттыру жөніндегі стратегиялық мақсатты іске асырудың нәтижесі орнықты даму рейтингін арттыру болуға тиіс. Компанияның қызметіне ESG-мәселелерін енгізудің тиімділігін бағалаудың негізгі құралы тұрақты даму рейтингі болып табылады. Сонымен қатар, мұндай рейтинг компанияның ұзақ мерзімді кезеңдегі тұрақтылығын анықтау үшін тәуекелдері мен мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған.
Осыған байланысты, «Даму» қорының 2024-2033 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясы шеңберінде «Орнықты даму рейтингі» орнықты даму саласындағы Қордың негізгі стратегиялық ҚТК ретінде енгізілген. Бағалау деңгейін арттыру «Даму» қоры іске асырған әлеуметтік, корпоративтік және экологиялық аспектілерді дамытуға және басқару практикасын жетілдіруге бағытталған мақсаттар мен міндеттердің нәтижесі болып табылады.

ESG-КҮН ТӘРТІБІ АЯСЫНДА 2025 ЖЫЛҒЫ «ДАМУ» ҚОРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ

2025 жылы Қор тұрақты даму деңгейін арттыру стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде бекітілген 2024-2033 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес ESG-күн тәртібін іске асыруды жалғастырды. 2025 жылғы CSA қорытындысы бойынша «Даму» қоры S&P Global компаниясынан ESG бойынша 30 балл алды, бұл Қордың тұрақты даму саласындағы жұмысының қорытындыларының бірі болды.

Есепті жылдың маңызды оқиғаларының бірі Қордың 2025 жылғы 17 қаңтарда Әзірбайжанның COP29-ға төрағалық етуі күн тәртібі шеңберінде ШОБ үшін Баку климаттық коалициясының жасылға көшуі туралы декларацияға қосылуы болды. Бұл бастамаға қатысу Қордың микро, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың тұрақты тәсілдерін ілгерілетуге және халықаралық ESG-күн тәртібін дамытуға мүдделілігін көрсетеді.
2025 жылы Қор «жасыл» және әлеуметтік жобаларға қолдау көрсетуді жалғастырды. Есепті кезеңде 4,4 млрд теңге сомасына 36 «жасыл» және әлеуметтік жобаларға қолдау көрсетілді, бұл орнықты даму қағидаттарын кәсіпкерлікті қолдау тетіктеріне интеграциялау жөніндегі жұмыстың практикалық жалғасын растайды.

ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

ҚОРДЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫ ЖӨНІНДЕГІ 2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН



2025 жылы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қордың қызметіне орнықты дамудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерін дәйекті енгізуге бағытталған орнықты даму саласындағы 2024-2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруды жалғастырды. Осы бөлімде есепті кезеңдегі орнықты даму саласындағы іс-шараларды орындау және нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу қорытындылары ұсынылған.

Орнықты даму саласындағы 2024-2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары жаңа редакцияда Басқарманың 27.11.2025 жылғы № 98/2025 шешімімен бекітілді және Саясатқа сәйкес 3 көрсеткіш бойынша айқындалды: экономикалық көрсеткіш бойынша - 10 іс – шара, әлеуметтік көрсеткіш бойынша – 12 іс-шара, экологиялық көрсеткіш бойынша – 26 іс-шара. Іс-шаралар жоспары барлығы 48 іс-шарадан тұрады. Жыл сайын тұрақты негізде немесе қажетіне қарай орындалатын іс-шаралар саны – 40. 2025 жылы орындалуы тиіс іс-шаралардың барлығы – тұрақты және жыл сайынғы іс-шараларды ескере отырып, - 45. Аталған іс-шаралардың ішінен 2025 жылы барлық іс-шаралар орындалды, атап айтқанда:

- Қор 2025 жылғы әлеуметтік бастамалар аясында қайырымдылық көмек көрсетті. Жобаны іске асыруға 5 млн теңге бағытталды. Қаражат өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға көмек көрсететін «Азия Доктринасы» клиникасының базасында құрылған «Айналайын Ботақан» жеке қорына берілді. Қолдаудың арқасында 10 бала кешенді емдеу және оңалту курсынан өтті. Қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылғаны Қордың мониторингілеуімен расталды.
- «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында 2025 жылы Қор қызметкерлерінің қатысуымен іргелес аумақты абаттандыру және санитарлық тазарту бойынша сенбіліктер өткізілді.
- 2025 жылы Қорда «ҚР ТЖМ Апаттар медицинасы орталығы» ММ филиалының қызметкерлерімен алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша оқыту іс-шарасы, семинар-сабақ, сондай-ақ «Сейсмология. Жер сілкінісі кезіндегі әрекеттер және судағы қауіпсіздік шаралары» мәселелері бойынша сабақ өткізілді.
- Қордың қызметі туралы ақпарат ресми сайтта және әлеуметтік желілерде орналастырылады. Жыл бойы түрлі іс-шаралар өткізіледі: ашық есік күндері, брифингтер, тікелей эфирлер және кәсіпкерлер мен кең аудиторияны Қордың қолдауы мен бағдарламалары туралы хабардар етуге бағытталған басқа да іс-шаралар. Барлық аталған іс-шаралар мен жарияланымдар тұрақты негізде жүзеге асырылады. 2025 жылы БАҚ-та 399 жарияланым орналастырылды, оның ішінде: БАҚ-та сөз сөйлеу – 49, мақала жазу – 42.
- 2025 жылы Қордың барлық қызметкерлеріне «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты» және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саясаты» тақырыптарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және басқа да құқыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту семинарлары өткізілді.

Сондай-ақ, «Даму» қорының орнықты даму саласындағы саясатында орнықты даму саласындағы нысаналы көрсеткіштерді, ҚТК-ні айқындау қажеттілігі көзделген. 2025 жылға арналған орнықты даму саласындағы қызметтің тиімділігін бағалау көрсеткіштерінің нысаналы мәндері Басқарманың 14.11.2024 жылғы №79/2024 шешімімен бекітілді және «Даму» қорының орнықты даму саласындағы саясатына сәйкес 3 көрсеткіш бойынша белгіленді: экономикалық көрсеткіш бойынша – 4 көрсеткіш, әлеуметтік көрсеткіш бойынша – 7 көрсеткіш, экологиялық көрсеткіш бойынша – 4 көрсеткіш. Барлығы – 15 көрсеткіш. 2025 жылы көрсетілген барлық көрсеткіштер орындалды, бұл келесі нәтижелермен расталады:

- «Voctiv Kazakhstan» ЖШС компаниясымен байланыс орталығы үшін дауыстық роботтар жасау бойынша пилоттық жоба өткізілді;
- 2025 жылғы желтоқсанда «1408» базасында «Бәйтерек» холдингінің бірыңғай байланыс орталығының тұжырымдамасы бекітілді;
- 2025 жылы Қорда сыбайлас жемқорлық және алаяқтық фактілері, жұмыс орнында жарақат алу және кемсітушілік жағдайлары тіркелген жоқ;
- 2025 жылы қағазды тұтыну 822 дана болды, бұл 1492 дананы құраған 2024 жылғы деңгейден төмен, яғни төмендеу шамамен 44,9 %-ды құрады;
- 2025 жылы суды тұтыну 5877 м3 құрады, бұл 6324 м3-ді құраған 2024 жылғы деңгейден төмен;
- кеңседе қалдықтарды, ұйымдастыру техникасын сұрыптау және қоймалау жүргізіледі, сондай-ақ оларды тиісінше кәдеге жарату қамтамасыз етіледі.



Қордың тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Іс-шаралар жоспарын іске асыруға және өз құзыреттері шеңберінде орнықты даму саласындағы ҚТК-ға қол жеткізуге дербес жауапты болады.

«ДАМУ» ҚОРЫНЫҢ БҰҰ ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

«Даму» қоры 2015 жылы БҰҰ Бас ассамблеясы әзірлеген орнықты даму саласындағы (ОДМ) 17 мақсатты «Баршаға жақсы және орнықты болашаққа қол жеткізу жоспарын» қолдайды. Ішкі бағалау шеңберінде, **«Даму» қоры** бүгінгі таңда өз қызметінде БҰҰ-ның орнықты даму **мақсаттарының 17-нен 15-ін** ескереді:

БҰҰ ОДМ	«Даму» қорының қызметі	«Даму» қорының БҰҰ ОДМ қол жеткізуге қосқан үлесі
1 КЕДЕЙШІЛІКТІ ЖОЮ; 2 АШТЫҚТЫ ЖОЮ	• қайырымдылық	• Қор ҰОС ардагерлеріне, еңбек ардагерлеріне және соғыс балаларына азық-түлік себеттері түрінде тұрақты негізде қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетеді. Қор жеке қайырымдылық қорларына көмек көрсетеді, жыл сайын қайырымдылық жәрмеңкелері ұйымдастырылады. • Қор жыл сайын қайырымдылық акцияларын өткізеді, оның ішінде оқушыларға, соғыс ардагерлеріне, үйсіз жануарларға материалдық көмек көрсету. • Басқарманың 23.06.2025 жылғы шешімімен, № 43/2025 хаттама, «Айналайын Ботақан» жеке қорына 5 000 000 (бес миллион) теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсету мақұлданды.
3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ	• қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау • көмек көрсету • донор күні	• Қорда жұмыс процесін ұйымдастыру **еңбекті қорғау** бөлігінде **қызметкерлердің қорғалу жай-күйінің деңгейін арттыруға**, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға және қызметкерлердің денсаулығын сақтауға, **қауіпсіздік мәдениетін** жүйелі түрде енгізуге және **жазатайым оқиғаларға жол бермеуге бағытталған**. • Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «Жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 бұйрығының талаптарына сәйкес жыл сайын оқыту іс-шаралары өткізіледі • Қор қызметкерлерінің өміріне төнетін қатерді азайту және денсаулығын сақтау мақсатында тегін медициналық сақтандыру ұсынылады және жыл сайынғы медициналық тексерулер жұмыстан қол үзбей жүргізіледі. Сонымен қатар, ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу мақсатында маусымдық вакцинация ұйымдастырылады. • Қор қызметкерлері жыл сайын «Донор күні» акциясына қатысады, осылайша басқа адамдардың денсаулығы мен өмір сүру ұзақтығына өздерінің бірегей үлестерін қосады. • COVID-19-дан зардап шеккен экономика секторларын қолдау жөніндегі іс-шаралар шеңберінде 2021 жылғы қыркүйекте «Даму» қоры KASE алаңында 1 млрд теңге сомасына **әлеуметтік облигациялардың дебюттік шығарылымын** жүзеге асырды. • Қор Халықаралық қарттар күніне орай қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Қордың Бас кеңсесі мен өңірлік филиалдары қызметкерлерінің күшімен қаражат жиналып, қарт адамдарға азық-түлік себеттері табысталды. • 2025 жылдың мамыр айында Ұлы Жеңіс күні қарсаңында қаражат жинау ұйымдастырылды, Қор қызметкерлері түскен қаражатқа Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін құттықтап, сыйлықтарды (азық-түлік себеттерін) табыс етті. • 2025 жылғы 17 маусымда Алматы қаласының Қалалық қан орталығымен бірлесіп «Донор күні» акциясы ұйымдастырылып, өткізілді, оған Бас кеңсе мен Алматы қаласы бойынша өңірлік филиалдың 30-ға жуық қызметкері қатысып, қан тапсырды. • 2025 жылғы 27-28 маусымда «Еуразия» сақтандыру компаниясы» АҚ қызметкерлердің медициналық тексерілуін ұйымдастырып, өткізді.

БҰҰ ОДМ	«Даму» қорының қызметі	«Даму» қорының БҰҰ ОДМ қол жеткізуге қосқан үлесі
4 САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ	• оқыту бағдарламаларын ұйымдастыруды қамтитын кәсіпкерлерді қаржылық емес қолдау • ішкі оқыту бағдарламаларын іске асыру	• Қаржылық қолдау бағдарламаларымен қатар «Даму» қоры кәсіпкерлерді оқыту және консультациялық қолдау бағдарламаларын іске асыру бойынша жұмыс жүргізуде. Жергілікті және шетелдік серіктестермен бірлесіп түрлі оқыту іс-шаралары ұйымдастырылады. • Қор қызметкерлерін оқыту жоспарына сәйкес қызметкерлерді **оқыту және кәсіби дамыту бойынша** жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі. Қор **лайықты уәждемемен және сыйақымен қамтамасыз ете отырып, кадрлық резервке** ие. • 2025 жылы **Қордың 468 қызметкері 24 оқыту іс-шарасы** шеңберінде оқытудан өтті.
5 ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК	• тең жұмыс жағдайлары мен мүмкіндіктер жасау • қызметті бағалау мен сыйақының тең жүйесін қамтамасыз ету	• Әйелдер кәсіпкерлігін дамытуды ынталандыру Мемлекет басшысы айқындаған мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, әйелдер кәсіпкерлігін отбасы институтымен, көп балалы аналармен қатар қолдау, **гендерлік теңгерімді қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтары болып табылады.** • Қор **тең жұмыс жағдайлары мен мансаптық мүмкіндіктер жасауға** ұмтылады және гендерлік, этникалық немесе өзге де кемсітушілікке жол бермейді. «Даму» қорының гендерлік саясаты енгізілді. • **2025 жылдың деректері бойынша «Даму» қоры қызметкерлерінің жалпы штаттық санындағы ерлер үлесі** 38,8%-ды, әйелдер – персоналдың орташа тізімдік санының 61,2 %-ын **құрайды.**
6 ТАЗА СУ ЖӘНЕ САНИТАРИЯ	• жасыл кеңсе	• **«Жасыл кеңсе»** тұжырымдамасы шеңберінде Қор су ресурстарын ұтымды пайдалану және санитария мәдениетін арттыру бойынша жұмыс жүргізуде, **оның ішінде Қор қызметкерлерді таза** ауыз сумен, сондай-ақ санитария заттарымен (санитайзерлер, сабындар, майлықтар және басқалар) қамтамасыз етеді. • 2025 жылы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Coca-Cola Kazakhstan компаниясының, «GPI-Lab» ЖШС және Green Urban қауымдастығының қолдауымен жүзеге асырылатын ұлттық жоба – Smart Plastic Zone экологиялық бастамасына қатысты. Қатысу қорытындысы бойынша Қор пластикті пайдалануды барынша азайтуды, баламалы материалдарды қолдануды, сондай-ақ қалдықтарды бөлек жинауды және қайта өңдеуге беруді ұйымдастыруды қоса алғанда, экологиялық жауапкершіліктің жоғары деңгейін растайтын алтын белгіге ие болды.
7 ҚЫМБАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ	• жасыл кеңсе	• «Жасыл кеңсе» тұжырымдамасы шеңберінде энергия үнемдеу мәдениетін арттыру, ресурстарды (энергия тұтыну, су тұтыну) тұтынуды қысқарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

БҰҰ ОДМ	«Даму» қорының қызметі	«Даму» қорының БҰҰ ОДМ қол жеткізуге қосқан үлесі
8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ	• **Қордың қаржы құралдарын ұсыну арқылы МШОК қолдау және дамыту** • **көрсетілетін қызметтердің клиентке бағдарлануын арттыруға бағытталған бастамаларды іске асыру**	Қор жыл сайынғы негізде **Кадр резервін** бекітеді. Қор қызметкерлері «Бәйтерек» ҰИХ» АҚ бірыңғай кадр резервінде тізімделеді. 2025 жылы **Қордың 23 қызметкері «Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі» АҚ бірыңғай кадр резервіне** кіреді, оның ішінде: • 3 қызметкер – «топ-20» тобында; • 11 қызметкер – «топ-50» тобында; • 9 қызметкер – «топ-100» тобында. • Сондай-ақ, Қор қызметкерлердің **кәсіби және жеке құзыреттерін дамыту** бағытында белсенді жұмыс істейді. • Қор іске асыратын мемлекеттік қолдау шаралары (сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, кәсіпкерлердің міндеттемелері бойынша кепілдік беру және жеңілдікпен кредиттеу) қолданыстағы жұмыс орындарын қолдау және жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру, отандық кәсіпорындардың өндіріс деңгейін ұлғайту және қаржыландырудың барынша қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін микро-, шағын, шағын және орта кәсіпкерлікті ынталандыруға бағытталған. • «Даму» қоры бизнес-процестерді кәсіпкерлер үшін барынша қолжетімді, ыңғайлы және ашық етуге ұмтылады. Осы мақсатты іске асыру үшін 2016 жылдан бастап цифрлық технологиялар жоспарлы түрде енгізілді. Осының арқасында Қордың цифрландыру деңгейі 100%-ды құрайды, бұл кәсіпкерлерге онлайн-өтінімдер беруге және Қордың қолдауын қашықтықтан алуға мүмкіндік береді, бұл көрсетілетін қызметтердің клиентке бағдарлануын арттыруға ықпал етеді. Мемлекеттік қолдау шараларын алу үшін өтінімдер беру online.damu.kz. интернет-порталы арқылы, egov.kz «электрондық үкімет» сайты, сондай-ақ ЕДБ-дан деректерді қабылдау-беру жөніндегі web-сервис арқылы жүзеге асырылады. • Мемлекеттік қолдау және мониторингілік жобалардың өтінімдері бойынша жедел ақпарат алу үшін мемлекеттік дерекқорлармен интеграциялау жүзеге асырылады.
9 ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ	• **өндеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған жобаларды қолдау** • **қазақстандық шикізаттық емес тауар өндірушілерді және қызмет көрсетушілерді сыртқы нарықтарда ілгерілету және олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейту**	• Қор **экономиканың басым салаларын**, оның ішінде қайта өңдеу, өңдеу өнеркәсібі, медицина, оқыту, туризм және т.б. салаларын қолдауды жүзеге асырады. • Қор жыл сайын мемлекеттік қолдау алған қазақстандық «ULTTYQ ÓNIM» өндірушілерінің көрмесін өткізеді. Көрмені «Даму» қоры 2015 жылдан бастап өткізеді және қатысушыларға өнімдер мен қызметтердің сапасын арттыруда жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін отандық өнімді өндіру, қайта өңдеу және ілгерілету саласында тәжірибе алмасудың бірегей мүмкіндігін ұсына отырып, қазақстандық тауар өндірушілерді біріктіру үшін тиімді платформа ретінде қызмет етеді. 2025 жылы қатысушылардың саны экономиканың түрлі секторларынан және мемлекеттік бағдарламалармен қолдау тапқан ел өңірлерінен 366 компанияға жетті, ал келушілер саны 25 600 адамнан асты, сату сомасы 76 млн теңгені құрады.
10 ТЕҢСІЗДІКТІ ҚЫСҚАРТУ	• **жастарға, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге арналған өнімдерді әзірлеу** • **халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған өнімдерді әзірлеу** • **қайырымдылық жобаларын іске асыру арқылы қатысу өңірлерінде мүмкіндігі шектеулі адамдарды қолдау**	• Қор іске асыратын бағдарламалар шеңберінде әлеуметтік және жастар кәсіпкерлігін қолдау құралдары әзірленуде. • Қолдау көрсету және физикалық дамуында қиындықтары бар, оның ішінде мүгедектігі немесе ақыл-ой ерекшеліктері бар адамдарды Қордың белсенді өміріне қосу мақсатында Қор қызметкерлерінің жалпы штат санында мүгедектігі бар қызметкерлер бар. • Сондай-ақ, Қор әйелдер кәсіпкерлігін қолдау үшін бағдарламаларды іске асыруда. Қор көрсеткен мемлекеттік қолдау шараларының арқасында кәсіпкер әйелдердің үлесі Қордың барлық бағдарламалары шеңберінде қаржылық қолдау алған кәсіпкерлердің жалпы санының 48%-дан астамын құрайды. Мәселен, 01.01.2026 жылға Қор әйелдер кәсіпкерлігінің жалпы сомасы 4 732 млрд теңгеге (жалпы соманың 29,8%) 112,2 мың жобасын қолдады.

БҰҰ ОДМ	«Даму» қорының қызметі	«Даму» қорының БҰҰ ОДМ қол жеткізуге қосқан үлесі
12 ЖАУАПТЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС	• **МШОК кешенді қолдау**	• Қор сенім индексін және Қор қызметіне қанағаттанушылықты анықтау үшін тәуелсіз компанияны тарта отырып, жыл сайынғы негізде клиенттерге сауалнама жүргізеді. 2025 жылы зерттеуді «Alpha Group Media» ЖШС тәуелсіз компаниясы жүргізді. Зерттеу қорытындысы бойынша МШОК субъектілерінің Қор қызметіне деген сенімі мен қанағаттанушының интегралды индексі 93,6%-ды құрады.
13 КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН КҮРЕС	• **жасыл жобаларды қолдау**	Іске асырылып жатқан құралдар шеңберінде Қор жалпы кредит сомасы 251,6 млрд теңгеге 227 «жасыл» жобаға қолдау көрсетті. Оның ішінде 2025 жылы 4,4 млрд теңгеге 36 «жасыл» және әлеуметтік жобаларға қолдау көрсетілді.
16 БЕЙБІТШІЛІК ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ТИІМДІ ИНСТИТУТТАР	• **елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру** • **Қордың мүдделерін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуге/ өзектендіруге қатысу**	• 2025 жылы Қор 2024-2033 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыруды, сондай-ақ мемлекеттік экономикалық саясаттың жаңа басымдықтарын, кәсіпкерлікті қолдау құралдарын жетілдіру және Қор қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі міндеттерді ескере отырып, оны өзектендіруді жалғастырды. • Қор елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, кәсіпкерлікті қолдау шараларының қолжетімділігін қамтамасыз етуге және микро, шағын және орта бизнесті қаржыландыруды кеңейтуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен бастамаларды іске асыруға қатысты. • Есепті жылы Қор кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау тетіктерін реттейтін және Қордың мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер мен ішкі құжаттарды пысықтауға және өзектендіруге қатысты. • Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету мақсатында Қор сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтерді, қызметкерлер үшін оқыту іс-шараларын жүргізуді, кері байланыс арналары арқылы келіп түсетін өтініштерді қарауды, сондай-ақ ішкі бақылау және комплаенс рәсімдерін жетілдіруді қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды тұрақты негізде іске асырды. • Қор қаржылық және қаржылық емес ақпаратты ашып көрсету, корпоративтік басқару қағидаттарын сақтау, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту арқылы корпоративтік басқарудың есептілігін, ашықтығы мен сапасын дамытуды қамтамасыз етті.
17 ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҮШІН СЕРІКТЕСТІК	• **тұрақты даму мәселелері бойынша халықаралық институттармен және қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық** • • **Қазақстанда ОДМ ілгерілету жөніндегі конференцияларға, форумдарға, дөңгелек үстелдерге қатысу**	2025 жылы «Даму» қоры орнықты даму мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды дамытуды жалғастырды. Есепті жылы Enterprise Georgia (Грузия), Jordan Enterprise Development Corporation (JEDCO), Өзбекстан Республикасының Жұмыспен қамту және кедейлікті азайту министрлігімен, Беларусь кәсіпкерлерді қаржылық қолдау қорымен, сондай-ақ Әзірбайжан Республикасының экспорт пен инвестицияларды ынталандыру агенттігінің (AZPROMO) қатысуымен ынтымақтастық туралы меморандумдар мен келісімдерге қол қойылды. Сонымен қатар, Қор «жасыл» және тұрақты жобаларды қолдау мәселелері бойынша халықаралық институттармен және қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимылды жалғастырды, сондай-ақ орнықты даму және ESG-тәсілдерін ілгерілету мәселелеріне арналған іс-шараларға қатысты.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

2025 жылы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры кәсіпкерлермен, мемлекеттік органдармен, қаржы институттарымен, халықаралық ұйымдармен және өзге де әріптестермен ашық диалогты қамтамасыз ете отырып, мүдделі тараптармен жүйелі өзара іс-қимылды жалғастырды. Қордың корпоративтік басқару кодексінде Қор ішіндегі және мүдделі тараптармен қарым-қатынастардағы ашықтықтың, есептіліктің және іскерлік этиканың жоғары деңгейінің маңыздылығы атап көрсетілген.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілі

Қор мүдделі тараптармен өзара іс-қимылға оларды сәйкестендіруді, саралауды және Қордың қызметіне ықпал ету дәрежесін ескере отырып, өзара іс-қимыл нысандарын айқындауды көздейтін жүйелі тәсілді қолданады. Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Қор мүдделі тараптардың картасын қалыптастырады, бұл бағдарламаларды іске асыру, бизнес-процестерді жетілдіру және корпоративтік басқаруды дамыту кезінде негізгі қатысушылардың күтулерін ескеруге мүмкіндік береді.

Өзара іс-қимыл нысандары

2025 жылы Қор мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың әртүрлі нысандарын, соның ішінде кәсіпкерлерге консультациялық және ақпараттық қолдау көрсетуді, ресми сайт, электрондық пошта, 1408 бірыңғай байланыс орталығы, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттар арқылы өзара іс-қимылды пайдаланды. Сондай-ақ, Қордың ресми сайтында кәсіпкерлерге ұсынылатын консалтингілік компаниялар туралы ақпарат орналастырылған, бұл ретте оларға жүгіну ерікті сипатта болады, ал Қор менеджерлері өтеусіз негізде консультациялар береді.

Өзара іс-қимылды бағалау және дамыту

Қор кері байланыс арналарын дамытуды, қаржы және халықаралық институттармен әріптестік өзара іс-қимылды кеңейтуді, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларын іске асыру және корпоративтік басқаруды дамыту кезінде негізгі стейкхолдерлердің мүдделерін ескеруді қоса алғанда, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіруді жалғастыруда.

2025 жылғы өзара іс-қимылдың негізгі бағыттары

Есепті жылы өзара іс-қимылдың негізгі бағыттарының бірі қаржы институттарымен әріптестікті дамыту болды. Атап айтқанда, Қор екінші деңгейдегі 12 банкпен және Холдингтің еншілес ұйымдарымен портфельдік кепілдік беру туралы келісімдерге қол қойды, бұл бизнесті қолдаудың жаңа құралдарын іске асыру шеңберінде қаржы секторымен белсенді өзара іс-қимылды растайды.

Қор сонымен қатар халықаралық ынтымақтастық пен үздік тәжірибелермен алмасуды дамытуды жалғастырды. 2025 жылы Қор ШОБ үшін Баку климаттық коалициясының жасылға көшу декларациясына қосылды, Кепілдік қоры құралдарының тетіктері бойынша ұсынымдары бар KODIT қорытынды есебін алды, Қытайдың шетелдегі кәсіпорындарды дамыту қауымдастығымен (CODA) ынтымақтастық орнатты және 2025 жылғы 27 тамызда JEDCO-мен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Сонымен қатар, Қор AECM, KOBIA, KOSME, KOSGEB, KGF, PARP-пен өзара іс-қимылды жалғастырды, сондай-ақ Францияның даму агенттігімен және Дүниежүзілік банкпен ынтымақтастықты пысықтады.





ҚОРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІНЕ ӘСЕР ЕТУ АЯСЫ

Стейкхолдерлер	Қордың мүдделеріне әсер ету аясы					
	Стратегиялық даму	Операциялық қызметі	Нормативтік реттелуі	Жобаларды және/немесе бизнес-процестерді басқару сапасы	Операциялық нәтижелері	Беделі
Өкілеттіктер/ жауапкершілік аясы						
Жалғыз акционер	*		*			*
Басқару органы	*		*		*	
Менеджмент	*	*	*	*	*	*
Персонал		*				
Тура әсер ету аясы						
Мемлекеттік органдар	*		*		*	*
Клиенттер, тұтынушылар		*				
Өнім берушілер					*	
Инвесторлар	*			*	*	*
Серіктестер				*		
Аудиторлар						*
Консалтингілік ұйымдар	*					
Қаржылық институттар		*			*	
Жанама әсер ету аясы						
Бұқаралық ақпарат құралдары						*
Бәсекелестер	*	*	*	*	*	*
Халық					*	
Қоғамдық ұйымдар						

әсер етудің жоғары дәрежесі | әсер етудің жоғары емес дәрежесі | мүдделіліктің жоғары дәрежесі *

Қордың мүдделеріне әсер ету аясы	- мемлекеттік және салалық даму бағдарламаларын қабылдау, Қордың стратегиялық құжаттарын әзірлеу және бекіту арқылы Қорды дамытудың ұзақ мерзімді басымдықтарын, стратегиялық бағыттарын айқындау
Операциялық қызмет	- Қордағы жүйелі, стандартты процестерді басқару бойынша тұрақты күнделікті қызмет
Нормативтік реттеу	- Қор қызметінің белгілі бір тараптарын тікелей немесе жанама реттейтін нормативтік актілерді қабылдау
Жобаларды және/немесе бизнес-процестерді басқару сапасы	- жобаларды және/немесе бизнес-процестерді басқару бойынша қызметтер көрсетуде Қор персоналы мен менеджментінің құзыреттілігі мен тиімділігі дәрежесі
Операциялық нәтижелер	- Қордың операциялық қызметі тиімділігінің сандық көрсеткіштері
Беделі	- қасиеттері, артықшылықтары мен кемшіліктері туралы қалыптасқан қоғамдық пікір



АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ

2025 жылы Қор цифрлық және тікелей байланыс арналары арқылы тұрақты даму мәселелері бойынша ақпаратты ашып көрсетуді жалғастырды. Қордың www.damu.kz ресми сайты қолдау бағдарламалары, қатысу шарттары және кәсіпкерлер үшін қосымша мүмкіндіктер туралы өзекті ақпаратты орналастырудың негізгі платформасы болып қала берді. Қордың сайтында «Орнықты даму» бөлімін және «Жасыл және әлеуметтік жобалар тізбесі» қойындысын қоса алғанда, тақырыптық ESG-бөлімдері жұмыс істейді, бұл мүдделі тараптардың Қордың қолдау көрсетілетін бастамалары мен ESG-практикалары туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

«Орнықты даму» бөлімінде, «Әлеуметтік және жасыл жобалар тізбесі» қойындысында, Қордың www.damu.kz корпоративтік сайтында үш тілде жаңа 3 «жасыл» және 2 әлеуметтік жоба туралы ақпарат орналастырылған. «Жасыл» жобалар тізбесіне «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС, «Black Biotechnology» ЖШС және «Taza likee» ЖШС, әлеуметтік жобалар тізбесіне «Доктрина-Азия» ЖШС және «Бәрі есту үшін» ЖШС енгізілді. Есепті жылы ESG-жобалардың мазмұны мен визуалды безендірілуін жаңарту қамтамасыз етілді. Жоба карточкалары әрбір жоба бойынша егжей-тегжейлі сипаттама мен негізгі ақпаратқа көшу мүмкіндігімен бірыңғай форматта орналастырылған.

Қор жүйелі түрде Instagram-да ресми аккаунт жүргізді, ол мақсатты аудиторияны ақпараттандыру мен тартудың жедел арнасы ретінде пайдаланылды. Instagram арқылы онлайн оқыту және онлайн сессиялар туралы хабарландырулар мен материалдар, Ашық есік күндеріне шақырулар, сондай-ақ отандық өндірушілер мен олардың маркетплейстерде ұсынылған өнімдері туралы жарияланымдар жарияланды. Клиенттермен тікелей байланыс өңірлік филиалдар арқылы жүзеге асырылды: менеджерлер қоңырау шалып, клиенттерге бағдарламалардың іске қосылуы мен өзгеруі, оқыту іс-шараларына жинау, онлайн-сессиялар, сондай-ақ өткізілетін Ашық есік күндері туралы хабардар етті. Кәсіпкерлерді жедел ақпараттандыру үшін «Даму» қорының қолдау бағдарламалары бойынша SMS-жіберілімдер де пайдаланылды.

Сонымен қатар, Қордың ресми сайты сервистік алаң функциясын атқарды, онда, атап айтқанда, кәсіпкерлер үшін қосымша мүмкіндіктер туралы мәліметтер орналастырылды. Болашақта сайт арқылы маркетплейстерде тауарларды орналастыруға өтінім беру мүмкіндігін қоса алғанда, маркетплейс-бағыттарды іске асыру бөлігінде сайт функционалын дамыту көзделген.
2025 жылдың қорытындысы бойынша Қордың бағдарламалары бойынша өңірлік БАҚ-та және интернет-ресурстарда 1611 материал жарияланды. Өңірлер бойынша 21 баспасөз туры өткізілді.
Қор қызметкерлерінің қатысуын арттыру, ішкі коммуникацияны жақсарту, корпоративтік мәдениетті ілгерілету, командалардың жетістіктері мен табыстарын көрсету, HR бірыңғай ақпараттық кеңістігін құру мақсатында команда Instagram-да damu_way корпоративтік парақшасын іске қосты, 2025 жылы 300-ден астам жарияланым орналастырылды, жазылушылар – 400-ден астам.

PR-науқанның барлық дерлік бағыттары мен аспектілері әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асырылады. Бұған Қордың өнімдері мен бағдарламалары туралы аудиторияны жүйелі түрде хабардар ететін контент-стратегияны, кәсіпкерлермен қарым-қатынас, жарнамалық кампаниялар, акциялар, конкурстар өткізу, аудиторияның көңіл-күйін анықтау және адалдықты арттыру кіреді.
Цифрлық маркетингті дамыту аясында 2025 жылы Instagram, Facebook және Telegram-да 2 071 жарияланым орналастырылды. Қордың әлеуметтік желілердегі жазылушыларының жиынтық аудиториясы 145 мың адамнан асады.

МШОК СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚОР ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕГЕН СЕНІМІ МЕН ҚАНАҒАТТАНУ ДӘРЕЖЕСІН АРТТЫРУ

«Даму» қорының квазимемлекеттік сектор субъектісі ретіндегі қызметіне назар аударудың жоғары деңгейін ескере отырып, ұйым бағдарламаларды іске асыру кезінде де, сыртқы аудиторияның үлкен қызығушылығын тудыратын жекелеген ішкі рәсімдер шеңберінде де (сатып алу, жұмысқа қабылдау, қаржылық және қаржылық емес қолдау құралдарын ұсыну) қабылданатын шешімдердің ашықтығының жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Бұл мәселені шешу үшін заманауи ақпараттық технологиялар, сонымен бірге дәстүрлі байланыс құралдары да қолданылады.

Ықтимал дискоммуникацияларды, әлеуетті «ауырсыну нүктелерін» немесе клиенттермен жұмыстағы түсініспеушіліктерді уақтылы анықтау үшін Қор жыл сайын «Даму» қорының қызметіне МШОК субъектілерінің сенімі мен қанағаттану деңгейін бағалау бойынша зерттеу жүргізеді. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты көрсетілген қызметтерге қанағаттану деңгейін, сондай-ақ Қор арқылы қолдау алған кәсіпкерлер арасындағы сенім деңгейін анықтау болып табылады.

2026 жылы зерттеуді «Alpha Group Media» ЖШС тәуелсіз компаниясы жүргізді. Зерттеу қорытындысы бойынша **Микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің Қордың қызметіне деген сенімі мен қанағаттанушылығын бағалау** 2025 жылы 93,6% -ды құрады.

ШОБ субъектілерінің сенімі мен қанағаттану деңгейін арттыру мақсатында Қор жыл сайын өз қызметін және іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламаларды ілгерілету бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Бұған бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердегі жарияланымдар, бейне және аудио бейнелер жасау кіреді. Бұл әрекеттердің негізгі міндеті – қазіргі және бұрынғы және әлеуетті клиенттер арасында хабардарлықты, сенімділікті және қанағаттануды арттыру.

Қордың сайтында «Кері байланыс» бөлімінде кері байланыс тетігі жұмыс істейді (https://damu.kz/ru/obratnaya-svyaz), оған 2025 жылы азаматтардан өтініштер бойынша 3 525 шығыс хаттар жасалды. Барлық өтініштерді бейінді құрылымдық бөлімшелер жедел пысықтады.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ

Адами капитал – басты құндылық және негізгі ресурс, Қор қызметінің нәтижелері Қор қызметкерлерінің кәсібилігі мен қауіпсіздігінің деңгейіне тікелей байланысты.

Адами ресурстарды басқару жөніндегі қызмет шеңберінде Қор «Бәйтерек» ҰИХ» АҚ бірыңғай кадр саясатының мақсаттары мен міндеттерін ұстанады.

«Бәйтерек» ҰИХ» АҚ бірыңғай кадр саясатының мақсаты экономиканы трансформациялау, цифрландыру және бәсекелестік ортаны күшейту жағдайында компаниялар тобының стратегиялық басымдықтарын іске асыруға қабілетті тиімді адами капиталды қалыптастыру арқылы Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының орнықты дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Есепті кезеңде Қордың Кадрлық саясаты қызметкерлердің кәсіби құзыреттерін дамыту, тиімділікті басқару жүйесін жетілдіру, цифрлық HR-құралдарды енгізу және корпоративтік мәдениетті нығайту арқылы Қордың институционалдық тұрақтылығын арттыруға бағытталған.

Кадр саясатының түйінді міндеттері

Кадр стратегиясын іске асыру шеңберінде мынадай басым міндеттерді орындау қамтамасыз етілді:

- басқарушылық және цифрлық құзыреттерге баса назар аудара отырып, кәсіби кадрлық әлеуетті дамыту;

- тең мүмкіндіктер қағидаттарын енгізу және кадр құрамын әртараптандыру;

- қызметкерлердің белсенділігі мен өнімділігін арттыру;

- қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалау жүйесін жетілдіру;

- HR-процестерді цифрландыру және шешім қабылдаудың талдамалық базасын дамыту;

- кадр резервін және басқарушы кадрлар сабақтастығы жүйесін қалыптастыру.

HR-стратегияны іске асырудың негізгі бағыттары:

- **Адами капиталды стратегиялық басқару**
Ұйымдық құрылымдарды оңтайландыру, кадрлық қажеттілікті болжау, функцияларды бөлуді талдау және еңбек ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған кадрлық резерв жүйесін дамыту бойынша жұмыс жүргізілді.

- **Таланттарды тарту және дамыту**
Кадрларды іріктеу рәсімдерін жетілдіру қамтамасыз етілді, білім беру ұйымдарымен және кәсіби қоғамдастықтармен ынтымақтастық кеңейтілді, тағылымдамадан өту және жас мамандарды тарту бағдарламалары іске асырылды. Бәсекеге қабілетті жұмыс беруші ретінде Қордың HR-брендін нығайту бойынша жүйелі жұмыс жалғастырылды.

- **Персоналды оқыту және дамыту**
Есепті жылы қызметкерлердің құзыреттерін дамыту бағдарламаларын іске асыру жалғастырылды, оқытудың цифрлық форматтары енгізілді, басшылардың кадрлық әлеуетін дамыту жөніндегі бастамаларды қоса алғанда, тәлімгерлік және басқарушы кадрларды даярлау бағдарламалары дамыды.

- **Уәждеме және сыйақы**
Еңбекақы төлеу және персоналды ынталандыру жүйесін жетілдіру, сыйақы тетіктерінің ашықтығын қамтамасыз ету және қызметкерлер қызметінің нәтижелері мен көтермелеу жүйесі арасындағы өзара байланысты күшейту бойынша дәйекті жұмыс жүргізілді.

- **Корпоративтік мәдениет және қатысушылық**
Корпоративтік құндылықтарды нығайтуға, ішкі коммуникацияларды дамытуға және қызметкерлердің қатысушылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар іске асырылды. Кері байланыс құралдарын қолдана отырып, қызметкерлердің қанағаттану деңгейіне тұрақты мониторинг жүргізілді.

- **HR-функцияны цифрландыру**
Персоналды басқару процестерін автоматтандыруды, аналитикалық құралдарды дамытуды және басқару шешімдерін қабылдау кезінде HR-метрикаларды пайдалануды қоса алғанда, цифрлық HR-шешімдерді енгізу жалғастырылды.

- **Кадр саясатын іске асыру нәтижесі**
Адами капиталды дамыту жөніндегі жүйелі жұмыс персоналды басқару тиімділігін арттыруға, кадр құрамының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, ішкі кадрлық әлеуетті күшейтуге және Қордың одан әрі стратегиялық дамуы үшін негіз құруға мүмкіндік берді.

ТЕҢ МАНСАПТЫҚ МҮМКІНДІКТЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

Мүмкіндіктер теңдігін құру және қамтамасыз ету мақсатында Қор әлеуметтік және жастар кәсіпкерлігін қолдау құралдарын әзірлеуде, сондай-ақ тең еңбек жағдайлары мен мансаптық мүмкіндіктер жасау жөнінде шаралар қабылдайды. Қор гендерлік, этникалық немесе басқа кемсітушілікке жол бермейді.

Мүгедектігі бар немесе ақыл-есі кем адамдарды қоса алғанда, дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарды қолдау мақсатында Қордың жалпы штат санында мүгедектігі бар қызметкерлер үшін жұмыс орындары көзделген.

Қызметкерлерге қатысты теңдік, кемсітпеу, жеке басын құрметтеу және әділеттілік қағидаттарына бейілділікті нығайту үшін, сондай-ақ адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының Конституциясында және басқа да жалпыға бірдей танылған құжаттарда бекітілген нормаларды қоса алғанда – Қор 2024 жылғы 14 қарашада (№79/2024 хаттама) **Тең мүмкіндіктер, инклюзивтілік және әртүрлілік саласындағы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ саясатын** әзірлеп, бекітті.

Қордың барлық қызметкерлеріне нәсіліне, ұлтына және гендерлік тиесілігіне қарамастан тең мансаптық мүмкіндіктер беріледі, сондай-ақ атқаратын лауазымына және орындайтын міндеттеріне байланысты тең еңбекақы төленеді. Жыл сайын Қор қызметкерлерді оқытуға және кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға мүмкіндік бере отырып, оларды дамытуға қаражат бөледі.

	ЖАЛПЫ	БК	ӨФ
2025 жылға оқытылған қызметкерлер саны	450	188	280
1 жұмыскерл үшін оқытудың орташа құны (мың тг.)	134,4	197,2	71,6
оқу шығындары (мың тг.)	57 123	37 081	20 042

- **2025 жылы «оқу шығындары» құжаты бойынша шығыстарды орындау - 100%.**

ПЕРСОНАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қор қызметкерлерінің штат саны 2025 жылдың соңына 470 бірлікті құрайды. Ерлердің үлесі 38,8%-ды, әйелдердің үлесі – персоналдың орташа тізімдік санының 61,2%-ын құрайды.

** штат саны 2025 жылдың аяғындағы Қор қызметкерлерінің бекітілген штат бірліктерінің (бос жұмыс орындарын қоса алғанда) санын көрсетеді, бұл ретте Қормен еңбек қатынастарында тұрған қызметкерлердің нақты санын көрсететін тізімдік сан толтырылмаған бос жұмыс орындарының шамасына қарай штаттық саннан өзгеше болуы мүмкін.*

2025 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ЖЫНЫСЫ МЕН ЖАСЫНА ҚАРАЙ БӨЛІНІСІНДЕГІ ҚОР ПЕРСОНАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Көрсеткіш	барлығы (адам)	Гендерлік топтар бойынша құрылым, %		Жас топтары бойынша құрылым, %		
		ерлер	әйелдер	30 жасқа дейін	30-50 жас	50 жастан асқан
Персоналдың орташа тізімдік саны, барлығы	**466**	**38,8%**	**61,2%**	**10,5%**	**81,8 %**	**7,7%**
Жоғары басшылық	5	80%	20%	0%	100%	0%
Орта буын басшылары	49	69,4%	30,6%	2,1%	82,9%	15%
Жұмыскерлер	412	34,5%	65,5%	11,7%	80,3%	8%

- **2025 жылдың деректері бойынша Қор қызметкерлерінің орташа жасы 39 жасты құрайды.**

ПЕРСОНАЛДЫҢ ТҰРАҚТАМАУЫ

2025 жылы персоналдың ерікті тұрақтамауы **11%**-дан аспайтын жоспарлы көрсеткіш кезінде **6,32%**-ды құрады. Негізгі қызметкер болмаған кезеңдегі уақытша бос жұмыс орындарын ескере отырып, бір жыл ішінде ашық бос жұмыс орындарының жалпы саны **218 бірлікті** құрады).

Есепті кезеңдегі бос жұмыс орындарының 60%-ы ішкі кандидаттармен жабылды (ауыстыру, қызметтегі жұмыскерлердің Қор ішінде ауысуы), бос жұмыс орындарының 40%-ы сыртқы кандидаттармен толықты.



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz), Қор (www.damu.kz).

2025 жылы персоналдың теңгерімді құрылымын қамтамасыз ету және ұйымдық модельдің басқарылуын арттыру жөніндегі саясатты іске асыру жалғастырылды. 2024-2025 жылдардағы жағдай бойынша қызметкерлер саны мынаны құрады:

2024 жылы - 454 бірлік

- Бас кеңсе – 168 бірлік (37,0%)
- Аймақтық желі – 286 бірлік (63,0%)

2025 жылы – 470 адам

- Бас кеңсе – 188 бірлік (40,0%)
- Өңірлік желі – 282 бірлік (60,0%)


Есепті жылы санның жалпы өсімі **16 адамды (+3,5%)** құрады. Бұл ретте ұлғаю негізінен бас кеңсені (**+20 бірлік**) күшейту есебінен орын алды, бұл сараптамалық, цифрлық және басқару функцияларын дамыту қажеттілігіне негізделген.

Аймақтық желінің саны салыстырмалы деңгейде (-4 бірлік) сақталды, бұл жергілікті жерлерде операциялық орнықтылықтың сақталуын көрсетеді.

Персоналдың жалпы құрылымындағы бас кеңсенің үлесі **3 пайыздық тармаққа** өсті, бұл теңдестірілген аймақтық өкілдікті сақтай отырып, функциялардың орталықтандырылуын көрсетеді.

Жалпы, кадр құрамының құрылымындағы өзгерістер институционалдық орнықтылықты арттыруға, талдамалық және цифрлық құзыреттерді күшейтуге, сондай-ақ Қордың стратегиялық міндеттерін тиімді іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталған.

Персоналдың бас кеңсе және өңірлік филиалдар бойынша бөлінісі



2025 жылы Қор персоналдың теңгерімді гендерлік құрылымын сақтауды қамтамасыз етті. Әйелдер дәстүрлі түрде бас кеңседе де, аймақтық желіде де жұмыскерлердің айтарлықтай үлесін құрайды. Гендерлік тепе-теңдікті қолдау кадр саясаты мен инклюзивтілік қағидаттарын іске асырудың маңызды элементі болып табылады.

ПЕРСОНАЛДЫҢ ТҰРАҚТАМАУЫ

2024-2025 жылдары Қор персоналды басқарудың түйінді көрсеткіштерінің оң динамикасын қамтамасыз етті.

Көрсеткіш	2024	2025	Динамика
Орта жас, жыл	39,2	39,0	–0,2
Орташа жұмыс өтілі, жыл	4	5	+1
Ерікті тұрақтамауы, %	7,8	6,32	–1,4 п.т.


Есепті жылы қызметкерлердің орташа жасы тұрақты деңгейде (39 жас) сақталды, бұл кәсіби тәжірибе мен кадрлық жаңартудың теңгерімді үйлесімін көрсетеді.

Орташа жұмыс өтілі 4 жылдан 5 жылға дейін өсті, бұл кадрлық тұрақтылықтың нығаюын және қызметкерлерді ұстап қалу деңгейінің жоғарылауын көрсетеді.

Персоналдың ерікті тұрақтамауы 7,8%-дан 6,32%-ға дейін төмендеді (-1,4 п.т.), бұл ынталандыру жүйесін дамыту, корпоративтік мәдениетті нығайту және еңбек жағдайларын жетілдіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың оң нәтижесі болып табылады.

Жалпы көрсеткіштердің динамикасы кадр құрамының институционалдық тұрақтылығын және іске асырылып жатқан кадр саясатының тиімділігін арттыруды растайды.

Көрсеткіштер динамикасы



2025 жылы Қор белсенді кадрлық динамиканы көрсетті. Қабылданған қызметкерлер санының өсуі кадрлық қажеттілікті толықтыруды және функционалдылықты кеңейтуді қолдауды қамтамасыз етті. Бір уақытта Қор ішіндегі жоғары лауазымдарға ішкі тағайындаулардың ұлғаюы кадр резерві жүйесінің дамуын және персоналды ынталандыру мен ұстап қалудың негізгі құралы ретінде ішкі ілгерілеудің басымдығын көрсетеді. Ішкі ұтқырлық көрсеткіштерінің өсуі басқару әлеуетін дамыту және сабақтастықты қалыптастыру жөніндегі саясаттың тиімділігін растайды.

КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТТІ ДАМЫТУ

Корпоративтік мәдениетті дамыту – тиімділігі жоғары ұйымды құрудың маңызды элементі және компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті құрамдас бөлігі, осыған байланысты Қор жыл сайын олардың тартылу дәрежесін талдау үшін персоналға сауалнама жүргізеді, іскерлік кездесулер, жұмыс топтарының және Қор басқармасы жанындағы Кадр саясаты жөніндегі комитеттің отырыстары үнемі өткізіліп тұрады.

Қор **жыл бойы** Қор қызметкерлерінің, оның ішінде өңірлік филиалдардың қатысуымен мемлекеттік және кәсіби мерекелерге арналған құттықтау кездесулерін белсенді өткізді. Бұл іс-шаралардың мақсаты корпоративтік мәдениетті нығайту және командалық рухты сақтау болды. Осы іс-шаралар аясында Қордың үздік қызметкерлері алғыс хаттармен және марапаттармен марапатталды:

- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің Құрмет грамотасы – **7 қызметкер**
- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің «Экономика саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» ведомстволық медалі – **2 қызметкер**
- «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасының құрмет грамотасы – **14 қызметкер**
- «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының Алғыс хаты – **1 қызметкер**
- Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының «Еңбек сіңірген қаржыгер» қоғамдық ордені - **1 қызметкер**
- Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының «Үздік қаржыгер» медалі – **4 қызметкер**
- Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының «Үлес» естелік медалі – **2 қызметкер**
- Қордың Басқарма Төрағасының «Жұмыста жоғары нәтижелерге қол жеткізгені және қойылған міндеттерді сапалы іске асырғаны үшін» грамотасы – **63 қызметкер**.

УӘЖДЕМЕ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ

Қордағы еңбек тиімділігін арттыру саясаты Қордың стратегиялық мақсаттарын, Қордың стратегиясы мен бизнес-жоспарларын еңбекті бағалау, қызметкерлерді уәждемеу және көтермелеу саясатымен байланыстыру мақсатында құрылады.

Барлық қызметкерлер Қордың стратегиялық міндеттерінен туындайтын мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағытталуы тиіс. Қызметкерлердің нәтижелілігін бағалау нақты міндеттердің орындалуына байланысты, бұл қызметкер қызметінің тиімділігінің негізгі көрсеткіштерімен расталуы тиіс, осыған байланысты Қорда тоқсан сайын әкімшілік қызметкерлердің қызметін бағалау жүргізіледі, оның негізінде қызметкерлердің атқаратын лауазымдарына сәйкестігі және қойылған мақсаттарға қол жеткізу дәрежесі айқындалады.

Қордың қызметкерлері қор бюджетінде көзделген қаражат есебінен жыл сайынғы медициналық сақтандырумен қамтамасыз етіледі. Бұдан басқа, Қор қызметкерлеріне жыл сайынғы еңбек демалысын беру кезінде екі лауазымдық жалақы мөлшерінде материалдық көмек, некеге тұру, бала туу кезінде материалдық көмек көрсетіледі, сондай-ақ отбасы мүшесінің қайтыс болуына байланысты материалдық көмек төленеді.

Сондай-ақ, жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем сомасын шегергендегі орташа жалақыны сақтай отырып, жүктілікке және босануға байланысты демалыс төленеді.

Жүктілікке және босануға байланысты демалыстар, сондай-ақ бала күтімі бойынша демалыс туралы ақпарат

Көрсеткіші	мәні (чел.)	Оның ішінде	
		ерлер	әйелдер
2025 жылы жүктілікке және босануға байланысты демалысты, сондай-ақ бала күтімі бойынша демалысты ресімдегендер саны	23	0	23
2025 жылы жүктілікке және босануға байланысты демалыстан, сондай-ақ бала күтімі бойынша демалыстан оралған жұмыскерлердің саны	4	0	4

КАДРЛАРДЫ ОҚЫТУ МЕН ДАМЫТУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту Қордың Даму стратегиясында айқындалған лауазымдық міндеттерді тиімді орындау және міндеттерді іске асыру үшін қажетті кәсіби және басқарушылық қызмет саласындағы теориялық және практикалық білімді, іскерлікті, құзыреттер мен дағдыларды жаңарту мен қосымша игеру мақсатында жүзеге асырылады.

Осы міндетті іске асыру мақсатында Қордың Кадр саясаты комитетінің шешімімен Қор қызметкерлерін оқыту жоспары бекітілді (30.11.2024 ж. № ККП 52-2024 хаттамасы).

Есепті жылы **Қордың 468 қызметкері 24 оқыту іс-шарасы** шеңберінде оқытудан өтті. Кейбір қызметкерлер жыл ішінде бірнеше рет, соның ішінде корпоративтік форматта оқытудан өтті. Оқыту бағдарламалары іскерлік, жеке және кәсіби құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған. Оқыту іс-шараларының қатарында – ҚЕХС және Салық кодексіндегі өзгерістер бойынша курстар, қаржылық талдау бойынша оқыту, қазақ тілі курстары, сондай-ақ тәуекелдерді басқару саласындағы оқытуды қоса алғанда, өңірлік желі қызметкерлері үшін бағдарламалар және басқалары.

2025 жылы қызметкерлерді оқыту көрсеткіштері

Көрсеткіш	Қызметкерлер бойынша	Гендерлік топтар бойынша		Қызметкерлер санаттары бойынша		
		Әйелдер	Ерлер	Жоғары басшылық	Орта буын басшылары	Жұмыскерлер
Ұйым қызметкерлерінің есепті кезеңде өткен оқу сағаттарының орташа саны	24,48	24,58	24,31	24,4	24,32	24,5
Оқытудан өткен қызметкерлер саны	450	293	175	10	46	412
Оқу сағаттарының саны	11 457	7 202	4 255	244	1119	10 094

2025 жылы әлеуметтік жауапкершілік саласында қол жеткізілген нәтижелер

ҚӘЖ саласындағы бағыттар	Көрсеткіштер	2025 жылға арналған нысаналы мәндер	Орындалуы
Персоналмен жұмыс бойынша көрсеткіштер	Персоналдың қатысушылық дәрежесі	Ортадан жоғары	2025 жылы қызметкерлердің қатысушылық және қанағаттану деңгейінің агрегатталған мәні 71 %-ды құрады
	Қор шегінде практикадан немесе тағылымдамадан өткен жас мамандардың саны	15 адам	2025 жылы Қорда тәжірибеден/ тағылымдамадан өткен жас мамандардың саны 15 адамды құрады.
	Оқытудан өткен Қор жұмыскерлерінің саны	350 адам	2025 жылы оқытылған жұмыскерлер саны 450 адамды құрады
	Іскерлік әдеп кодексін сақтамау мәселелері бойынша Қор омбудсменіне жұмыскерлердің өтініштерінің саны	7-ден аспайды	2025 жылы жұмыскерлердің Омбудсменге өтініштері болған жоқ

КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ

Қор кадрлық әлеуетті қалыптастыру және дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізеді. 2025 жылы Қордың кадр резерві **12 штаттық әкімшілік қызметкер** санымен бекітілді.

Президенттік жастар кадрлық резерві – Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тиімді менеджерлердің жаңа командасын қалыптастыруға және еліміздің жаңа буыны үшін пәрменді әлеуметтік лифттер жүйесін құруға бағытталған стратегиялық маңызды бастамасы. Қор қызметкерлерінің қатарын президенттік жастар кадр резервінен резервистермен толықтыру Қор мамандарының жоғары кәсіби деңгейін көрсетеді, олардың әрқайсысы Қазақстандағы шағын және орта бизнестің сапалы дамуына үлес қосады.

2025 жылы **Қордың 23 қызметкері «Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі» АҚ бірыңғай кадр резервіне** кіреді, оның ішінде:

- **3 қызметкер – «топ-20» тобында;**
- **11 с қызметкер – «топ-50» тобында;**
- **9 қызметкер – «топ-100» тобында.**

2024 жылы Қор командасына **Президенттік жастар кадр резервінен 2 резервист** (Заң департаментінің директоры және Мемлекеттік бағдарламалар жөніндегі басқарушы директор), сондай-ақ **Бірыңғай кадр резервінен 1 резервист** (қарыз алу және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры) қосылды.

Қор оқыту және өзін-өзі тәрбиелеу арқылы резервшілердің кәсіби және жеке құзыреттерін дамыту үшін белсенді жұмыс істейді. Олар үшін **жеке даму жоспарлары** әзірленді, сондай-ақ тиісті оқыту курстары ұйымдастырылады.

Кадр резервіне қатысу шеңберінде әрбір резервист жыл қорытындысы бойынша жеке даму жоспарының орындалуы туралы есеп дайындайды.

Кадрлық шешімдердің сапасын арттыру және Қор бөлімшесінің HR күшімен Қор көшбасшыларының тұрақты пулын қалыптастыру үшін басшылардың басқарушылық және стратегиялық әлеуетін бағалауға бірыңғай, цифрлық және объективті тәсілді енгізу мақсатында 2025 жылғы қарашада **«Aigyn Damu»** жобасы іске асырылды. Жобаның мәні мынада:

- субъективті, шашыраңқы бағалаулардан деректерге негізделген стандартталған цифрлық модельге өту,
- инновациялық HR-құралдарды (онлайн-тестілеу, құзыреттілік сауалнамалар, уәждемелік шкалалар, ЖИ-аналитика) пайдалану,
- басқарушылық құзыреттіліктің, стратегиялық ойлаудың және әлеуеттің нақты деңгейін анықтау.
- даму, ротация, ілгерілеу және кадр резерві бойынша негізделген шешімдерді қалыптастыру;
- филиалдық желіде басқарушы кадрлардың сабақтастығын қамтамасыз ету.

Негізгі идея: Қорға бүкіл ұйымның орнықтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыра отырып, адамдарды басқаруды дәлірек, ашық және стратегиялық ететін қуатты құрал беру.

Осы жобаны іске асыру үшін мыналар пайдаланылды:

тестілеу мен деректерді жинауға арналған меншікті цифрлық HR-платформа («Aigyn Damu» telegram-боты),

нәтижелердің автоматты ЖИ-аналитикасы,

корпоративтік пошта және Microsoft Teams.

«Aigyn Damu» жобасы «Даму» қорының HR-бөлімшесінің ішкі ресурстарымен IT-мамандарды және үшінші тарап мердігерлерін тартпай-ақ жүзеге асырылды. Барлық түйінді шешімдер, соның ішінде цифрлық құралды әзірлеу және талдау жүргізу Қор ішінде орындалды.
Жобаны жүзеге асыру жеке бюджетті қажет етпеді. Қосымша шығындар көлемі 0 теңгені құрады.

2025 жылы HR-бөлімшесі Қазақстан Республикасының жетекші жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы меморандумдар жасасу бойынша жұмыс жүргізді. Бұл жұмыс Қор мен білім беру ұйымдары арасындағы өзара іс-қимылды дамытуға, кадрлық резервті қалыптастыруға, жас мамандарды тартуға, практика мен тағылымдамаларды ұйымдастыруға, сондай-ақ бірлескен білім беру және кәсіптік бастамаларды дамытуға бағытталған.
Жасалған меморандумдар шеңберінде мынадай мәселелер бойынша ынтымақтастық бағыттары айқындалды:

студенттердің өндірістік және диплом алдындағы практикадан өтуі;

түлектердің тағылымдамалары мен жұмысқа орналасу бағдарламаларын ұйымдастыру;

Қор өкілдерінің жоғары оқу орындарының мансаптық іс-шараларына қатысуы;

бірлескен білім беру, ғылыми және консультациялық іс-шаралар өткізу;

Қор мен еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мамандарды даярлау деңгейін арттыру.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Қорда еңбекті қорғау бөлігінде жұмыс процесін ұйымдастыру қызметкерлердің қорғалу деңгейін арттыруға, қауіпсіздік мәдениетін жүйелі түрде енгізуге және жазатайым оқиғаларға жол бермеуге бағытталған. Осы салада Қордың жауапты қызметкерлері Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауды, сондай-ақ оларды күнделікті қызметке енгізуді қамтамасыз етеді.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқармасы Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясатты бекітті (отырыстың 22.12.2025 ж. №106/2025 хаттамасы). Сонымен қатар, қызметкерлер, оның ішінде өңірлік филиалдардың қызметкерлері, «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі №188-V Заңын және «Жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №1019 бұйрығын қоса алғанда, кеңсе қызметкерлерінің еңбегін қорғау бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

Қызметкерлердің денсаулығын сақтау және олардың өмірі мен денсаулығы үшін тәуекелдерді азайту мақсатында Қор тегін медициналық сақтандыруды ұсынады және жыл сайынғы медициналық тексерулерді жұмыстан қол үзбей жүргізеді. Сонымен қатар, ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу мақсатында маусымдық вакцинация ұйымдастырылады.

Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясатты іске асыру, сондай-ақ 2025 жылға арналған өрт қауіпсіздігі жөніндегі бірлескен жоспарлар шеңберінде құрылымдық бөлімшелермен және өңірлік филиалдармен жолға қойылған өзара іс-қимыл нәтижесінде қадағалау органдары тарапынан бұзушылықтар мен айыппұл санкциялары анықталған жоқ.

ОРНЫҚТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Қор орнықты қаржыландыру тәжірибесін дәйекті түрде дамытып келеді. Бұл жұмыстың негізі Қордың орнықты даму саласындағы саясаты, экологиялық және әлеуметтік саясат, сондай-ақ Қордың ресми сайтында орналастырылған «жасыл» және әлеуметтік облигациялар саласындағы Қордың құжаттары болып табылады.

Қордың экологиялық және әлеуметтік саясаты әлеуетті теріс экологиялық және әлеуметтік әсерді төмендетуге, тікелей қаржыландыру клиенттерін экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді тиісінше басқаруға ынталандыруға, сондай-ақ жобаларды қаржыландыру туралы шешімдер қабылдау кезінде жұртшылықтың мүдделерін ескеруге бағытталған.

«Жасыл» жобаларды сыныптау кезінде Қор Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 130-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 996 қаулысымен бекітілген таксономияны басшылыққа алады. 2025 жылы аталған қаулыға өзгерістер енгізілді.
Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 130-бабына сәйкес «жасыл» қаржыландыру деп «жасыл» жобаларды іске асыруға бағытталған және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындаған «жасыл» облигациялар, «жасыл» кредиттер және басқа да қаржы құралдары сияқты құралдардың көмегімен тартылатын инвестициялар түсініледі.

«Жасыл» жобаларға бекітілген сыныптама (таксономия) негізінде айқындалған, қазіргі бар табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға, қоршаған ортаға жағымсыз әсер ету деңгейін төмендетуге, энергия тиімділігін, энергия үнемдеуді арттыруға, климаттың өзгеру салдарларын бәсеңдетуге және климаттың өзгеруіне бейімдеуге бағытталған жобалар жатады.

Қордың ресми ESG-порталында негіздемелік саясаттар мен шығарылымдар бойынша есептерді қоса алғанда, «жасыл» және әлеуметтік облигациялар бойынша құжаттар орналастырылған, бұл Қордың тұрақты қаржыландыру құралдарын қолдануын және тиісті ақпаратты ашу практикасын дамытуды растайды.

Қор жалпы кредиттер сомасы 251,6 млрд теңгеге 227 «жасыл» жобаға қолдау көрсетті.

2025 жылдың қорытындысы бойынша қолдау тапқан «жасыл» жобалардың үлесі қаржыландырылған жобалардың жалпы санының 0,07%-ын немесе 13 034 жобаның 9 % құрады. Қолдау 7 жоба бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және 2 жоба бойынша кепілдіктер беру тетіктері шеңберінде ұсынылды. Сонымен қатар, 2025 жылы 27 әлеуметтік жоба қолдау тапты.

Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту

2025 жылы әйелдер кәсіпкерлігін қолдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының күн тәртібінде маңызды болып қала берді. Ресми мәліметтерге сәйкес, әйелдер 1 миллионнан астам шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін басқарды, бұл олардың жалпы санының 48,1%-ын құрады. Бұл әйелдердің кәсіпкерлік белсенділікті дамытудағы, өңірлік экономиканы нығайтудағы және жұмыспен қамтуды кеңейтудегі маңызды рөлін растайды.

2025 жылы мемлекеттік деңгейде цифрлық экономика жағдайында әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге, қаржы құралдарының қолжетімділігін арттыруға, цифрлық дағдыларды дамытуға және әйелдер кәсіпкерлігін, оның ішінде ауылдық жерлерде қолдауға ерекше назар аударылды. Тиісті тәсілдер Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның отырысында талқыланды және Қазақстан Республикасы Үкіметінің ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін ілгерілетуді қамтамасыз ету жөніндегі 2024 – 2027 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары шеңберінде де іске асырылуда.

«Даму» қоры кәсіпкерлікті қолдау шараларын іске асыра отырып, қаржы құралдарына қол жеткізуді қамтамасыз ету және экономиканың басым секторларында кәсіпкерлік белсенділікті арттыру арқылы әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге жәрдемдеседі.

2025 жылы Қор жалпы сомасы 4 732 млрд теңгеге (жалпы соманың 29,8%-ы) әйелдер кәсіпкерлігінің 112,2 мың жобасына қолдау көрсетті.

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК

Күнделікті қызметте Қорға түрлі заңды және жеке тұлғалар материалдық қайырымдылық көмек көрсету туралы жиі өтініш жасайды.

2025 жылғы мамырда Ұлы Жеңіс күні қарсаңында қаражат жинау ұйымдастырылды. Қордың бас кеңсесінің қызметкерлері түскен қаражатқа Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін сыйлықтармен (азық-түлік себеттерімен) құттықтады.

Қордың төрт өңірлік филиалында (Түркістан, Атырау, Қызылорда, Шымкент) қаражат жинау ұйымдастырылып, бес тыл еңбеккеріне көмек көрсетілді.
Қор Қарттар күніне орай қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Бас кеңсе қызметкерлерінің күшімен қаражат жиналып, төрт қарт адамға азық-түлік себеттері табысталды. Қордың төрт өңірлік филиалында (Павлодар, Жетісу, ШҚО, Шымкент) қаражат жинау ұйымдастырылып, төрт қарт адамға көмек көрсетілді.

Қор ҰОС ардагерлеріне, еңбек ардагерлеріне және соғыс балаларына азық-түлік себеттері түрінде тұрақты негізде қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетеді. Сондай-ақ, Қор жеке қайырымдылық ұйымдарына қолдау көрсетеді және жыл сайын қайырымдылық жәрмеңкелерін ұйымдастырады.

Қордың 2025 жылға арналған бюджетінде «Қайырымдылық» шығыстар құжаты енгізілген, осы құжат бойынша көзделген сома 5 000 000 теңгені құрайды.

Басқарманың 23.06.2025 жылғы шешімімен, № 43/2025 хаттама, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған жобаны іске асыруға «Айналайын Ботақан» жеке қорына 5 000 000 (бес миллион) теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсету мақұлданды. Қаражат Азия доктринасы клиникасының базасында құрылған «Айналайын Ботақан» жеке қорына берілді, ол өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға көмек көрсетеді. Қолдаудың арқасында 10 бала кешенді емдеу және оңалту курсынан өтті. Қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылғанын Қордың мониторингілеуі растады.

Клиникада БЦСА, АСБ, зейін тапшылығының және гиперреактивтілігінің бұзылуы (ЗТГБ), психикалық дамудың кешігуі, мінез-құлық және сөйлеу проблемалары, эмоционалдық бұзылулары, сөйлеу және психомоторлық дамудың кешігуі, энурез, Туретта синдромы, дистрофия және дислексия және орталық жүйке жүйесінің басқа да патологиялары сияқты диагноздары бар балаларға емдеу көрсетіледі.

САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІ

Қорда сатып алуды жүзеге асыру ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, тиімділікті арттыру, ашықтық және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту, әлеуетті өнім берушілерге сатып алу процесіне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру қағидаттарына негізделеді. Қор жарғылық қызметті қамтамасыз ету үшін қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде квазимемлекеттік компания бола отырып, «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 1253 бұйрығымен бекітілген Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидаларын басшылыққа алады.

Қордың Сатып алу департаменті сатып алуға жауапты құрылымдық бөлімше болып айқындалды, оның құзыретіне Қордың сатып алу қызметін ұйымдастыру және үйлестіру кіреді. Сатып алудың барлық рәсімдері https://eep.mitwork.kz/ сатып алудың электрондық порталында жүзеге асырылады, бұл процестің ашықтығын, бәсекелестігін және қадағаланатындығын қамтамасыз етеді. Портал сатып алу рәсімдерін өткізудің, өнім берушілердің өтінімдерін қарау мен бағалаудың барлық кезеңдерін автоматтандыруға мүмкіндік береді. Квазимемлекеттік секторда сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы жүзеге асырады.

2025 жылы сатып алу көлемі және жергілікті қамту үлесі
Қордың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуының жалпы көлемі 2025 жылы 2 884 млрд теңгені құрады, оның ішінде отандық жеткізушілердің үлесі 2 661 млрд теңгені құрады,. Сатып алудағы жергілікті қамтудың үлесі 92%-ды құрады, бұл отандық өнім берушілерді қолдауға және ішкі нарықты дамытуға бағдарлануды растайды.

2026 жылға арналған жоспарлар

Қорда корпоративтік құндылықтар мен нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес сатып алу қызметін жүзеге асыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жалпы көлемі шеңберінде Қор 2026 жылға 4 861 млрд теңгеге сатып алуды жоспарлаған.

Орнықты даму қағидаттарын сақтау

Қор қызметінің маңызды бөлігі өнім берушілермен өзара іс-қимыл процестерін жетілдіру, оның ішінде осы процестердің тұрақтылығын жақсарту болып табылады.

Қор барлық әлеуетті өнім берушілерге тендерлерге қатысу үшін тең мүмкіндіктер беруге, сондай-ақ процестердің тиімділігін арттыруға, ашықтықты қамтамасыз етуге және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге ерекше назар аудара отырып, қаржы ресурстарын оңтайлы пайдалану қағидаттарын ұстана отырып, сатып алуды жүзеге асырады.

Қор өз қызметінде сыртқы нормативтік құжаттарға сүйенеді: Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуды жүзеге асыру қағидалары. ҚР Сатып алу туралы Заңымен және Қағидалармен барлық әлеуетті өнім берушілердің жоспарланған сатып алу туралы ақпаратқа еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету реттеледі. Сондай-ақ серіктестермен және өнім берушілермен жасалған шарттарға Орнықты даму саясаты мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңның ережелерін сақтаудың міндетті қағидаты туралы нормалар енгізілген. Сатып алуға жауапты құрылымдық бөлімше сатып алу департаменті болып табылады. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі — ТЖҚ) сатып алу сатып алу веб-порталында жүзеге асырылады, оның көмегімен сатып алуға қатысуға өтінімдер және Тараптардың сатып алу шарттарына қол қоюы арқылы әлеуетті өнім берушілермен байланыс жүзеге асырылады. Тауарларды сатып алу жөніндегі тендер бастапқыда тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілер тізіліміндегі жеке және заңды тұлғалар арасында жүзеге асырылады. Сатып алуды сапасыз жүзеге асыру тәуекелдерін бақылау үшін «Даму» қоры 2025 жылы мынадай іс-шараларды жүзеге асырды: сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бағасына мониторинг жүргізу; сатып алынатын ТЖҚ техникалық ерекшелігін келісу; баға ұсыныстарын сұрату және ашық тендер тәсілімен сатып алуды өткізу жөніндегі құжаттарды келісу.

Сатып алу рәсімдерінің тиімділігін бағалау Қордың Бюджет комитетінің қарауы үшін тоқсан сайынғы негізде жүргізіледі. Қор үшін жаңа стандарттар мен трендерді ұстана отырып, жеткізу тізбегін жаңғырту және жақсарту маңызды, осыған байланысты қызметкерлер үшін ішкі оқыту семинарлары өткізіледі, оның шеңберінде Сатып алу департаментінің өкілдері ТЖҚ сатып алу процесіне тартылған қызметкерлерге сатып алуды өткізу қағидаларын түсіндіреді.

Қор сатып алу рәсімдерін автоматтандыруды қоса алғанда, жұмыс процестеріне цифрлық технологияларды енгізуге ерекше мән береді. Осы стратегия аясында Қор келесі технологияларды енгізді:

- шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтару процесін автоматтандыруды пысықтау;
- ЖСАБ/ҰМСАБ өзгертуге өтінімдерді автоматтандыру бойынша бизнес-процесті пысықтау.

КЛИЕНТТІК ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Деректердің қауіпсіздігі және онлайн-жүйелердің сенімді жұмысы осы жобаның сәттілігін бағалаудың негізгі факторлары болып табылады. Бұл тұрғыда Қор ақпаратты қорғаудың жоғары деңгейін және өз серіктестері үшін онлайн-қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге күш салуда. Бұл қызметтің негізі ақпаратты қорғаудың негізгі принциптерін, бағыттары мен талаптарын белгілейтін Ақпараттық қауіпсіздік саясаты болып табылады. Бұл құжат тиісті қағидаларды, регламенттер мен нұсқаулықтарды әзірлеуге және ақпараттық қауіпсіздіктің қажетті деңгейін сақтауға арналған нұсқау ретінде қызмет етеді.

Қор дербес деректерді қорғауды қоса алғанда, ақпаратты ең маңызды активтердің бірі ретінде қарастырады. Ақпараттық қауіпсіздік Қордың жалпы бизнес қауіпсіздігін қамтамасыз ету стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады. Осы саладағы кез-келген бұзушылықтар клиенттердің сенімін жоғалту немесе бәсекеге қабілеттіліктің төмендеуі сияқты ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Бұл ретте ақпаратты ашып көрсету ақпарат берудің тәсілдері мен қағидалары, жария және ішкі ашып көрсету үшін материалдар тізбесі, сондай-ақ жариялау мерзімдері мен тәсілдері айқындалған жекелеген Ережемен реттеледі.

Ашықтық пен объективтілікті сақтау мақсатында Қор өзінің корпоративтік сайтында қаржылық бағдарламаларға (субсидиялар, кепілдіктер, ЕДБ арқылы қаржыландыру және басқалар), сондай-ақ кәсіпкерлерді қолдаудың қаржылық емес шараларына қатысушылардың талдамалық есептерін, презентациялары мен тізімдерін үнемі орналастырады. Сонымен қатар, сайтта заңнама мен ішкі регламенттерге сәйкес жария дереккөздерде қолжетімді болуы тиіс құжаттар мен ақпарат жарияланады.

Ақпараттық қауіпсіздік шаралары деректер мен қолдау инфрақұрылымын қорғауға бағытталған кең ауқымды әрекеттерді қамтиды. Қор Ақпараттық қауіпсіздік саясатының ережелерін сақтай отырып, ақпаратты қорғау тәсілдерін үнемі жетілдіріп отырады. Есепті кезеңде ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа; «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ ақпараттық қауіпсіздікке төнетін қатерлерді басқару әдістемесі; «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ активтерін сейкестендіру, сыныптау және таңбалау қағидалары.

Қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін Қор тек лицензияланған бағдарламалық жасақтаманы пайдаланады, жүйелерді үнемі жаңартып отырады және деректерді шифрлау, қол жеткізуді басқару және көп факторлы аутентификация сияқты заманауи қорғаныс технологияларын қолданады. Жұмыста ISO/IEC 27001 (ақпараттық қауіпсіздік) сияқты халықаралық стандарттарды қоса алғанда, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы үздік әлемдік тәжірибелер қолданылады. 2025 жылғы желтоқсанда Тәуелсіз мамандандырылған «APEX TECH» ЖШС «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-да IT-аудит жүргізді, оның нәтижелері бойынша Бірыңғай талаптарға жеткілікті сәйкестік - 85% сәйкестік расталды (алдыңғы аудитпен салыстырғанда-79%).

Сондай-ақ, Қор «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, дербес деректерді қорғау және құпия ақпаратты басқару қағидаларын қоса алғанда, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ұлттық заңнаманың талаптарын қатаң сақтайды. Осалдықтарды бағалау, кибершабуылдарға төзімділік жүйелерін тестілеу және ақпараттық жүйелер аудиті тұрақты жүргізіледі.

2025 жылдың қорытындысы бойынша ақпараттық қауіпсіздік және дербес деректерді қорғау саласындағы талаптардың бұзылуы, сондай-ақ тарап кету, клиенттік деректерді рұқсатсыз ашып көрсету немесе заңсыз пайдалану фактілері анықталған жоқ.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

«Даму» қоры жүзеге асырылатын және жоспарланатын қызметтің қоршаған ортаға әсер ету көрсеткіштерін жақсартуға ұмтылады. Сонымен қатар, қызметтің ерекшелігін ескере отырып, Қор қоршаған ортаға тікелей елеулі әсер етпейді. Қор тұтынатын негізгі ресурстар электр энергиясы, жылу энергиясы және су болып табылады.

«Даму» қоры операциялық қызметтен экологиялық әсерді азайту үшін шаралар қабылдайды, «жасыл» өнімдерді әзірлейді, қолдау көрсетілетін кәсіпкерлердің хабардарлығын арттырады, Қордың орнықты даму саласындағы бекітілген құжаттарына сәйкес өз мамандарын оқытады, сондай-ақ экология және оған әсер ету тақырыбында оқыту семинарларын өткізеді.

Осы бағытта қойылған міндеттерді іске асыру үшін Қор мақсаты мыналар болып табылатын Экологиялық және әлеуметтік саясатты басшылыққа алады:

1) әлеуетті теріс экологиялық және әлеуметтік әсерді азайту және Қор қызметінен болатын әлеуетті оң экологиялық және әлеуметтік әсерлерді арттыру;

2) клиенттерді экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару жүйелерін тиісті деңгейде әзірлеуге және қолдауға тікелей қаржыландыруды ынталандыру;

3) жобаларды қаржыландыру және оларды іске асыру туралы шешімдер қабылдау кезінде жобаның қоршаған ортаға әсері саласында, сондай-ақ әлеуметтік ықпал ету саласында жүртшылықтың мүдделерін есепке алу.

КЛИМАТТЫҚ ӘСЕРДІ БАСҚАРУ

«Даму» қоры қаржы секторындағы өзінің маңызды жағдайын және орнықты дамуға қосқан үлесі үшін жауапкершілікті түсінеді. Қор Париж климаттық келісімінің мақсаттарын, БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттарын және Көміртегі бейтараптығына қол жеткізудің ұлттық стратегиясын ұстанады. Қордың стратегиялық міндеттерінің бірі оның қызметінің климаттың өзгеруіне теріс әсерін азайту болып табылады.

«Даму» қорының климатқа әсерін төмендетудің негізгі бағыттары:

- **электр энергиясын, қағазды, әйнекті, суды және энергиятиімділікті технологияларды енгізуді қоса алғанда, ресурстарды тұтынуды азайту;**
- **қалдықтарды тұрақты басқару: батареяларды, компьютерлік жасақтауыштарды, жиһаздарды кәдеге жарату;**
- **өз қызметінен парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларын азайту;**
- **МШОБ және Қор серіктестерін климатқа зиянды әсерді азайту жөніндегі шараларды әзірлеуге ынталандыру;**
- **қаржыландырылатын көміртекті көп қажет ететін жобалардың үлесін азайту.**

Климаттық өзгерістерге әсерді басқару мәселелері үшін жауапкершілік Қордың қызметіне ESG қағидаттарын енгізу жөніндегі жұмыс тобына жүктеледі.

КЛИМАТТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

Парниктік газдар шығарындыларын (бұдан әрі – ПГ) есептеу Қордың қызметіне байланысты тікелей және жанама шығарындыларды жан-жақты бағалау үшін маңызды қадам болып табылады. Есепті кезеңде Қор есеп айырысулар жүргізді:

- Қор объектілерінде жанармай жағудан, сондай-ақ мобильді көздерден – дизель отыны мен бензинді пайдаланатын көлік құралдарынан шығатын шығарындыларды қоса алғанда, Қорға тиесілі немесе бақыланатын көздерден түзілетін **ПГ (Scope 1) тікелей шығарындылары**;
- Қор қызметінде пайдаланылатын сатып алынған электр және жылу энергиясын тұтынумен байланысты **ПГ (Scope 2) жанама шығарындылары.** Бұл ретте шығарындылардың өзі электр станциялары мен жылу станцияларын қоса алғанда, Қорға тиесілі емес және бақыланбайтын объектілерде пайда болады;
- Қордың қызметіне сәйкес келетін жекелеген санаттар бойынша **ПГ (Scope 3) басқа да жанама шығарындылары.** Scope 3 есебі жұмыскерлердің жұмыс орнына және кері қарай күнделікті сапарларын, қызметтік іссапарларды, қалдықтардың пайда болуын, қағаз сатып алуды, су тұтынуды және өзге де ескерілетін санаттарды қоса алғанда, Қордың қызметіне байланысты жанама көміртегі ізін неғұрлым толық көрсету мақсатында орындалды.

Шығарындыларды есептеу үшін қолданылатын әдіснама келесі стандарттар мен нормативтік актілерге негізделген:

GHG Protocol Corporate Standard.
IPCC Guidelines for National Greenhouse Gas Inventories.
ISO 14064-1:2018 «Парниктік газдар. 1-бөлік. Ұйым деңгейінде парниктік газдар шығарындылары мен сіңірілуін сандық анықтау және есеп беру бойынша талаптар мен нұсқаулық».
Қазақстан Республикасының Ұлттық нормативтік актілері:

«Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу жөніндегі әдістемелерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 9 Бұйрығы;
2) «Экономиканың реттелетін секторларындағы бенчмарктердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 19 шілдедегі № 260 бұйрығы.

Есепті жылы ПГ шығарындыларын верификациялау жүргізілген жоқ.

2025 жылы Scope 1 және Scope 2 бойынша парниктік газдар шығарындыларының жиынтық көлемі 1 495,02 тонна CO_2-эквивалентін құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 3,6%-ға төмен.

	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2025 жылдың динамикасы, %
Scope 1, т CO2-экв	200,4	194,8	203,8	207,07	1,6%

Қордың 2025 жылғы Scope 2 парниктік газдар шығарындыларын бағалау нәтижелері (2-қамту) , т CO2-экв

	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2025 жылдың динамикасы, %
Scope 2, т CO2-экв	1 347,3	1 264,4	1 347	1 287,95	-4,38%

2025 жылы Scope 1 және Scope 2 бойынша парниктік газдар шығарындыларының жиынтық көлемі 1 495,02 Т CO_2-экв құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 3,6%-ға төмен. 2025 жылы Scope 1 және Scope 2 бойынша парниктік газдардың үлестік шығарындылары бір қызметкерге 3,18 т CO_2-экв құрады. Үлес көрсеткішін есептеу кезінде Қор қызметкерлерінің, сондай-ақ аутстаффинг бойынша тартылған қызметкерлердің орташа тізімдік санын қамтитын 2025 жылғы 470 адам санындағы персоналдың есептік саны пайдаланылды.

Қордың 2025 жылғы Scope 3 парниктік газдар шығарындыларын бағалау нәтижелері (3-қамту), т CO2-экв

2025 жылы Қор операциялық қызметті сипаттайтын негізгі санаттар бойынша жанама парниктік газдар шығарындыларын (Scope 3) бағалауды жүргізді. Есептеулер шығарындыларды есепке алудың халықаралық стандарттарының жалпыға бірдей қабылданған тәсілдеріне сәйкес орындалды.

Бағалау құрамына келесі санаттар кіреді:
- қызметкерлердің жұмыс орнына және кері сапарлары;
- іскерлік сапарлар (әуе сапарлары);
- жалға берілетін объектілерді пайдалану;
- қызмет процесінде пайда болатын қалдықтар.

Есептеулер қорытындысы бойынша шығарындылар көлемі:
- қызметкерлердің сапарлары – 124,4 т CO_2-экв.;
- іскерлік сапарлар – 17,5 т CO_2-экв.;
- жалға берілетін объектілер – 331,28 т CO_2-экв.;
- қалдықтар – 0,61 т CO_2-экв.

Scope 3 шығарындыларының жалпы көлемі 473,79 т CO2-экв құрады.

2025-2026 жылдарға күрделі жөндеу жұмыстары қарастырылған:
- орталық жылыту радиаторларын қолмен реттеу жүйесімен жабдықтаумен Қор кеңсесін жылумен жабдықтауды толық ауыстыру бойынша;
- терезелерді энергия үнемдейтін терезелерге толық ауыстыру бойынша;
- кеңсе эко және авторежимдері бар заманауи кондиционерлермен жабдықталған.

«Даму» қоры операциялық қызметтен экологиялық әсерді төмендету үшін шаралар қабылдайды, қолдау көрсетілетін кәсіпкерлердің хабардарлығын арттырады, Қордың орнықты даму саласындағы бекітілген құжаттарына сәйкес өз мамандарын оқытады, сондай-ақ экология және оған әсер ету тақырыбында оқыту семинарларын өткізеді.

ЖАСЫЛ КЕҢСЕ

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ «Жасыл кеңсе» тұжырымдамасы Қор Басқармасының 31.12.2024 жылғы №88/2024 шешімімен бекітілген.

Қордың бас кеңсесінде қоқыстарды бөлек жинауға арналған урналар және пайдаланылған батареяларға арналған урналар орнатылған. Одан әрі кәдеге жарату 05.04.2024 жылғы № 37000185 шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

2025 жылы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Coca-Cola Kazakhstan компаниясының, «GPI-Lab» ЖШС және Green Urban қауымдастығының қолдауымен іске асырылатын ұлттық жоба – Smart Plastic Zone экологиялық бастамасына қатысты, ол пластикалық іздерді азайтуға және пластикпен жұмыс істеудің тұрақты тәжірибесін енгізуге бағытталған. Қатысу қорытындысы бойынша Қор пластикті пайдалануды барынша азайтуды, баламалы материалдарды қолдануды, сондай-ақ қалдықтарды бөлек жинауды және қайта өңдеуге беруді ұйымдастыруды қоса алғанда, экологиялық жауапкершіліктің жоғары деңгейін растайтын алтын белгіге ие болды.

Экологиялық, энергия және материалды үнемдеу технологияларын қолдану

Барлық Қорда қыздыру шамдары мен люминесцентті шамдардың орнына жарықдиодты жарықтандыру орнатылды, санитарлық тораптарда жарықтандыруды автоматты бақылау жүйелері орнатылды, санитарлық тораптарда суды үнемдеу қажеттілігі туралы мәндайша жазулар бар, әр қабатта ҚТҚ-ны бөлек жинауға арналған бактар орнатылған. Сондай-ақ, бизнес-процестерді цифрландыру және электрондық құжат айналымына көшу есебінен қағазды тұтыну айтарлықтай азайды.

Қалдықтармен байланысты мәселелер

«Жасыл кеңсе» тұжырымдамасын енгізу шеңберінде, Қор «жасыл кеңсе» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде шикізатты қайта өңдеу орталықтарына қайта өңдеуге жататын қауіпті емес қалдықтар мен материалдарды бөлек жинауды және әкетуді жүзеге асыруды жалғастырды.

Қауіпті емес қалдықтарды шығару Қорда өнім берушілермен жыл сайынғы негізде жасалатын Көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт негізінде жүзеге асырылады.

Ресурстарды тұтыну көлемі

Көрсеткіштер	Өлшем бірл.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
Жылу энергиясы	Гкал	4 813	1 485	1 359	1 543	1 440,24
Су тұтыну	м3	6 998	6 861	6 490	6 324	5 375
Электр энергиясы	кВт/сағ	983 628	638 061	653 072	677 086	748 384,62
ҚТҚ	м3	480	480	1080	360	354,82

Көрсеткіштер	Өлшем бірл.	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
А4 қағазы	бума	1960	1667	1492	935
А3 қағазы	бума	0	0	0	0

ТАЗА ҚАЛА

Қор қала ортасын жақсартуға және қала қызметкерлері мен тұрғындары арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған экологиялық бастамаларға белсенді қатысуды жалғастыруда.

2025 жылы Қор қызметкерлері өз бастамасымен де, жалпы қалалық экологиялық акциялар аясында да ұйымдастырылған сенбіліктерге қатысты.

Сондай-ақ, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар шеңберінде 2025 жылы Қордың іргелес аумағында бұзу, дайындау және отырғызуды қоса алғанда, жасыл желектерді көгалдандыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу басталды. Осы жұмыстардың нәтижесінде қоршаған ортаның экологиялық және эстетикалық жағдайын жақсарту үшін гүлдер мен көгалдар отырғызылды.

ҚОСЫМШАЛАР

№ 1 қосымша

Маңызды тақырыптарды анықтау

2025 жылғы жылдық есепті дайындау шеңберінде Қор Есепте ашып көрсету үшін неғұрлым маңызды тақырыптарды айқындау мақсатында ішкі және сыртқы мүдделі тараптарға сауалнама жүргізді. Сауалнамаға Жалғыз акционерді, «Бәйтерек» ҰИХ» АҚ еншілес ұйымдарын, мемлекеттік органдар мен ұйымдарды, екінші деңгейдегі банктерді, микроқаржы ұйымдарын, лизингтік компанияларды, халықаралық қаржы институттарын, сондай-ақ Қордың ішкі мүдделі тараптарын қоса алғанда, мүдделі тараптардың негізгі топтарының өкілдері қатысты.

Сауалнама Қор қызметінің экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық аспектілері бойынша топтастырылған тақырыптардың тізімін қамтыды. Респонденттерге әр тақырыптың маңыздылығын 5 балдық шкала бойынша бағалау ұсынылды, мұнда 1 маңыздылығы төмен, ал 5 маңыздылығы жоғары мәнді білдіреді.

Сауалнама қорытындысы бойынша екі бағыт бойынша орташа бағалар есептелді: Қор үшін тақырыптың маңыздылығы және мүдделі тараптар үшін тақырыптың маңыздылығы. Алынған нәтижелер негізінде Жылдық есепте ашып көрсету үшін тақырыптардың салыстырмалы басымдылығын көрсететін Маңыздылық матрицасы құрылды.


Есепті дайындау мақсаттары үшін Қор мен мүдделі тараптардың бағаларының жиынтығы бойынша 3,5 және одан жоғары орташа интегралдық балл алған тақырыптар елеулі деп танылды. Орташа интегралды баллы 4,0 және одан жоғары болған тақырыптар ашып көрсетудің басым тақырыптарына жатқызылған. Бұл ретте Қордың қызметі үшін реттеушілік, стратегиялық немесе корпоративтік маңызы бар жекелеген тақырыптар да қорытынды балға қарамастан Есепте ашып көрсетілуі мүмкін.

Бағалау нәтижелері бойынша ақпаратты ашудың басым тақырыптарына экономикалық нәтижелілік, мемлекеттік саясат, заңнамалық талаптарға сәйкестік, адам құқықтарының сақталуын бағалау, кемсітушілікке жол бермеу, денсаулық және қауіпсіздік, су ресурстары, энергия, жанама экономикалық әсерлер, әртүрлілік және тең мүмкіндіктер, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестік жатқызылды. Аталған тақырыптар жүргізілген талдау нәтижелері бойынша ең жоғары бағаларға ие болып, осы Есептің тиісті бөлімдерінде көрініс тапты.

Сауалнама нәтижелерін Қордың жауапты құрылымдық бөлімшесі жинақтап, Жылдық есепті дайындау кезінде ақпарат пен есепке алу үшін Қор басшылығына жолдады. Маңыздылық матрицасы Есептің мазмұнын анықтауда және ашып көрсетілетін ақпаратқа басымдық беруде аналитикалық құрал ретінде қолданылады.

Маңызды тақырыптардың Есептің бөлімдерімен және GRI Standards-тың тиісті ашып көрсетулерімен байланысы GRI индикаторларының кестесінде көрсетілген. Экономикалық және басқару тақырыптары даму стратегиясына, қаржылық нәтижелерге, қызметтің негізгі нәтижелеріне, корпоративтік басқаруға, тәуекелдерді басқаруға және ішкі бақылауға арналған бөлімдерде ашылады. Әлеуметтік тақырыптар әлеуметтік жауапкершілік, персоналды басқару, еңбекті қорғау және қауіпсіздік, тең мүмкіндіктер, тұрақты қаржыландыру, сатып алу қызметі және клиенттік деректердің қауіпсіздігі туралы бөлімдерде көрсетілген. Экологиялық тақырыптар қоршаған ортаға қамқорлық, парниктік газдар шығарындыларын есептеу, энергияны тұтыну, суды тұтыну, қалдықтарды басқару мен «жасыл кеңсе» қағидаттары бастамаларына арналған бөлімдерде ашылған.

Маңызды тақырыптарды анықтау



Бағалау шкаласы: 1 – төмен маңыздылық, 5 – өте жоғары маңыздылық. Жоғары маңыздылық шегі: әрбір ось бойынша ⩾ 4,0.

Маңыздылық матрицасын таратып көрсету

Тақырыбы	Қор үшін маңыздылығы	Стейкхолдерлер үшін маңыздылығы
Экономикалық нәтижелілік	4.8	4.66
Су	4.1	4.43
Денсаулық және қауіпсіздік	4.25	4.26
Кемсітушілікке жол бермеу	4.40	4.23
Адам құқықтарының сақталуын бағалау	4.50	4.17
Заңнамалық талаптарға сәйкестігі	4.65	3.86
Мемлекеттік саясат	4.60	3.97
Тікелей емес экономикалық әсерлер	4.45	3.60
Энергия	3.95	4.11
Қалдықтар	4.00	3.94
Табиғат қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестігі	3.85	4.14
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	4.05	3.77
Жұмыспен қамту	4.30	3.57
Оқыту және білім беру	4.60	2.70
Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер	4.35	3.80
Нарықтарда болу	4.20	3.57
Бәсекелестікке кедергі	3.60	3.40
Жергілікті қауымдастықтар	3.55	3.30
Өнім берушілердің қоғамға әсерін бағалау	3.75	3.60
Қызметкерлер мен басшылықтың қарым-қатынасы	3.25	3.10
Сатып алу практикасы	2.85	2.70

№ 2 қосымша

2025 жылғы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттар мен ережелерді сақтау/сақтамау туралы есебі

№ п/п	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
1-тарау. Жалпы ережелер			
1.1.	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі - Кодекс) Қор ішіндегі және басқа да мүдделі тараптармен қатынастарда тиімділікті, транспаренттілікті, есептілікті, іскерлік этиканың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін өз қызметі процесінде Қор ұстанатын қағидалар мен ұсынымдардың жиынтығы болып табылады. Кодекс Қордың корпоративтік басқаруының Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының тиісті стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында әзірленді. Қор тікелей немесе жанама түрде Қорға дауыс беретін акциялардың немесе қатысу үлестерінің елу пайыздан астамы тиесілі ұйымдарда (еншілес ұйымдар) осы Кодексті енгізуді қамтамасыз етеді. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанындағы Қордың еншілес ұйымына «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін бөлігінде осы Кодекстің ережелерін ұстану ұсынылады.	**Сақталады**	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Корпоративтік басқару кодексі Қордың Жалғыз акционерінің («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасы) 2017 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен бекітілген (№53/17 хаттама). Бұдан бұрын «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ **Іскерлік әдеп кодексіне** (Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 28 қарашадағы шешімі, № 12/2025 хаттама) (бұдан әрі – Іскерлік әдеп кодексі) **өзгерістер мен толықтырулар енгізілген**, **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің бастығы және комплаенс-бақылаушысы лауазымына тағайындалған, олардың өкілеттік мерзімі айқындалған және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бағдарлама мен 2026 жылға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерлері қызметінің түйінді көрсеткіштерінің картасы бекітілген**, тәуекелдерге толеранттілік деңгейлері бекітілді, тәуекелдерді басқару процестерін автоматтандыру бойынша жұмыс жүзеге асырылды. Директорлар кеңесіне Қордың Ішкі бақылау жүйесінің (ІБЖ) тиімділігі туралы ақпарат берілді, Қордың жылдық есебіне оның мүшелерінің комитет отырыстарына қатысуы туралы, Қоршаған ортаны қорғау туралы, мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат туралы ақпарат енгізіледі, қаржылық есептілік жөніндегі ақпаратты ашып көрсету кезінде мерзімдер сақталады. Байланысты тараптармен операцияларға қатысты қаржылық есептілікке түсіндірмелерде мынадай ақпарат ашып көрсетіледі: байланысты тараптар арасындағы есеп айырысулар бойынша қалдықтардың шамасы, күмәнді борыштар бойынша бағалау резервтері, шығарылған акциялардың номиналды құны туралы ақпарат ашып көрсетіледі.
1.2.	Осы Кодекстің мақсаттары Қордағы және оның еншілес ұйымдарындағы корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету, Қордың және оның еншілес ұйымдарының тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділігін растау болып табылады. Атап айтқанда: 1) Қорды және оның еншілес ұйымдарын басқару заңдылық қағидатын және тиісті жауапкершілік деңгейін сақтай отырып, Қордың құндылығын және Жалғыз акционер үшін өзге де пайданы барынша арттыру үшін өкілеттіктерді, есептілік пен тиімділікті нақты ажырата отырып жүзеге асырылады; 2) ақпаратты ашып көрсету, ашықтық, оның ішінде Қорға мемлекеттің қатысуын ақтайтын мақсаттарды мұқият бағалау, ашып көрсету және мерзімді қайта қарау қамтамасыз етіледі; 3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері тиісінше жұмыс істейді; 4) Қордың және жалпы жұртшылықтың жоғары мүдделеріне негізделген шешімдерден өзгеше шешімдерге әкеп соғуы мүмкін мүдделер қақтығысының туындау тәуекелін барынша азайту.	**Сақталады**	Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі шешімімен, № 04/2025 хаттама, шешім қабылданған күннен бастап омбудсмен Д.В. Акрачкованың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және омбудсмен болып «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Н.С. Айдапкелов **2 (екі) жыл өкілеттік мерзімімен** тағайындалды. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына, сондай-ақ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 31 қазандағы шешімімен, №10/2022 хаттама, Жарғыға енгізілген өзгерістерге сәйкес комплаенс бақылаушының позициясы **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет болып қайта құрылды.** Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару деңгейін сапалы арттыруға және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған комплаенс Тәуекелдерін басқару тәртібін регламенттейтін ішкі құжаттарды өзгертумен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті құру Қордың қызметіне **жағымды әсер етеді**. Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 28 қарашадағы шешімімен, № 12/2025 хаттама, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің бастығы және комплаенс-бақылаушысы лауазымдарына қайта тағайындалды, олардың өкілеттік мерзімі айқындалды және **2026 жылға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бағдарлама** бекітілді.
2.	**Өкілеттіктерді ажырату қағидаты**		
2.1.	Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың құзыреттері, міндеттері мен құзыреттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, құрылтай құжаттарына сәйкес айқындалады және оларда бекітіледі.	**Сақталады**	Корпоративтік басқару жүйесі корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен дәйектілігін қамтамасыз ететін Қордың тиісті органдары арасындағы **өкілеттіктер мен жауапкершілікті нақты ажыратуды** көздейді. Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Басқарманың қызметі, сондай-ақ Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі мен Басқарма арасында өкілеттіктерді бөлу оңтайлы және толық көлемде көрініс тапты және регламенттелді:

№ п/п	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
		Сақталады	1. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен; 2. Қордың Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген Қордың Жарғысымен («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 13 қазандағы № 41/16 бетпе-бет отырысының хаттамасы); 3. Жалғыз Акционердің шешімімен бекітілген Қордың Директорлар кеңесі туралы ережемен («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының бетпе-бет отырысының 2018 жылғы 28 қарашадағы № 53/18 хаттамасы); 4. Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 05 наурыздағы №49 шешімімен бекітілген Қордың Басқармасы туралы ережеге, 2020 жылғы 09 шілдедегі № 07/2020 өзгерістер мен толықтырулармен. 2025 жылы Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма Қордың Жарғысымен айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді қарап, қабылдады.
2.2.	«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Қор қызметінің рентабельділігін қамтамасыз ету және Қор қатысатын мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру мақсатында Қордың Жалғыз акционерінің функцияларын жүзеге асырады.	**Сақталады**	«Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығына сәйкес Қор акцияларының **100%-ы Жалғыз акционер – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ға берілді.**
3.	**Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты**		
3.1.	Жалғыз акционердің құқықтарын сақтау Қорға инвестициялар тартудың негізгі шарты болып табылады. Осыған байланысты, Қордағы корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, құрметтеуді қамтамасыз етуге негізделеді және Қордың тиімді қызметіне ықпал етуге және қызметтің рентабельділігіне қол жеткізуге бағытталған.	**Сақталады**	Қордағы корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, құрметтеуді қамтамасыз етуге негізделеді және Қордың тиімді қызметіне жәрдемдесуге және оның қызметінің шығынсыздығына қол жеткізуге бағытталған.
3.2.	Қор белгіленген тәртіппен Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді, оның ішінде: акцияларды иелену, пайдалану және оларға билік ету	**Сақталады**	

	«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және/немесе Қордың Жарғысында көзделген тәртіппен Қорды басқаруға қатысу және Директорлар Кеңесін сайлау құқығы; Қордың пайдасының үлесін (дивидендтерді) алу құқығы; Қор таратылған кезде оның активтеріндегі үлесті алу құқығы; Қордың қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде Қордың Жалғыз акционері немесе Жарғысында белгіленген тәртіппен Қордың қаржылық есептілігімен танысу құқығы; Қорға оның қызметіне қатысты жазбаша сұрау салулармен жүгіну және Қордың Жарғысында белгіленген мерзімдерде дәлелді және толық жауаптар алу құқығы; Қордың тіркеушісінен немесе оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын номиналды ұстаушыдан үзінді көшірме алу құқығы; Қордың органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен даулау құқығы; «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда Қордың лауазымды адамдарының Қорға келтірілген залалды өтеуі және Қордың лауазымды адамдарының және/немесе олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелерді және/немесе оларды жасасуда мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныстар) туралы шешімдерді қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) қайтаруы туралы талаппен сот органдарына өз атынан жүгіну құқығы; Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен Қордың акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын басым сатып алу құқығы; «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен Қор акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдау құқығы.	**Сақталады**	Жалғыз Акционердің шешімімен бекітілген Қор Жарғысының 34-тармағына сәйкес («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 13 қазандағы бетпе-бет отырысының №41/16 хаттамасы) Жалғыз акционердің: 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға; 2) дивидендтер алуға; 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның Жарғысында айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға; 4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға құқылы; 5) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен наразы болуға құқығы бар; 6) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда, Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірген залалдарын Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) жасасуда мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныстар) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде өздері алған пайдасын (табысын) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен сот органдарына өз атынан жүгінуге; 7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салулармен жүгінуге және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауаптар алуға; 8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне; 9) белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға; 10) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге. 11) аудиторлық ұйымның өз есебінен Қоғамға аудит жүргізуін талап етуге құқығы бар.

№ п/п	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
4.	**Жалғыз акционердің құқықтарын қамтамасыз ету және дивидендтік саясат**		
4.1	**Жалғыз акционердің құқықтарын қамтамасыз ету**	**Сақталады**	**2025 жылы Жалғыз акционердің ең маңызды шешімдерінің қатарына мына мәселелер жатады:** 1) өткен 2024 қаржы жылы үшін жылдық қаржылық есептілікті, таза табысты бөлу тәртібін бекіту туралы; 2) Қордың 2024 жылғы қызметі туралы жылдық есепті бекіту туралы. 2026 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша **Жалғыз акционердің өкілдері, Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері** Жалғыз акционердің («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасы) Директорлар кеңесінің құрамына тиісінше 2025 жылғы 26 наурыздағы (№14/25 хаттама) және 2025 жылғы 06 мамырдағы (№21/25 хаттама) шешімдерімен сайланған **Р.Т. Қарағойшин және А.Е. Мырзағалиева болып табылады** Директорлар Кеңесінің барлық құрамы сияқты Жалғыз акционер өкілдерінің өкілеттік мерзімі **2025 жылғы 05 сәуірден бастап** 3 (үш) жылға белгіленген. Қор Жалғыз акционер мен инвесторларға Қордың корпоративтік сайтында, бұқаралық ақпарат құралдарында, қаржылық есептілік депозитарийінде және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да (KASE) **орналастыру арқылы белгіленген тәртіппен** ынтымақтастықтың кез келген нысандары мен шарттары, келісімдер мен серіктестік туралы ақпаратты ашып көрсетеді.
4.2	**Дивидендтік саясат**	**Сақталады**	Қор Жалғыз акционерге Холдингтің қабылданған шешімдері мен тапсырмаларына сәйкес бекітілген есептілік пакетінің нысандарына сәйкес қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері, басқарушылық және қаржылық есептілік туралы ақпаратты ұдайы ұсынады. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасы 2014 жылғы 11 мамырдағы бекіткен «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының еншілес ұйымдары төлейтін дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібінің (бұдан әрі - Дивидендтерді айқындау тәртібі) 3.2-тармағына сәйкес еншілес ұйымдардың уәкілетті органдары өткен қаржы жылындағы таза табысты бөлу тәртібі және бір жай акцияға шаққандағы бір жылдағы дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар дайындайды

4,2		**Сақталады**	Еншілес ұйымдардың төлеуге ұсынатын дивидендтерді есептеу әдістемесіне (Дивидендтерді айқындау тәртібіне қосымша) сәйкес төлеуге берілетін дивидендтердің мөлшері еншілес ұйымның қаржылық-экономикалық жағдайына байланысты айқындалады. 2025 жылы Директорлар кеңесі 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 04/2025 шешімді 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қордың жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту туралы шешім қабылдады және 2024 жылдың қорытындысы бойынша Қордың жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады. 2024 жылы Қор Жалғыз акционерге **таза кірістің 70%-ы мөлшерінде** дивидендтер төледі. Яғни, Қордың 2024 жылғы **26,9 млрд теңге мөлшеріндегі таза табысы былайша бөлінді: 18,8 млрд теңге мөлшеріндегі сома немесе таза табыстың 70%-ы** Жалғыз акционерге дивидендтер төлеуге жіберілді, ал қалған сома **8 млрд теңге немесе таза табыстың 30%-ы** Қордың иелігінде қалды. 2025 жылы дивидендтер мөлшері есепті кезеңнің қорытындылары бойынша қаржылық есептілік аудиті аяқталғаннан кейін айқындалатын болады.
5.	**Қорды Директорлар кеңесі мен басқарманың тиімді басқаруы қағидаты**		
5.1	**Тиімді Директорлар кеңесі**	**Сақталады**	Қордың Директорлар кеңесінің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Директорлар кеңесі туралы ережемен және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттелген. Есепті жылы Директорлар кеңесі Жарғымен Қордың Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді қарап, қабылдады. **2025 жылы Жалғыз акционердің мынадай шешімдері негізінде Қордың Директорлар кеңесінің құрамында өзгерістер болды:**

№ п/п	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
5.1	**Тиімді Директорлар кеңесі**	**Сақталады**	1. 2025 жылғы 26 наурыздағы шешіммен № 14/25 хаттама (а) сандық құрамы - 6 (алты) адам, (б) өкілеттік мерзімі – 2025 жылғы 5 сәуірден бастап 3 (үш) жыл болып айқындалды, (в) Директорлар кеңесінің мүшелері болып жалпы кеңестің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін өкілеттік мерзімімен сайланды:: С.М. Жұманғарин. Р.Т. Қарағойшин және Ж.А. Шайхы Жалғыз акционердің өкілдері ретінде, Р.А. Баталов және Г.А. Хусаинов тәуелсіз директорлар ретінде, Ф.К. Сарсекеев (г), Директорлар кеңесінің төрағасы болып С.М. Жұманғарин сайлауға ұсынылды. 2. 2025 жылғы 06 мамырдағы шешіммен № 21/25 хаттама, (а) сандық құрам 7 (жеті) адамға дейін ұлғайтылды, (б) Директорлар кеңесінің мүшесі Ж.А. Шайхының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, (в) А.Ө. Алдамберген және А.Е. Мурзагалиев сәйкесінше тәуелсіз директор және Жалғыз акционердің өкілі болып сайланды. Қордың Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 04 шілдедегі № 07/2025 шешімімен тәуелсіз директор А.Ө. Алдамберген Аудит және тәуекелдерді басқару комитетінің төрағасы болып сайланды, А.Е. Мурзагалиева Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің мүшесі болып сайланды. Жаңадан сайланған директорларға қолданыстағы Даму стратегиясын, негізгі ішкі нормативтік құжаттарды (Жарғы, Директорлар кеңесінің, Басқарманың регламенттері және т.б.) қоса алғанда, Қор қызметінің негізгі аспектілеріне қатысты ақпарат жіберілді. Осылайша, 2026 жылдың 01 қаңтарында Қордың Директорлар кеңесіне **7 директор**, оның ішінде **3 тәуелсіз директор** кірді: 1. Жумангарин Серик Макашұлы, Директорлар кеңесінің төрағасы; 2. Карагойшин Рустам Тимуруұлы, Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі; 3. Мурзагалиева Алия Ерболатқызы, Директор кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі; 4. Алдамберген Алина Өтемісқызы, тәуелсіз директор; 5. Баталов Раимбек Анварұлы, тәуелсіз директор; 6. Хусаинов Ғалым Әбілжанұлы, тәуелсіз директор; 7. Сарсекеев Фархат Кайнаруұлы, Директор кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрағасы.

5.1	**Тиімді Директорлар кеңесі**	**Сақталады**	Тәуелсіз директорлардың үлесі **барлық құрамның 43% құрайды, бұл корпоративтік басқарудың ең жақсы қағидаттарына сәйкес келеді.** Директорлар кеңесінің қызметі Директорлар кеңесін қалыптастыру тәртібін, Директорлар кеңесі мүшелерінің мәртебесін, құрамын, құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайтын, Директорлар кеңесі қызметінің, отырыстарды шақыру мен өткізудің, оның шешімдерін қабылдау мен ресімдеудің тәртібін белгілейтін Қордың Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі. Белгіленген тәртіпке сәйкес жыл сайын Директорлар кеңесінің жұмыс жоспары бекітіледі. 2025 жыл ішінде Директорлар кеңесінің **14 отырысы**, оның ішінде 7 бетпе-бет, 7 сырттай отырыс өткізілді, онда **95 мәселе** қаралды. Тәуелсіз директорлардың қатысуымен бейінді комитеттердің отырыстарын өткізу арқылы Жалғыз акционердің Қормен тұрақты диалогы сақталады. Қордың Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі шешімімен № 04/2025 хаттама «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің 2024 жылғы қағидаттары мен ережелерін сақтау/ сақтамау туралы есеп бекітілді және қарау үшін Жалғыз акционерге жіберілді.
5.2	**Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы**	**Сақталады**	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының тәуелсіз директорларын іріктеу, сыйақы төлеу және олардың шығыстарын өтеу қағидаларына (2014 жылғы 04 сәуірдегі №09/14) сәйкес Жалғыз акционердің шешімімен тәуелсіз директорларға (ТД) сыйақы айқындалды: а) комитет төрағасы ретінде Директорлар кеңесінің бір комитетіне мүше болғаны үшін тіркелген жылдық сыйақы ретінде, б) Директорлар кеңесінің бір комитетіне мүше болғаны үшін тіркелген жылдық сыйақы ретінде. Жалғыз акционердің 2015 жылғы 19 мамырдағы шешіміне (№17/15 хаттама) сәйкес тәуелсіз директорларға Директорлар кеңесіне мүше болғаны үшін, Директорлар кеңесінің бір комитетіне комитет төрағасы ретінде мүше болғаны үшін және директорлар кеңесінің бір комитетіне мүше болғаны үшін тіркелген жылдық сыйақылар айқындалды.

№ п/п	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
5.2	**Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы**	**Сақталады**	2022 жылға арналған Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп шеңберінде осы қағидат бойынша Қордың тәуелсіз директорларының белгіленген сыйақыларының мөлшері **2015 жылдан бастап өзгермегендігіне** және осындай деңгейдегі Директорлар кеңесінің мүшелерін тарту және ынталандыру үшін **жеткілікті болып табылмайтындығына** байланысты **«ішінара сақтау» атап өтілді**. **Атқарушы орган мен корпоративтік хатшы тарапынан** осы мәселеге бастамашылық жасау қорытындылары бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2023 жылғы 09 қарашадағы (№ 42/23 хаттама), 2025 жылғы 26 наурыздағы (№ 14/25 хаттама) және 2025 жылғы 06 мамырдағы (№ 21/25 хаттама) шешімдерімен Қордың тәуелсіз директорларына сыйақы мөлшері **түзетілді.** Тәуелсіз директорлардың түзетілген сыйақысының талаптары шарттарда көрсетіледі. Тіркелген жылдық сыйақыларды төлеу **тоқсан сайынғы негізде жүзеге асырылады.** Осылайша, 2025 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы осы есепте **осы қағидат бойынша «Сақталады» мәртебесі белгіленеді.**
5.3	**Директорлар кеңесінің комитеттері**	**Сақталады**	2025 жылы Директорлар кеңесі жанынан **3 комитет** жұмыс істеді: 1) Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті. 2) Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті. 3) Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет. Комитеттердің қызметі 2025 жылғы 17 желтоқсанда Директорлар кеңесі бекіткен Комитеттер туралы тиісті ережелермен реттеледі. Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес Комитеттерді тәуелсіз директорлар басқарады. 2025 жылы комитеттердің отырыстары негізінен **онлайн отырыстар форматында** өткізілді. Қордың Директорлар Кеңесінің шешіміне сәйкес **Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің Төрағасы тәуелсіз директор Р.А. Баталов болып табылады.** 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Комитеттің нақты сандық құрамы 4 (төрт) адамды құрады:

5.3	**Директорлар кеңесінің комитеттері**	**Сақталады**	1. Р.А. Баталов - Комитет төрағасы, Тәуелсіз директор; 2. А.Ө. Алдамберген - Комитет мүшесі, Тәуелсіз директор; 3. Г. А. Хусаинов - Комитет мүшесі, Тәуелсіз директор; 4. А.Е. Мурзагалиева - Комитет мүшесі, Акционердің өкілі. 2025 жылы Комитеттің 11 бетпе-бет отырысы өткізіліп, онда **32** мәселе қаралды. Есепті кезеңде Комитет құрамына сарапшыларды тарту қажеттілігі болған жоқ. 2025 жылы Қордың Даму жоспарын орындау, 2024 жылғы Даму стратегиясын іске асыру, Қордың 2024 жылғы жылдық есебі, корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау және т. б. мәселелер қаралды. Қордың Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес тәуелсіз директор **А.Ө. Алдамберген Аудит және тәуекелдерді басқару комитетінің төрағасы болып табылады.** 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Комитеттің нақты сандық құрамы 3 (үш) адамды құрады: 1. А.Ө. Алдамберген - Комитет төрағасы, тәуелсіз директор; 2. Р.А. Баталов - Комитет мүшесі, тәуелсіз директор; 3. Г.А. Хусаинов - Комитет мүшесі, тәуелсіз директор. Есепті жыл ішінде Комитеттің **10** бетпе-бет отырысы өткізіліп, онда **55** мәселе қаралды. 2025 жылы мәселелер, оның ішінде ЕДБ лимиттерін бекіту, тәуекел-менеджмент мәселелерін алдын ала мақұлдау (2026 жылға арналған бизнес-процестер, тәуекелдер мен бақылаулар матрицасы, Тәуекелдер тіркелімі, Сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары, Тәуекелдер картасы, 2026 жылға арналған тәуекелдердің түйінді индикаторлары және т.б.), 2024 жылғы ақпараттық қауіпсіздік инциденттері бойынша есеп, 2024 жылғы жылдық қаржылық есептілікті және 2024 жылғы аралық қаржылық есептілікті, Аудит аумақтарының картасын, Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін кәсіптік оқыту жоспарын және Ішкі аудит қызметінің 2026 жылға арналған бюджетін миақұлдау, Ішкі аудит қызметінің аудиторлық есептерін, тәуекелдерді басқару жөніндегі тоқсандық есептерді, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің есептерін және т.б. мақұлдау мәселелері қаралды. Қордың Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес **Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің Төрағасы тәуелсіз директор Г.А. Хусаинов болып табылады.**

№ п/п	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
5.3	**Директорлар кеңесінің комитеттері**	**Сақталады**	Қордың Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес **Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің Төрағасы тәуелсіз директор Г.А. Хусаинов болып табылады.** 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Комитеттің нақты сандық құрамы 3 (үш) адамды құрады: 1. Г. А. Хусаинов - Комитет төрағасы, тәуелсіз директор; 2. А.Ө. Алдамберген - Комитет мүшесі, тәуелсіз директор; 3. Р.А. Баталов - Комитет мүшесі, тәуелсіз директор. Жыл ішінде Комитеттің **7** бетпе-бет отырысы өткізіліп, онда **18** мәселе қаралды. 2025 жылы мәселелер, оның ішінде 2024 жылға басшы қызметкерлердің ҚТК орындау, 2024 жылдың қорытындысы бойынша Директорлар кеңесінің қызметін бағалау, Омбудсменнің өкілеттік мерзімін тағайындау және айқындау, басшы қызметкерлердің ҚТК картасына және олардың 2025 жылға арналған нысаналы мәндеріне өзгерістер, 2026 жылға арналған басшы қызметкерлердің ҚТК карталары және т.б. мәселелер қаралды. Директорлар кеңесі комитеттерінің хатшысы корпоративтік хатшы болып табылады. Комитет хатшысы комитет отырыстарын дайындауды, отырыстарға материалдарды жинауды және жүйелеуді, комитет мүшелеріне және шақырылған адамдарға комитет отырыстарын өткізу туралы хабарламаларды, отырыстардың күн тәртібін, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды уақтылы жіберуді, отырыстарды хаттамалауды, комитет шешімдерінің жобаларын дайындауды, сондай-ақ барлық тиісті материалдарды кейіннен сақтауды қамтамасыз етеді.
5.4	**Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру.**	**Сақталады**	2025 жылы Директорлар кеңесінің отырыстары Директорлар кеңесі бекіткен 04.12.2024 жылғы № 07/2024 Жұмыс жоспарына сәйкес өткізілді. 2025 жылы Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстары белгіленген кестелерге сәйкес өткізілді. Комитеттердің отырыстарын өткізу дауыс берудің бетпе-бет нысаны арқылы, негізінен он-лайн форматта жүзеге асырылды. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша шешімдерді қарау және қабылдау тек бетпе-бет/он-лайн дауыс беру нысаны бар комитеттердің отырыстарында ғана жүзеге асырылды.

5.5	**Директорлар кеңесінің қызметін бағалау**	**Сақталады**	Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері және мүшелері жыл сайынғы негізде бағаланады. Бұл ретте бағалау тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып кемінде үш жылда бір рет жүргізіледі. Бағалау әдістері өзін-өзі бағалау немесе бағалау сапасын жақсарту үшін тәуелсіз кеңесшіні тарту болып табылады. Тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып, Қордың Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметіне үш жылда бір рет бағалау жүргізу туралы ұсыным сақталады. 2019 жылы Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) директорлар кеңестері мен комитеттердің қызметіне 2018 жылғы қызметінің қорытындысы бойынша бағалау жүргізді. 2020-2023 жылдары Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес Қордың Директорлар кеңесінің қызметін бағалау Жалғыз акционердің 2018 жылғы 28 қарашадағы шешімімен бекітілген Қордың Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес сауалнама әдісімен өз күшімен жүргізілді, №53/18 хаттама. Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №11/2023 шешіміне сәйкес Қордың Директорлар кеңесінің 2023 жылғы қызметін бағалау да өз күшімен, сауалнама әдісімен жүргізілді. 2025 жылы 11.03.2025 жылғы № 970840000277EEP2503001/00 көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт шеңберінде «ДОСТЫҚ ЭДВАЙЗОРИ» ЖШС күшімен **Директорлар Кеңесінің, оның комитеттерінің және корпоративтік хатшысының 2024 жылғы қызметіне тәуелсіз бағалау** жүргізілді. Консультанттар тәуелсіз директорлармен және Директорлар кеңесінің алдыңғы құрамының Жалғыз акционердің өкілдерімен сұхбат жүргізді, тиісті ішкі нормативтік құжаттарды, уәкілетті органдардың хаттамалары мен шешімдерін және т. б. зерделеді. Бағалау әдістемесі **корпоративтік басқарудың алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибелерінің** (ЭЫДҰ корпоративтік басқару қағидаттары, Кодекстер және Ұлыбритания кеңесінің есептілік жөніндегі нұсқаулықтары) **талаптарына сәйкестігін** қамтыды. Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және корпоративтік хатшының 2024 жылғы қызметін тәуелсіз бағалау қорытындылары бойынша есеп қалыптастырылды, оған сәйкес Қорға **88% («Жетілген»/A+) деңгейінде жалпы рейтинг берілді**, бұл корпоративтік басқарудың жоғары деңгейіне және

№ п/п	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
5.5	**Директорлар кеңесінің қызметін бағалау**	**Сақталады**	Директорлар кеңесінің, комитеттердің және корпоративтік хатшының тиімділігіне сәйкес келеді. Сондай-ақ, «ДОСТЫҚ ӘДВАЙЗОРИ» ЖШС ұсынымдарының негізінде Қордың корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі 2025 жылға арналған іс-шаралар жоспары қалыптастырылды. Корпоративтік басқаруды бағалау қорытындылары бойынша есеп және іс-шаралар жоспары Директорлар кеңесінің Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің отырысында 2025 жылғы 14 тамызда қаралды (№04/25 хаттама) және оны Директорлар кеңесі 2025 жылғы 18 тамызда бекітті (№ 10/2025хаттама). Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 17 желтоқсандағы № 13/2025 шешіміне сәйкес **Қордың Директорлар кеңесінің 2025 жылғы қызметін бағалау өз күшімен, сауалнама әдісімен жүргізілетін болады.**
5.6	**Корпоративтік хатшы.**	**Сақталады**	Қордың Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 04 желтоқсандағы шешіміне сәйкес, № 07/2024 хаттама, Қорда корпоративтік хатшы тағайындалды. Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 03/2018 шешімімен бекітілген «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның корпоративтік хатшысы туралы ережеге сәйкес корпоративтік хатшы корпоративтік басқару жүйесін дамытуды қамтамасыз етуге қатысады, атап айтқанда: 1) Директорлар кеңесіне Қоғамның Корпоративтік басқару кодексін әзірлеуге, сақтауға және мерзімді түрде қайта қарауға жәрдемдеседі; 2) Қазақстан Республикасының заңнамасындағы соңғы өзгерістер мен корпоративтік басқарудың халықаралық танылған тиісті практикасы туралы хабардар болуға ұмтылады және Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына мерзімді түрде тиісті ақпарат береді; 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының және Қоғамның корпоративтік басқару саласындағы басқа да ішкі құжаттарының талаптарын түсіндіруді ұсынады; 4) Директорлар кеңесін Қоғамда өткізілетін корпоративтік басқару саласындағы іс-шаралар туралы хабардар етеді;

5.6	**Корпоративтік хатшы.**	**Сақталады**	5) Директорлар кеңесі үшін Қоғамдағы корпоративтік басқарудың жай-күйі, Қоғамның корпоративтік басқару саласындағы қағидалар мен рәсімдер талаптарын орындауы туралы есепті дайындауға қатысады, Қоғамда корпоративтік басқару практикасын жетілдіру жөнінде ұсынымдар береді; 6) корпоративтік шешімдер қабылдау кезінде Қоғам қызметінде анықталған бұзушылықтар туралы Қоғамның жалғыз акционерін және Директорлар кеңесін хабардар етеді және жол берілген бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар туралы оларға өз ұсыныстарын енгізеді; 7) Директорлар кеңесінің Төрағасына жұмыс жоспарын және отырыстардың күн тәртібін қалыптастыруда көмек көрсетеді; 8) Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын өткізуді ұйымдастырады; 9) Директорлар кеңесі мүшелерінің күн тәртібі мәселелері бойынша және Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде шешімдер қабылдау үшін қажетті өзекті және уақтылы ақпаратты алуын қамтамасыз етеді; 10) Директорлар кеңесі мен комитеттердің отырыстарын хаттамалайды, Директорлар кеңесі мен комитеттер отырыстарының хаттамаларын, стенограммаларын, аудио-бейне жазбаларын, материалдарын сақтауды қамтамасыз етеді; 11) Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қоғам Жарғысы, Қоғамның корпоративтік басқару кодексі, ішкі құжаттар мәселелері бойынша консультация береді, болып жатқан өзгерістердің мониторингін жүзеге асырады және Директорлар кеңесінің мүшелерін уақтылы хабардар етеді; 12) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға кірістіруді ұйымдастырады; 13) Директорлар кеңесінің мүшелерін оқытуды ұйымдастырады; 14) Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру бөлігінде Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғамның атқарушы органымен өзара іс-қимылын ұйымдастырады. Корпоративтік хатшы **тоқсан сайынғы негізде** Директорлар кеңесінің және Қор комитеттерінің қызметі туралы есептерді жасайды және Директорлар кеңесінің қарауына шығарады, Директорлар кеңесі үшін корпоративтік басқарудың жай-күйі туралы есепті дайындауға қатысады, Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға кірістіруді және т. б. ұйымдастырады.

№ п/п	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
5.7	**Омбудсмен**	**Сақталады**	Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі шешімімен № 04/2025 хаттама шешім қабылданған күннен бастап **омбудсмен Д.В. Акрачкованың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды** және **омбудсмен болып 2 (екі) жыл өкілеттік мерзімімен** «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасы төрағасының бірінші орынбасары **Н.С. Айдапкелов тағайындалды.**
5.8	**Директорлар кеңесі жанындағы Ішкі аудит қызметі.**	**Сақталады**	Ішкі аудит қызметі бар. Қордың Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы шешімімен (№11/2023 хаттама) ішкі аудит қызметіне қатысты мынадай шешімдер қабылданды: 1. Ішкі аудит қызметінің өкілеттік мерзімі **2024 жылғы 23 ақпаннан 2027 жылғы 22 ақпанға дейін 3 (үш) жылға** белгілеу. 2. **Саны 4 (төрт) адамнан** тұратын Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын анықтау. 3. Ішкі аудит қызметінің бастығы лауазымына 2024 жылғы 23 ақпаннан бастап жалпы Ішкі аудит қызметінің өкілеттік мерзімімен бір мезгілде аяқталатын өкілеттік мерзімімен А.О. Басымбекова тағайындалсын; 4. Ішкі аудит қызметінің бас аудиторлары лауазымына М.Р. Жұмағұлов, Д.И. Пак және Н.С. Канапьянов 2024 жылғы 23 ақпаннан бастап жалпы ішкі аудит қызметінің өкілеттік мерзімімен бір мезгілде аяқталатын өкілеттік мерзімімен тағайындалсын. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершілігі Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 03 қазандағы шешімімен бекітілген, № 09/2019 хаттама, Ішкі аудит қызметі туралы ережемен айқындалады. 2024 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарға (бұдан әрі – ЖАЖ) сәйкес ішкі бақылау жүйесін бағалауды, тәуекелдерді басқаруды бағалауды, Қызметтің стратегиялық түйінді көрсеткіштеріне, Қор Басқармасы қызметінің функционалдық түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізуді тексеруді, өңірлік филиалдардың аудитін және т.б. қоса алғанда, ІАҚ уақтылы, толық көлемде және ЖАЖ-да белгіленген мерзімдерде орындаған аудиторлық тапсырмалар мен консультациялар өткізу жоспарланды. ІАҚ қызметінің 2024 жылғы нәтижелері бойынша тәуекелдерді төмендетуге, ішкі бақылау жүйесін және тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған ұсынымдар берілді.

5.8	**Директорлар кеңесі жанындағы Ішкі аудит қызметі.**	**Сақталады**	Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 19 наурыздағы шешімімен, № 02/2025 хаттама, Ішкі аудит қызметінің 2024 жылғы есебі бекітілді. Ішкі аудит қызметінің, оның басшысы мен қызметкерлерінің тиімділігін бағалауды Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет және Қордың Директорлар кеңесі **тоқсан сайынғы негізде** жүзеге асырады. Бағалау нәтижелері бойынша Қордың ішкі аудит қызметінің халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарына, Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 26 қыркүйектегі шешімімен бекітілген, №11/2025 хаттама, Қордың Ішкі аудит қызметі туралы ережеге, 2025 жылғы 26 қыркүйектегі Қордың ішкі аудитін ұйымдастыру жөніндегі қағидаларға, №11/2025 хаттама, Директорлар Кеңесінің 2011 жылғы 25 шілдедегі шешімімен бекітілген, № 28 хаттама, Іскерлік әдеп кодексін сақтауға сәйкестігі **расталды**.
5.9	**Басқарма**	**Сақталады**	Қордың Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 21 ақпандағы шешіміне сәйкес, № 01/2025 хаттама, (а) Басқарманың **сандық құрамы** – **5 (бес) мүше**, (б) **Басқарманың өкілеттік мерзімі** – 2025 жылғы 24 ақпаннан бастап 2028 жылғы 23 ақпанға дейін **3 (үш) жыл** болып айқындалды. Қордың Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 21 ақпандағы, хаттама №01/2025 және 2025 жылғы 30 сәуірдегі, хаттама №04/2025, шешімдерімен Басқарма мүшелері Г.А. Бурибаева мен Б.Н. Мақажановтың өкілеттіктері **мерзімінен бұрын тоқтатылды.** Осылайша 2025 жылғы 31 желтоқсанда Басқарма мынадай құрамда ұсынылды: 1. Ф.К. Сарсекеев - Басқарма төрағасы; 2. М.М. Бапаев - Басқарма төрағасының орынбасары; 3. Е. А. Ескаков - Басқарма төрағасының орынбасары; 4. А.Б. Мустафин - Басқарма төрағасының орынбасары; 5. Т.Т. Смағұлов - Басқарма төрағасының орынбасары. Басқарма Төрағасы мен мүшелері жоғары кәсіби және жеке қасиеттерге ие, мінсіз іскерлік беделге ие және жоғары этикалық стандарттарды ұстанады.

№ п/п	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
5.9	**Басқарма**	**Сақталады**	2025 жылы Басқарма бизнес-процестің автоматтандырылған режимінде тұрақты негізде отырыстар өткізді. 2025 жыл ішінде **Қор Басқармасының 111 отырысы өткізілді**, онда Қорды жедел басқару бойынша шешімдер қабылданды. **Қаралған мәселелер саны – 501.** Есепті кезеңде Қор басқармасы операциялық қызметтің әртүрлі аспектілері бойынша мәселелерді, кепілдік беру және субсидиялау, серіктестерді қаржыландыру мәселелерін, сондай-ақ ішкі құжаттарды бекіту, қаржы бағдарламалары бойынша мәселелерді, орнықты даму және корпоративтік басқару саласындағы мәселелерді қарады. Басқарманың бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қарауына және стратегиялық сессияларға шығарылатын **барлық мәселелерді** Басқарма тек қана **бетпе-бет отырыстар форматында** алдын ала қарайды және мақұлдайды.
5.10	**Басқарманы бағалау және сыйақы беру.**	**Сақталады**	Қордың Жалғыз акционерінің шешімімен («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 13 қазандағы № 41/16 бетпе-бет отырысының хаттамасы) бекітілген Қор Жарғысының 65-тармағының 9) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне лауазымдық айлықақылардың мөлшерін және еңбекке ақы төлеу және сыйлықақы (сыйақы) беру шарттарын айқындау (өзгерту), әлеуметтік қолдау көрсету, сондай-ақ Қордың Төрағасы мен Басқарма мүшелеріне сыйлықақы беру (сыйақы төлеу) туралы шешім қабылдау жатады. Басқарма Төрағасы мен мүшелерін **жыл сайын** Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі өлшемшарты қызметтің ерекшелігін ескеретін және негізгі қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштерді қамтитын қызметтің корпоративтік және функционалдық негізгі көрсеткіштерінен тұратын Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің алға қойылған қызметтің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу болып табылады. Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 03 шілдедегі шешімімен (№07/2025 хаттама) басшы қызметкерлердің 2024 жылғы қызметінің түйінді көрсеткіштерінің орындалуы туралы есеп бекітілді. Қордың басшы қызметкерлерінің Корпоративтік ҚТК орындалуы **121,64%-ды құрады.**

5.10	**Басқарманы бағалау және сыйақы беру.**	**Сақталады**	Бұл мәндер Басқарма мүшелерінің ҚТК нақты мәндерінің дұрыстығының аудитін қоса алғанда, Қордың Даму стратегиясын іске асыруды бақылау және мониторингілеу бойынша ІАҚ жүргізген аудит нәтижелері бойынша расталды (2025 жылғы 15 мамырдағы №4/2025 ІАҚ есебі). 2025 жылғы басшы қызметкерлер қызметінің түйінді көрсеткіштерінің орындалуы туралы есепті **Қордың 2025 жылғы қаржылық есептілігі бекітілгеннен кейін** және Директорлар кеңесінің Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті 2025 жылғы ҚТК-нің орындалуын алдын ала мақұлдағаннан кейін Директорлар кеңесі белгіленген тәртіппен қарайды және бекітеді. 2026 жылға арналған ҚТК карталары Қордың бекітілген Даму жоспарын ескере отырып әзірленді және Қордың Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 17 желтоқсандағы шешімімен, №13/2025 хаттама, бекітілді.
6.	**Орнықты даму қағидаты**	**Сақталады**	Директорлар кеңесінің шешімімен **Қордың орнықты даму саласындағы саясаты** бекітілді (2019 жылғы 17 сәуірдегі №03/2019 хаттама). Саясаттың мақсаты орнықты даму саласындағы басқару жүйесін құруда Қор ұстануға тиіс негізгі нормаларды, қағидаттарды, қағидалар мен тәсілдерді айқындау болып табылады. Саясаттың талаптарына сәйкес: 1) Басқарма орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарын бекітеді және жыл сайын Жоспар іс-шараларының орындалуы бойынша есеп қалыптастырылады; 2) Қордың құрылымдық бөлімшелері орнықты даму саласындағы іс-шараларды іске асырады. Қордың қызметіне ESG-бастамаларды енгізу мақсатында Қор Басқармасының 2023 жылғы 30 қарашадағы № 91/2023 шешімімен **Қордың ESG-бастамаларының жол картасы** бекітілді. Сонымен қатар, Қор Басқармасының 2024 жылғы 14 қарашадағы №79/2024 шешімімен 2025 жылға арналған **Орнықты даму саласындағы қызметтің тиімділігін бағалау көрсеткіштерінің нысаналы мәндері** және Басқарманың 2025 жылғы 27 қарашадағы №98/2025 шешімімен 2026 жылға арналған Орнықты даму саласындағы қызметтің тиімділігін бағалау көрсеткіштерінің нысаналы мәндері бекітілді. Сондай-ақ Қор Басқармасының 2023 жылғы 30 қарашадағы № 91/2023 шешімімен **2024-2026 жылдарға арналған Қордың орнықты дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары** бекітілді, содан кейін Басқарманың 2025 жылғы 27 қарашадағы №98/2025 шешімімен 2024-2026 жылдарға арналған орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспары **жаңа редакцияда** бекітілді.

№ п/п	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
6.	**Орнықты даму қағидаты**	**Сақталады**	2025 жылғы Орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарын және Орнықты даму саласындағы қызметтің тиімділігін бағалау көрсеткіштерінің нысаналы мәндерін орындау туралы есептерді Қор басқармасы 2026 жылғы 26 қаңтарда қарады (№09/2026 хаттама). Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 29 қарашадағы шешімімен (№№10/2023 хаттама) **орнықты даму жөніндегі бөлім қамтылған Қордың 2024-2033 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілді.** Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 17 сәуірдегі шешімімен бекітілген, № 03/2019 хаттама, Орнықты даму саласындағы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ саясатын орындау мақсатында мүдделі тараптардың тізбесін, олардың ықпал ету дәрежесін және Қор мүдделеріне ықпал ету салаларын айқындау мақсатында **Қор стейкхолдерлерінің картасын құру қағидалары әзірленді** (Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 05 шілдедегі №96/2019 шешімі). Жалғыз акционердің 2025 жылғы 23 шілдедегі №33/25 шешімімен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі бекітілді, оған орнықты даму туралы бөлім интеграцияланған. Көрсетілген жылдық есеп Қордың жария есебі болып табылады және қол жеткізілген нәтижелер мен орнықты даму саласындағы қызметтің түйінді қорытындыларын көрсетеді. Жылдық есепте Қордың ESG-мәселелерін басқару тәсілдері, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл, есепті кезеңдегі Қордың маңызды оқиғалары, сондай-ақ қысқа және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар туралы ақпарат ашылады. **Жылдық есеп:** • Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің банктер мен басқа да қаржы ұйымдары үшін экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (Environmental, Social and Corporate Governance, ESG) саласындағы ақпаратты ашып көрсету жөніндегі нұсқаулықтардың; • Global Reporting Initiative Standards орнықты даму саласындағы халықаралық есептілік стандарттарының (GRI standards 2021); • климатқа байланысты қаржылық ақпаратты ашып көрсету жөніндегі мақсатты топтың (Task Force on Climate-related Financial Disclosures, TCFD) ұсынымдарының **талаптарына сәйкес дайындалды.**

6.	**Орнықты даму қағидаты**	**Сақталады**	Жоғарыда аталған ұлттық және халықаралық ұсынымдар мен стандарттарды сақтау ашып көрсетілетін ақпараттың ашықтығының жоғары деңгейін, сондай-ақ орнықты даму және қаржылық емес есептілік саласындағы өзекті әлемдік үрдістерді есепке алуды қамтамасыз етеді. S&P Global халықаралық рейтингтік агенттігі Қорға **«24» деңгейінде баға** берді. Бағалау «Даму» қорының орнықты даму саласындағы қызметін талдау негізінде жүргізілді. «Даму» қоры алғашқылардың қатарында Қазақстан Республикасының қаржы институттары арасында ESG бағасын алды. Қордың адам құқықтарын қорғау және теңдік саласындағы халықаралық стандарттарға, оның ішінде Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген қағидаттарға және осы салада жалпыға бірдей танылған басқа да құжаттарға сәйкес қызметкерлерге қатысты теңдік, кемсітпеу, жеке басын және әділдігін құрметтеуді қамтамасыз ететін қағидаттарға бейілділігін нығайту мақсатында Қор **2024 жылғы 14 қарашада «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның тең мүмкіндіктер, инклюзивтілік және алуан түрлілік саласындағы саясатын әзірлеп, бекітті (№79/2024 хаттама).** Қордың Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық құжаттарға, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен адам құқықтары, еңбекті қорғау, жұмыскерлерді және жұмыскерлердің құқықтарын сақтандыру саласындағы заңдарына бейілділігін растау мақсатында Қор **2024 жылғы 18 тамызда (№62/2024 хаттама) «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Адам құқықтары жөніндегі саясатын әзірлеп, бекітті.**
7.	**Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты**	**Сақталады**	Қорда стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған өзара байланысты компоненттер (ұйымдастыру саясаттарының, рәсімдердің, әдістердің, тетіктердің, мінез-құлық және іс-қимыл нормаларының және т.б.) жиынтығы болып табылатын **тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері** жұмыс істейді. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін нормативтік реттеу тәуекелдерді басқару процесінің құрылуы мен жұмыс істеуін реттейтін ішкі актілер жиынтығының болуымен қамтамасыз етіледі. Қордың стратегиялық және операциялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу қабілетіне сыни әсер ететін тәуекелдер тіркелімі мен картасын жыл сайынғы негізде өзектендіру жүргізіледі.

№ п/п	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
7.	**Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты**	**Сақталады**	Белгіленген кезеңділікпен ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігін бағалауды жүргізеді. Қор тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін үнемі жетілдіріп отырады. **2025 жылы Қордың Жалғыз акционеріне, Директорлар кеңесіне және басқармасына мынадай есептер ұсынылды:** 1) екінші деңгейдегі банктер мен микроқаржы ұйымдарына лимиттердің сақталуы жөніндегі есеп; 2) қаражатты игеру құрылымы, ГЭП-талдау, Қордың валюталық позициясы туралы ай сайынғы есеп; 3) кредиттік, қаржылық, операциялық және стратегиялық тәуекелдерді қамтитын 16 қосымшадан тұратын тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есеп (Жалғыз акционерге және Директорлар кеңесіне тоқсан сайынғы негізде ұсынылған). 4) Тәуекелдер картасы, Тәуекелдер тіркелімі және Түйінді индикаторлар панелі, операциялық тәуекелдердің барлық тізбесін және критикалық тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын қамтитын Бизнес-процестер, тәуекелдер мен бақылаулар матрицасы. 5) Қордың банк-контрагенттерінің қаржылық жағдайының жартыжылдық мониторингі. Жоғарыда баяндалған есептер шеңберінде тәуекелдер портфелін талдау және ресурстардың ден қою және бөлу стратегиясы бойынша ұсыныстар әзірлеу, құрылымдық бөлімшелердің тәуекелдерді басқару процесін жедел бақылауы, ІНҚ талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін мониторингілеу жүзеге асырылды. Директорлар кеңесі **мынадай ішкі құжаттар**ды бекітті: 1) Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 04 қыркүйектегі шешімімен бекітілген «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Тәуекелдерді басқару саясаты (№ 64 хаттама); 2) «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Ішкі бақылау жүйесі туралы саясаты; 3) Тәуекелдерді басқару қағидалары және т. б. **Тәуекелдерді басқару саясатының негізгі мақсаттары** тәуекелдерді басқарудың тиімді кешенді жүйесін құру, сондай-ақ тәуекелдерді басқару әдістері мен рәсімдеріне бірыңғай стандартталған тәсіл негізінде қызметті үнемі жетілдіру болып табылады. Тәуекелдерді басқару саясаты мынадай міндеттерді іске асыруға бағытталған:

7.	**Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты**	**Сақталады**	тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесіне қатысушылардың тәуекелдерді бірыңғай түсінуін қамтамасыз ету; қабылданған тәуекел деңгейін ескере отырып стратегиялық жоспарлауды қамтамасыз ету; алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, бақылауға және мониторингілеуге негізделген тәуекелдерді басқарудың үздіксіз келісілген процесін қамтамасыз ету; бизнес-процестердің тиімділігін, ішкі және сыртқы есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз ету және заңнама талаптарының сақталуына жәрдемдесу; шешім қабылдау және жоспарлау процесі үшін толыққанды база құру; активтерді басқару тиімділігін арттыру; • меншікті капиталдың сақталуын қоса алғанда, қызметтің үздіксіздігі қағидатын қамтамасыз ету үшін қаржылық, операциялық және өзге де тәуекелдерді іске асыру салдарынан қаржылық шығындарды азайту. Тәуекелдерді басқару тұрақты, үздіксіз процесс болып табылады және алқалы органдарды, уәкілетті органдарды, құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлерді тарта отырып, барлық деңгейде жүзеге асырылады. Ішкі бақылау жүйесінің негізгі мақсаттары: 1) операциялық қызмет шеңберінде: активтер мен пассивтерді басқару тиімділігін қоса алғанда, қызметтің тиімділігін қамтамасыз ету, активтердің сақталуын қамтамасыз ету; 2) қаржылық есептілікті дайындау шеңберінде: қаржылық, реттеушілік және өзге де есептіліктің толықтығын, дұрыстығын және уақтылығын қамтамасыз ету; 3) нормативтік және заңнамалық талаптарды сақтау шеңберінде: Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ ішкі актілердің сақталуын қамтамасыз ету.
7.1	**Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау**	**Сақталады**	Қорда **қорғанудың үш желісі моделі** қолданылады, оның негізгі мақсаты рөлдер мен функцияларды нақты бөлу арқылы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімді жұмыс істеуі болып табылады. Әрбір желінің міндеттері мыналардан тұрады: тәуекелдерді жедел басқару **бірінші желіде** жүргізіледі; агрегатталған тәуекелді мониторингілеу және екінші желіде тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыру мәнін қорғанудың бірінші желісінің бақылауы және қорғанудың үшінші желісіндегі тәуекелдерді басқару жүйесінің қызметіне тәуелсіз кепілдік беру. Егер қорғанудың әрбір желісі өз рөлін тиімді орындаған жағдайда, оның стратегиялық мақсаттарына сәтті жету ықтималдығы артады.

№ п/п	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
7.1	**Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау**	**Сақталады**	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдық құрылымы **қорғанудың екінші желісі** шеңберінде тәуекелдерді басқаруды үйлестіруге және ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде әдіснамалық қолдауды жүзеге асыруға жауапты құрылымдық бөлімшелердің болуын көздейді. Қойылған мақсаттар мен міндеттерді іске асыру мақсатында қорғанудың екінші желісінің қызметкерлері басқа бөлімшелермен, оның ішінде ішкі және сыртқы аудит өкілдерімен тиімді өзара іс-қимыл жасауы қажет. Қорғанудың екінші желісінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне функционалдық міндеттерін тиісінше орындау қажет болған көлемде ақпарат пен құжаттамаға қол жеткізу ұсынылады. Қорғанудың екінші желісінің құрылымдық бөлімшелері белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін кәсіби қызметкерлерден тұрады. Жұмыс тәртібі, функционалдық міндеттері және басқа да талаптар құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерде, қорғанудың екінші желісіндегі құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлеріне арналған лауазымдық нұсқаулықтарда көрсетілген. Құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер, сондай-ақ басшы қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі функцияларды өзге функциялармен қоса атқару мүмкіндігін болдырмайды. Кредиттік тәуекелдерді басқарудың негізгі компоненттері: сәйкестендіру, бағалау, тәуекелге жауап беру, бақылау және мониторинг. Белгіленген компоненттерді және олардың шеңберінде сипатталған рәсімдерді, талаптар мен шектеулерді қатаң сақтау қаржыландыруды жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді азайтуға бағытталған. Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі тәуекелдердің кең спектрін анықтауға және оларды кешенде қарауға бағытталған, бұл бар тәуекелдер бойынша тұтас көріністі көрсетуге ықпал етеді және жүргізілетін тәуекелдерді талдау сапасын арттырады. Ішкі бақылау жүйесі айқындалған тәуекелдердің ықтималдығы мен әсерін азайтуға бағытталған.

7.1	**Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау**	**Сақталады**	Тәуекелдерді басқарудың үздік халықаралық практикасына сәйкес Қор барлық құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерінің қатысуымен тәуекелдерді сәйкестендіруді, айналадағы тәуекелдер туралы хабардарлықты арттыруды және тәуекел мәдениетін дамытуды ынталандыруды тұрақты негізде жүргізеді. **Тәуекел дәрежесі** көрсеткіштері **мен тәуекелдерге төзімділік деңгейлері және 2026 жылға арналған тиісті лимиттер** «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген. Тәуекелдерді бағалау процесі Қордың қызметіне және стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін неғұрлым маңызды (критикалық) тәуекелдерді бөліп көрсету мақсатында жүргізіледі. Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 04 қыркүйектегі шешімімен (№64 хаттама) бекітілген Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес Тәуекелдер тізілімін және Тәуекелдер картасын қалыптастыру және тұрақты қайта қарау бойынша процесс ұйымдастырылды, оның шеңберінде елеулі және стратегиялық тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау жүзеге асырылады. Тәуекелдер тізілімі және Тәуекелдер картасы шеңберіндегі есептілік анықталған тәуекелдерге уақтылы ден қою мақсатында уәкілетті алқалы органдардың қарауына тұрақты негізде шығарылады.
7.2	**Ішкі аудит**	**Сақталады**	Қорда Ішкі аудит қызметі жұмыс істейді. ІАҚ өкілеттіктерінің сандық құрамы мен мерзімі айқындалды, ІАҚ басшысы мен қызметкерлері тағайындалды. 2025 жылдың соңында Ішкі аудит қызметінің құрамы **4 (төрт) бірлік санында** айқындалды. Ішкі аудит қызметі – ішкі аудитті (ішкі аудиттің кәсіптік практикасының халықаралық негіздерін айқындауға сәйкес) - ұйымның қызметін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орган. Ішкі аудит қызметі Аудит және тәуекелдерді басқару комитетіне, Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және олардың алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді. ІАҚ міндеттері, функциялары, құқықтары мен жауапкершілігі, сондай-ақ оның қызмет тәртібі Директорлар кеңесі бекіткен Ішкі аудит қызметі туралы ережеде айқындалған. Ішкі аудит ұйымға тәуекелдерді басқару, бақылау және корпоративтік басқару процестерін бағалау мен тиімділігін арттыруға жүйелі және дәйекті тәсілді қолдана отырып, алға қойған мақсаттарына жетуге көмектеседі.

№ п/п	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
7.2	**Ішкі аудит**	**Сақталады**	Ішкі аудиторлардың аудиторлық есепті тексеруі және оны жасауы кезінде Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 25 шілдедегі шешімімен (23.02.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) бекітілген) Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарының, Іскерлік әдеп кодексінің, ІАҚ туралы ережесінің, Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 03 қазандағы № 09/2019 шешімімен (2021 жылғы 06 желтоқсандағы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) бекітілген Ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі қағидалардың, Қордың ішкі нормативтік құжаттарының нормалары мен ережелері қолданылады. Ішкі аудит қызметі өз қызметін Директорлар кеңесі бекітетін жылдық тәуекел-бағдарланған аудиторлық жұмыс жоспары, өзекті тәуекелдерді ескере отырып, әрбір жеке тапсырманы жүргізудің тәуекел-бағдарланған бағдарламалары негізінде жүзеге асырады. 2025 жылы Ішкі аудит қызметі өз қызметін Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген **жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес** жүзеге асырды. Аудиторлық есептердің нәтижелері, негізгі анықтаулар және тиісті ұсынымдар тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады. Ішкі аудит қызметінің басшысы тәуекелдерді басқару тұжырымдамасын назарға алады, сондай-ақ Басқармамен және Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитетпен консультациялардан кейін қалыптасқан тәуекелдер туралы жеке пайымдауын қолданады. Ішкі аудит қызметі өз қызметін жүзеге асыру кезінде Директорлар кеңесі бекіткен өлшемшарттарға сәйкес және Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті нормаларын және ішкі құжаттарды, қолданылатын халықаралық стандарттар мен үздік практикаларды ескере отырып, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және ішкі аудит пен корпоративтік стандарттар саласындағы қызметтің жалпыға бірдей стандарттарын қолдана отырып, корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін бағалауды (жекелеген тақырыптық тапсырмалар шеңберінде немесе кешенді) жүргізеді.

7.2	**Ішкі аудит**	**Сақталады**	Ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі қағидаларға сәйкес Ішкі аудит қызметі ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару (тұтастай және/немесе түйінді бизнес-процестер бөлінісінде) және тиісті салалардағы корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес кезең-кезеңімен, **кемінде үш жылда бір рет** бағалауды жүргізеді.
8.	**Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты**	**Сақталады**	Қор мен Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 60 шешімімен бекітілген Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатты басшылыққа алады. Осы Саясаттың нормалары мен ережелерін сақтау **корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысына жоламауға/болдырмауға мүмкіндік береді.**
8.1	**Корпоративтік қақтығыстарды реттеу**	**Сақталады**	Қорда Корпоративтік қақтығыстарды және лауазымды адамдар мен қызметкерлердің мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат жұмыс істейді, ол қақтығыстарды сотқа дейінгі реттеу тәртібі мен рәсімдерін, сондай-ақ осы процестер шеңберінде органдардың, лауазымды адамдар мен қызметкерлердің іс-әрекеттерін реттейді. Лауазымды адамдар мен қызметкерлердің мүдделерінің қақтығысын анықтау мақсатында Қордың үлестес тұлғаларының тізімі жүргізіледі. Директорлар кеңесінің 25.07.2011 ж. шешімімен, №28 хаттама, бекітілген Қордың Іскерлік әдеп кодексі мүдделер қақтығысын болдырмау қағидаттарын, оларды анықтау және Қор басшылығы деңгейінде де, Директорлар Кеңесі деңгейінде де, егер мұндай қақтығыс оның құзыретіне жататын болса, Омбудсменді және/немесе корпоративтік хатшыны және т.б. тарта отырып шешу тәсілдерін қамтиды,. 2025 жылы корпоративтік қақтығыстарға байланысты жағдайлар **анықталған жоқ.**
8.2	**Мүдделер қақтығысын реттеу.**	**Сақталады**	2025 жылы мүдделер қақтығысына байланысты оқиғаларға жол беру жағдайлары **тіркелген жоқ.**

№ п/п	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
9.	**Қордың қызметі туралы ақпаратты ашып көрсетудің ашықтығы мен объективтілігі қағидаты**	**Сақталады**	Қор Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы №189 қаулысымен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ листингтік қағидаларымен бекітілген талаптарға сәйкес корпоративтік оқиғалар, қаржылық есептілік және аудиторлық есептер туралы ақпаратты, үлестес тұлғалардың тізімдерін, сондай-ақ қаржылық есептілік депозитарийінің (ҚЕД) интернет-ресурстарында ашып көрсетілуге жататын өзге де ақпаратты ашады. Мүдделі тұлғалар тобына Қордың қызметі, оның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, қызметінің нәтижелері және басқару құрылымы туралы ақпаратты уақтылы ашып көрсету қамтамасыз етіледі. Ақпаратты ашып көрсетудің үздік тәжірибесіне сәйкес Қор **жыл сайынғы негізде** Қызмет туралы жылдық есеп дайындайды. 2025 жылы Қордың 2024 жылғы қызметі туралы жылдық есеп шығарылды. Ақпаратты ашып көрсетудің жүйелілігін қамтамасыз ету мақсатында Қорда **мынадай ішкі құжаттар** қолданылады: a. Қор Басқармасының 2019 жылғы 31 мамырдағы шешімімен (№77/2019 хаттама) бекітілген қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру регламенті. b. Қор Басқармасының 2018 жылғы 06 сәуірдегі шешімімен (№35/2018 хаттама) бекітілген Қордың жылдық есебінде ақпаратты дайындау және ашып көрсету шеңберіндегі құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимыл регламенті. c. Қор Басқармасының 2017 жылғы 15 желтоқсандағы шешімімен (№099/2017 хаттама) бекітілген ірі мәмілелер мен Қордың жасауға мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу қағидалары. d. Қор Басқармасының 2022 жылғы 20 желтоқсандағы шешімімен (№109/2022 хаттама) бекітілген «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ бағалы қағаздарын шығару шеңберінде биржалық алаңдарға ұсынуға жататын мерзімді есептілік регламенті. Қор **Ақпараттық қауіпсіздік саясатын** сақтайды және басшылыққа алады. Саясат ақпаратты қорғаудың негізгі қағидаттарын, бағыттары мен талаптарын айқындайды, ақпараттық қауіпсіздік режимін қамтамасыз ету үшін негіз болып табылады, тиісті ережелерді, қағидаларды, нұсқаулықтарды әзірлеу кезінде нұсқау ретінде қызмет етеді.

9.	**Қордың қызметі туралы ақпаратты ашып көрсетудің ашықтығы мен объективтілігі қағидаты**	**Сақталады**	Бұдан басқа, ақпаратты ашу мәселелері Басқарманың 2020 жылғы 19 мамырдағы шешімімен (№40/2020 хаттама) бекітілген **Ақпаратты ашып көрсету туралы ережемен** регламенттеледі. Ереже ақпаратты ашып көрсетуге қағидалар мен тәсілдерді; ашып көрсетілуге жататын жалпыға қолжетімді құжаттардың, ақпараттың (материалдардың) тізбесін; Жалғыз акционердің ашып көрсетуіне жататын құжаттардың, ақпараттың (материалдардың) тізбесін; ақпаратты (материалдарды) ашып көрсету тәсілдері мен мерзімдерін және т. б. айқындайды. Қордың қызметі туралы ақпаратты ашып көрсетудің ашықтығы мен объективтілігі қағидатын сақтау мақсатында корпоративтік сайтта **тұрақты негізде** кеңейтілген талдамалық және шолу есеп-презентациялар мен қаржылық бағдарламалар мен құралдардың да (Ұлттық қор қаражаты және «Даму» қорының басқа да бағдарламаларын игеру шеңберінде ЕДБ арқылы субсидиялау, кепілдік беру, қаржыландыру), сонымен бірге Қор іске асыратын кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылық емес шараларының да қатысушыларының тізімдері орналастырылады. Есептер мен презентациялардан басқа, Қордың корпоративтік сайтында жария дереккөздерде ашып көрсетілуге (орналастыруға) жататын құжаттар, материалдар мен ақпарат жарияланады. Сонымен қатар, Қордың корпоративтік басқару жүйесін «Достық Эдвайзори» ЖШС сыртқы бағалауы және корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі тиісті іс-шаралар жоспарын бекіту нәтижелері бойынша Қордың интернет-сайтында қажетті ақпаратты ашып көрсету бойынша **Қор қосымша шаралар қабылдады.** Атап айтқанда, Басқарманың 2022 жылғы 17 маусымдағы шешімімен (№53/2022 хаттама) Қордың интернет-ресурстарында және ресми аккаунттарында ақпаратты ұсыну және орналастыру жөніндегі регламентке **толықтырулар енгізілді**, олардың шеңберінде **ашып көрсетуге қажетті ақпарат және оны ашудың кезеңділігі айқындалды.** Қордың интернет-сайтында ақпарат Жылдық есеп шеңберінде ашып көрсетіледі. Жылдық есептер корпоративтік сайтта мына сілтеме бойынша орналастырылады: https://damu.kz/o-fonde/otchetnost-fonda/godovye-otchety-fonda/
10.	**Іскери серіктестермен өзара іс-қимыл**	**Сақталады**	Көрсетілетін қызметтерді/тауарларды жеткізушілерді таңдау заңнамаға және тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу мәселелері бойынша ішкі құжаттарға сәйкес **конкурстық негізде** жүзеге асырылады.

№ 3 қосымша

Мүдделілігі бар мәмілелер бойынша ақпарат

Мәмілелердің атауы	«Еуразиялық банк» АҚ	«Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ	«Нұрбанк» АҚ	«Нұрбанк» АҚ ЕҰ» ЖШС «Нұр Лизингтік лизингтік компаниясы	«Отбасы банк» ТҰҚЖБ	«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ, «Қазақстанның Даму банкі» АҚ, «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ, Qazaqstan investment Corporation АҚ	«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ	ЖИЫНЫ
Субсидиялау	51	0	65	4				**120**
Кепілдік беру	111	1091	123					**1325**
Өрлеу қаражатын шартты орналастыру бағдарламасы			20					**20**
Өңдеу өнеркәсібі саласында және көрсетілетін қызметтер саласында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кейіннен кредит беру үшін ЕДБ-ге қаражат орналастыру			13					**13**
Облигацияларды сатып алу бойынша					1			**1**
БФО және ББО іске асыру шеңберіндегі келісімдер						4		**4**
Көрсетілетін қызметтер туралы шарт							1	**1**
БАРЛЫҒЫ	**162**	**1091**	**221**	**4**	**1**	**4**	**1**	**1 484**

№ 4 қосымша

ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТЕН ҮЗІНДІЛЕР

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есеп саясатының қағидаттары Қордың интернет-ресурсында орналастырылған 2025 жылғы Аудиттелген қаржылық есептілікте ұсынылған.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

(Қазақстандық мың теңгемен)	2025 ж. 31 желтоқсан	2024 г. 31 желтоқсан (қайта қаралды)	2024 ж. 1 қаңтар (қайта қаралды)
АКТИВТЕР			
Ақшалай қаражат және оның баламалары	167,176,538	124,564,933	124,974,982
Қаржы мекемелеріндегі қаражат	331,215,602	272,460,978	263,174,945
Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек	50,498	55,643	136,338
Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	4,314,369	7,503,801	5,692,121
Клиенттерге кредиттер мен аванстар	295,945	668,723	1,214,754
Ағымдағы салық міндеттемелерін алдын ала төлеу	5,141,745	4,591,763	2,075,575
Басқа қаржы активтері	106,080	68,504	70,011
Кейінге қалдырылған салық активі	14,797,473	4,882,438	2,882,290
Негізгі қаражат	2,589,212	2,495,709	2,051,605
Материалдық емес активтер	296,074	229,715	264,471
Басқа активтер	263,753	396,220	1,005,500
Сатуға арналған айналымнан тыс активтер	113,352	131,295	28,347
ЖИЫНЫ АКТИВТЕР	**526,360,641**	**418,049,722**	**403,570,939**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	2,774,574	1,035,039	1,035,039
Қарыз қаражаты	156,595,123	145,752,836	138,905,952
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	6,360,991	10,970,035	2,972,435
Болашақ кезеңдердің кірістері және кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервтер	131,048,517	69,844,640	68,393,748

Басқа қаржылық міндеттемелер	1,485,394	1,030,012	294,217
Басқа міндеттемелер	902,384	694,467	595,648
ЖИЫНЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	**299,166,983**	**229,327,029**	**212,197,039**
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	168,350,673	102,920,273	102,920,273
Қосымша төленген капитал	8,648,785	8,648,785	10,735,627
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры	(123,440)	(254,287)	(363,647)
Басқа резервтер	316,430	316,430	316,430
Бөлінбеген пайда	50,001,210	77,091,492	77,765,217
ЖИЫНЫ КАПИТАЛ	**227,193,658**	**188,722,693**	**191,373,900**

БАСҚА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫСТАҒЫ ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ЕСЕП

(Қазақстандық мың теңгемен)	**2025 ж.**	**2024 ж. (қайта қаралды)**
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық кірістер	58,459,681	40,909,869
Басқа ұқсас кірістер	6,948	6,934
Пайыздық шығыстар	(11,373,022)	(10,448,361)
Таза пайыздық маржа және ұқсас кірістер	**47,093,607**	**30,468,442**
Кредиттік залалдарға бағалау резерві	4,384,089	2,058,641
Кредиттік залалдарға резерв құрғаннан кейінгі таза пайыздық маржа және ұқсас кірістер	**51,477,696**	**32,527,083**
Таза комиссиялық кірістер	41,998,240	31,607,244
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтерін тануды тоқтатудан шығыстарды шегергендегі кірістер	871,390	735,199
Қаржы құралдарын нарықтық мөлшерлемелерден төмен ставкалар бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын таза залал	(31,012,197)	(17,949,780)
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардан шығыстарды шегергендегі кірістер	14,487	4,972
Шетел валютасымен операциялар бойынша кірістерді шегергендегі шығыстар	-	(44)
Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістерді шегергендегі шығыстар	(134,582)	473,694

Басқа активтердің құнсыздануына резервке аударымдар	(5,529)	(8,833)
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервке аударымдар	(18,876,322)	(6,028,016)
Басқа операциялық кірістер	85,625	94,226
Қор бағдарламаларын іске асыру бойынша шығыстар	(3,922,395)	(2,252,049)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(7,181,855)	(7,155,733)
Салық салуға дейінгі пайда	**33,314,558**	**32,047,963**
Табыс салығы бойынша шығыстар	(14,551,820)	(5,707,276)
БІР ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА	**18,762,738**	**26,340,687**
Басқа жиынтық табыс:	**33,314,558**	**32,047,963**
Кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуі мүмкін құжаттар:		
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар:	130,847	109,360
Бір жылдағы басқа жиынтық табыс	**130,847**	**109,360**
БІР ЖЫЛДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫСТЫҢ ЖИЫНЫ	**18,893,585**	**26,450,047**

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

(Қазақстандық мың теңгемен)	**Акционерлік капитал**	**Қосымша төленген капитал**	**Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры**	**Басқа резервтер**	**Бөлінбеген пайда**	**ЖИЫНЫ**
2024 ж. 1 қаңтарға қалдық	102,920,273	10,735,627	(363,647)	316,430	86,963,526	200,572,209
Есепке алу саясатындағы еркін өзгерістер	-	-	-	-	(9,198,309)	(9,198,309)
2024 ж. 1 қаңтарға қалдық	**102,920,273**	**10,735,627**	**(363,647)**	**316,430**	**77,765,217**	**191,373,900**
Бір жылдағы пайда	-	-	-	-	26,340,687	26,340,687
Депозит бойынша дисконт	-	(2,086,842)	-	-	-	(2,086,842)
Басқа жиынтық табыс	-	-	109,360	-	-	109,360

Жиыны бір жылдағы жиынтық табыс	**-**	**(2,086,842)**	**109,360**	**-**	**26,340,687**	**24,363,205**
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	-	(27,014,412)	(27,014,412)
2025 ж. 1 қаңтарға қалдық (қайта қаралды)	**102,920,273**	**8,648,785**	**(254,287)**	**316,430**	**77,091,492**	**188,722,693**
Бір жылдағы пайда	-	-	-	-	18,762,738	18,762,738
Кейінге қалдырылған кірісті шегергендегі акциялар	-	-	-	-	(42,976,090)	(42,976,090)
Басқа жиынтық табыс	-	-	130,847	-	-	130,847
Бағалы қағаздарды сатудан кіріс	-	-	-	-	15,963,084	15,963,084
Жиыны бір жылдағы жиынтық табыс	**-**	**-**	**130,847**	**-**	**(8,250,268)**	**(8,119,421)**
Капиталға жарналар (акциялар шығару)	65,430,400	-	-	-	-	65,430,400
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	-	(18,840,014)	(18,840,014)
2025 ж. 31 желтоқсанға қалдық	**168,350,673**	**8,648,785**	**(123,440)**	**316,430**	**50,001,210**	**227,193,658**

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

(Қазақстандық мың теңгемен)	**2025 г.**	**2024 г.**
Операциялық қызметтен ақшалай қаражат:		
Алынған пайыздар	38,894,751	26,977,625
Төленген пайыздар	(450,708)	(451,082)
Алынған комиссиялар	51,759,019	34,840,391
Төленген комиссиялар	(185,191)	(74,927)
Басқа операциялық қызметтен түсімдер	991,851	67,512
Еңбекке ақы төлеу бойынша шығындар, төленген	(4,838,133)	(4,197,496)
Жалпы және әкімшілік шығыстар, төленген	(6,223,959)	(5,025,698)
Төленген табыс салығы	(10,672,225)	(7,004,316)
Операциялық қызметтен операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейін алынған ақшалай қаражат	**69,275,405**	**45,132,009**

Мыналар бойынша таза (өсім)/азаю:		
- қаржы мекемелеріндегі қаражат	(219,503,301)	(24,730,083)
- клиенттерге кредиттер және аванстар	4,033,109	2,419,327
- басқа қаржылық активтер	(15,840,521)	(14,120,279)
- басқа активтер	(458,197)	532,170
Мыналар бойынша таза өсім /(азаю:		
- басқа қаржылық міндеттемелер (субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер)	3,228,512	14,732,691
- басқа міндеттемелер	401,957	146,604
Операциялық қызметтен (-те пайдаланылған)/ алынған таза ақшалай қаражат	**(158,863,036)**	**24,112,439**
Инвестициялық қызметтен ақшалай қаражат		
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	(1,300,000)	(3,075,000)
Инвестициялық бағалы қағаздарды іске асырудан және өтеуден түсімдер	35,209,859	6,763,816
Негізгі қаражатты сатып алу	(79,129)	(245,556)
Материалдық емес активтерді сатып алу	(145,590)	(66,407)
Сату үшін активтерді іске асырудан түсімдер	92	2,480
Инвестициялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражат	**33,685,232**	**3,379,333**
Қаржы қызметінен ақшалай қаражат		
Қарыз қаражатын алу	80,743,442	4,590,000
Қарыз қаражатын өтеу	(9,251,301)	(5,206,741)
Акциялардың эмиссияларынан басқа, акционердің басқа жарналары	65,430,400	-
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу / сатып алу	50,000,000	-
Ұзақ мерзімді жалға алуды өтеу	(294,259)	(281,099)
Төленген дивидендтер	(18,840,014)	(27,014,412)
Қаржылық қызметтен алынған / (-ке пайдаланылған) таза ақшалай қаражат	**167,788,268**	**(27,912,252)**

Ақшалай қаражатқа және оның баламаларына айырбастау бағамы өзгерістерінің әсері	1,125	(834)
Ақшалай қаражатқа және оның баламаларына құнсыздануға резерв өзгерістерінің әсері	16	11,265
Ақшалай қаражат пен олардың баламаларының таза ұлғаюы/(азаюы)	**42,611,605**	**(410,049)**
Кезеңнің басындағы ақшалай қаражат және оның баламалары	124,564,933	124,974,982
Кезеңнің соңындағы ақшалай қаражат және оның баламалары	**167,176,538**	**124,564,933**

Байланысты тараптармен операциялар

Тараптар, егер олар жалпы бақылауда болса немесе біреуі екіншісін бақылау мүмкіндігі болса немесе екінші тараптың қаржылық және операциялық шешімдер қабылдауы кезінде айтарлықтай ықпал етуі мүмкін болса, байланысты болып саналады. Барлық байланысты тараптармен өзара қатынастарды қарау кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, осындай осындай өзара қатынастардың экономикалық мазмұны ескеріледі.

Төменде байланысты тараптармен операциялар бойынша 2025 жылғы 31 желтоқсанға қалдықтар көрсетілген:

(қазақстандық мың теңгемен)	**Жалғыз акционер**	**Жалпы бақылаудағы компаниялар**	**Басқа байланысты тараптар**
Ақшалай қаражат және оның баламалары (шарттық пайыздық мөлшерлеме: 0%)	-	199,979	29,415,561
Банктердегі қаражат (шарттық пайыздық мөлшерлеме: 2-10%)	-	-	16,547,610
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық борыштық бағалы қағаздар (шарттық пайыздық мөлшерлеме: 2-8%)	-	1,067,610	4,243,454
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық борыштық бағалы қағаздар	-	-	70,915
Пайда салығы бойынша ағымдағы міндеттемелерді алдын ала төлеу (шарттық пайыздық мөлшерлеме: 15%)	-	-	5,141,745
Кейінге қалдырылған салық активі (шарттық пайыздық мөлшерлеме: 20%)	-	-	14,797,473
Өзге қаржылық активтер шарттық пайыздық мөлшерлеме: 0%	-	21,350	941
Өзге активтер шарттық пайыздық мөлшерлеме: 0%	-	-	19,672
Қарыз қаражаты (шарттық пайыздық мөлшерлеме: 0.1% - 0.15%)	132,522,552	-	24,072,571
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар (шарттық пайыздық мөлшерлеме: 0.15% – 11,9%)	1,739,536		-
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	-	-	42,224

Басқа қаржылық міндеттемелер (шарттық пайыздық мөлшерлеме: 0%)	-	71,595	-
Банктердегі қаражат (шарттық пайыздық мөлшерлеме: 2-10%)	-	-	16,547,610
- Басқа міндеттемелер (шарттық пайыздық мөлшерлеме: 0%)	38,999,929	4,436,566	2,426,232

Төменде 2025 жылдағы байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың құжаттары көрсетілген:

(қазақстандық мың теңгемен)	**Жалғыз Акционер**	**Жалпы бақылаудағы компаниялар**	**Басқа байланысты тараптар**
Пайыздық кірістер	-	69,000	1,679,735
Пайыздық шығыстар	(8,525,490)	(9,678)	(2,680,232)
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды қайта бағалаудан түскен кірістерді шегергендегі шығыстар	-	-	-
Таза комиссиялық кірістер	-	55	885,582
Шетел валютасымен операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі кірістер / (кірістерді шегергендегі шығыстар)	-	-	(142,455)
Қаржы құралдарын нарықтан төмен/ жоғары мөлшерлемелер бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын шығыстарды шегергендегі кірістер/ (кірістерді шегергендегі шығыстар):	86,943,496	-	(7,870,304)
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтерін тануды тоқтатудан түскен таза шығыстар	-	-	342,425
Әкімшілік және басқа операциялық шығыстар	-	(65,624)	(70,343)
Басқа операциялық кірістер	-	-	-
Кредиттік портфельдің құнсыздануына резерв	-	-	(24,954)
Кредиттік сипаттағы басқа қаржылық активтер мен міндеттемелердің құнсыздануына резерв	-	(1,381)	1
Пайда салығы бойынша шығыстар	-	-	(14,551,820)
Басқа кірістер/шығыстар	-	-	6,173

-

№ 5 қосымша

БҰҰ-НЫҢ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІН КЕҢЕЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАТТАРЫН ҰСТАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (WOMEN'S EMPOWERMENT PRINCIPLES)

1-қағидат. Компания басшылығы деңгейінде гендерлік теңдікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды белсенді қолдауды қалыптастыру	Қор «Бәйтерек» ҰИХ» АҚ (Холдинг) бірыңғай кадр саясатының мақсаттары мен міндеттерін ұстанады, оның міндеттерінің бірі Холдингте және оның еншілес ұйымдарында ESG-қағидаттарына негізделген корпоративтік мәдениетті дамыту болып табылады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Директорлар кеңесінде әйелдердің үлесі 28,6%, басшылықта – 33,3%-ды құрады.
2-қағидат. Тең мүмкіндіктер, инклюзия және кемсітушіліктің болмауы	Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қор тең мүмкіндіктер беру қағидатын басшылыққа алады және жұмысқа жалдау, еңбекке ақы төлеу, оқытуға рұқсат беру, лауазымға жоғарылау кезінде өз қызметкерлерін кемсітуге, жынысы, нәсілі, тілі, діни, саяси және басқа сенімдері, азаматтығы, ұлттық немесе әлеуметтік ортасы, шектеулі мүмкіндіктері сияқты негіздемелер бойынша жұмыстан босатуға жол бермейді. Аталған ұстаным Қордың Орнықты даму саласындағы саясатында бекітілген. Сондай-ақ, 2021 жылы «Даму» қоры гендерлік саясатты бекітті. 2025 жылдың деректері бойынша әйелдердің үлесі 61,2%-ды құрады.
3-қағидат. Денсаулық, қауіпсіздік және зорлық-зомбылықтан бостандық	Қордың қызметкерлері Қор бюджетінде көзделген қаражат есебінен жыл сайынғы медициналық сақтандырумен қамтамасыз етіледі. Бұдан басқа, Қор қызметкерлеріне жыл сайынғы еңбек демалысын беру кезінде екі лауазымдық жалақы мөлшерінде материалдық көмек, некеге тұру, бала туу кезінде материалдық көмек көрсетіледі, сондай-ақ отбасы мүшесінің қайтыс болуына байланысты материалдық көмек төленеді. Сондай-ақ, жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем сомасын шегергендегі орташа жалақыны сақтай отырып, декреттік демалыс төленеді. 2025 жылы жүктілікке және босануға байланысты демалысты, сондай-ақ бала күтімі бойынша демалысты ресімдегендер саны 23 әйелді құрады.
4-қағидат. Білім беру және біліктілікті арттыру	Персоналды оқыту және дамыту да кадр саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Осы міндетті іске асыру мақсатында Қордың Кадр саясаты комитетінің шешімімен Қордың қызметкерлерін оқыту жоспары бекітілді (02.12.2022 ж. №ККП 56-2022 хаттамасы). Жылдық жоспар шеңберінде оқыту қызметкерлердің іскерлік, жеке және кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған. Есепті жылы Қордың 468 қызметкері 24 оқыту іс-шарасы шеңберінде оқытудан өтті. Кейбір қызметкерлер жыл ішінде бірнеше рет, соның ішінде корпоративтік форматта оқыды. Оқыту бағдарламалары іскерлік, жеке және кәсіби құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған.
5-қағидат. Кәсіпорынды дамыту, өткізуді ұйымдастыру әдістері және жеткізу тізбектері	Қор әйелдер кәсіпкерлігін қолдау үшін бағдарламаларды белсенді іске асыруда, бұл Мемлекет басшысы айқындаған мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Соңғы онжылдықта Қор кәсіпкер әйелдерді қолдау бойынша бірқатар бағдарламаларды іске асырды, оның ішінде: Еуропалық Қайта құру және даму банкімен ынтымақтастықта «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы (іске асыру кезеңі 2015 – 2021 жылдар), Қазақстан Республикасының Үкіметі, Азия банкі және Даму қоры арасындағы келісім шеңберінде МШОК субъектілерін, оның ішінде кәсіпкер әйелдерді қаржыландыру жөніндегі бағдарлама (іске асыру кезеңі 2011-2020 жылдар), сондай-ақ Қордың «Әйелдер кәсіпкерлігін кейіннен микрокредиттеу үшін ЕДБ-де қаражатты шартты орналастыру бағдарламасы» (іске асыру кезеңі 2009-2018 жылдар) жеке бағдарламасы шеңберінде. Мәселен, 01.01.2026 жылға Қор әйелдер кәсіпкерлігінің жалпы сомасы 4 732 млрд теңгеге 112,2 мың жобасын қолдады, бұл қолдау көрсетілген жобалардың жалпы сомасының 29,8%-ын құрайды.
6-қағидат. Жұртшылықтың қатысуы және қоғамдастық деңгейіндегі көшбасшылық	Қор ҰОС ардагерлеріне, еңбек ардагерлеріне және соғыс балаларына азық-түлік себеттері түрінде қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетеді.
7-қағидат. Ашықтық, бағалау және есептілік	Қор Жылдық есепте гендерлік теңдік туралы ақпаратты мерзімді негізде ашып көрсетеді.

№ 6 қосымша

GRI КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ КЕСТЕСІ

Осы кесте «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның 2025 жылғы жылдық есебін жария ету мен GRI стандарттарының жекелеген көрсеткіштері арасындағы өзара байланысты көрсету үшін дайындалған.

Есеп GRI стандарттарына толық сәйкестігі туралы мәлімдемесіз GRI стандарттарының жекелеген жария етуі арқылы дайындалды. Негізгі стандарт ретінде GRI 1 «Негіздер 2021» қолданылды. GRI салалық стандарттары қолданылған жоқ.

Кестеде Қордың 2025 жылғы жылдық есебінің мазмұнына қолданылатын GRI стандарттарының жекелеген жария етуі көрсетілген. Көрсеткіштер бойынша ақпарат Қор қызметінің ерекшелігін, бастапқы деректердің қолжетімділігін және қаржылық емес есептілік жүйесін дамытудың ағымдағы кезеңін ескере отырып ұсынылған.

GRI стандарты	Көрсеткіші	Есеп бөлімі	Ескерту
GRI 1 «Негіздер 2021»	GRI 1 қолдану	GRI көрсеткіштерінің кестесі	Есеп GRI стандарттарын жекелеген ашып көрсету арқылы дайындалды
GRI 2 «Жалпы ашып көрсету 2021»	2-1 Ұйымдар туралы мәліметтер	Есеп туралы; Қор туралы; Қор қызметінің географиясы; мекенжайлары мен байланыстары	Ақпарат есептің тиісті бөлімдерінде ашылған
	2-2 Орнықты даму саласындағы есептілікке енгізілген ұйымдар	Есеп туралы; Қоршаған ортаға қамқор	Ақпарат Есептің шекаралары мен жекелеген экологиялық деректерді ашып көрсету ерекшеліктерін ескере отырып ұсынылған.

GRI стандарты	Көрсеткіші	Есеп бөлімі	Ескерту
GRI 2 «Жалпы ашып көрсету 2021»	2-3 Есепті кезең, кезеңділік және байланыс ақпараты	Есеп туралы; мекенжайлары мен байланыстары	Ақпарат Есептің тиісті бөлімдерінде ашып көрсетілген
	2-4 Бұрын ашып көрсетілген ақпаратты қайта қарау	№4 қосымша «Жылдық қаржылық есептіліктен үзінділер»	Ақпарат қаржылық есептілік құрамында ұсынылған
	2-5 Сыртқы растау	Есеп туралы	Ақпарат «Есеп туралы» бөлімінде ашып көрсетілген
	2-6 Қызмет, құн жасау тізбегі және іскерлік қатынастар	Қор туралы; Қордың бизнес-моделі; «Даму» қоры қызметінің негізгі нәтижелері; Кәсіпкерлерді қаржылық қолдау; Кәсіпкерлерді қаржылық емес қолдау	Информация раскрыта с учетом специфики деятельности Фонда как института поддержки предпринимательства
	2-7 Қызметкерлер	Персоналды басқару; Персоналдың құрылымы	Ақпарат персонал туралы бөлімде ашып көрсетілді
	2-8 Штаттық қызметкерлер болып табылмайтын қызметкерлер	Персоналды басқару; қоршаған ортаға қамқорлық	Ақпарат Есепте пайдаланылған деректерді ескере отырып ұсынылды
	2-9 Корпоративтік басқару органдарының құрылымы және құрамы	Корпоративтік басқару; Директорлар кеңесі; Басқарма; №2 қосымша	Ақпарат корпоративтік басқарма бөлімінде ашып көрсетілген
	2-10 Жоғары органды тағайындау және іріктеу	Жалғыз акционер; Директорлар кеңесі; №2 қосымша	Ақпарат корпоративтік басқару жүйесін сипаттау шеңберінде ашып көрсетілген
	2-11 Корпоративтік басқарудың жоғары органының төрағасы	Директорлар кеңесі; Корпоративтік басқару	Ақпарат Директорлар кеңесі туралы бөлімде ұсынылған
	2-12 Әсерді басқаруды қадағалаудағы жоғары басқару органының рөлі	Корпоративтік басқару; Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау; Қордың орнықты даму саласындағы қызметі	Ақпарат корпоративтік басқару, тәуекел-менеджмент және ESG тәсілдерінің сипаттамасы арқылы ашып көрсетілді

GRI 2 «Жалпы ашып көрсету 2021»	2-13 Әсерді басқару жауапкершілігін беру	Қордың орнықты даму саласындағы қызметі; Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау; Қоршаған ортаға қамқорлық	Ақпарат ESG, тәуекелдер және климаттық әсерге арналған бөлімдерде ұсынылған
	2-14 Тұрақты даму саласындағы есептіліктегі жоғары басқару органының рөлі	Есеп туралы; Корпоративтік басқару	Ақпарат Есепті дайындау мен бекітудің белгіленген тәртібін ескере отырып ұсынылған
	2-15 Мүдделер қақтығысы	Корпоративтік этика және мүдделер қақтығысын реттеу; №2 қосымша	Ақпарат корпоративтік этика бөлімінде ашып көрсетілген
	2-16 Өте маңызды мәселелердің коммуникациясы	Корпоративтік басқару; Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау; Ішкі аудит	Ақпарат корпоративтік басқару, ішкі бақылау және аудит тетіктерін сипаттау арқылы ашып көрсетілді.
	2-17 Жоғары басқару органының ұжымдық білімі	Корпоративтік басқару; Директорлар кеңесі	Ақпарат басқару органдары туралы бөлімде берілген
	2-18 Жоғары басқару органының қызметін бағалау	Корпоративтік басқару; №2 қосымша	Ақпарат Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп шеңберінде ұсынылған
	2-19 Сыйақы саясаты	Қордың Директорлар кеңесі мен Басқарманың мүшелеріне сыйақы беру жүйесі	Ақпарат Есептің тиісті бөлімінде ашып көрсетілген
	2-20 Сыйақыны анықтау процесі	Қордың Директорлар кеңесі мен Басқарманың мүшелеріне сыйақы беру жүйесі	Ақпарат сыйақы жүйесі туралы бөлімде берілген
	2-22 Орнықты даму стратегиясы туралы мәлімдеме	Директорлар Кеңесі төрағасының өтініші; Басқарма төрағасының өтініші; Қордың орнықты даму саласындағы қызметі	Ақпарат басшылықтың өтініштері және Есептің ESG-бөлімі арқылы ашып көрсетілді

GRI стандарты	Көрсеткіші	Есеп бөлімі	Ескерту
GRI 2 «Жалпы ашып көрсету 2021»	2-23 Саясаттар және міндеттемелер	Қордың орнықты даму саласындағы қызметі; Корпоративтік этика; Орнықты қаржыландыру; Клиенттік деректердің қауіпсіздігі; тең мансаптық мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және адам құқықтарын қорғау	Ақпарат орнықты даму, этика, тең мүмкіндіктер, деректер қауіпсіздігі және орнықты қаржыландыру бөлімдерінде ашып көрсетілген
	2-24 Саясаттар мен міндеттемелерді енгізу	2024-2026 жылдарға арналған Қордың орнықты дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру; Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау; Корпоративтік этика; Қоршаған ортаға қамқорлық	Ақпарат Қордың іске асырылып жатқан іс-шаралары мен ішкі тәсілдерінің сипаттамасы арқылы ұсынылған
	2-25 Теріс әсерлерді жою процестері	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау; Корпоративтік этика; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл; Клиенттік деректердің қауіпсіздігі	Ақпарат тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, этика және комплаенс тетіктері арқылы ашып көрсетіледі.
	2-26 Кеңес алуға және бұзушылықтар туралы жүгіну тетіктері	Корпоративтік этика; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл; Клиенттік деректердің қауіпсіздігі; МШОК субъектілерінің Қор қызметіне деген сенімі мен қанағаттанушылығы дәрежесін арттыру	Ақпарат өзара іс-қимыл арналары мен кері байланыс тетіктерінің сипаттамасы арқылы ашып көрсетілді
	2-27 Заңнама мен нормативтік талаптарды сақтау	Корпоративтік басқару; Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл; Сатып алу қызметі; Еңбекті қорғау және қауіпсіздік; Қоршаған ортаға қамқорлық	Ақпарат заңнама талаптары мен ішкі рәсімдердің сақталуына байланысты бөлімдерде берілген
	2-28 Қауымдастықтарға мүшелік	Халықаралық ынтымақтастық	Ақпарат халықаралық ынтымақтастық туралы бөлімде ашып көрсетілген

GRI 2 «Жалпы ашып көрсету 2021»	2-29 Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл тәсілі	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл; №1 қосымша «Маңыздылық матрицасы»	Ақпарат стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл және сауалнама нәтижелерін сипаттау арқылы ашып көрсетілді
GRI 3 «Маңызды тақырыптар 2021»	3-1 Маңызды тақырыптарды айқындау процесі	Есеп туралы; №1 қосымша «Маңыздылық матрицасы»	Ақпарат «Есеп туралы» бөлімінде және №1 қосымшада ашып көрсетілді
	3-2 Маңызды тақырыптар тізбесі	№1 қосымша «Маңыздылық матрицасы»	Ақпарат маңыздылық матрицасында берілген
	3-3 Маңыздылық тақырыптарын басқару	Жылдық есептің 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9-бөлімдері	Ақпарат Есептің тақырыптық бөлімдерінде ашып көрсетілген
GRI 201 «Экономикалық нәтижелілік 2016»	201-1 Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн	Қызметтің қаржылық нәтижелері; «Даму» қоры қызметінің негізгі нәтижелері; №4 қосымша	Ақпарат қаржылық нәтижелер, қызмет көрсеткіштері және қаржылық есептіліктен үзінділер арқылы ашып көрсетілген
	201-2 Қаржылық салдар және климаттың өзгеруіне байланысты басқа тәуекелдер мен мүмкіндіктер	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау; Қордың орнықты даму саласындағы қызметі; Қоршаған ортаға қамқорлық; Климаттық әсерді басқару	Ақпарат Қордың климаттық есептілігін дамытудың ағымдағы кезеңін ескере отырып ұсынылған
GRI 203 «Тікелей емес экономикалық әсерлер 2016»	203-1 Инфрақұрылымға Иинвестициялар және қолдау көрсетілетін қызметтер	Қор қызметінің негізгі нәтижелері; Кәсіпкерлерді қаржылық қолдау; Кәсіпкерлерді қаржылық емес қолдау	Ақпарат кәсіпкерлерді қолдау құралдарының сипаттау арқылы ашып көрсетілді
	203-2 Елеулі тікелей экономикалық әсерлер	Қазақстандағы ШОК-ты талдау; «Даму» қоры қызметінің негізгі нәтижелері; «Даму» қорының БҰҰ ОДМ-не қол жеткізуіне қосқан үлесі	Ақпарат Қордың ШОБ-ты дамытуға қосқан үлесінің көрсеткіштері және әлеуметтік-экономикалық әсерлері арқылы ашып көрсетілді
GRI 204 «Сатып алу практикалары 2016»	204-1 Жергілікті өнім берушілерге шығыстар үлесі	Сатып алу қызметі	Ақпарат сатып алу қызметі туралы бөлімде берілген

GRI стандарты	Көрсеткіші	Есеп бөлімі	Ескерту
GRI 205 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл 2016»	205-1 Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдер тұрғысынан бағаланған операциялар	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл; Сатып алу қызметі	Ақпарат сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс, тәуекел-бақылау және сатып алу рәсімдерінің сипаттамасы арқылы ашып көрсетілген
	205-2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен рәсімдер мәселелері бойынша коммуникация және оқыту	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл; Корпоративтік этика	Ақпарат сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және корпоративтік этикаға арналған бөлімдерде ашып көрсетілген
	205-3 Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қабылданған шаралар	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	Ақпарат сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлімінде ұсынылған
GRI 206 «Бәсекелестікке кедергі 2016»	206-1 Бәсекелестікке қарсы мінез-құлыққа, монополияға қарсы бұзушылықтарға және монополиялық практикаға байланысты сот процестері	Корпоративтік басқару; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл; Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	Ақпарат корпоративтік басқару, комплаенс және тәуекелдерді басқаруға байланысты бөлімдерде ұсынылған
GRI 302 «Энергия 2016»	302-1 Ұйым ішінде энергия тұтыну	Қоршаған ортаға қамқор; Ресурстарды тұтыну көлемі	Ақпарат қоршаған ортаға қамқорлық бөлімінде ашып көрсетілген
	302-4 Энергия тұтынуды азайту	Қоршаған ортаға қамқорлық; Жасыл кеңсе	Ақпарат ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шаралардың сипаттамасы арқылы ұсынылды
GRI 303 «Су және ағынды сулар 2018»	303-1 Сумен ортақ ресурс ретінде өзара іс-қимыл	Қоршаған ортаға қамқорлық; Жасыл кеңсе	Ақпарат Қордың операциялық қызметінің сипатын ескере отырып ұсынылған
	303-5 Су тұтыну	Қоршаған ортаға қамқор; Ресурстарды тұтыну көлемі	Ақпарат қоршаған ортаға қамқорлық бөлімінде ашып көрсетілген
GRI 305 «Шығарындылар 2016»	305-1 Парниктік газдардың тікелей шығарындылары, Scope 1	Қоршаған ортаға қамқорлық; Климаттық әсерді басқару	Ақпарат климаттық әсерді басқару туралы бөлімде ашып көрсетілген

GRI 305 «Шығарындылар 2016»	305-2 Парниктік газдардың жанама энергетикалық шығарындылары, Scope 2	Қоршаған ортаға қамқорлық; Климаттық әсерді басқару	Ақпарат климаттық әсерді басқару туралы бөлімде ашып көрсетілген
	305-3 Парниктік газдардың басқа да жанама шығарындылары, Scope 3	Қоршаған ортаға қамқорлық; Климаттық әсерді басқару	Ақпарат Scope 3 жекелеген санаттары, Қор қызметінің релеванттығы бойынша ұсынылған
	305-4 Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы	Қоршаған ортаға қамқорлық; Климаттық әсерді басқару	Ақпарат парниктік газдардың үлестік шығарындыларының көрсеткіші арқылы ашып көрсетілді
	305-5 Парниктік газдар шығарындыларын азайту	Қоршаған ортаға қамқорлық; Жасыл кеңсе; Климаттық әсерді басқару	Ақпарат экологиялық бастамаларды және әсерді азайту жөніндегі іс-шараларды сипаттау арқылы ұсынылған
GRI 306 «Қалдықтар 2020»	306-1 қалдықтардың пайда болуы және қалдықтармен байланысты маңызды әсерлер	Қоршаған ортаға қамқорлық; Жасыл кеңсе	Ақпарат жасыл кеңсе бөлімінде ұсынылған
	306-2 Қалдықтармен байланысты маңызды әсерлерді басқару	Қоршаған ортаға қамқорлық; Жасыл кеңсе	Ақпарат қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі шараларды сипаттау арқылы ашып көрсетілген
	306-3 Түзілген қалдықтар	Қоршаған ортаға қамқорлық; Ресурстарды тұтыну көлемі	Ақпарат қоршаған орта туралы бөлімде ұсынылған
GRI 401 «Жұмыспен қамту 2016»	401-1 Жаңа қызметкерлер және кадрлар тұрақтамауы	Персоналды басқару; Персонал құрылымы; Персоналдың тұрақтамауы	Ақпарат персонал туралы бөлімде ашып көрсетілген
	401-2 Толық жұмыспен қамту кезінде жұмыскерлерге берілетін жеңілдіктер	Уәждеме және сыйақы; еңбекті қорғау және қауіпсіздік	Ақпарат уәждеме, сыйақы және еңбекті қорғау туралы бөлімдерде берілген
GRI 403 «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік 2018»	403-1 Еңбекті қорғау мен қауіпсіздікті басқару жүйесі	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік	Ақпарат еңбекті қорғау және қауіпсіздік бөлімінде ашып көрсетілген
	403-5 Қызметкерлерді еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша оқыту	Еңбек қорғау мен қауіпсіздігі; кадрларды оқыту және дамыту жүйесін қалыптастыру	Ақпарат еңбекті қорғау және қауіпсіздік бөлімдерінде ұсынылған

GRI стандарты	Көрсеткіші	Есеп бөлімі	Ескерту
GRI 403 «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік 2018»	403-9 Өндірістік жарақаттар	Еңбек қорғау мен қауіпсіздігі	Ақпарат еңбекті қорғау және қауіпсіздік бөлімінде ұсынылған
GRI 404 «Оқыту және білім беру 2016»	404-1 Бір қызметкерге оқыту сағаттарының орташа саны	Кадрларды оқыту және дамыту жүйесін қалыптастыру; Тең мансаптық мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және адам құқықтарын қорғау	Ақпарат қызметкерлерді оқыту және дамыту көрсеткіштері арқылы ашып көрсетілген
	404-2 Қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламалары және ауысуға жәрдемдесу бағдарламалары	Кадрларды оқыту және дамыту жүйесін қалыптастыру; Кадрлар резерві	Ақпарат оқыту және кадрлар резерві туралы бөлімдерде ашып көрсетілген
	404-3 Мансаптың нәтижелілігі мен дамуын тұрақты бағалаудан өтетін қызметкерлердің үлесі	Персоналды басқару; Уәждеме және сыйақы	Ақпарат персоналды басқару мен уәждемеге тәсілдерді сипаттау арқылы ұсынылған
GRI 405 «Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер 2016»	405-1 Басқару органдары мен қызметкерлердің әртүрлілігі	Директорлар кеңесі; Басқарма; Персоналдың құрылымы; Тең мансаптық мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және адам құқықтарын қорғау	Ақпарат корпоративтік басқару, персонал және тең мүмкіндіктер туралы бөлімдерде ашып көрсетілген
	405-2 Әйелдер мен ерлердің негізгі жалақысы мен сыйақысының арақатынасы	Уәждеме және сыйақы; Тең мансаптық мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және адам құқықтарын қорғау	Ақпарат тең мансаптық мүмкіндіктер және еңбекті қорғау туралы бөлімде ұсынылған
GRI 406 «Кемсітушілікке жол бермеу 2016»	406-1 Кемсітушілік жағдайлары және қабылданған түзету шаралары	Тең мансаптық мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және адам құқықтарын қорғау; Корпоративтік этика	Ақпарат Қордың кемсітушілікке жол бермеу тәсілдерін сипаттау арқылы ашып көрсетілген
GRI 412 «Адам құқықтарының сақталуын бағалау 2016»	412-2 Қызметкерлерді адам құқықтары саласындағы саясаттар мен рәсімдерге оқыту	Тең мансаптық мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және адам құқықтарын қорғау; №5 қосымша	Ақпарат Қордың тең мүмкіндіктерге, инклюзивтілікке және Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттарына тәсілдерін ашып көрсету арқылы ұсынылған

GRI 413 «Жергілікті қоғамдастықтар 2016»	413-1 Жергілікті қоғамдастықпен өзара іс-қимыл бағдарламаларымен, әсерді бағалаумен және даму бағдарламаларымен операциялар	«Даму» қоры қызметінің негізгі нәтижелері; Кәсіпкерлерді қаржылық емес қолдау; Демеушілік және қайырымдылық көмек; Қор қызметінің географиясы; «Даму» қорының БҰҰ-ның ОДМ-на қосқан үлесі	Ақпарат өңірлік қызмет, кәсіпкерлерді қолдау және әлеуметтік бастамалар арқылы ашып көрсетілген
GRI 414 «Өнім берушілердің қоғамға әсерін бағалау 2016»	414-1 Әлеуметтік өлшемшарттар бойынша бағалаудан өткен жаңа өнім берушілер	Сатып алу қызметі	Ақпарат сатып алу қызметі туралы бөлімде ұсынылған
GRI 418 «Клиенттердің құпиялылығы 2016»	418-1 Клиенттердің құпиялылығын бұзуға және клиенттік деректердің жоғалуына қатысты негізделген шағымдар	Клиенттік деректердің қауіпсіздігі	Ақпарат клиенттік деректердің қауіпсіздігі бөлімінде ашып көрсетілген

№ 7 қосымша

ГЛОССАРИЙ:

№	Қысқарту/аббревиатуралар	Анықтамасы
1	**ЕДБ**	Екінші деңгейдегі банктер
2	**ЖІӨ**	жалпы ішкі өнім
3	**Жалғыз акционер, «Бәйтерек» ҮИХ» АҚ**	«Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі» АҚ
4	**KASE**	«Қазақстан қор биржасы» АҚ
5	**ЛК**	лизингтік компаниялар
6	**Жергілікті атқарушы органдар**	жергілікті атқарушы органдар
7	**МҚҰ**	микроқаржылық ұйымдар
8	**МШОК**	микро, шағын және орта кәсіпкерлік
9	**ШОК**	шағын және орта кәсіпкерлік

№	Қысқарту/аббревиатуралар	Анықтамасы
10	**ҚР ҰЭМ**	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
11	**ҚР СИМ**	Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі
12	**АХҚО**	«Астана» халықаралық қаржы орталығы
13	**БҰҰДБ**	Біріккен Ұлттар ұйымының Даму бағдарламасы
14	**ІСС бағдарламасы**	Ішкі сауда субъектілерін қолдау бағдарламасы
15	**ІАҚ**	Ішкі аудит қызметі
16	**МШОК**	микро, шағын және орта кәсіпкерлік
17	**ЖКС**	Жекеше кәсіпкерлік субъектілері
18	**Қор, «Даму» қоры**	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
19	**Ұлттық жоба**	2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба

МЕКЕНЖАЙЛАР МЕН БАЙЛАНЫСТАР

Бас кеңсе:

A05C9Y3, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Гоголь көшесі, 111,
e-mail: info@fund.kz, Қор сайты: www.damu.kz
Call-орталық: қысқа нөмір 1408 (Қазақстан бойынша қоңыраулар тегін), +7 (800) 080 18 90

Филиалдық желі:

1. Астана қаласы бойынша өңірлік филиал
Z05T2H3, Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел көшесі, 55 «А», «Бәйтерек» БО, 1-қабат,
тел.: +7 (7172) 55-94-34,
e-mail: astana@fund.kz

2. Алматы қаласы бойынша өңірлік филиал
A05K7A5, Алматы қ., Наурызбай батыр көшесі 8, «Коба» бизнес орталығы, 1-қабат, тел.: +7 (727) 244 55 77, 244 55 66,
e-mail: info@fund.kz

3. Ақмола облысы бойынша өңірлік филиал
C00G9B9, Көкшетау қ., Ақан сері көшесі, 46/1, тел.: +7 (7162) 55-11-18, 55-11-14,
e-mail: akmola@fund.kz

4. Ақтөбе облысы бойынша өңірлік филиал
D00K9D9, Ақтөбе қ., Ә. Молдағұлова даңғ., 30, тел.: +7 (7132) 70 38 08,
e-mail: aktobe@fund.kz

5. Алматы облысы бойынша өңірлік филиал
B10A0A7, Қонаев қаласы, 1-шағын аудан, 14Б., 1-қабат, тел.: 1408,
e-mail: info@fund.kz

6. Атырау облысы бойынша өңірлік филиал
E01X8K9, Атырау қ., Азаттық даңғ., 17, тел.: +7 (7122) 55-80-91,
e-mail: info@fund.kz

7. Шығыс Қазақстан облысы бойынша өңірлік филиал
F00M3F5, Өскемен қ., Жеңіс даңғ., 6, тел.: +7 (7232) 56 05 90,
e-mail: damu-vko@mail.ru

8. Жамбыл облысы бойынша өңірлік филиал
H01X4X8, Тараз қ., Желтоқсан көшесі, 94, тел.: 8 (7262) 99-94-70,
e-mail: taraz@fund.kz

9. Батыс Қазақстан облысы бойынша өңірлік филиал
L02K7D7, Орал қ., Темір Масин көшесі., 67/2, тел.: +7 (7112) 55-48-06,
e-mail: zko@fund.kz

10. Қарағанды облысы бойынша өңірлік филиал
M01M7M3, Қарағанды қ., Ермеков көшесі, 29, тел.: +7 (7212) 55-90-20,
e-mail: info@fund.kz

11. Қызылорда облысы бойынша өңірлік филиал
N02B7B1, Қызылорда қ., Иван Журба көшесі, 12, тел.: +7 (724) 255-11-12,
e-mail: info@fund.kz

12. Қостанай облысы бойынша өңірлік филиал
P00F8C6, Қостанай қ., Әл Фараби даңғылы, 65, Сити БО, 2-қабат, 209-кеңсе, тел.: +7 (7142) 99-03-05,
e-mail: info@fund.kz

13. Маңғыстау облысы бойынша өңірлік филиал
R00A7D3, Ақтау қ., 13-шағын ауд., 55, тел.: +7 (7292) 70-10-51;
e-mail: info@fund.kz

14. Павлодар облысы бойынша өңірлік филиал
S03G9X0, Павлодар қ., Бұхар жырау көшесі, 109, тел.: +7 (7182) 70-38-06, 70-38-07
e-mail: info@fund.kz

15. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өңірлік филиал
T01E6A4, Петропавл қ., Жамбыл көшесі, 191, тел.: +7 (7152) 55-98-10,
e-mail: sko@fund.kz

16. Шымкент қаласы бойынша өңірлік филиал
X08X2D1, Шымкент қ., Қонаев даңғ., 95/1, тел.: +7 (7252) 99-70-49.
e-mail: info@fund.kz

17. Түркістан облысы бойынша өңірлік филиал
X43D7G7, Түркістан қ., Жаңа Қала шағын ауданы, 28-көше, 5-ғимарат, тел.: +7 (7253) 35-99-90,
e-mail: info@fund.kz

18. Абай облысы бойынша өңірлік филиал
F16T7G3, Семей қ., Қайым Мұхамедхан көшесі., 23а, 101-кеңсе, «Өрлеу» БО, тел.: +7 (7222) 60-00-50;
e-mail: info@fund.kz

19. Жетісу облысы бойыша өңірлік филиал
B01G6D5, Талдықорған қ., Төлебаев к., 86, тел.: +7 (7282) 55-87-10,
e-mail: info@fund.kz

20. Ұлытау облысы бойынша өңірлік филиал
M13F6C8, Жезқазған қ., Бейбітшілік көшесі, 43/1, тел.: 1408,
e-mail: info@fund.kz